





**«Мәдени мұра»  
Мемлекеттік бағдарламасының  
кітап сериялары  
Қазақстан Республикасының  
тұңғыш Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаевтың  
бастамасы бойынша шығарылды**

83.3(5Қаз)/ҚазТ  
М 22

**“Мәдени мұра” бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелері:**

Әшімбаев М.С., кеңес төрағасы,  
Асқаров Ә.А., жауапты хатшы, Абдрахманов С.А.,  
Аяған Б.Ғ., Әбусейітова М.Қ., Әжіғали С.Е., Әлімбаев Н.,  
Әуезов М.М., Байпақов К.М., Биекенов К.Ү., Бұрханов К.Н.,  
Досжан А.Д., Ертісбаев Е.К., Есім Ғ., Қасқабасов С.А.,  
Қошанов А., Нысанбаев Ә.Н., Салғара Қ., Самашев З.,  
Сариева Р.Х., Сейдімбек А.С., Сұлтанов Қ.С., Тұрқбаев Қ.Қ.,  
Түймебаев Ж.К., Хұсайынов К.Ш., Шаймерденов Е.

**“Ә.Х. Марғұлан шығармалары”  
сериясының редакциялық алқасы:**

Садықов Т.С., бас редакторы,  
Марғұлан Д.Ә., жауапты хатшы, Байпақов К.М.,  
Бердібаев Р.Б., Қасқабасов С.А., Қойгелдиев М.Қ.,  
Күмеков Б.Е., Аяған Б.Ғ., Кененбай Ы.С., Сейдімбек А.С.,  
Смағұлов О.С., Тасмағамбетов И.Н., Уәлиханов Ш.Е.

**Ә.Х. МАРҒҰЛАН**

**ШЫҒАРМАЛАРЫ**

**ҮШІНШІ ТОМ**

535183

Павлодарская областная  
библиотека  
им. О. Торайгырова

**“АЛАТАУ”  
БАСПА-ПОЛИГРАФИЯЛЫҚ  
КОРПОРАЦИЯСЫ  
АЛМАТЫ 2007**

ББК 83.3 Қаз  
М 22

Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат  
комитетінің мемлекеттік бағдарламасы бойынша  
шығарылды

**МАРҒҰЛАН Ә.Х.**

**М22 Шығармалары** – Алматы: “Алатау” баспасы,  
2007 – III том – 488 бет

Құрастырушылар: Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан  
Ғылыми кеңесшісі: С.Сәкенов, филология ғылымының кандидаты

**ISBN 9965-807-18-3**

Ә.Х. Марғұлан шығармаларының III-томы “Қазақ халқының  
эпикалық жырлары, мифтері, ертегілері, аңыз әңгімелері”  
ғылымның докторлық диссертациялық жұмысы. Бұл Мәскеуде  
1946 жылы қорғалған еңбекте қазақ халқының көне дәуір,  
қазақ жеріне ислам діні тарала бастаған кезең және орта  
ғасырлар оқиғалары жыр болған рухани мұралары тарихи және  
филологиялық тұрғыдан зерттелген.

Кітаптың арнаулы редакторы – Д.Ә. МАРҒҰЛАН

**ISBN 9965-807-198-3**

**ББК 83.3 Қаз**

© «Алатау» баспасы, 2007

## СӨЗ БАСЫ

Қазақ халқының эпос жыры, аңызды әңгімесі туралы бұл  
көпшілік алдында тартайық деп отырған әңгімеміз көптен  
бері қарастырып жүрген ғылыми зерттеудің қорытындысы.  
Мұның кейбір үзінділері Ұлы Отан соғысының алдында  
(1939-1941 жж.) Қазақстанда шығатын «Халық мұғалімі»,  
«Әдебиет және искусство» журналдарында басылып шыққан  
болатын.

Бірақ бейбіт жатқан отанымызға қанды қол жаудың  
шабуыл жасағаны бұл сияқты мәдени ісімізге көп бөгет  
келтірді. Соғыс кезіндегі Орталық кітапханалардағы мол  
қазынамен еркін пайдалануға болмады. Жұртшылық тегіс  
қорғау ісіне шығып, басқа жұмыстан бұрын жауды қиратуды  
аңт қылып ұстады. 1944 жылы айбынды қызыл әскер  
Кеңестер Отанын жаудан әбден тазартып, оған енді өз елінде  
соққы бергені — Совет жұртшылығын жаңадан бұрынғы  
қуанышты тіршілікке келтіріп, олардың ой-тілегін, ғылыми  
мәдени істерін ұлы арнаға түсіре бастады.

Ұлы Отан соғысының қуанышпен бітуі, совет ғалымдарын  
жаңадан ғылыми зерттеу істеріне шабыттандырып, өткен  
дәуірдің ерлік істерін көркем сұлу дүниелерін қазып  
зерттеуге мүмкіндік берді. Сол қуаныштың арқасында бізде

кәрі заманнан бері қазақ жүрегінде сақталып келген ескілікті әңгімесін, қария сөзін, миф-легендасын, эпос-жырын жанадан зерттеп, оның тарихи әлеуметтік маңызын айыруға бір ғылыми еңбек арнаулы, өзімізге міндет қып санадық. Бірақ, бұл ардақты міндеттерді бірден орындап шығу, әрине, оңай жұмыс емес. Қазақ халқының ескілікті әңгімесін, эпос-жырын, оларды тудырған дәуірлерді толығымен зерттеп, бір ғылыми сарапқа түсіру үшін, көп жыл іздеулер керек болады. Сондықтан біздің бұл еңбегіміз сондай істің бірінші тәжірибесі болып саналуы тиісті.

Бұл зерттеуде біздің алға қойған мақсатымыз:

бірінші, сахарада жасаған қазақ халқының эпос-жырындағы ерекшелікті айыру;

екінші, әрбір эпос жырда кездесетін адамдардың аты, тарихи оқиғалардың сілемі, олардың шыққан дәуірлерін белгілеу;

үшінші, мифқа айналған ескі әңгімелер мен шындығы жойылмаған жырлардағы заңдылықты ашу.

Міне, осы мақсат бойынша, біз қазақ даласында айтылатын белгілі эпос-жырлардың сюжетін тексерумен қатар, ең ескі дәуірден келе жатқан миф аңыздарға да тоқтап, олардың бір кездегі жұртшылық тіршілігімен, тарихи дәуірлерімен ұштасатын кезеңдерін белгілеуге тырыстық. Бұл жөнінде біздің ой бөлгеніміз, әсіресе ескі замандағы салт-сананы көрсететін эпикалық әңгімелер, мәселен, «тәңірі», «дәу», «жалмауыз», «желбеген» туралы айтылатын миф-аңыздар болмаса «Көк-бөрі», «Бөрте-шене», «Аққу», «Қанкерде» сияқты киеге айналған (киелі саналған) не «тотем» болған заттар. Болмаса қазақ жырына кірген эпикалы салттар – «ас», «той», «қынаменде», «қыз ұзату» («қыз-бөрі», «қыз кашар»), «Ұлыстың ұлы күні» сияқты ұғымдар. Бұлардың барлығы ерте кездегі қазақ халқының жұртшылық тіршілігінен туған, олардың рухани мәдениетін көрсететін нәрселер болса,

екінші жағынан қазақ эпос жырынан көрнекті орын алған, оның ең күрделі мәселелері.

Сахарада жасалған рухани мәдениетінің ұлы саласы болған бұл эпос жырын зерттеп, оның пайдалы жағын, көркем, сұлу түрін жұртшылық алдында тарту – жаңа игілікті істердің бірі. Біздің бүгінгі қуанышты, ерлік, кемеңгерлік дәуірімізге сай көркем сурет жасауға ұмтылған Қазақстандағы әдебиет, мәдениет майданындағы білімпаздарымыздың барлығы да қазақ эпосының сәулетті түріне назар салмай өте алмайды. Олардың барлығы да оның сұлу мазмұнын, түр ерекшелігін жетік білгісі келеді. Міне, осы ретте қазақ халқының эпос жырын, миф-аңыздарын зерттеп, оның көмескі жерлерін жарыққа шығару – аса керекті істің бірі болып табылатын сияқты.

Біз бұл зерттеуде бір ғана қазақ материалына сүйендік, тек керек жерінде ғана салыстыруға қырғыз, түрікмен, қарақалпақ, башқұрт, ойрат, хакас, моңғол, якут эпостарынан мысал келтіріп отырдық. Біздің ойымызша, қырда жасалған эпос жырдың ең дұрыс және қатар сақталып келгені көбінесе осы елдер ортасы. Мәселен, «Ер Төстік», «Көрұғлы», «Алпамыс», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларын зерттеуде бұл айтқан елдердің эпос жырын қарастырмай кету аса қиын, ондай зерттеу әрине дүмбілез, сыңаржақ болуы анық.

Біз енді негізгі мәселелерімізге кірмес бұрын, бізге бұл еңбекті жазып-шығуда әр түрлі кеңес берген академик И.И.Мещаниновка, В.И. Жирмунскийге, В.А. Гордлевскийге және С.Е. Маловка зор алғыс айтамыз.

*Мәскеу, маусым, 1945 жыл.*

## КІРІСПЕ

Қазақ сахарасы ерте заманнан аңызды әңгіме, миф, легенда, эпос жыр шығарудың ұлы арнасының бірі болды. Оның ұшы-қиыры жоқ, кең далалы, аспанмен тілдескен асқар таулары, адам ақылын тоздырған шөл далалары – ту ескі заманның өзінен-ақ миф, легенданың, эпос жырының қайнаған ортасы еді. Сондықтан Қазақстан даласын аразаған жаһанкез жолдаушылар, ұлы ғалымдар бұған көңіл қоймай өтпейтін.

Жырда жасалған эпос жырдың маңызы зор, оны жинап зерттеудің керек екенін бірінші рет келістіре айтқан кісі – ғалым Абул Рәзіз. Ол кісінің айтуынша, Алтай мен Каспий жазығының арасы жер ортасының бұрыннан ұлы ұясы. Оған осы бастан көңіл қойып жинауға кіріспесе, кейін жойылады, ізін көрсетпей кетуі анық деген.

Абул Рәзізаның бұл сөзін кейін академик В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, А.А. Ивановский де талай рет еске түсіріп, қазақ эпосының іргесі бұзылмай тұрған кезде оның үлгілі түрлерін жасап алуға кіріскен.

Қазақ эпос жырының зерттелініп, жазылып алына бастағанына көп болған жоқ, XIX ғасырдың басынан былай қарай. Одан бұрын ол тек халық ақындарының аузында ғана айтылып жүретін, не кейбір сұлтандардың қолжазбасында ғана сақталды («Едіге», «Мұңлық-Зарлық», «Бозжігіт», тағы

басқалар). Қазақ эпос жырынан ең бірінші рет жазылып алынғаны және бірінші рет баспа жүзінде шыққаны «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (1810 ж.), «Едіге» (1815 ж.), «Ер Сайын» (1820 ж.). Бұлардың ең алғаш жазылған нұсқасы бүгінге дейін әрбір үлкен кітапханаларда, архивтерде сақталып тұрғаны байқалады. Мәселен, «Ер Сайын» жыры Лондондағы Британ музейінде, «Едіге» жыры және «Қозы-Көрпеш» жырын тұңғыш рет башқұрт құрайшысынан жазып алып бастырған Т. Беляев. Оның бір сюжетін 1830 жылы Орынбор өлкесіне барғанда, орыс халқының ұлы ақыны А.С. Пушкин жазып алып, оны орыс тілінде жазып алуға көңілі болған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Шөже ақын айтқан варианты XIX ғасырдың ішінде және XX ғасырдың басында Қазан университетінің баспаханасында әлденеше рет басылып шықты. Оның Аягөз бойынан жазылған бір вариантын 1878 жылы академик В.В. Радлов қазақ жырларының жинағына кіргізді. «Едіге» жырын ең алғаш жазып алып бастырған ғалым Г.Спасский болатын. Бірақ халық әдебиетін зерттеу ол кезде оқта-текте ғана еді. Оны бір ғылыми жүйеге түсіріп жинауды Қазан университетінің куншығыс факультетінде мұғалімдері бастады. Олар 1830 жылдардан бастап қазақ ауылындағы ақын-жыраулар, қария-шешендермен байланыс жасап, халық әдебиетінің үлгілерін сұратып отырады (И.Хальфин, Н.И. Ильминский). Қазан университетінің осы сияқты жаһан жемістері болған.

Ғасырдың орта кезінде М.Ивановтың, Н.И. Ильминскийдің, И.Н. Березиннің халық әдебиетіне арналған хрестоматиялары шыға бастады. Бұлардың ішінде И.Н. Березиннің үш бөлімді

хрестоматиясының екі бөлімі тегісімен қазақ әдебиетінің үлгілеріне арналған десе де болады. Қазақ эпосынан бұған кірген «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», оның Жанақ пен Шөже ақындардың айтқан варианттары, «Едіге», «Қамбар», «Қара құл», тағы басқалар. Бұларды профессор Березин Шоқан жинаған материалдан пайдаланған. XIX-ғасырдың екінші жартысынан былай қазақ халқы айтатын эпос жырдың бастылары Қазан университетінің баспаханасынан бір-неше рет жарық көреді. Олардың ішінде Университет баспаханасынан көбірек тарағандары, әсіресе «Алпамыс», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», Ер Тарғын» (бұларды ең алғаш 1860 жылы Н.И. Ильминский бастырып шығарды), «Мұңлық-Зарлық», «Жанақ-Мамай», «Көрұғлы», тағы басқалар. Бұлардың көбін жинап, баспаға дайындап берген қазақ халқының белгілі ақыны Жүсіпбек Шайқы-Исламұлы.

XIX ғасырдың 50-жылдары қазақ халқының эпос жырын жинауға құлшына кіріскен кісінің бірі Шоқан Уәлиханов. Бұл кісі 1847 жылдан 1855 жылға дейін Омбыдағы Кадет корпусында оқып, жазда Құсмұрындағы ауылына қайтқанда, ылғи ертегі, жыр жазып алуға кіріскен. Шоканның өз айтуынша, бұрын ауылында мұсылманша оқып жүрген бала күйінде «Едіге» жырның үш вариантын әкесімен бірге жазып алып, әкесі Шыңғыстың ақылымен, оның ең таңдамалысын кейін орысшаға аударды. «Едіге жырын мен бірінші рет 1841 жылы қыпшақ ауылындағы Жұмағұл ақыннан естідім. Мұның бірінші-екінші жырын Жұмағұл ақыннан ең алғаш жазып алған Шыңғыс Уәлиұлы. Үшінші жыр Қарауыл Арыстанбай ақыннан жазылды. 1842-жылы бұл үш жырды қатар алып отырып, Шыңғыс екеуміз мұның ең таңдамалы

түрін алып көшіріп, кейін ол орысшаға аударылды», – дейді. Бұл кезде Шоқан 7-8 шамасындағы жас бала. «Едіге» жырын Шоқан өлген соң, оның қол жазуынан көшіріп, 1905 жылы профессор П.М. Мелиоранский бастырып шығарады.

Қазақ эпосы туралы Шоканның жинаған материалдары өте көп, және көркемдік жағынан ең қызықтысы, бірақ Шоқан жастай ерте өліп кеткен соң, оның жинаған материалдары бір тәртіпке түспей, көбі жоғалып, кейбірі әркімнің қолында кеткен. Шоқан жинаған қазақ эпос жырдың кейбірі осы күнге дейін Ленинградтағы ғылыми орындарда сақтаулы тұр. Халық эпосынан Шоканның жинаған жыр «Ер Көкше, Ер Қосай», оның екі варианты, жоғарыда айтылған «Едіге жыр», «Қамбар батыр», «Орақтың жыр», «Қарасақал» не «Шона батыр» әңгімесі, «Көкетай хан» (қырғыз халқы айтатын «Манас» жырдың бір тарауы), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу». Бұл тізімге қарағанда, ескі дәуірдің жырынан Шоқан қаламынан сырт қалғаны жоқ сияқты. Бірақ, олар бір жерде тұтас сақталмай, көбі жоғалып, не әр жерде шашылып кеткен. Бұл жырларды қалай жазып алғаны туралы Шоқан былай дейді: «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» толық жыр «Едіге» мен «Орақ» жырдың үзінділерін әрең дегенде қолға түсірдім. Жақын арада ескі жырдың бірталайын жазып аламын деген үміттемін, өйткені, осы аз уақытта бір атақты ақынмен таныстым, оның білмейтін жыр жоқ».

Шоканның бұл айтып отырған көп жыр білетін ақыны белгілі Жанақ ақын. Шоқан енді бір жазған жерінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын маған өлеңмен айтқан Жанақ ақын еді», – дейді. Бұған қарағанда, бергі XIX ғасырдың аяқ шенінде Бақанас пен Аягөз бойында «Жанақ ақын айтты»

деп таратып жүрген «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» жыры – сол Шоқан жазып алған нұсқасының жаңадан өзгертіліп айтылған бір түрі болуы керек. Шоқан Алтын Емел бойында өлгенде (1865 ж.), оның қазақ ескілігінен жазып алған материалдары арғын, найман ақсақалдарының қолында шашылып кеткен сияқты. «Қозы Көрпеш– Баян сұлу» жырының Абай ауылында сақталып, «Едіге», «Ер Көкше, Ер Қосай», «Қамбар» сияқты жырлардың Баянауылдан Садуақас үйінде сақталуы мұның зор дәлелі.

Шоқан қазақ халқының ескілігін зерттеуде атақты ғалымның бірі. Қазақтың ауыз әдебиетін, тарихын тұрпын тексеруде, оның жазып қалдырған материалдары әрі мағыналы, әрі көлемді материал. Халық эпосы туралы Шоканның берген характеристикасы өте терең. Оның анықтауынша, біздегі халық жырында айтылатын сюжеттер бір ғана тұрмыс суреті не ескі заманда болған жауынгер батырлардың ерлігі туралы ғана. «Батырдың ерлігі не оның басынан кешірген оқиғалары халық эпосында көбінесе қара сөзбен баяндалса, батырдың өз сөзі (монолог) ылғи жырмен айтылады», – дейді. «Ер Көкше, Ер Қосай» қазақтағы ұлы жырдың бірі, мұнда бір ғана Қыпшақ руымен уақтардың жұртшылық жүз арасы суреттелген. Бұл жырларды мен көрген ақындар да жақсы айтатын. Көкшетау ауданы, атығай руынан Арыстанбай акын еді. Бірақ оның айтуынан жазып алуға менің уақытым болмады. Жақсы жырдың бірі «Орақ батыр», бұл Қарауылдан шыққан белгілі ер. «Орақ батыр» жырын көп қазақ біледі, мен Кіші жүз ортасына барғанда, мұны алшын Нұрынбай жыршыдан естідім» – дейді. Сөйтіп, қазақтың ауыз әдебиетін зерттеуге Шоқан ерекше мағына берген, оның айтуынша, қазақтың тарихы, жазуы, әдебиеті бірғана оның ертегі-жыры, ел әдебиеті.

Қазақ эпосын көлемді түрде жинап, оны системаға түсіруді өзіне міндет қылған кісінің бірі академик В.В. Радлов. Түрік тілдес елдердің, 19 том қылып шығарған халық поэзиясының қалың бір томын қазақ әдебиетіне арнайды.

Шоқан жазып алған «Едіге» жыры сияқты, академик Радлов жинаған сюжеттері де ең қызықты, ең тарихи мағыналы жырлар. Радлов Шоканның кезінде ұзақ жыр айту әлі тосаңсымаған еді. Бұл кез Жанақ, Сақау, Көтеш, Шөже сияқты атышулы ақындардың кезі болатын. Сондықтан «Ер Сайын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Көкше, Ер Қосай» тәрізді жырларды тұнық қалпында жазып алу оларға алтын тапқаннан кем болмады. Қазақ эпосынан Радловтың жинағына кіргендері: «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Ер Көкше», «Желкілдек», «Қан-Шөнтай», «Еркем-Айдар», Қозы Көрпеш – Баян сұлу», тағы басқалар.

Қазақтың ауыз әдебиетін алпыс жыл бойы зерттеп, оның жұртшылық үшін терең түсінген ғалым академик Радлов, қазақта «эпос жырынан көрі лирика жыры көбірек жолығады» деген сенімге келген. Бірақ бүгінгі шындыққа қарағанда, Радловтың бұл нанымы қазақ эпос жырының ол кезде артық зерттелгенін көрсетеді.

Біздегі революциядан бері жинаған материалдарға қарағанда, қазақтың эпос жыры, лирика жырынан кем деуге болмайды. Қайта көлем жағынан да, мазмұн жағынан да басымырақ Радлов қырды аралап жүргенде көбінесе лирика мотивін естуі, сол кездегі қазақ жұртшылығының жабығынқы мұңды тұрмысына байланысты болған. Екінші жағынан, ол кісі эпос айтатын ақындардың ұясын кездестіре алмаған. Эпос не ерлік жыр айту тек бүгінгі халық ақындарының ғана мақтанышы. Осы екі жылдың өзінде «Қарасай, Қазы»,



«Орақ-Мамай», «Шора-батыр», «Ноғайлының қырық батыры» ұлы эпосылар табылып отыр. Арал теңізі бойынан табылған «Орақ-Мамай» жыры көлем жағынан эпос жырдың ең үлкенінің бірі. Бұған қарағанда, бүгінгі ақындардың көбінесе герой жыр, не аңызды әңгіме айтуы, ол ауылындағы тұрмыстың қуанышты екенін көрсетіп, енді герой істі, ерлік жырын көбірек сүйетінін көрсетеді.

Шоқанның жазғаны тәрізді, академик Радлов та «қазақтың жыры оның тұрмысымен байланысты», – дейді. «Қазақ жыр айтқанда ол бір қияли дүниені, не қорқынышты, кереметті нәрсені қызық көріп жырламай, ол әрқашан өзінің шын тұрмысын жырлайды. Өзінің сөзінің, не бір нәрсеге елігіп, не алып нәрседен ләззат алмай, бір ғана жаратылыстағы бар нәрседен ләззат алып, соны ғана жырлайды», – дейді.

Шоқан айтқан тәрізді, Радлов та ескі ақпа жыраудың орнына ақын шығып, қобыздың орнына ұзақ жыр айтуды домбыра шыққанын айтады. «Ескі гректерде айдан рапсодтар қысып шығарса, қазақтағы жыраудың орнына шыққанын көреміз».

Қазақтағы жыр шығарудың түрі көбінесе ақпа жыр. Жиылған топ алдында бір қазақ жыр айта бермейді, олардың ішінде жыр айтуға төселген ақпа ақын жыраулары болады. Бұл жыр айтушыларда көпшілік өте әлпештеп, оны жақсы сөзбен «ақын деп ат береді», – дейді. Радлов қазақ ақындарының қасиетін суреттеумен қатар, бұқара еңбекшілерінің де эпос жыр шығарушылықтағы маңызын суреттейді. Ол кісінің ойынша, «қазақ халқы өте әңгімешіл, сөзге де шешен келеді, сөйлесе олар ешбір бөгелмей, жылжыта сөйлесіп, сөзіне бір көркемдік береді; олардың жай сөйлегенінің өзі өлең ұйқасымен айтқан тәрізді ырғақпен шығады», – дейді.

Қазақ эпосын жинап зерттеуде үлкен кеніш жасаған кісілердің бірі Ә. Диваев пен Г.Н. Потанин. Диваев 50-60 жыл бойы бір өлкеде, Оңтүстік Қазақстанда қызмет атқарады (Сыр бойы, Арал теңіз, Қаратау, Шу, Сарысу). Оның жүрген жері эпос-жырға, аңыздарға бай қария сөздің ну ортасы болғандықтан, Диваев эпос жырдың қария сөздің ең қызықты түрлерін жинап алуға еркін болады. Қазақ эпосы туралы Диваевтің жинаған материалдары өте көп, олар өзінің кезінде әрбір журналдарда, ғылыми жинақтарда басылып келді. Диваев жинаған материалдың ең алғаш жарыққа шығуы 1890-жылдары. Оның ең алғаш Ташкентте бастырылған этнографиялық жинақтары аңыздарын көбінесе қазақ халқының ескіліктеріне, мифтарына, ертегілеріне арналған. Бұлардың соңын ала Диваев қанша талпынғанымен қазақ эпосының тобын революциядан бұрын ойлағандай жарыққа шығара алмайды. Диваев жинаған батырлар жырының жарыққа шығуы революциядан кейін ғана.

«Қобыланды», «Нариұлы Шора», «Қамбар батыр», «Алпамыс» сияқты бүгінгі Қазақстандағы социалистік мәдениеттің арнасына кірген ұлы жырлар 1924 жылдан бері ғана көпшілік алдына тарап отыр. Шоқан мен Радловтан кейін Диваев қазақтағы эпикалы әңгіме-аңыздардың қария сөздің тарихи өте мағыналысын жинап қалдырады, мәселен, «Жиренше шешен», «Алдар көсе», «Қорқыт» әңгімелері. Сондықтан Әбубәкір Диваевтің қазақ халқының әдебиет мұрасында келтірген пайдасы өте зор.

Г.Н. Потанин көбінесе қазақ-моңғол ертегісін қоса жинап, олардың сюжет құрылысына көбірек ой бөледі. Құншығыс

жұрттарының эпос жырының сюжетін тексеруге арналған еңбектерінде, оның дәлелінің көбін Потанин моңғол мен қазақ жырының негізінде сүйенген. Потанин зерттеулерінің орталық темасы «Гесер хан» мен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу». Потаниннің ойынша, еуропа жырының халық әдебиетіне әсер еткен осы екі жырдың төңірегіндегі сюжеттер болуға тиісті дегендей болды. Бірақ ол өте асырып айтылған сияқты. Бұл көлемді еңбегінен басқа Потанин қазақ жырын ескі грек жырымен салыстырып, ол туралы «Греческий эпос и ордынский фольклор», «Ордынские параллели к поэмам ломбардского цикла», «Дочь моря в степном эпосе» деген мақалаларды жазған. Бұл соңғы мақаласында Потанин Едіге мен Жиренше шешеннің бейнесін бұрынғы мәдениет ошағы болған грек жұртынан іздеп, сондай болған кісілердің бейнесімен салыстырады. 1915 жылы Потанин Ақмола, Көкшетау аудандарында болып, ол жерден жинап алған материалдарын үлкен кітап қылып шығарады. Ол жинаққа кірген материалдар көбінесе қария сөздер, аңыз-ертегілер, эпос жырлар.

Олардың ішінде ерекше табиғат жағынан ерекше көрнектілері «Ер Қосайдың» қара сөзбен жазылған варианты, «Шыңғыс эпсанысы», «Ер Төстік» әңгімесі, «Алеуке батыр», «Қыран қаракшы», «Қараман» (Қобыландының бір суреті), «Жиренше шешен», «Алдар-Көсе» сияқты эпикалы сюжеттің әрі көркем, әрі тарихи әлеуметтік жағынан бағалы түрлерін

жинап алады. Потанин әңгімелескен адамдары ылғи ақын, не көрі құлақты шежіре адамдар. Оларды Потанин әдейі іздеп табады. Сондықтан оның жазып алған материалдары өте бағалы болып шығады.

Қазақ халқының өз ортасынан шыққан ақын-ғалымдардан халықтағы жыр қазынасын жинауға атсалысқан кісілер белгілі ақын Омар Қаралов пен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және жоғарыда айтылған Жүсіпбек Шайқы-Исламұлы. Омар Қарашұлының «Ноғайлы батырларының басты жырлары» деген эпос жырының тобы, оның басқаруымен шыққан «Шаир», «Көксілдер» деген жинақ басылып шығады.

Мәшһүр Жүсіп көбінесе «билер сөзін» жинауға көңіл бөлген. Бірақ, сонымен қатар жонғар дәуірін суреттейтін бірнеше әңгімелерін («Абылай», «Қанжығалы Бөгенбай», «Сүйіндік ер Олжабай») жазып қалдырады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бұл жинағандары әлі баспа жүзін көрген жоқ. Оның жинаған үш томдық кітабы Қазақ ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы тұр.

Шайқы-Исламұлы материалдарды жинап бастыруға 1880 жылдары кірісті. Ол кісі Қазандағы баспаханалармен тығыз байланыс жасап, жинаған материалдарын қолма-қол жарыққа шығарып отырады. Жүсіпбектің жинап бастырғандары: «Мұңлық-Зарлық» (1880 ж.), «Қыз Жібек» (1898 ж.), «Айман-Шолпан» (1896 ж.), «Біржан-Сара» (1898 ж.), «Алпамыс» (1898 ж.), «Даутан-Құбанқанбай ұлы». Бұлардан басқа Жүсіпбек Шайқы-Исламұлы қазақ тілінде араб ертегілерінен бірталай сюжеттер кіргізді («Атымтай», «Қасым Жомарт», «Кербала»). Бұрынғы қыпшақ, оның ішінде мәмлүк қыпшақтары дәуірінен қалған

эпос-аныздарды, қария сөздерді де жарыққа шығарып, жоғалтпауға себеп болған. Әсіресе, осы Шайқы-Исламұлы, Сейіт-Керей, не А.В. Васильевтер сияқты кісілер «Салсал», «Зарқұм», «Бозжігіт», «Әміре», «Шахир-Шахрат» секілді халық қазынасын жинаумен пайда келтіріп, қазақ эпосының маңызы, оның мәдени, жұртшылық орны туралы теориялық зерттеулер қалдырмаған. Қазақ эпосының бұл жағына ой бөлген академик В.В. Радлов пен Ш.Уәлиханов, кейін Ө.Диваев пен Г.Н. Потанин.

Қазақ халқының ақындық қасиеті туралы В.В. Радловтан кейін толығырақ баға беріп кеткен ғалымдар Д. Клеменец, Н. Ядрицев, А.А. Кывановский, М.В. Готовицкий. Клеменецтің бағалауынша, «рухани (жан күйінің байлығы) жағынан қазақтар ең дарынды жұрттың бірі оның халық әдебиеті мазмұн жағынан бай. Түр жағынан әр алуан келеді. Қазір жазып алған текстен басқа ел аузында айтылып жүрген байтақ жырлар бар. Олардың саны жыл сайын көбейеді». «В духовном отношении киргизы принадлежат к числу богато одаренных народов. Их народная литература отличается богатством и разнообразием. Кроме уже установленных текстов, существует много импровизаций, и число их растет из года в год. Пословицы, поговорки и афоризмы отличаются сжатостью и меткостью выражений. Песенные напевы весьма разнообразны и оригинальны».

Қазақ эпосын мазмұн жағынан жете зерттеген М.В. Готовицкий былай деген: «Лишенные всякой искусственности и литературных эффектов, киргизские песни поражают иногда действительной поэтической прелестью, художественной простотой и правдивостью».

Қазақ жырын түр, үн (музыка) жағынан қарастыра келіп, енді бір жерінде М.В. Готовицкий былай дейді: «В

музыкальном отношении киргизская песня отличается какой-то особой широтой мотива. Но для того, чтобы уловить ее, нужно внимательно прослушать песню несколько раз».

Қазақ жыры мен ән-күйінің бұл қасиетін өнертанушы В. Успенскийдің айтуынша: «Киргизы – жители широких степей (гор и долин), воспринимающие тайны шума песков и шепот камыша, обнаруживают как в поэзии, так и в музыке удивительную поэтичность, полет и ширь, их мелодии с красивой, ровной кантиленой, без экспрессивных подъемов обладают интересным ритмом... Народ чрезвычайно любопытный в психологическом отношении». Абыл Ремюзадан бастап, Ядрицев, Ивановский, Бенфей, Коскен, Радлов пен Клеменец айтқандай қазақ-қырғыз елінің ақындық сөзге шеберлігін, олардың жан-күйі сұлулықты, ой шарықтауын сүйетінін айтады.

Орта Азиядағы қазақ елдің осы тәрізді ерекшелігі бойынша, халық эпосы, ескілікті әңгімесі, «өткендегі тарихи бай жұрт» деп академиктер И.Я. Марр, В.В. Бартольд көшпелі ел жасаған мәдениетке, халық поэзиясына үстіртін қарайтын кісілерге де қатты сөздер айтып, оларды көпшілік тезіне салып отырған. Бартольд жазған: «Марр дал отповедь ученым ориенталистам, неспособным представить себе культуру вне земледелия и специальных форм торговли, а так же без писания научных трактатов». Бұл қысқа ғана айтылған пікір болса да, бірақ сахарада жасалған мәдениет туралы бұл екі асқан ғалымдарымыздың пікірі, ойы, көзқарасы мұнда өте айқын көрсетілген. Оның үстіне В.В. Бартольд «Қорқыт» туралы жазған бірнеше мақалаларында оның тарихи, эпикалық негізін, көбінесе, қазақ халқының қария сөздерінен іздеп отырады. И.Я.Марр

да казак эпосындағы легендаға айналған персона туралы (мәселен, «Едіге» жырындағы), эпикалы салттар туралы (бауырмалдасу- побратимство) бірталай ағалы ойлар қалдырады. Қазак, қырғыз эпосы туралы көрнекті пікір айтып қалдырған кісілер А.Н. Веселовский мен П.А. Фалев. Бірақ, Фалев «казактардың өзі шығарған эпос жыры жоқ, олардың айтатыны бір ғана ноғай эпосы» деп түсінген. Фалевтің бұл пікірі, әрине жаңылыс айтқандық, екінші жағынан, ескі ноғайлы дәуірде жасалған эпос жырдың негізі қайда екенін бүтіндей түсінбегендік. Бұл мәселенің тарихи түбін ақтарып карағанда, бұрынғы ноғайлы мен бүгінгі оның ұрпағы болған казак жұртының арасына кедергі қоюға болмайды. «Ноғайлы жыры» деп аталған эпос жырын бір кезде тұтас шығарып, оның мұрагері ретінде сақтап келген казак ортасы болды. Мұны бүгінгі Қазақстанда жиған топ-топ материалдар мен ғылыми зерттеулер толық дәлелдейді. Фалевтің жанағыдай жаңылыс пікір айтуы, оның кезінде казак эпосы әлі дұрыс жиналып жетілмеген және ол туралы зерттеулер болмағандықтан еді.

Орта Азияда жасалған эпос туралы аз да болса бағалы ойлар айтып кеткен кісі академик А.Н. Веселовский. Ол кісі айтқан ойдың ең бағалысы, әсіресе күншығыс пен күнбатыс эпосында олардың тарихи-әлеуметтік жағдайына қарап қарастыру керек дегені эпос тарихын зерттеушілердің әрқашан есінде тұтатын пікір. Сол кісі айтқандай, біздің казак эпос жырының да шығуын бір ғана халық қиялының жемісі, не ақын жыраулардың ой толғауы деп түсінуге болмайды. Ол қашанда болсын тарихи оқиғалармен байланысты бір кездегі

болған тарихи оқиғаларды ерлік дәуірді, не жұртшылық салтын суреттеуге арналатын. Оның бас ерекшелігі – эпос жырының бағалы болуы, оның өткен дәуірдегі қауым тұрмысын, жұртшылық әдетін ашық суреттеп бере алуында. Осы жағынан казак халқы шығарған эпос жырының тарихи әлеуметтік-шындыққа сүйенбегені кемде-кем. Олар қашанда болсын тарихи болған істі суреттеп, бір кездегі тау жайлап, дала, сай, өлке қоныстанған бақташы рулардың басынан кешірген ерлік істерін, тұрмыс салтын кейінгі заманға жыр қылып отыратын. Сондықтан кешегі Амангелді, Кенесары, Исатай әңгімелері бізге қандай айтқан болып, олардың ерлік ісі халық ақындарының аузында қызықты жырға айналып отырса, бұдан неше ғасыр бұрын болған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Алпамыс», «Ер Көкше», «Едіге» әңгімелері де сондай шын оқиғадан туғаны байқалады. Басқаша айтқанда, біздегі эпос жырының шығуына себеп болған көбінесе әр дәуірдегі саяси-әлеуметтік оқиғалар, ұлы өзгерістер. Халық ол оқиғаны жылы ізін суытпай, оны эпос жырға, аңызды әңгімеге айналдырып отырған. Тарихи дәуірлерде болған эпос жырының бұл салты казак халқының эпосынан әлі күнге қалған жоқ, оның ашық мысалын, әсіресе Отан соғысы кездегі Қазақстандағы халық ақындарының жырынан көруге болады, мәселен, «Тоқтар батыр», «Мәлік батыр», тағы басқалар.

Сөйтіп, казак халқының эпос жырына арқау болған көбінесе халықтың бір кездегі басынан кешірген күйзелісі, не жауынгерлік, ерлік оқиғалар («Ақтабан шұбырынды», «Алқа көл сұлама») сияқты жұртшылық күйзелісі, не бүгінгі кезіндегі ұлы оқиғалар әрқашан казак ақындарының

патриоттық сенімін көтеріп, оларға ерлік жырын, сұлу-аңыз әңгіме шығаруға себеп болған. Осы сияқты тарихи сілемдер бойынша, сахарада айтылған эпос-жырдың шығып өркендеуі, біздің зерттеуімізше бірнеше ерлік дәуірге бөлінетін көрінеді:

1) Ислам дәуірінен бұрынғы аңыздар, эпос-жырлар, «Акку», «Бөрте-шене», «Көк бөрі» әңгімелері, не «Ер Төстік», «Құламерген», «Шолпан мерген» жырлары;

2) Қорқыт, Оғыз туралы оғыз-қыпшақ дәуіріндегі жырлар: «Қорқыт аңыздары», «Көрұғлы», «Алпамыс», «Бозұғлан»;

3) Ноғайлы-кипшақ дәуіріндегі жырлар: «Бөген батыр», «Едіге», «Ер Сайын», «Қобыланды», тағы басқалар;

4) XVII-XVIII ғасырларда қазақ халқы мен жоңғарлардың (калмақ) жүзаралық қарым-қатынасынан туған жырлар. Бұл кездегі ерлік жырлар, мысалы, «Еңсегей бойлы ер Есім» Абылай төңірегінде жиналып айтылады.

Бұлардың ішінен біздің бұл еңбекте пайдаланғанымыз көбінесе ескі дәуірдегі қырда айтылатын эпос жырының ерекшелігін көрсететін жырлар, мәселен, «Ер Төстік», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Көрұғлы», «Алпамыс», тағы басқалар.

## ЭПОС ТУДЫРҒАН ОРТА ЖӘНЕ ОНЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕСКІЛІКТІ МҰРАЛАР

Ғасырлар бойы сахарада айтылып келген ертегі-жырларды, аңыз-әңгімелерді ең алғаш шығарып таратқан, жоғарыда көрсеткендей, сахарада қоныстанған әр түрлі көшпелі түркі тілдес елдер еді. Олардың ішінде жұртшылық майданынан белгілі орын алып, тарихта көрнекті ат қалдырған жұрттар, ең ескі дәуірден шолып қарағанда, ғұн мен сактар, үйсін мен қаңшылар, қырғыз бен ұйғырлар жұрты болмаса, өзгесінің барлығы тарихи дәуірлерде бүгінгі қазақ даласында тіршілік жасап, олардан тараған рулардың көпшілігі бері келе қазақ елінің іргесін құруға негіз болды. Сондықтан бұл айтқан

ескі рулар жасаған мәдениет бұйымның іздері де, оның ішінде қазақ жыры, эпос, орнамент, сәулет істері, бүгінге дейін Қазақстан жерінде кесек түрде сақталып, олардың жұртшылық салты, елдік заңы, барлық рухани тіршілігі де көбінесе оларға тетелес ұрпақ болған және сахараны үздіксіз қоныс еткен олардың түбегейлі мұрагері, қазақ елінің тұрмысында ашығырақ сақталды.

Кәрі заманның ертегі-жырын, миф-аңыздарың біздің дәуірімізге дейін сұлу қазына түрінде сақтап қалдырған бұл айтқан жұрттар (қытай мен ескі рум жазушыларының айтуынша) Орта Азиядағы ең білікті жұрттар деп саналып, өз алдына жер-су, қонысқа ие болып, өздерінше әлеуметтік, мәдени тіршілік жасаған еді. Олардың ел басқарған адамдарына Қытай мен Иран шатқалдары достық белгісі ретінде қыздарын беріп, жұрттаралық қарым-қатынас жасап, ондай жұртшылық қатынастың алғысы эпоста белгілі сарын болады.

Қазақ халқының ертегі-жырының, миф-легендасының жалпы сарынына қарағанда, олардың тіршілігіне зор әсер қалдырған әсіресе оғыз бен қазақ жұрттары екені көрінеді. Қазақ эпосының тілінше оларды «көндігер құбан жұрты», «ноғайлы», «кият», «қыпшақ» деп түрлі атпен атайды. Мұндағы «көндігер құбан жұрты» орта ғасырдағы күншығыс әдебиетіне белгілі «оғыз» бен «қыпшақ» елдерін қазақ аңыздарына біріктіріп айтқандық байқалады. «Құбан» суропа әдебиетінде жиі кездесетін куман елінің соңғы осы күнге дейін сақталып келген бір түрі болуға тиісті. Орталық Қазақстанда «Кумантау» деген жер бар, мүмкін, ол тау өлке куман (қыпшақ) руларының атымен байланысты болуы таңқаларлық нәрсе емес.

Бұрынғы қазақ қарияларының шекара сөзі бойынша, «көндігер» Сырдариядан оңтүстікке қарай ауған елдерге

берілген ат екені көрінеді. Бұл атпен ескі қазақ рулары бір ғана оғыз жұртымен Мысырға ауып кеткен мәмлүк қыпшақтарын айтатын болған. Бұл туралы қазақ халқының белгілі ғалымы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бір жазбасында былай деген: «Сейілханның балалары көндігер жұртынан шығып, олар халифаның қол астына қарағандықтан, «көндігердің ауыр қолы» деп аталатын болған. Түрікмендер сол көндігерлер ауып кеткендегі мұнда қалғандары». Мәшһүр Жүсіптің бұл сөзіне қарағанда, халық аңызында жиі кездесетін «көндігер жұрты» оғыз халқы екеніне еш күмән қалмайтын сияқты. Оның үстіне қазақ аңызында айтылатын көндігер жұртының ру бастығы. Сейілхан тарихқа белгілі сол жұрттың халық аузында сақталған бір аты екені байқалады. Мұны түрікмен елінің ақыны, ғалымы Ихсан-Шаих Дана ата мен қазақ халқынан шыққан атақты ақын әрі ғалым Нұржан Наушабайұлының жазғандары толық дәлелдейді. Нұржанның «Қыпшақ шекарасы» деген жазуында қырда тіршілік жасаған елдердің (кәсібі) жұрт аузында аңыз болған «Алаша» ханнан тарады. Оның айтуынша, Алашадан екі ұл туады. Мұнда Жайылхан қазақ, қарақалпақ сияқты елдердің арғы атасы ретінде суреттелсе, Сейілхан түрікмен елінің арғы тегі ретінде айтылады. «Алашадан екі ұл туады-мыс», – дейді Нұржан ақын, – оның бірі Сейілхан. Одан сегіз арыс түрікмен тарайды, олардың айырмашылық жері осы еді».

Түрікмен жазушысы Ихсан-Шаих Дана ата «Оғыз наме» атты шығармасында Сейілханды түрікмен елінің халықтық аты эпос түрінде жұмсайды. Ол кісі «Оғыз наме» атты еңбегінің кіріспе сөзінде (алжиссасында) «Күн ханның – Оғыз ханның ата-тегінен жайылған перзенттерінің аттарын

айталық» деп, «Оғыз наме» жазғанда оны Дамих Сейілханға (түрікмен еліне): «Бізден ядігер қалсун деп төки аны керіб асыл нәсілларын білсунлар тән буларни назим қылдылар», – дейді. Ихсан-Шаих бұл жазуында өзінің шығармасын еліне тарту ретінде ұсынғанын көрсетпекші болады.

Ихсан-Шаихтың жобалауынша, Оғыз хан көп елді біріктірген жинақ ат болса, Сейілхан «олардың туған елінің аты ретінде айтылады».

Оғыз ханнан айрылсам,  
Күллі Сейілхан ел атымыз,  
Бір атадан йайлмашам,  
Йокдур сөзді йалатымыз.

Ихсан-Шаихтың бұл сөзінде бұрын сахарда қоныстанған елдердің қауым тіршілігі бір қалыпта болатынын көрсететін ашық мысалдың бірі. Оғыз-қыпшақ, не ноғайлы-қыпшақ жұрттардың бір кезде сахараны бірге қоныс еткені қазақ халқының есінде көпке дейін ұмытылмады.

XVIII ғасырдың ішінде қазақ сахарасын аралаған атакты ғалым П. Паллас, одан кейін И.Г.Георги, И.П.Фальк, бергі кезде Щербина бұл туралы қариялардың аузынан бірталай ескілікті сөздер жазып алады. Паллас бір күні қазақ қарияларымен сөйлесіп отырып, олардың ата-тегін, тарихи қонысын сұрағанда, қазақ қариялары жоғарыда айтылған тәрізді Сырдария өлкесін өзінің атамекен байтағы етіп суреттеп, ерте заманда оны қоныс еткен аталас елі «ноғайлы» мен «көңдігер құбан» (оғыз) жұртын еске түсіре сөйлейді.

Бұл келтірген мысалдар, әрине оғыз, қыпшақ, қаңлы елдерінің тарихи дәуірлерінде бірге өсіп, бірге жасап, бүгінге дейін халық аузында кең айтылған ертегі-жыр,

қария сөз, аңыздар. Бұл айтқан жұрттардың бірге тіршілік жасап, бір қалыптас ертегі-жыр, хикая сөз шығаратыны қазақ-халқының есінен соңғы кезге дейін ұмытылмаған. Сондықтан «Қорқыт» сияқты аңызға айналған сұлу бейнені оғыздан қыпшаққа, не түрікменнен қазаққа ауған сюжет деп айту өте қиын.

Оғыз қыпшақ елдерінің бір кезде қазақ даласын бірге қоныс етіп, олардың саяси-әлеуметтік рухани тіршілігі көп заман бірге болғанын төндіре суреттейтін, әсіресе орта ғасырдағы күншығыс жазушылары, одан кейін оларға комментарий берген біздің дәуіріміздің асқан ғалымдары академик В.В.Бартольд пен Н.А.Аристов. Күншығыс жазушыларының ішіндегі ең жүйрік, кеменгердің бірі Рашидеддин сахарда өскен елдер туралы айтқан жерінде «тарихи дәуірдегі оғыз бен қыпшақ елінің арасында ешбір айырма жоқ» деген. Ол кісінің айтуынша: «Оғыздар, қыпшақ, қаңлы, қарлұқ аты бірнеше руларға бөлініп, олардың барлығы оғыз ұлысынан тарайтын болады».

Рашидеддин жазып алған аңыз бойынша, Оғыз хан төңірегінде тоқталған елдердің жалпы атасы Абылша хан немесе Абылғазы бабадүрше Аланча хан түрінде айтылады. Мұнда «Абылша» не «Аланча» қазақ аңыздарында көп жолығатын «Алаша ханның» әрбір варианты болуға тиісті. Қазақ халқының бұрынғы қария сөзі бойынша, бүгінгі Орталық Қазақстанда Ұлытаудың баурайынан ағатын Қаракенгір өзенінің бойында тұрған сәулетті кешенді қазақ халқы «Алаша ханның моласы» деп түсінеді. Бұл жер VIII-IX ғасырларда оғыз бен қыпшақтардың мәдениет ошағын құрған байтақ өлкесінің бірі.

Алаша ханның кешенінен басқа ол өлкеде ескі дәуірден қалған сәулет ескерткіштері өте көп. Рашидеддиннің айтуы бойынша, «Абылша хан әр уақытта қырда тұруды сүйген. Оның жазғы жайлауы Ортау, Кертау атты мәуелі биік таудың саласы болып, ол жерде Ана-жан (кейін Жұбан ана) атты қала болған. Борсық (бүгінгі Борсық құмы болмаса), Қақажан, Қарақұм бойын қоныстайтын. Талас, Көрі-Сайрам қалалары бұл айтқан жерлерге көршілес тұрды» дейді. Абылғазы Бабадүр да өзінің «Шежіресінде» Аланча хан атымен бірталай мәдени істерді байланыстырып, оның кезінде жұртшылық тіршілігі өркендеп қызықты әңгіме, ертегі-жыр шығуға себеп болғанын айтады. «Аланча хан заманында жұртта, ел де аса дәулетті болды» немесе «Аланча хан заманында халықтың башы мен малы көп болды, дәулетке әсір болды».

Мұнда Абылғазының бір ерекшелігі тарихи дәуірдегі жер аттарын, оны қоныстаған елдердің көшпелі тұрмысын ол кісі Рашидеддиннен гөрі анық, келістіре суреттеген. Абылғазының жазуынша, ең ескі дәуірдегі аңызда айтылған Ортау, Кертау, сол заманында «Ұлытау», «Кичиктау» деп аталатын болған. Оғыз бен қыпшақ, қаңлылардың жұрт атасы болған Аланча хан жаз бойы сол жерді жайлап, «қыш болғанда Қарақұм, Сырдария яқасыны қышлар етеді», – дейді.

Сөйтіп, көрі заманның аңызында жиі кездесетін Ортау, Кертау не Ұлытау, Кішітау сол тарихи замандағы аттарымен Орталық Қазақстанда әлі күнге сақталып келеді. Алаша ханның кешені тұрған Ұлытау осы күнге дейін әрі мәуелі, әрі салқын оты шүйгін қызықты жердің бірі. Ұшы-қиыры жоқ кең сахараның ортасында оның алыстан мұнартып

көрінген сәулеті әлі күнге сол Рашидеддин мен Абылғазы жазғандағыдан еш бөтендігі жоқ. 1391 жылы Әмір Темір Токтамысқа қарсы шеру тартып шыққанда, жазғытұрым кезінде осы Ұлытау өлкесінде тоқтап, мамыр айының ішінде оның басына шығады. Кейінгі заманға із қалдыру үшін Ақсақ Темір қасындағы шеберлерге тас қыналып, Ұлытаудың бір шыңында үлкен қаратасқа жазу түсіріп кетеді. Ол тас Ленинградтың Эрмитажында сақтаулы тұр.

Бүгінгі Қазақстан өлкесінде бұл тәрізді ескілікті жәдігерлер өте жиі кездеседі. Оның ең қорым түрде сақталған жерінің бірі осы айтқан Ұлытау, Кенгір, Сарысу өзендерінің бойы, не Қорғалжын, Есіл, Нұра өзендерінің алабы. Бұл айтқан жерлерде ерте заманның асқан ері, алып батырларының басына тұрғызған күмбезді кешендерден басқа тағы не түрлі ескі қалалардың орны, қазған арық, кен ошағының орындары көп кездеседі. Бірақ, олардың ешбірі әлі зерттелмеген.

Осы сияқты ескіліктен қалған мәдениет мұраларына қарағанда, қазақ сахарасы көшіп жүрген елдің тағы жатқан даласында мәдениет сілемі болып, ой шығармасы белгілі сатыға жеткенін көрсетеді. «Саймақтың Сары өзені», «Қорқыт», «Ақсақ құлан Жошы хан» сияқты толқынды күй, терең аңыздардың шығуы сондай бір сатыға барып тәркіленетін сияқты. Қырда туып өскен кеменгер акын Абай мен Жамбылдың жыры төгілте шығуы да кенеттен болған емес. Олардың барлығы тарихи дәуірден үзілмей келе жатқан рухани мәдениетті көрсетіп, ескі поэтикалық мәдениетке барып астасатын. Бұл туралы академик Н.Я. Марр өте бағалы пікір қалдырған. Ол кісінің айтуынша, сахарада



көшпелі елдің егіншілік тәжірибесі болғанымен, олардың рухани мәдениеті өте бай, сондықтан олар кейде отырықшы елдің өзіне әсер ете алған. Сөйтіп, қырда айтылатын эпос, ертегі-жыр, аңыз, қария сөзді түү баста шығарған сахараны қоныстаған ескі рулар – Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Оғыз, Қыпшақ. Бұл айтқан елдер әрқайсысына өзінің дәуірінде аралас, не көрші отырып, кейде бір-біріне жақын тілмен сөйлеп, біржақты, мәдени шаруашылық тұрмыста болған. Сондықтан қырда айтылатын эпос жырдың көпшілігін олар бірге шығарып, кейін олардан тараған бірнеше елдің игілігі болып қалады («Ер Төстік», «Қорқыт», «Алпамыс», тағы басқалар). Сол жұрттар шығарған эпос жырдың және олардың жұртшылық салтының күшті сақталған жерінің бірі Қазақстан сахарасы XVI ғасырдағы белгілі ғалым Махмұд Қашғаридың «Лұғаты» бойынша, бұрынғы оғыз бен қыпшақ елдерінің үй шаруасы жұртшылық тұрмысында қолданған сөздер бүгіндері, көбінесе, қазақ, қарақалпақ, қырғыз жұрттардың тілінде көбірек сақталған (мысалы, емгак – еңбек, ачық – ашық, санақ, қауа – қауға, кент, йатүк – йатақ), Қашғаридың «Лұғатында» кездесетін таңсық сөздің бірі «көк», «стүп», «тек», «ата-тек». Бұл сөзді сол ескі замандағы мәнімен қазақ тілінде әлі күнде дейін қолданамыз. Бұрын қазақ қариялары біреуге ренжігенде «көгі жаман неме» деп ұрсатын. Болмаса Махмұд Қашғари жазған тәрізді біреудің ата-тегін білмекші болғанда, «оның көгі кім, көгінде еш нәрсе болған ба еді?» – деп сұрайтын.

Ескі рулар, оның ішінде, әсіресе оғыз, қыпшақ елінің тіршілігінен қалған сілемдер қазақ халқының тілінде, ертегі, жырында өте көп кездеседі. Соның бірі, әсіресе халық

мақалы, тақпақ сөздер. XI ғасырда Махмұд Қашғари ескі рулар аузынан жазып алған мақалдарға мүлтіксіз дәл келетін, әсіресе, мынадай қазақ мақалдары бар:

«Құс баласы Қырымға,  
Ит баласы жырымға».

Су бермеске сүт бер.

Көкке сөзса жүзге түсер.

Тау тауға қауышмас,  
Кісі – кісіге қауысар.

Қанды қанмен жумас.

Таудан жүгірген түлкі –  
Қашып құтылмас.

Бөрі күшігін жемес.

Бір түлкі терісін –  
Екі соймас.

Ел қалар,  
Төре қалмас.

Күш елден кірсе,  
Төре түндіктен шығар.

Құлан құдыққа түссе,  
Құрбақа айғыр болар.

Аш не жемес,  
Жақ не демес.

Бұлардан басқа Махмұд Қашғаридің «Лұғатында» қазақ даласының ескі замандағы ландшафтын, ол кездегі көшпелі тұрмысын суреттеп, көзге елестететін бірталай мағлұматтар бар. Оған мына мысалдарды келтіруге болады: «Жазы қатты

болса, қысы сүйінішті, қысы қатты болса, жазы сүйінішті». Болмаса: «Ұғлап жүгірісті, қозы жамырасты, қошқар жеке шешілді, саулық, сәрік қосылды (қосақталды), сүттер қамуғ жосылды, лақ, қозы жамрасар». XI ғасырда өлеңмен жазылған бұл сурет бергі кезге дейін көшпелі тұрмыспен келген қазақ, қырғыз сияқты халықтардың тіршілігіне арналған ба деп ойлайсың. Бұл әрине, ескі дәуірдегі рулар жасаған көшпелі мәдениеттің, оның ішінде эпос-жырдың бергі кезге дейін тетелес, ғасырдан ғасырға ауысып келіп отырғанының ашық бір дәлелі.

Махмұд Қашғари оғыз, қыпшақ, қырғыз, тухсилерді тіл ұқсастығы жағынан бір топқа кіргізеді. Оның ішінде басқаларға қарағанда, оғыз бен қыпшақтар біріне-бірі өте жақын тілмен сөйлесіп, жазы-қысы аралас, бірге қоныстап отырғанын айтады. Қашғаридің картасы бойынша, Қаратаудың оңтүстік алабы (Сыр бойы) оғыздардың байтақ қаласы, кенттері болса оның солтүстік беті (Шу өзенін өрлеп) қыпшақ пен оғыздардың сыңсыған қыстаулары болған. Оғыз бен қыпшақтардың былай көршілес орналасқанын X ғасырда жазылған «Худуд-әл-әлем» деген кітапта анықтайды. Ол кітаптың баяндауына, қыпшақ не кимақтардың елдік салты оғыздарға ұқсайды. Олар жаз Ертіс өзеніне қарай жайлап барып, қысқа қарсы Қаратау, Сыр бойына келіп, оғыздармен араласып отырады.

Қыс жылы жақты, Сыр, Талас, Шу өзендерінің алабын қоныстап, жаз шыға шөлейтті арқаның жанын Ұлытау, Кертау, Ортау – салқын жерді жайлап қайту, ескі дәуірдегі сак, үйсін, қаңлы, не оғыз, қыпшақ сияқты елдердің ғасырлар бойы қалдырған шаруашылық салты болған.

Бұл айтқан елдердің ол кездегі қонысы қазіргі Алтай, Алатау, Жетісу, Арқаның жаны, Сырдың ең бойы болатын. Қытай тарихын пайдаланған академик Риттер мен

Клапроттың айтуынша, сахарда қоныстанған рулар бұрын ісін нен далада малдарын қыс Сырдария, Шу, Талас өзендерінің бойында қыстатып, жаз шыға шөлейтке, салқын жаққа қарай көшіп, Ертіс, Есіл, Тобыл өзендерінің арасын жайлап, Орал тауы, Обь өзенінің сағасына дейін баратын.

XVIII ғасырдың басына дейін қазақ халқында осы шаруашылық салтты берік ұстап, қыс – Сырдың бойын мекендеп, малын Шу өзенінің бойында, Алатауда қыстатып, жаз – Ертіс, Еділ, Тобыл өзендерін бойлай, шөлейтте Арқаны жайлайтын.

Ибн-әл-Әсір, Шамси, Дамшаки, Масуди сияқты орта ғасырдағы араб жазушыларының айтуынша, оғыз бен қыпшақтар жаз күні Оралдағы бұлғар жерімен көршілес отырып, қыс Сырдың бойындағы қалаларды, не Алатаудағы Баласағұн сияқты қаланы қыстап, малдарын сол төңірекке жаятын. Сол ибн-әл-Әсірдің айтуынша, бұл айтқан көшпелі оғыз, қыпшақ, қаңлылар осы сияқты жаз салқын жерді жайлап, қыс жылы жақты – Сырдария, Шу, Талас өлкесін қоныстап жүрген, 960 жылдан ислам дінін қабылдай бастайды.

Олардың ислам дініне ру-ру елмен кірген кезін ибн-әл-Әсір 1043 жылдың күзі деп анықтайды. Олар ислам дінін ел болып қабылдағанын сол жылы үлкен сойыс қылып, той жасайды. Қаңлы, қыпшақ хандарының қыс Сыр бойындағы қалаларда қыстап, жаз Ұлытауды жайлайтынын Қытай тарихында да айтылады.

Мұндай шаруа тіршілігі бергі Тәукенің кезіндегі (XVII-XVIII ғғ.) қазақ тұрмысында да болады. Елдің көпшілігі Арқада, Күнбатыс Сібірде, Ертіс, Есіл, Тобыл өзендерінің алабын жайлап, мал семіртіп жүрсе, жұрт ісіне қатынасқан

ру басы аксақалдар, бай-батырлар, хан, сұлтандар, көбінесе, Сырдария мен Қаратау төңірегіндегі қалаларды сағалап, оның ішінде Түркістан, Сайрам, Шымкент, Созақ, Қарнак қалаларында болып, салт қылатын. Тәукеңің ордасы жаздығүні ұзаса Қаратаудағы Күлтөбеге барады. Сондықтан «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген сияқты, сол кездегі әлеуметтік тұрмысты суреттейтін мәтел туады. Ел бейбіт кезде, орда қыс сол қалаларда болса, жаз Арқаның жоны, Көкшетау, Қарқаралы, Баянауыл, Ұлытауға дейін жайлап баратын. Қобыланды жырында бұл жайында былай айтылады:

Мал жайлаған Қаратау,  
Би жайлаған Алатау,  
Одан да өтіп шөл шекті...

– деген сөз осы жайлы мезгейді.

Қыстығүні қалада отырып, жаз шыға таулы, сулы, салқын жерді жайлап қайту XII-XIV ғғ. Алтын Орда хандарының да салты болған.

Алтын Орда хандары Еділ бойындағы сәулетті қалаларын тастап, жаздығүні Тана суы (Дон), Оза суы (Днепр) Солтүстік Кавказдағы Кубан, не Еділ бойларын барып жайлайтын. Өйткені, басқа жұрттан келген елшілер (мәселен, ибн-Баттута) оларды жаздығүні, көбінесе, тау ішінде, өзен суы бойындағы жайлаудан тауып жолығатын. Ибн-Баттута Өзбек ханының ордасына қалай барғаны туралы былай деп жазады: «Өзбек ханның ордасы Шажар қаласынан төрт күндік Бестау деген жерде емес, ол жерде кісі шомылатын арасан суы бар емес. Біз Ордаға рамазан айының бірінде барып жеткен едік, орда көшіп кетіпті. Біз одан кейін ат-көлікті жаңартып, орда тұратын шаһарға келдік». Бұдан басқа, ертедегі мал өрісі, жайлау туралы еске түсірулер «Қыз Жібек» тәрізді қазақ жырларының көбінде кездеседі.

Кіші жүздің ішінде,  
Жағалбайлы елі бар,  
Жағалбайлының мекені  
Ақ теңіздей көлі бар.  
Жаз жайлауын сұрасақ,  
Қара теңіз жағасы,  
Ұлан-байтақ бөлі бар...

Бұл жыр ескі қазақ руларының пешене<sup>2</sup> – қыпшақ кезінде Қырымға дейін барып, Қара теңіз, Оза суы (Днепр) бойларын жайлағанын көрсетеді. Халық жырларындағы бұл сияқты тарихи фактінің сілемі кейде ескі грек-латын жазушыларынан да кездеседі (I-VII ғғ.). Олардың айтуынша, Дон өзені мен Алтай тауының арасындағы ең жазықта мал өсіріп, тіршілік етіп отырған қыпшақтар, қаңлы, қоңырат, үйсіндер малдарын жаздығүні салқын жақта жайса, қыстығүні жылы жақта жаяды.

568 жылдары Рум (Византия) елшісі болып Алтайға барған атақты Земарх қыпшақ, қаңлылардың қоныс, салт жайлары туралы бірталай мағлұмат жазып қалдырған. Рум жазушылары сол кездегі қыпшақтар арасында ертегі-әңгіме, жыр айтылатын, жас жігіттері садақ атып, ат баптап ерлікті сүйетінін айтады.

Ерте замандағы қыпшақтардың қонысы туралы Қазанғап ақын «Ер Есім» жырында былай айтылады:

Ал, тыңдасаң, әлеумет,  
Түркістан атты қалада,  
Дешті Қыпшақ далада,  
Баласына үш жүздің  
Тәуекел атты хан болды.  
Жері батпақ, елі бай,  
Алтын, күміс қазына сай,  
Атырабын болжасақ,  
Еділ, Жайық, Кавказбен  
Бір шеті Қытай – Құлжа еді...

Міне, осы сияқты бірде қаланы сағалап, бірде көшіп бакташылық тұрмыс пен күнелткен ескі үйсін, қаңлылар не оғыз қыпшақтар ерте кезде «Ер Төстік», «Құламерген», «Айтолыс» әңгімелерін шығарып, бері келе «Қорқыт», «Көрұғлы», «Манас», «Ерқожа» бейнелерін туғызады. Жаңа сұлу ертегі, қызықты жыр шығарудан басқа олар есепшілік (астрономия, жұлдыз ғылымы), геометриялы үлгімен үй жасау (жазғы үй), тасқа ою, тасқа жазу түсіру сияқты мәдени үлгілерін шығара білді. Абель Ремюзаның айтуынша, бүкіл Сауыр Азияға «есепшілік» (календарь) таратушы ескі үйсін мен қаңлы болған. Абель Ремюзаның айтуынша, үйсіндер жылды он екі мүшеге бөліп, есептеуді біздің заманымыздан бұрын шығарған көрінеді. Жылды он екі мүшеге бөліп есептеуді Абель Ремюза адам өмірі тарихындағы зор жаналықтың бірі деп, оған зор мән берген. Үйсін мен қаңлы шығарған жыл есебі ескі замандағы Қытай елінің жыл есептеуіне карағанда өте қолайлы. Мұнда харіп белгілерін жаттап жатудың керегі жоқ, әрбір мүшелді он екі жылды мал атымен қойған соң, ол адамның ойына тез жаттығады. Ерте заманнан сахарادا қолданған он екі жылдық мүшелдің осы тәрізді тұрмысқа қолайлы болуынан, Абель Ремюза оны ой өркендеуіндегі белгілі табыстың бірі деп білген. Бұл жыл есебін шығарған үйсін мен қаңлылардың осы сияқты мәдени белгілеріне карап, Абель Ремюза үйсіндерді «үнді-еуропа халқынан болу керек» деген де ойға келген. Бірақ, Абель Ремюзаның бұл пікірін Радлов, Уәлиханов, Аристовтар жоққа шығарып, олардың ой табысы сахарاداғы өзге руларға ортақ екенін айтады.

Абель Ремюзаның айтуынша, II-I ғасырлар арасында Ертістен жоғары Арқаның жонын жайлап, бір жағы Алағу,

Сыр өлкесін қоныстап отырған үйсін, қаңлылардан қалған мұра бір ғана жыр, я «жыл есебі» емес, олар тастан үлгі қылып, кешен орнатып, жазу жазып, оны ардақтаған адамдарының, батырларының, жұрт сүйген ұлдарының басына орнататын болған. Абель Ремюзаның орхон жазуын «сол ескі замандағы үйсін, қаңлы, оғыз, қыпшақ, қырғыз жұрттарының мәдени-әлеуметтік өмірінен туған тарихи жәдігерлер» – дейді. Сол сияқты, Дунай өзенінен Ордосқа дейін кездесетін кнюлы «қалмақ тастар» сол бакташы рулардан қалған тарихи белгілер байқалады. Бұл айтқан тарихи зат белгілер, бір жағынан осы бір дәуірдегі салт-сананың шығуынан жәдігер болса, екінші жағынан ой шығармаларының басқа түрін (ертегі-жыр) көркейтуге зор әсер еткен. Бірақ, бергі ислам діни орнаған кезде сымбат өнерінің бұл түрі аяқсып, бұрынғыша ардақтаған ердің басына жазулы тас, кешен орнату енді «дінсіздік», «пұтқа табынғандық» болып табылған. Кісінің пішінін қағазға, ағашқа, тасқа түсіру табиғат бойынша «күнә» делінгендіктен, бүкіл казак рулары бұрын өзі орнатқан кешен, ескерткіш тастарды енді «қалмақтас» деп атаған. Әйткенмен, тастан кнүп жасайтын бұрынғы ескерткіш тастардың орнына бергі кезде отау тәрізді күмбезді күрке, кешен<sup>3</sup> не дүрбе жыйды. Сыр бойындағы «Көк кесене», Сарысудағы «Белең ана», Аягөздегі «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» кешендері – осы сияқты жәдігерлердің үлгілері. VIII ғасырдың 50-жылдары Күнке хан ортасында франк королі IX Людовиктің атынан

елші болып келген атақты саяхатшы Рубрук қыпшақтардағы кешен жасау туралы былай деп жазады: «Ұшы сүйір бөлек күмбезді кешен жасау олардың байырғы ісі көрінеді. Мен жүріп өткен жерімде тастан, кірпіштен жасалған мұнаралы биік үйлерді талай жерде көрдім. Ондай кешендердің көбі дөңгелек, кейі төрт бұрышты шаршы келіп, оның төрт жағынан төрт биік тас орнатып қояды екен». Рубруктың бұл айтып отырған мұнаралы кешендері, Аягөз бойындағы «Қозы көрпеш – Баян сұлу» кешені сияқты кірпіштен, я тастан сүйірлеп жасалған күмбезді екенін көрсетеді. Рубрук 1259 жылы Аягөз жолымен жүріп өткенде, «Қозы Көрпеш» кешені бүтін тұрған кезі.

Бұзылған күмбез үйлердің ескі орны, кешен, күмбез Қазақстан өлкесінің талай жерінде кездеседі. Мұндай ескі жәдігерлер Жетісу, Алтай, Арқаның үсті, Сырдария өлкесі, Маңғыстау, Каспий, Жайық бойларында жиі кездеседі. Қырда ерте кезде салынған кешендер туралы Мәшһүр Жүсіптің жазғандары тарихи өте бағалы. Ол кісінің айтуынша, «қалмақ пен ноғайлы жұрттары жауласып жүргенде, ноғайлы-қазақ елінің әскер басы жігіттері айдалада тас қорған, күмбез үй жасайтын болған. Шідерті өзенінің аяғындағы «Ақжар-сарай» – сол ноғайлы хандарының орда қылып, там орнатқан жері. Есіл, Нұраның арасындағы «Тоғанастың тоқсан екі көлі» – ноғайлылардың егін салған көлдері. «Қызыл мола», «Сұлутам», «Сырлытам», «Хан сүйегі»<sup>4</sup> – солардың жәдігерлері», – дейді Мәшһүр Жүсіп. Бұл айтқан жәдігерлер ислам дінінің салты мен байланысқан нәрсе емес, көбінесе, бұрынғы бақташылық тұрмыстың белгілері.

Сахараны ескі заманнан қоныс еткен елдер – сак, үйсін, қаңлы, оғыз, қыпшақ бақташылық тұрмыспен қатар егін

шаруасымен де шұғылданып, қала тұрмысын да білді. Күншығыс тарихында айтылатын бұл күнде жер болып кеткен Жетісу, Сыр бойындағы толып жатқан ескі қалалар, сол елдерден қалған тарих мұралары. Сондықтан ертедегі бақташы рулар, кейбір үстіртін қараған ғалымдарының айтқанындай, сол баяғы «тағы қалпында» қалмай, Энгельстің ескі грек рулары туралы айтқандай, мәдениеттің белгілі сатысына көтеріліп, ауыз әдебиетте, тарихи зат өнерінде бірсыпыра белгілер қалдырған.

Бірақ, ол кездегі мәдениет үлгілері ұзақ ғасырлар ішінде өзгеріп жойылып болғандықтан, біздің туысымызға тек тарихи сілемі ғана жетіп, көбі жойылып ұмыт болған. Сондай тарихи белгілер қалдырған ерте замандағы үйсін мен қаңлылар. Олардың мекені – Сырдың бойы тұратын қаласы «Алатау». Қаңлылардың әдеті, заңы дұлаттармен (түрік) бірдей, Егін жарғы<sup>5</sup> жосынымен басқарады. Жасалған жарғысын хан сарайында сақтайды. Қытайдың «Ганму» деген тарихының айтуынша, үйсіндер осы қаңлылардың бір тарауы. Олардың «жылқысы сұлу, аты жүйрік келеді, сныр, кой өсіреді. Жүзім, миуа жемістерін егеді» – дейді. Қытай ғалымы Сюань Цзян VII ғасырдың 30-жылдары Жетісу, Сырдария өлкесін аралап, Үндістанға барып, будда дінін оқып қайтқанда, Жетісу, Сырдария туралы аса бағалы сөздер жазып қалдырады. Ол кісінің айтуынша, Алатаудың өзендері көбінесе күншығысқа қарай ағады. Шу өзенінің бойында «Шу» деген үлкен қала бар. Бұл қалада көшпелі халық пен саудагерлер аралас тұрады. Шудан жоғары бірнеше қалалар

бар (Талас, Сайрам, Құмкент, Жаркент), ол қалалардың әрбірінің жеке-жеке басқарушылары бар. Бұл қалалардың барлығы дұғлас (үйсін, дулат, түрік) хандығына қарайды. Астана қаласы – Талас. Бұлардың оңтүстік беткейінде мұз жататын биік тау, сансыз көлдер бар. Ол таудан шөлейтке қарай бірнеше өзендер ағып түседі, сондықтан ол жерді «Мың арна» (Жетісу) деп атайды.

Ескі заманда Сырдарияның жағасынан салынған Жанкент, Сығанақ, Отырар, Талас, Кәрі Сайрам, Түймекент, Сүткент, Түркістан, Сауран, Жент, Жетісудағы – Барысхан, Баласағұн, Шу (Шуманак), Ілебалық, Құлан, Мерке, Сарысу бойындағы – Белең ана, Жұбан ана, тағы сол сияқты тарихи ескі қалалар оғыз, қыпшақ, карлұқ дәуірінде салынған жәдігерлер. Бұл айтылған қалалардың барлығы өте берік, басқа елден келген жаулауына қарсы мықты етіп жасаған. Олардың сыртқы қамалдарын, қабырғаларын, бұрыштарын мұнара тізбегімен бекітіп, кіретін қақпасын мықты бағаналармен биікке көтерген. Осы тарихи жәдігерлерінің байлығын мәдениет тарихын зерттеушілер сахараны қоныстаған үйсін, қаңлы сияқты жұрттарды көпсініп, оның жасаушыларын оңтүстік иран жұрттарынан іздеп, я «сол жақтан ауып келгендердің ісі болуы керек» дейтін.

Жоғарыда айтылған ғалым Сюань Цзян Жетісу өлкесінің шүйгін, бейіс тәрізді екенін айта келіп, «бұл жердегі ең үлкен қала Талас, бұл қалаға жеті жұрттың сәудегері келеді, қаланың төңірегі 8-9 ли (6 шақырым) шамасындай», – дейді.

Макдиси деген араб жазушысының айтуынша, «Талас (Тараз) Жетісу бойындағы ең көрікті қала, оның іші толған

орман, бақша, қаланың төрт жағында төрт қақпасы бар», – дейді. Талас қаласының сұлу, көрнекті екенін Рум (Византия) елшісі Земарх та жазған.

Көп қалалар ғасырлар ішінде бұзылып, қара жер болып кеткендіктен, тек ел аузында ертегі болып қана қалған. Сондай ертегі-әңгіменің айтуынша, бұрынғы заманда Аланғасар атты бір ақын дәу болыпты. Оның Арсалаң алып деген баласы бар екен. Екеуі жер аралап, келе жатып Ботамойнақ, Алмалы, Қараша деген жерлерге келіпті. Ботамойнақ Талас өзенінің жағасында болады екен. Ол жерге алыптар «Түймекент» деген шаһар тұрғызады. Екеуінің ерікпен серттескен уәдесі бойынша, әкесі тас қалап жатса, баласы таудан тас тасып тұратын болыпты. Әкесі баласына «жан-жағына қарама», – дейді. Бірақ, Алып бала бұрылып қараса, анадайдан бір сұлу әйел өтіп бара жатыр екен. Жігіт сұлуды көре сала сонына түседі. Қыздың аты Түйме екен, оған жігіт бұрыннан ғашық екен. Жігіт қызға барып, «маған ти» дейді. Қыз айтады: «Тастан шаһар салып берсең, тиемін» – дейді. Алып оған қала салып бермекші болады. Аланғасар алып Ботамойнақ деген таудан тас тасып, қала тұрғызады. Ботамойнақ тауын жырып, Талас өзенінің суын қаланың қасынан өткізбекші болады. Бірақ, Аланғасар алып тағы бір сұлу қызды көргенде, бұрынғы қызын да, салатын қаласын да ұмытып кетеді. Әйткенмен, қала салмаса да бұл алып өлген соң оның сирағынан Амудария суына көпір салыптымыс («Ақыртас» ертегісі).

Екінші бір ертегі-әңгімеде былай дейді. Күндердің бір күнінде жігіт жол жүріп бір жапанға кез келеді. Сонда қалпымен бәрі тасқа айналыпты. Үйлері, нәрселері, отын

кескен кісілері, тұрғаны-тұрған жерінде балтасымен бірге тас болып катып қалыпты. Кейбір адам отын көтерген қалпынша тас болған, кейбіреу көшеде келе жатқан қалпында тас болған. Жігіт бұл қаланы аралап, ханның үйіне келсе, ханның жалғыз қызы бар екен. Қыз елге жар шақырып, «осы қаланы жаңадан тұрғызып берген кісіге күйеуге шығамын», – дейді («Тас болған шаһар» ертегісі).

Міне, бұл келтірген ертегі-әңгімелердің негізі жоғарыда айтылған қала тұрмысына байланысты тарихи шындыққа сүйенген. Бұл аңыздардың сарынына қарағанда, қазақ халқы бір кезде қала тұрмысын жақсы біліп, онымен байланысты еңбек ісі қазақ халқының ертегі, жырында, аңыз-сөздерінде өте ашық суреттелген.

Ескі қазақ рулары бір жерде үнемі отырудан гөрі, бақташылық тұрмысты көбірек сүйіп, ең далаға бой ұра берген. Осыған байланысты «Алаңғасар Алып» әңгімесі қазақтың ескі руларының бақташылықпен қатар, қала тұрмысымен де айналысқанын ишаралайды. Алаңғасар алып екі сұлудың екеуін де сүйеді. Бір сұлу қаланың көркі тәрізді, «қала сал» дейтін Түйме қыз болса, екінші сұлу – байтақ дала. Бірақ, ең соңында Алып Түймеден (қаладан) шығып, екінші қызды іздеп далаға кетеді. Қала салусыз қалады. Әйткенмен де, жұрт қаладан үмітін үзбейді. Алып өлсе де оның сирағын қала жұмысына жаратып, Амударияға көпір қылып тұрғызады. Міне, мұндағы Алыптың алаңғасарлығы, бірінші жағынан, Қорқыт заманындағы көшпелі тұрмыс пен қала тұрмысының байланысарын көрсетсе, екінші жағынан, қазақ жұртының қала тұрмысына берік орныға алмағанын, отырықшы өмірге нық беки алмағанын көрсетеді.

Қала, кент туралы айтылатын қазақ әпсанасындағы ерекшелік, қала тұрмысының сарыны, көбінесе, қыз атынан айтылады. Мәселен, Қорқыт заманында қаланы сүю «Түйме қыз» (Түймекент) атымен байланысса, Қасым хан кезінде Нигар ханым атына байланысады (XVI ғ.). Нигар ханым Қасым ханның жеңгесі, Жәдік ханның әйелі. Жаугершіліктен қырда ері өлген Нигар ханым баласы Тайыр ханға: «Енді біз бұл маңғыттың ортасында қалмайық, қартайған шағымда қала ішінде болайық, мені Моғолстандағы Жеті шаһарға алып бар», – дейді. Міне, бұл да қазақ қауымының бір кезде қала өмірімен айналысқанының белгісі. Арық қазып, шөл жерді суару, тас тасып қала салу (Ақыртас, Сынтас), ол кездегі Қодар құл, Ақ Көбек, Маңғыс, Алаңғасар алып сияқты ертегіге айналған ерлердің міндеті болған.

Қазақ қауымының өткен ғасырларда көшпелі тұрмыс пен отырықшы тұрмысы бірдей салт қылғаны, әсіресе Г.Н. Потанин жазып алған қазақ халқының ертегі-әңгімелерінде анық айтылады. Ол ертегі-әңгімелерде қазақ руларының бірде көшпелі, бірде отырықшы өмір кешкені де айтылады.

Қазақтың әңгімелі жырына негіз болған сымбат өнерінің бір түрі – ою үлгілері. Қазақтың ертегі-жырларының сұлу болатыны сияқты, оның ағашқа, матаға, киізге, темірге, сүйекке тағы басқа затқа түсірген ою-үлгілері де сондай өрнекті, сұлу болған. Ескі сақ, ғұндар, үйсін, қанлылар, бұрынғы гректерше, ою үлгісін геометриялық үшкіл, қиықша, қошқар мүйіз түрлермен келтірген. Және тек қана бір сызықтың ұйқасымен қалмай, олар геометриялық шеңбер, цилиндр түрде де әр алуан үлгі шығарған. Оғыз хан мен Қорқыт әңгімелерінде келетін «жібек кілем», «айшық кесте» – осы сияқты неше түстің тоғысуынан шыққан

геометриялық үшкілдердің өрнектері. Қазақтар өрнекке (кестеге) геометриялық суреттерден басқа өсімдік түрлерін де, гүл, өспелі шөптерді де алған. Аң өмірінен құс – бүркіт, қаршыға, түйғын, тұрымтай, торғай және киік, құралай, арқар тәрізді аңдарды да, не олардың мүйіздерін түсірген жүйрік, сұлу аттың басын да салатын. Ою, кесте, қырау, безеу, нақыс ісіне қазақ руларының пайдаланған заттары: балшық, тас, ағаш, қола, жез, мүйіз, сүйек, түйенің, қойдың жүні, ешкінің түбіті, мата, тағы басқалар. Ескі орнаментте темір сирек кездеседі. Алайда, тартпа, таралғы, белбеу, ат-тұрмандағы оюлары темірден істелінген. Бұл айтқан ою-үлгі сарындары кейінгі кезде ұмытылып, оның қайсы бір өрнектері соңғы жылдардың ішінде тұрмысқа кіре бастады.

Ерте заманда болған өнершілдік, сымбат істерін аялаған «Қыз Жібек» жырында әдемі суреттелген. Онда былай дейді:

Ақ маңдайы жарқырап,  
Танадай көзі жалтырап,  
Алтын шашпау шашында,  
Қырық нарға жүк арттырған,  
Қамқа, зерлі кілемді  
Жүк үстіне жаптырған.  
Қазыналы қырық нарға,  
Жібектен арқан тарттырған.  
Әсемдіктің бәрін де,  
Бұл жапаннан арттырған.  
Алтын қамзол, жейде жең,  
Алтын шыны кеседей,  
Бейістен шыққан шам-шырақ,  
Көзінің құлара қарасы...

Ертегі, жырларда кездесетін «жауһар», «қалы кілем», «зерлі қазына», «жібек арқан», «жүнше бешпет», «алтын

кешен», «ақ сарай», немесе ибн-Баттута айтқандай, Баян сұлу мен Қыз Жібектің «күймелі көк арбасы» – осының бәрі де тарихи зат, шеберліктің бұйым жасау өнерінің нәтижесі. Ол кездегі қыпшақ өлкесінде жасалған мәдени зат, бұйым, шеберлік ісі туралы араб жазушыларының жазғандары, біздің халық жырларымызда айтылатындарға жанас келеді. Мысалы, «Қозы Көрпеш» жырында айтылатын «темір күйме» бір кездегі қаңлы-қыпшақ елінің тіршілігінде болған тарихи нәрсе. XIV ғасырдың отызыншы жылдары қыпшақ өлкесіне саяхатқа келген арабтың атақты жаһанкөзі ибн-Баттута қыпшақтардағы күймелі арба туралы былай деп жазған: «Дешті Қыпшақта арба төрт дөңгелекті түрде жасалады. Оған екі, я бірнеше ат жегеді. Арбаның ағаштан қиып жасаған әр түрлі күймесі болады. Күйменің ішінен киізбен не басқа нәрсемен (мата) қаптап қояды. Күйменің ішінде отырған кісі тыстағы адамды көре алады, тыстағы кісі ішінде отырған кісіні көре алмайды. Күйменің ішіндегі кісі қалаған ыңғайынша отыруына болады: онда ұйықтауға да, тамақ ішуге де, жазуға да болады. Ибн-Баттута бұдан кейін қыпшақ әйелдері көшкенде арбаға мінетінін, арбаның көк сырлы болатынын, «Қыз Жібек» жырындағы тәрізді көп алдында әдемі киінген төрт бес көшбасшы отыратынын айтады. Ибн-Баттутаның бұл сөздері «Қыз Жібек» жырында былай айтылады:

Көшпенен бірге жүрсем деп,  
Бетіме тозақ тиер деп,  
Көк күймеге отырып,  
Таң сәуледен кеткен деп,  
Пешенесінің сол жерде,  
Бұларға берген жауабы...



«Жібектің күймелі арбасына үш ат қатарынан жегулі екен. Күйменін қақпағы жабулы, ат айдаушы сырттан ғана көрінсін екен. Төлеген күйменің алдына бір шықты, артына бір шықты, ешкімді көре алмады». Көк күйме арба мініп жүретін Қыз Жібек сияқты қыздардың сыртқы сәулетіне ибн-Баттутаның мына сөздері де дәл келерліктей: «Жеккен атқа алтынмен безелген жабу жауып қояды... ханның әйелдері басына қарқара<sup>7</sup> (қалаған асыл тастармен маржаңдаған), зейнеттеген баутақ (кимешек) киеді, үстінде жауыармен безелген жібек киімдері болады. Жас әйелдер басына алтын жиек желек, қыздар келе<sup>8</sup> киеді. Келелердің төбесін асыл тастармен безендіріп, алтын көмкеріп қояды. Оның үстіне қарқара қадайды».

Ибн-Баттута ол кездегі (XIII-XIV ғғ.) қыпшақ жұртының ішкі салтын, үй ішінің жайын да жазады. «Өзбек ханның ордасына барғанда, ордаға қымыз тиіп әкелген арбалар тұрды. Ханның әмірі бойынша, қымызды жұрт жинап ішеді екен, маған да бір арба қымыз келтірген еді, оны маңымдағы кісілерге бердім. Ханның бұйрығы бойынша, бір күні қымыз келтіріп, ханым жұқа ыдысқа құйып, қымызды өз қолымен ұсынады.<sup>9</sup> Бәйбішенің өз қолымен қонаққа ас беруі қыпшақтарда ұлы құрметтің бірі екен, бұған дейін қымыз ішіп көрген жоқ едім, ханым өз қолымен берген соң ішпеске болмайды», – дейді.

Қазақ жырында көп айтылатын «ноғайлының үш кенті» туралы және былай деп жазады: «Үстіне алтын-күміс қаптап істеген бір зор үй. Бұл төрт бағананың бастарында нұр шашып тұратын алтын күміс доптар бар. Алыс жерден қарағанда бұл сарай биік тау сияқты жалтырап тұрады. Сарайдың ішінде тегісімен жібек сырмақ төсеп, ортасына тақ орнатқан. Сарайда қонақта болғанда алтын-күміс табақпен неше түрлі ішім-жем келтірілді. Табақты төрт-бес

кісі жүріп тартты. Берген астары – қой, жылқы еттері. Әрбір білікті адамға жеке бір табақ тартты. Етті жібек киім киген жылпас «бауыршылар» тұрады. Бұл «бауыршылардың» ет тұрауға шеберліктері таң қаларлық еді».

Белгілі географ Асқар Пешелдің айтуынша, сахарада киіз басып күмбез үй жасау, биенің сүтін қымыз қылу, құйрықты қой өсіріп, түйені көлік орнына пайдалану – Орта Азиядағы жұрттардың бұрыннан байырғы ісі болған, екінші жағынан – бұл жұртшылық өркендеуінің белгілі бір сатысы», – дейді. Шынында, Асқар Пешел айтқандай, бір сызықпен салатын тас (ағаш, кірпіш) үйден геометриялық нақыспен дәл келтіріп, шар тәрізді киіз үй жасаудың ең алғашқы идеясы онша оңай болмауға тиісті. Бес канат үйдің сағанағын, торларын дәл келтіріп, оны шаңырақ пен уыққа тап келтіріп шығару расында да үлкен шеберлікті көрсетеді. Және киіз үй жасаудағы ерекшеліктердің бірі – киіз үйді горизонт бағытымен келтіре білушілік. Бұл, әрине, үлкен тапқыштық. Мұндай күмбез-тәрізді, шар пішінді пайдалану ерте кездегі грек-римдердің үй жасау мақсатында да болып, оған «амфитеатр» деп ат берген. Сонымен, бұл айтқан ой өркендеуде сұлу жыр, қызықты ертегі туғызуға белгілі әсер етеді. Ең ескі жұртшылық тұрмысын меңзейтін ісі – қаңлылар кезіндегі «Ер Төстік», «Ақ Көбек» әңгімелерінің өзінде «қамал», «темір қаппа» сияқты сөздер жиі айтылып, ол Сырдария, Маңғыстау, Жайық бойларында қалалар салынғанын көрсетеді. Бұл кезде бұрынғы бақташылық тұрмысқа бірталай өзгеріс кіріп, енді қақпалы мықты қалалар тұрғызып феодализм тәртібі орын ала бастағаны байқалады. Ескі бақташылық тұрмыстан, бұрынғы көшпелі салттан

біржола қол үзіп кетуге де болмады. Бірақ, өкінішке орай, XVI ғасырдан бастап қала тұрмысынан қазақ қауымы қол үзіп, XVIII ғасырларда қайта көшпелі тұрмысты күшейтті.

XIII–XIV ғасырлар арасында қыпшақтар жасаған «Алтын кешен», «Ақ сарайлар» қала қалпында сақталмай бұзылып, олардың халық есіндегі ізі «Қозы Көрпеш», «Қыз Жібек», «Қобыланды» сияқты жырларда ғана қалды. Тарихи мағлұматтарға қарағанда, қазақтың ескі жырларында жолығатын «арай кешен», «алтын кешен», «ақ сарай», «көк күмбез», «мұнара», «қамал», «тас болат үй» дейтін ұғымдары тек ойдан шығарылмай, сол қауымдардың тарихи, мәдени тіршілігінен туған шындық белгісі екенін көрсетеді.

Бірде қаланы сағалап, бірде бақташылық жұмыспен күн кешіру – ескі гректерде де болған. Энгельс бұл дәуірді рушылық кезеңдегі «ерлік дәуір» деп атайды. Гректердің «ерлік дәуірі» Гомер заманында болған. Бұл кездегі гректердің кәсібі көбінесе бақташылық тұрмыс пен егіншілік болған. Ел басқаратын кісілер «архонт» (ру басы) делініп, олардың ел басқару тәртібі «буле» (ру басшыларының жеңісі) арқылы болған, мысалы, қазақтың «Күлтөбенің басында күнде жиын» сияқты. Қазақтағы сықылды, гректердің ру басшылары көбінесе соғыс мәселесін шешуге, дау-жанжалды бітіруге, не біреуге ас бергенде жиналады. Бұл туралы Энгельс атақты жазушы Эсхилден мысал келтіріп, «Фибан кеңесінің» Етокилге (ру басы) қалай ас бергенін айтады. «Ру басшылар кеңесінен» басқа ескі гректерде «агора» деп аталған «жұрт жиылысы» болған (ежелгі түріктердің «сұрылтайы» сияқты). Бұл жиылысқа келген жұрт киізге көтеріп хан сайлап, ел қорғайтын батырларына қошемет көрсеткенде Эсхилдің «Қорғаудың тілегінде» жазғандай, не қолымен көтеріп мерей қылып, не «уа» деп ұран шақырады. Қыпшақ үйсіндер де еркек адам сайдауыт шеру болса, гректерде де ұлыстың бар ер азаматы аламан болады.

Олардың «базилевс» деп аталатын шеру басылары ескі қазақ руларының батырларына ұқсайды. Гомердің «Илиада» деген жырында «батырлардың батыры» деп аталатын Агамемнон, Шыңғыс ханның Сүпетай, Жібелері, я Киев дәуіріндегі орыс халқының Владимир «қызыл күні» тәрізді. Сонымен, Энгельс айтқан Гомер заманындағы гректердің ерлік дәуірі үйсін, қаңлы заманынан бері жасаған ескі қазақ руларының дәуіріне бірталай ұқсайды. Олардың әлеуметтік тіршілігі рушылық, бақташылық тұрмысқа байланысқан. Бұл айтқан ерлік дәуірде сатысының жоғарғы құрылысы гректерде «фратрия» болса, қазақ қауымында «ұлыс». Энгельстің ескі грек қоғамы жөнінде айтқанына қарағанда, қазақтың үш жүзі (үш ұлысы) «үш фратрия» сияқты. Үш жүз – үйсін, қаңлы, қыпшақ, арғын, найман, алшын сияқты рулардан құралатын, бұл рулардың көбейе келіп, одан кейін ұлыс болып жасалады.

Міне, сахарадағы ертегі-әңгіме, эпос-жыр шығаруға негіз болған жұрттардың қысқаша баяны осы.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭПОС ЖЫРЫНЫҢ ЕСКІ САЛТЫ, ОНЫҢ АЙТУШЫЛАРЫ

Бүгінгі қазақ халқы айтатын эпос жырының сюжетін, жұртшылық сарынын зерттеп қарағанда, оның асыл түбі, саликалы салты тәу ескі дәуірден келе жатқаны байқалады. Жер үшін көрші елмен жауласып, соғыс үстінде ерлік

көрсеткен ерлерді ардақтау, олардың жорығын, өмірін әңгіме қылып бірден бірге айту, қазақ сахарасын қоныстаған көшпелі рулардың бұрыннан жұртшылық әдетіндей болған. Бұлай ел қорғаған ерді, батырды ардақтау, не олар өлгенде, оларды жоқтап, жыр шығару ескі үйсін, қаңлы, ғұн, сақ дәуірінен бастап ХІХ ғасырдың ортасына дейін қазақ елінің белгілі жұртшылық салты болып келеді. Асқан ер, алып батырдың жұртшылық үшін ісін ардақтап, ол елін қорғау үшін алыс жерге барып, қайтып келгенінде халық бұқарасы ардақты ерлеріне қошемет көрсетіп, той, жиын жасап, көпшілік мерекесі ретінде атап өткен. Соғыста, жаугершілікте халық сүйген ер өлсе, оған арнап жоқтау шығарып, ас беріп, өлен, жыр шығарып, оның атын мәңгілікке қалдыратын. Әрбір жұрт әлпештеген ерге ас бергенде, не ол алыс жерге кеткен жолдан қайтқанда, ондай оқиғалар жыр, әңгімесіз ешбір өтпейтін.

Қытай тарихшыларының жазуынша, «ел қорғаған еріне қошемет көрсету мен олар өлгенде ас беріп, оларға арнап жоқтау жырын шығару – бұрынғы, сақ, ғұн, қаңлылардың тәуелді ісі еді» – дейді. Ескі дәуірде жұрт қорғаған жігітті қадірлеу сонша, кейде оларды кінәлі көріп (культке айналдырып), олардың рухына, қабіріне табынатын болған. Жыл сайын олардың басына барып, ас беріп, ат тартыс ойын жасап, жоқтау жырын айтады. Келгенде, кетерінде ер жігіттің қабірі тұрған тауды бірнеше рет айналып, бұрынғы көрі заманнан қалған ырымдарын істейді. Міне бұл салт, түү ескі заманнан бастап, өткен ХІХ ғасырдың соңына дейін қазақ тіршілігіндегі салт-сананың бір түрі болып келді. Ерте кезде жұрт қалаған Домбауыл, Қамбар, Едіге, Қобыланды сияқты ерлердің қабірі, олар тұрған жер бергі кезде жұрт көзіне «киелі» көрініп, қазақ жұртшылығына олар табынатын

тәңірдей болып көрінеді. Қазақ бұқарасы оларды өзінің ата піріндей көріп, тарыққанда, баласыз болғанда бала тілеп, олардың басына барып түнеп жүреді.

Ескі ғұн жұртының Еділ өлгенде, оған қалай аза тартқанын атақты рим жазушысы Иордан былай суреттейді: «Жұрттың (азаға) жиналған жері таудың басы еді. Еділдің сүйегін жібекке орап, жерге апарып орнатты. Одан кейін ғұн жұртынан бірнеше таңдаулы жігіттерді шығарып, тау айнала ат жүгірту ырымдарын жасайды, акын-жыраулар Еділді мақтап, жоқтау жырын айтты. Содан өзінің ер иесін жыр мен мақтап болған соң, жұрт тау басында отырған, қырғын сойыс жасап ас берді... Жұрт азамен қайғыны ойын-сауық (ат жарыс) пен араластырып, Еділдің ерлігіне арнап айтқан жырдан кейін жер-жеріне тарқады», – дейді.

Сөйтіп, ескі ғұндардың ер жігітті қадірлеп, оған ас беріп, жоқтау шығаруы, бергі қазақ халқының Абылай, Сырым батыр, қарақерей Қабанбай сияқты ерлерге ас беріп, оларға арнап жоқтау жырын шығарғандықтан еш басқалығы жоқ. Бұл, әрине, эпос жырының салты ең ескі заманнан қалыптасқан екенін дәлелдейтін ашық мысалдардың бірі.

Ер жігітті қадірлеуге байланысты әңгіме-жырдың қалыптанған түрін бізге, әсіресе орхон жазулары ерекше көрсетеді. Ерте заманда ел қорғаған, Отан үшін, жұрт үшін ерлік көрсеткен ерлердің, алып батырдың бейнесі мұнда өте әсерлі, өте айқын жазылған. «Алып», «батыр», «ер» деген сөздердің өзі де бұл кезде өзінің қалыпты ертегі, эпика түріне түседі. Орхон жазуы бойынша, Қытайға қарсы күресте ескі руларды бастаған Күлтегінің қасына әуелі 17 кісі, одан кейін 70 кісі, одан кейін 700 кісі ереді. Мұның өзі тарихи

факт болумен қатар, қырдағы эпос жырда көп жолығатын эпикалы әңгіменің ескі түрі екенін көрсетеді. Орхон жазуы кара сөзбен жазылған эпикалы (ерлік) әңгіме екенін көреміз: «Үсте көк тәңірі, аста яғың йер қылындықта (ол) еки арада кіші ұғлы қылынмыш. Кіші ұғлында өзі әжем, апам, Бумын қаған олтурмыш, олтурупан (отырып) елин, будінін, төресін тұт берміш. Шеру тартып (сю сюлап), төрт бұрыштағы елді (будун) жағып алмыш, жығынпаз қылмыш, башылған жүгіндірміш, тізлікке шогерміш. Илгару Қадырқан ағашка дейін, керу Темірқапуға дейін қондырмыш. (Бұл) екі-арада өксіз (жайғысыз) ел анда олур ерміш. Білгі қаған ерміш, Алп қаған ерміш. Бұйрығын білгі ерміш, ері алп ерміш. Бекларі ана, түзік ерміш, Аның үшін, елін анча тұтмыш ерміш». Міне, мұнда эпикалы түр жоқ деп, ешкім айта алмайды. Демек, бұл тәрізді эпикалы термелер қазақ жырында әлі күнге жолығады:

Ерте, ерте ерте екен (ерміш)  
Ерте күнде ешкі жүні бөрте екен,  
Қырғауылы қызыл екен  
Құйрығы ұзын екен.  
Бөрісі бақауыл екен  
Түлкісі жасауыл екен,  
Ханы кара екен  
Терісі түзу екен.  
Бегі берік екен  
Білімі тау екен.  
Ері алып екен  
Еріксе жау екен.

Қырда жасалған эпос жырының салты осы сияқты сатылап, ескі заманнан бері қарай бірден-бірге ауысып отырғаны байқалады. Мұны Махмұд Қашғари жинаған мағлұматтар мен ескі қыпшақ жұртынан қалған ертегі-жырлар тобы айқын дәлелдейді. Бүгінге дейін қазақ халқының ертегі-

жырында болған Шық бермес Шығайбай, Алдар көсе эпикалы бейнелер, Махмұд Қашғаридың жазғаны бойынша, X-XI ғасырлардың өзінде кәрі ертегі түрінде айтылатын болған.

### Ұлыстың ұлы күні – Наурыз жыры.

Ертегі-жыр айтысу салты түү ескі дәуірден басталуымен бірге, қырда салған эпос жырға негіз болған, көбінесе, әдет-ғұрып жырлары (обрядовая поэзия), мәселен, жана жыл (Наурыз) кіргенде айтылатын жыры, үйлену тойында айтылатын той бастар, жар-жар, беташар, не аза үстінде айтылатын естірту, көңіл айту жырлары. Бұл айтқан жырлардың өзі түү баста жыр, ән, би – бәрі тұтасып жүрген поэзияның синкретизм түрінен жекеленіп шыққан. Бара-бара бұлардан эпос, лирика, драма туады.

Халық эпосына негіз болған жырының бірі «Ұлыстың ұлы күні» айтылатын тілек жыры. Наурыз қазақ сөзі емес, иран тілінде «жана күн» деген сөз. Наурызды ескі қазақ рулары «Ұлыстың ұлы күні» деп атайтын болған, мәнісі жана жылдың бас күні дегенге келеді.

Бұрынғы қазаққариялары, жоғарыда көрсеткенде әсершілік ісін жақсы білген. Бірақ, орта ғасырдағы қазақ халқы иран жұртының әдебиет әсеріне түскендіктен, бұрынғы «Ұлыстың ұлы күні» дейтін мейрамды енді «Наурыз» деп атап кетеді.

Ескі әдебиет мұраларын тексеріп қарағанда, «Наурыз» сөзі бұрынғы қазақ руларына Орта Азия жұртынан ауысқаны байқалады. Өйткені, ескі қазақ рулары көп заманға дейін Орта Азия жұрттары мен бірге жасап, олармен тығыз қарым-қатынаста болғандықтан, олар әр жұртқа ортақ болып салт-сана түрінде бірге ортақ пайдаланатын болады. Сондай көп жұртқа ортақ болған салт-сананың бір түрі Наурыз мейрамы.

Ескі дәуірдегі түрік тілдес елдердің жаратылысқа көз қарасы бойынша, ескі жылдан өтіп, жаңа жылға кіруі оларға зор әсер еткен. Жылдың ауысып отыруына жазғытұрғы жаратылыстың түрленуі, көктің шығуы, олардың өзіне тіршіліктің үзілмей ауысып отыратын ағымы тәрізді болып көрінген. Сондықтан халық тіршілік өрбүінің қуанышын білдіретін салтқа айналдырып, ескі жыл өтіп, жаңа жыл кірген күнді «Ұлыстың ұлы күні» не «Наурыз» дейтін болады. Бұл күні жұрт болып жиылып наурыздың мерекесін өткізеді.

Наурыз туралы халық аузында мынадай жыр айтылады:

Он екі айдың атының бір наурыз,  
Жаңа жылды көрдік міне, біз де сауымыз,  
Жыл құттықтап бірін-бірі шақырады,  
Ескі жылдан өттік деп есен-бармыз.

Ұлыстың ұлы күнінде барлық жұрт жиылып, «ескі жылдан есірке, жаңа жылдан жарылқа» деп тілек қылады. Ұлыстың ұлы күнінде халықтың тілейтіні жұртшылықтың, үй ішінің амандығы. Молдық, барлық береке, малдың сүмесі, жердің өнімі, төлдің өсуі, күн райының жақсы болуы, тағы сол сияқты жаратылыспен байланысты әр түрлі шаруа тілектері.

Жаңа жылдың өнімі ағып-тегіл болсын деп, Ұлыстың ұлы күні бар шаруа қолындағы дүниесін ортаға салады; бәрі бірігіп – «қойдан қошқар, сиырдан бұқа, жылқыдан айғыр сойып», қарияларға бас тартады; жиылған топқа қазан-қазан көже істеп береді. Мәселен:

Наурыздың міне енді келер айы,  
Көженің жасалатын бұл мұңайы,

Өгіз, жылқы сойылар қойдан қошқар,  
Қысырдың еміп жүрген семіз тайы.

Не:

Ұлыс күні қазан толса,  
Ол жылы ақ мол болар,  
Ұлы кісіден бата алса,  
Сонда олжалы жол болар.

Ұлыс күні қазан толтыра көже беру, не қариядан бата алу, бұл Наурыз мейрамының ертеден келе жатқан тарихи түрі. Жаңа бұл күні қария бата берсе, жыраулар жыр айтып, есепші жыл райының қандай болатынын жориды. Бұл күні үлкен-кіші бірімен-бірі құшақтасып, «жаңа жылға аман-есен шықтық» деп қуаныш етеді:

«Ұлыс күні кәрі, жас,  
Құшақтасып көріскен,  
Жаңа ағытқан қозыдай,  
Жамырасып өріскен.  
Шалдар бата беріскен,  
Сақтай көр деп теріскен.

Бұл сөздер Наурыз мейрамының халық мерекесі болғанын көрсетеді. Оның тағы бір дәлелі, бұл күні мал баққан малшы мен үй қараған жас келін болмаса, өзгенің бәрі, тайлы-таяғы қалмай мерекеле болады. Және ол кездегі ру қауымының салты бойынша, бұл күні «құлдарды еңбектен босатып», оларға да көпшілікпен бірге қызықтауға ерік береді. Наурыздың халық мерекесі болғанын жыр былай суреттейді:

Ұлыстың ұлы күнінде  
Бойбіше шығар балшып,  
Күндіктері қасқып,

Келіншек шығар керіліп,  
Сәукелесі саудырап.  
Қыз шығады қылшып,  
Екі көзі жаудырап,  
Боз бала шығар бұрқырап,  
Ақ бөкендей шырқырап.  
Кұл құтылар құрықтан  
Күн құтылар сырыстан,  
Керік ыдыс шөміштің  
Буы кетер бұрқырап.

Мұндағы «кұл құтылар құрықтан» дегені, наурыз күнгі жаңа жылға шыққан тіршілік тілегі бойынша, құлдарды босатып, еркіне жібергенді көрсетеді.

Наурыз жырында кездесетін «кетік ыдыс шөміштің, буы кетер бұрқырап» деу, наурыз күнгі мерекенің жалпы суретін көрсетеді.

Көже, қойдың басы, жағулы тұрған жұп шырақ – наурыз күніне салт болған нәрселер.

Халықтың ерте заманнан тұтынған әдеті бойынша, бұл айтқан нәрселердің атқаратын міндеті әр түрлі. Көже – молдықтың, мал сүмесінің, жер өнімінің ишарасы болса, қойдың басын тарту – елдің бүтіндігін, ел басқарудың белгісін, жұрттың жалпы қуанышын білдіретін; жұп шырақ жағу – адамдағы кесепатты нәрсені от пен тазартып, жаңа жылға мүлтіксіз таза шығу деген нанымнан туған.

Наурыз күні жұп шырақ жағып, «аластау», не екі оттың арасынан өткізіп, «тазарту» дәстүрі – ескі уақыттағы туған түрік-монғол жұртының әдеті. Халық әңгімесінде «жұп шырақ біреу де, үшеу де болмайды» деу де, осыдан шыққан.

Наурыз күні бас асып, көже тарту, мал сүмесінің мол болуын тілек етуден басқа, егіншілік, жерден өнетін астық, егіннің де мол болу ишарасын білдіреді.

Қазақтың бұрынғы бір әдеттері  
Ата салты деп жүрген әр нәрсені,  
Қар кетіп ала-сапыр болған кезде,  
Наурыз деп ішеді екен бір көжені

Басты жеп болғаннан соң көже келер,  
Екі қолдан көтерген дәу тегене,  
Қою суы бірдей бол,  
Сарала сорпа болып май кей нәрі.  
Ауылдың бар ыдысын алған жиып,  
Жыл құттықтап бірін-бірі қол ұстасын,  
Жас әйелдің бетінен шалдар сүйіп...

Наурыз жырының негізгі түрі екеу: бірінші – наурыз күні қариялардың халыққа беретін бата-жыры, екінші – ақын жыраулардың құттықтап айтқан жыры. Жаңа жылда жарылқап, мал-бас аман, халық күйлі, жыр бүтін болу үшін қариялар былай деп бата береді:

А, жасаған, оңдасын  
Оң жолына бастасын  
Береке беріп бәріне  
Арамызды ашпасын  
Құтты болсын жылыңыз,  
Өмірлі болсын ер жетіп  
Ұлың менен қызыңыз,  
Амандықпен мал-басын  
Ойнап-күліп есен-сау

Келесі жылға шығыңыз.  
А, құдайым оңдасын,  
Аман болсын мал басын,  
Қабыл болып ниетін  
Кемшілігін болмасын.  
Төлшіл болып шаруан  
Егізден қойың қоздасын.  
Береке беріп басына  
Қыдыр дарып асына,  
Қырық шілтен болсын жолдасың.

Болмаса:

А, құдайым жарылқа  
Жарылқасаң малды қыл  
Біткен жұрттың алды қыл.  
А, құдайым бала бер,  
Саған қас қылғанды  
Табанның астына сала бер.  
А, құдайым оңдасын.  
Сексен түйе боталап,  
Сегіз келін қолдасын  
Тіленшінің биесін берсін,  
Үйсін, қоңыраттың түйесін берсін.

«Ұлыстың ұлы күні» қариялар бата беріп, жыраулар жана тіршіліктің құттық жырын айтқанда, көп халық оларға қошемет көрсетіп, «уа, жарылқасын, жарылқасын» деп тұратын болған. Кейін «Наурыз жыры» осы қалыбында халық эпосынан белгілі орын алып, оның негізгі элементінің бірі болып шығады. Халық эпосында наурыз жырынан

келетін жері – батыр ерлерді жорыққа, жолға аттандырып тұрған кезде айтылады, не ұзақ жолға кеткен ерлерді еске түсіргенде айтылады.

**Үйлену той жырлары.** Халық эпосын тудырып, өркендетуге арқау болған, әсіресе халық ішіндегі салт-жырлар (обрядовая поэзия), мәселен, «той бастар», «жар-жар», «беташар».

**Той бастар** ең ескі заманнан айтылып келе жатқан салт жыры. Қай жерде құда түссе, не қыз ұзатар той болса, оны ойын-сауық, өлең-жыр, мерекемен өткізу елдің жұртшылық салты болған. Оны той-бастар жырының өзінен көруге болады. Мәселен:

Базардан қалған ақ матасы,  
Түйенің ойнақтайды жас ботасы,  
Сәрсенбі күн той қылыпсыз,  
Тойыңыз құтты болсын қыз атасы.  
Той баста деп қоймайды ағалары,  
Ақ кіреуке сауыттан жағаларым,  
Бірді-екілі той бастап көрген едік,  
Тілімді тоқтатпағай бабаларым.  
Той болса өлең айтпақ болған мұрас,  
Міндеті өлеңшінің дегені рас,  
Дем ашып, көп ішінде айттым өлең,  
Мойныма бір өзімнен болғандай рас.

«Той бастар» өлені, ішкі мағынасымен қатар, бір жағынан халық көзіне сахна көрінісі тәрізді, әзілі, қулығы, ойыны араласып жүреді. Сондықтан той бастаушы ақын, жырды көбінесе қулыққа, ойынға шаптырып айтады.

Біз келдік той дегенге гүлдей-гүлдей,  
Әкелдік торт қан олең тойға сүйрей.  
Азырақ жамағатқа қызмет етп  
Біз емес тоқталатын елін білмей.

«Той бастар жыры» әзіл, өсиет ретінде ғана қызға арналып айтылады. Бірақ айтқан жерде қыздың болуы міндет емес, ақынның айтқан сөзін қыз көбінесе көрші үйде отырып тыңдайды. Бұл жырдың жұртшылық мәні, бұрын ойына еш нәрсе алмай өскен қызды бой жеткен соң күйеуге беруді ресми түрде білдіру, жаңа келешекте оның жат жерге баратынын, алдын-ала өсіне түсіріп дайындау, жұбайлы болатынын ишаралау. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды, жұбай болып өніп-өсу – жаратылыстың заңы» деп ақын қызға үлгі өнеге айтады.

Жар-жар. Жар-жар сөзі ескі заманда «дос», «жанның жартысы», кісінің қас бөлімі, «жары» мағынасында айтылған. Екінші түрде «сүйікті», «ен жақын», «жұбай» мағынасын береді. Қыз бен жігіттің жұбай болып, қосылғалы тұрған сәтін қошеметтеп айтатын салт-жыры. Бұның екі түрі бар. Бірі тарихи заманда шыққан ең ескі түрі. Ескі кезде айтылған жар-жар, теңмен қосылатын мереке күнін қошеметтеп, олардың қызықты, бақытты өмірде болуын айтады. Мұның мысалы, эпос жырының көбінде кездеседі. Мәселен, «Бөзжігіт» жырында қыз бен жігіттің қосылуын жиналған жас былай деп қошеметтейді:

Бірің меруерт, бірің маржан,  
Тізіліпсің жар-жар,  
Бірің глауар, бірің жақұт,  
Қосылыпсың жар-жар.  
Бірің бұлбұл, бірің тоғы,  
Жар болыпсың жар-жар.

Ескі уақыттағы салт бойынша, қыз қашан күйеуге шыққанда ол ер баламен қатар үй ішінің ардақты бір мүшесі болып, оның үстіне ата-анаға ол ер баладан кезінде сүйікті, артық көрінетін. Мұның мысалын халық жырындағы Құртқа, Гүлбаршын сияқты әйелдердің келбетінен көруге болады. Бұрынғы салт бойынша, қыз қашан күйеуге шыққанда, оның жат жерге баратыны жайында үй ішінде сөз болмайды. Ер бала қандай болса, қыз бала да сондай көңіліне жат ел туралы дәнене алмай, өз бетінше еркін өседі. Бірақ, қыз ер жетіп күйеуге шығатын кез үй ішіне ой түсіреді. Бұрын алпештеп ер баламен бірге ойнап өскен қыз баланың ата-ана, туғанынан айырылып, жат жерге баруы, олардың көңілін қозғайды. Сондықтан қызды ұзатар күні оны жұбатып, жұбайымен қосылуын қошеметтеп айтатын жыр керек болады.

«Жар-жар» сөзі баста айтқандай «дос», «жанның жартысы», «жары», не «жұптың бірі», «жұбай» мәнінде айтылған.



Ескі уақыттағы «жар-жар» халыққа салт болған бір қалыпты мәтiнiмен айтылатын болған. Жар-жардың бұл тексті, ешбір өзгеріссіз кейінгі заманға дейін айтылып келеді.

«Жар-жар» өлеңі қыз туған жерін тастап, күйеудің еліне аттанарда айтылады. Оны айтқанда, қыз, жігіт тобына бөлінеді де, екі жақ болып айтады.

Жар-жардың түпкі мазмұны жат жерге баратын қызды жұбатып, оған қошемет көрсету, сондықтан жырды ең алдымен жігіт тобы бастайды. Жігіт тобы айтатын қошемет сөзде, қызға «мұнайма, атам, анам, туған жерім қалады деп қайтырма, олардың орнына қайын жұртын бар» – деп жұбатады. Қыздар тобы жырды бітірерде екі жақ қосылып, «жар-жар» деп қайтарып отырады.

Жар-жардың салтқа айналған тексінде бір әлем бірнеше рет қайталайды. Онда тек қыздың туғанының аты ғана ауысып отырады. Қыздың туғандарын еске түсіріп айтатын жыр ата-анадан басталса, содан аға, іні, жеңге, сіндімен бітеді. Жар-жардың салтқа айналған тексті мына түрде басталады:

Жігіт тобы:

Бір толарсық бір тобық сонда болар, жар-жар,  
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар,  
Әкем-ай деп, жылама байғұс қыздар, жар-жар,  
Әке орнында қайын атаң сонда болар, жар-жар.

Қыздар тобы:

Жазғы тұрғы ақша қар жазмақ қайда, жар-жар,  
Құлын тайдай айкасқан оң жақ қайда, жар-жар,  
Азар жақсы болса да қайын атамыз, жар-жар,  
Айналайын әкемдей болмақ қайда, жар-жар.

Жігіттер тобы:

Алып келген базардан қара насыр, жар-жар,  
Әкем үйде қалды деп мұнаймашы, жар-жар,  
Әкең үшін қайын атаң орын басар, жар-жар.

Міне, қазақ эпосында жиі кездесетін «жар-жар» өлеңінің ескі үлгісі осы.

«Беташар» жыры қыз басына желек киіп, келіншек атын тағынып, күйеудің ауылына келіп тұрған жерде айтылады. Бет ашудың мәнісі, жана түскен келіншек басына сәукеле желек киіп, күйеудің алдына бетін бүркеп түсуден туған. Бұл жана түсіп тұрған келіншектің бетін ашып, жиналған топқа таныстыру, күйеу аулындағы бар қарт ана мен топ ішінен шығатын ақынның міндеті болған. Ерте уақыттағы жұртшылық салты бойынша, келін түсу – ол кездегі халық бұқарасының қуаныш қылатын мерекесінің бірі. Бұл қуанышқа жас та, кәрі де, үлкен де, кіші де жиналып, ақындар келіп таныстыру жырын айтатын болған.

Беташар жыры неше ғасыр халық аузында айтылып келген салт жырының бір түрі. Бұл жырдың мазмұны үш кезенге бөлінеді: бірінші, жана түскен келіншекті жиылған жұртқа таныстыру; екінші, түсіп тұрған келіншектің қызық-қуаныш екенін көрсету, оның қыз күніндегі өмірін баяндау, арулық қасиетін айту; үшінші, келіншектің өзіне арналған үлгі сөздер. Келін келіп түскен жердегі беташарын ақын былай деп бастайды:

Келін-келін келіп тұр,  
Керіліп үйге еніп тұр.  
Қайын жұрты халқында  
Иіліп сәлем беріп тұр.  
Үйдің іші толы адам,  
Бөріңді келін көріп тұр.  
Көргенімен танымай.  
Қайсысы алыс кім жақын,  
Сол жері көңілін бөліп тұр.

«Беташар» жырының бұдан былайғысы ауылдың жас-кәрісіне, үлкен-кішісіне арналып айтылады. Мұнда келінді

ауылы жұртшылығына жеке-жеке таныстырып, оны әрбір адамның үлкен-кішісіне, қоғамдық орнына қарай үйлестіре айтады. Әрбір адамға арналған өлеңнің қайыруы, көбінесе, көркемдік сұрауымен, жаңа келіннің бас иіп, сәлем беруімен аяқтап отырады.

Келіншектің жиылған топтың үлкен-кішісіне таныстырып, көрімдік сұрар жыр айту, алдымен келіннің қайын атасымен, не ауыл ортасындағы басқа үлкен адамдардан басталады. Мәселен:

Келін-келін келіңіз  
Көрімдігін беріңіз,  
Ала-құла деменіз  
Түсіп айтып қойыңыз,  
Жылқы берсең көктен бер,  
Өзі жорға беріктен бер,  
Қайын атаға бір сәлем.

Болмаса:

Түйе берсең ақтан бер,  
Өздеріне бактан бер,  
Қайын енеге бір сәлем.  
Нар берсеңіз мая бер,  
Үстіне кілем жая бер,  
Одан артық айтуға  
Еркін келмес ебіңіз.

Бұл жерде ақынның келін атынан ата-анадан ат пен нар түйе сұрауы – ескі замандағы жұртшылық туған халық салтының бір түрі. Ескі дәуірдегі халықтың ұтуына ат пен нар түйе – үй ұйытқысының белгісі саналған. Мұнда нар

түйе көп жасаған ананың ишара белгісі болса, сары түсті сақа ат, үбірлі-шүбірлі болған атаның белгісін көрсететін. Сондықтан беташарды айтып тұрған ақын, жаңа түсіп тұрған келінді ол да «нар түйедей ана бол» деген тілекпен, оның бұйымдық көркемдігіне ат пен нар түйе сұрайды.

Аталық дәуірдің салты бойынша, ата-анадан кейінгі орын ағанікі. Сондықтан олардан соң ағаға арналып айтылады:

Жылқы берсең биеден,  
Кем болмасын түйеден,  
Сүтті болсын ақ бейлі.

Бұдан кейінгі рет абысындікі. Абысындың үй-ішіндегі орны қой дәрежесімен анықталады. Сондықтан абысыңға арнап айтқан жырда:

Қойды берсең қоныздан  
Өсеріне онынан  
Абысыңға бір сәлем – дейді.

Топ ішінде отырғанның ең кенжесі қайын іні. Жаңа құрылған өмірге ұйытқы жасаудан ол да құр қалмауы керек. Сондықтан жыр айтушы көрімдікке одан ешкі сұрайды. Мәселен:

Ешкі берсең бөртеден,  
Түбіті мық келтеден  
Қайын ініге бір сәлем.  
Бұты толған сүт болар,  
Іші толған лақ болар.

Бұл мысалға қарағанда, келін түсердегі жаңа өмірдің тілегі, көбінесе, мал шаруашылығы, мал игілігі түрінде айтылған. Өйткені бұрынғы халық тіршілігі мал шаруасына сүйенген,

сондықтан аз күнде өз алдына үй болатын жас өмірдің тілегі де мал шаруасының игілігі түрінде айтылады.

Беташар жырын келіп түскен үйдің өзіне арнаудан басқа оны барлық халыққа, жұрт басқарушыға, батырға, серіге, жомарт ерге, сараң байға, дүниесқорға, ең соңында таздарға арнап айтады. Былай айту, бір жағынан, сараң байды сықақтап әжуалау болса, екінші жағынан, дүниесқор мен таз адамдардың сыртқы пішінін мазақтап, сол арқылы беташар жырын халыққа қызықтырақ көрсетпекші болады.

Беташар жырында ақын жалпы суретпен бірге әжуа, мазақ, қулық, әзіл сөздерді де көп жұмсайды. Мәселен, сараң байға арналған жыр былай басталады:

Тай құнанын мақтаған,  
Шөбі көп жерді жақтаған,  
Жазы, қысы өмірі  
Жылы жерге жатпаған,  
Көрімдік бер деп айтар деп,  
Жан-жағына бақпаған.  
Сараң байға бір сәлем.

Не болмаса дүниесқорға арнап айтқаны:

Даладан отын тасыған,  
Орақпен бұтын қасыған,  
Насыбай атып дамыл жоқ,  
Аузы мүңкіп сасыған.  
Көмекейі ашыған,  
Дүниесқорға бір сәлем.

Бұл жырдағы сараң бай мен дүниесқордың тіні, екеуі де бұрынғы қазақ байларында болатын мінез. Олардың типін халық даналығы өте келістіре суреттейді.

Беташар жырының соңғы бөлігі келіннің өзіне арналады. Бұл жыр «айт келін, айт келін» деп аталады. Мұнда аталық дәуірдің салты бойынша, жаңа түскен келінге өнеге үйретіп, оның жаңа келген қауым салтына қарай үйлесімді болуын сез қылады. «Айт келін» жырында айтылатын нәрселер ру қауымының салтына байланысты бірыңғай үй ішінің әдеттері. Мәселен, келіннің үлкендер алдында әдепті болуы, ата-анасын қадірлеу, күйеуін күту, үй ішінің шаруасына пысық болу, бос сөзге үйір болмау, жат адамның алдында, үлкенге, кішіге әдеп сақтау, тағы сол сияқты аталық дәуірінің салтымен байланысқан әдеттер. Бұл жыр былай басталады:

Айт келін, айт келін,  
Аттың басын тарт келін.  
Сауысқаннан сақ келін,  
Жұмыртқадан ақ келін.  
Күйеуіне сақ келін,  
Ел-жұртына жақ келін.  
Келін-келін, келіншек,  
Кер биенің құлыншақ.  
Алдыңғы түйең еріншек,  
Артқы түйең тартыншақ.  
Ерте тұрып күн шықпай,  
Қақаңдама келіншек.

Үй артына мал келсе,  
Бақандама келіншек.  
Өзің жатып байыңды,  
Тұр-тұрлама келіншек.  
Қаптың аузы бос тұр деп,  
Кұрт ұрлама келіншек.  
Аузы-мұрның сүйреңдеп,  
Өсек айтпа келіншек.  
Қайың атаңның алдынан,  
Кесіп өтпе келіншек.  
Сауыр етік шонқайтын,  
Тоғай кезбе келіншек.

Келінге арналған өнеге сөз тегісімен аталық дәуірдің (ру қауымының) салтына қарай айтылған. Кейде ондай тәрбие сөз өте сыпайы түрде айтылады. Мәселен:

Ата енеңді бақ келін,  
Кісі келсе үйіне  
Кнзінді қак келін,  
Атаңды бұрын жатқызып,  
Түңдігінді жап келін,  
Сүйгеніңмен сүйісіп,  
Адалдан бала тап келін.  
Қызмет қыл іліп,  
Ата менен анағ,  
Өзіңнен үлкен адамның  
Тік қарама бетіне.  
Үлкен кісі келгенде  
Қарсыласып отырма,  
Кейін отыр панада.  
Ынтаменен қызмет қыл,  
Құдай қосқан еріне,

Күле сыйлап жауап бер,  
Оның айтқан сөзіне.  
Күйеуің үйге келгенде,  
Қағып көрпе салып бер,  
Отыратын жеріне.

Келіннің үлкен-кіші алдында әдепті болуымен бірге, аталмыш салтты оның сыртқы пішін көршісінің де, сөйлеген сөзінің де әдепті, үлгілі, назды болуын керек қылады. Мәселен:

Сөлекет болып отырма  
Еркектей болып жүгініп,  
Бір тізерлеп жөн отыр  
Төмен қарап бүгіліп.  
Қарқылдап қатты сөйлемө,  
Ақырын сөйле мүдіріп.  
Майдалығы сөзінің,  
Кеткендей болсын үгіліп.  
Үлкен үйден шығарда  
Сыртынан шық іліп.  
Сөйлеген кезде еркектей  
Дауысыңды кенеме.  
Нәзік сөйле ернімен,  
Не жұмыс қылсаң жылдам қыл  
Шұбалаң келін атаңба.

Сөйтіп, патриархал-ру дәуірдің салты қандай болса, келін соның бәрін орындап, сол арқылы қауымның пайдалы мүшесі болуына тырысуы керек болады.

«Аза жырлары». Қазақ халқының эпос жырына негіз болған әсіресе «аза жырлары».

Аза жырын айтушы, көбінесе, белгілі ақын жыраулар. Бұрынғы заманда халық басына бір ауыртпалық іс түскенде

не қатты күйзелгенде, не атақты ер өлгенде егілмелі жыр айтып жұбату біздегі халық шешендерінің бір жұртшылық ісі болып табылған.

Қазақ қауымының өмірлі, адамды ерекше бағалайтыны, әсіресе осы аза жырларынан айқын көрінеді. Мәселен, «қоштасу», «естірту», «жоқтау», «көңіл айту». Бұлар жеке адамның, не бір ру елдің қамыққан кезінде айтылатын салт-жырлары.

**Қоштасу.** «Қоштасу жыры» әуел баста батырды жорыққа аттандырып тұрғанда, не ер жігітті жолға шығарғанда айтылатын болған. Оның үлгілері ескі дәуірден айтылып келе жатқан эпос жырының көбінде кездеседі. Оның ішінде «қоштасу» жырының ерекше орын алғаны «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Бозжігіт», «Ер Сайын», «Қобыланды», «Мұңлық-Зарлық» жырлары.

«Қоштасу» жыры өзінің әр нәрсеге арналып айтылуына қарай, оның мазмұны да әр алуан түрде жолығады, мәселен, ауыр халдің үстінде ер жігіттің өмірімен қоштасу; күйзелісте ел-жұртпен, туған жермен қоштасу; зұлымдық айырғанда сүйген жармен қоштасу; ерге серік болған досымен, жақсы көрген атымен, не қыран құсымен қоштасу.

«Қоштасу» жырларын айтушы бұрынғы заманда, көбінесе, жорыққа жүрген батырлар, не өмірден азап шеккен акын-жыраулар болған. Сондықтан «қоштасу» жыры халықтың жүрегіне ерекше ұялап эпос жырының көрнекті бір элементі болып табылады.

Ер жігіт пен акын-жыраудың өмірмен қоштасуынан, мысалы, Кемпірбай акынның Әсетке айтқан жыры мен Досымбет батырдың оқ тиіп, жараланып жатқанда айтқан жырынан ашық көрінеді. Кемпірбай Әсетке айтқан жырында

өзінің домбырасын, өленін, жырын ой толғауын арман қылады. Қартайып өлім үстінде жатқан акынның кезінде жыр, өлен, оның өзімен бірге кететін «көк ала үйрек құсы» тәрізді боп көрінеді. Мәселен:

Боз шапса, боз озбай ма буырылдан  
Мен шапсам, жер шарасы қуырылған.  
Жай тастап, аяғымды алып жылдам,  
Жабының күнде озушы ем тұғырынан.  
«Ер Дәуіт» екі жаста нектеген,  
Қыдырдың суын іштім құдығынан,  
Үшса да кенет байлап аспанменен,  
Сұрасаң қал-жайымды, Әсет жаным,  
Жатырмын ұшайын деп тұғырымнан.  
Әсетжан, осы аурудан өлем білем,  
Алланың аманын берем білем,  
Кеудемнен көк ала үйрек «қош» деп ұшты,  
Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем.

Батыр мен ер жігіт ел-жұртпен қоштасқан жырында бір ғана ерлікті, жауынгерлік істі әсірелеп, соны мадақтайды. Бұл туралы Досмамбет батыр оқ тиіп жатқанда былай деген:

Тоғай, тоғай, тоғай су,  
Тоғай қондым өкінбен.  
Толғамалы ала балта қолға алып,  
Қол бастадым өкінбен.  
Тобыршығы биік жай салып,  
Дұшпанды аттым өкінбен.  
Тоғынды сырты нар жегіп,  
Қош түзедім өкінбен.

Ту құйрығы біртұтам,  
Тұлпар міндім өкінбен.

«Қыз Жібек» жырындағы Төлеген жапанда жалғыз қалып, өлейін деп жатып, манайында қонып отырған қаздардан ел-жұртына, ата-анасына, жақсы көрген інісі Сансызбайға, бай мейірімін түсіріп ақырғы сөзін айтады. Бұлай қаздан сәлем айтып, ел-жұртымен қоштасу, бұрынғы эпос жырындағы белгілі мотивтің бірі. Бұл мотив «Алпамыс», «Көрұғлы», «Боз жорға» жырларында жиі кездеседі.

Өліп жатқан Төлеген ұшқан құсқа мұның шағып, езіліп қайғылы халін ата-анасына, туған жұртына сәлем айта бар дейді. Жыр:

Әуелеп ұшқан алты қаз,  
Етің шекер, сорпаң бөз.  
Атайын десем оғым аз.  
Қонар болсаң жануар.  
Міне майдан, міне сая,  
Өлмеген құлға құдая,  
Болып қапты енді жаз.  
Әкемді айтып қайтейін,  
Шешемді айтып қайтейін,  
Мен кеткен соң дараға,  
Көкешім деп Сансызбай,  
Еркелеп кімге қылар наз.  
Әуелеп ұшқан алты қаз,  
Неге келіп білмейсің  
Мұнан бұлай жеткенде,  
Тенізге таман жеткенде,  
Артайған әкем Қарабай,  
Алдыңнан шығып жануар,  
Қарағым менің Төлеген,  
Көрдің бе, десе не дейсің?

«Қоштасу жыры» әсіресе XIX ғасырдағы эпос жырында ерекше орын алып, сол кездегі қазақ бұқарасы ортасынан шыққан ерлердің (Исатай, Бекет) өмірін суреттейді. Мұнда «қоштасу» айтатын адамдар, көбінесе, патшаға, ханға қарсы болған атақты батырлар, не халық тілегі үшін азапта өлген ерлер. Осындай ерлерді патша мен хан үкіметі өзінің сүйген елінен айырып, азаптап ұстағанда, олар сүйген халқына сәлем айтып, туған жерімен, туып өскен елімен қоштасатын болады. Атақты Бекет батыр айдалаға кетіп бара жатқанда еліне былай деп «қоштасу» айтып жіберіпті:

Елге барсаң, сәлем айт,  
Есет ағам беренге,  
«Бекет қайда қалды?» – деп,  
Сұрай қалса Есекең,  
«Бекет түсті, дегейсің, –  
Шықпайтұғын теренге».

Беделді халық ақыны Махамбет, өзінің досы ханға қарсы шыққан атақты ер Исатайдың кезіндегі, халықтың бірлескен күшін есіне түсіріп, былай дейді.

Мен, мен, мен едім,  
Мен Нарында жүргенде,  
Еңіреген ер едім.  
Исатайдың тұсында,  
Екі тарлан бірі едім,  
Ерегіскен дұшпанға,  
Қызыл сырлы жебе едім.

Жермен қоштасудың үлгісі ескі жырларда «Қозы Көрпеш» пен «Едіге» жырларында кездеседі. «Қозы Көрпеш» жырында Ай, Таңсық жерімен былай деп қоштасады:

Балталы, Бағаналы ел аман бол,  
Бақалы, Балдырғанды көл аман бол  
Теруші ем әр кезімде ермек етіп,  
Екпе жиде, алма ағаш, гүл аман бол  
Жібектей қияқ шалғынында ойнап, күлген  
Үйеңкі, қайың, терек, тал аман бол,  
Қалған ел, қалайықтың малы аман бол.

Туған жермен қоштасқанда, ақын-жырау халықтың атынан жердің қасиетін, оның адам тіршілігіне келтіретін пайдасын суреттеп, халықты қия алмай, амалсыз кетіп бара жатқанын айтады.

«Едіге» жырында ордасынан қуылған Тоқтамыс хан, сүйген жерін, байтақ өлкесін қия алмай, былай дейді:

Екі байтағым, байтағым,  
Бастан сені алдырттым.  
Ал, аман бол менен соң,  
Байтағымның ішінде  
Он сан ноғай ішінде,  
Үш жүз алпыс отау қазағым,  
Сені тағы алдырттым.  
Ал, аман бол менен соң,  
Он бес шорам арта алмас,  
Он екі атан тарта алмас,  
Байдалы туым басты ордам,  
Баста да сені алдырттым.  
Ал, аман бол менен соң,  
Балығы жылқы жуытпас,  
Бақасы кісі ұйықтатпас,  
Маралы бар киіктей,  
Балдырғаны білектей,  
Алмасы бар жүректі,  
Еділ менен Жайығым,  
Сені тағы алдырттым,  
Ал, аман бол, менен соң.

Бұл, әрине, «қоштасу» жырының түү ескі заманнан эпос жырына негіз болып, оның ескі салт түрінің бірі болғанын дәлелдейді.

**Естірту жыры.** Бұл жырдың шығуы біреудің қайғылы хабарын, оның жақын туысқандарына тұспалдап естіртуден шыққан.

Бұрынғы заманда біреудің жолаушы кеткен адамы өлсе, не соғыста жаугершілікте халық сүйген ер өлсе, оны туған-туысқандарына, жақынына сыпайы түрде білдіру халықтың салты болған. Мұндай кенеттен өлген адамның қайғылы хабарын білдіргенде, оны әрқашан ишара өлеңмен айтып, не сыртқы тұспал белгімен білдіретін болған. Батыр ер өлсе, ишара өлең айтудан басқа, үйдің маңдайына сынық найза орнатып, не ақсақ ат әкеп байлайтын болған. Бұл ишара сол үйдің ер-азаматы өлгенін көрсететін. Міне, бұл салтты «естірту» деп атайды. Естіртудің халыққа көп тараған түрі, адам өлген үйдің сыртынан келіп, қобызбен қайғылы күй тарту. Қобыздың күйіне түсінбеген кезде күйші-жырау адамның өлгенін жырмен ишаралап айтатын болған.

Естірту жыры ерте заманнан халыққа әдет болған идеологияның бір түрі. Оның мазмұны біреу-ақ. Ол тек өлген адамның қайғылы хабарын жақынына білдіру. Естірту жырының үлгілері біздегі халық эпосында жиі кездеседі. Естірту жырының қазақ қауымының адам өмірін ерекше бағалап, жақсы адамның күйігіне ортақ болудан шыққан. Бұрынғы кезде ру қауымының бір мүшесі өлсе, оған ру жұртшылығы зор мерей көрсетіп, оны зор адамшылық қасиетпен қадірлейтін. Естірту жыры сондай әлеуметтік негізге тірі адам өмірін бағалау жолындағы салт-сананың бір түрі.

Естірту жыры баста айтқандай бізде бірыңғай ишара, тұспал түрде айтылады. Тұтқиылдан «кісіні өлді» деп айту, ру жұртшылығының кезінде ерсі көрінетін болған. Сондықтан

адам өлген үйге ру жұртшылығы өте адамшылық көзімен карап, оның қайғысын көптен сергітпекші болған. Мұны бұрын, көбінесе, кобыздың сарынымен қосып айтатын болған. Халық қорғаны батыр-ерлердің өлімін естірткенде, күйші-жыраулар халық алдында кобызбен қайғылы сарын тартып, бір қайғылы оқиғаның болғанын білдіреді. Мұндай күй мен жырдың араласып келген естіртуді ең ескі түрін біз Жошы өлгенде Аталық жыраудан (Ұлы жыршы) Шыңғысқа естіртуінен көреміз:

«Теніз бастан былғанды,  
Кім тұндырар уа, ханым.  
Терек түнтен жығылды,  
Кім тұрғызар, уа ханым!»

Естірту жырының үлгілері «Қобыланды», «Ер Сайын», «Едіге» жырларының бәрінде жолығады. Оның бір ашық үлгісін, әсіресе «Бозжігіт» жырынан көреміз. Мұнда жау қолында өлген Бозжігіттің қайғылы жолын ата-анасына, сүйген жары Қарашаш сұлуға Қары баба сияқты жырау естіртеді.

Барлық естірту жырының салты бойынша, мұнда да естірту үш түрге бөлініп айтылады. Мәселен, Қары бабаның Бозжігіттің ата-анасының үйіне келіп, қайғылы күй тартып, бір мұнды оқиғаның болғанын білдіру, екінші, оны ишара түрде жырмен айту, үшінші, Бозжігіттің не болғаны, оның қай жерде, не күйде өлгенін ашық айту. Қары баба жырын былай деп бастайды:

«Көпті көрген Қары едім,  
Бір ауыз сөз бастайын,  
Құлық салып тыңдаймыз,  
Бұл дүниеден пайда жоқ,

Еңбырағ алып көріңіз,  
Қариялардың ескі сөз,  
Есіне алмай жүрменіз.  
Ғылымдан көрген сөз,  
Қоңіліңе алмай жүрменіз.  
Желген аттан жер қалар,  
Тапқан елден мал қалар.  
Патшалардан тақ қалар,  
Мергендерден жақ қалар.  
Ер басына іс түссе  
Дүние бәрі жоқ болар.  
Ұсталардан жақ қалар,  
Теміршіден тат қалар,  
Ойлап тұрсам жігіттер,  
Бұл дүниеден кім қалар?»

Естірту жырын айтатын бір ғана ел ортасында аты шулы, атақты жыраулар, не қария шешендер.

Естіртудің соның ала жүретін «аза» жырының ең күшті түрі жоқтау.

**Жоқтау** жырдың мазмұны бұрын көбінесе өлген адамды қадірлеп, оның жұртшылық орнын жоқтауға арналған. Жоқтау жырын шығаратын ақын-жыраулар, не кісісі өлген үйдің өз іші, туған қарындас, не болмаса өлгендердің жұбайы болады. Кейде кісісі өлген үй жоқтауды белгілі ақындарға шығартады.

Ескі дәуірде жоқтау жырын айтқанда, әйелдер екі бүйірін таянып, басына қара салып айтатын болған. Және оны күніне екі рет – таңертең және кешке айтатын болған. Кейде ауыл көшіп-қонғанда, не өліктің қыркы өткенше, не ас бергенде айтыла берген.

Жоқтау жырының ең ескі үлгілері Шыңғыстың Жошыны жоқтағаны, Қобыланды батырды атасының жоқтағаны,



не болмаса Бозжігітті жұбайының жоқтағаны. Жошының өлгенін Аталық жырау жырмен естірткені Шыңғыс баласын былай деп жоқтайды:

Құлынымнан айырылдым,  
Айырылысқан ақсудай.  
Ер ұлымнан айырылдым.

Баласы Қобыландыны жоқтауы да тап осыған ұқсайды:

Қайғылы бура ұқсаған,  
Жалғызым сенен айырылдым.  
Мың жылқының ішінде  
Көзге түскен тұлпардай  
Қайтты бүтін сұңқардай  
Құлыным сенен айырылдым.

Жоқтау жырының ең әсерлі және ескі түрінің бірі Қарашаш сұлудың Бозжігітті жоқтағаны. Серігінен (баласынан) айырылған кісінің күні мұндайда ескі салт бойынша ботасы өлген түйе, не козысы өлген қой түрінде сипатталып, ескі замандағы көшпелі тұрмыстың суретін елестетеді. Мәселен:

Түйе келіп боздайды,  
Ботасы оның бар ма екен?  
Бота көзді Бозжігіт,  
Бұл ойында бар ма екен?  
Бұлбұл құстар сайрайды.  
Қызыл гүлі бар ма екен?  
Қызыл жүзді Бозжігіт  
Бұл ойында бар ма екен?

Бұл мысалдарға қарағанда, қазақ халқы айтатын эпос жыры өзінің өркендеу жолында, көбінесе, осы салт-жырына негізделгені байқалады. Бұлардың ішінде «Қоштасу», «Жоқтау», «Етірту» сияқты «аза-жырлары» эпос жырының ең негізгі бөлімі болып табылады. «Қоштасу» ескі дәуірде батырды жорыққа шығарып тұрғанда айтылатын жыр.

Батырдың басынан кешірген оқиғасы, ерлік жорықтары, жорықтан еліне қайтқандағы, жұртымен көрісуі, халық аузында қызықты әңгіме болып, оның бәрі «Қоштасу» жырының төңірегіне жиналып айтылғандықтан, одан эпос (батырлар) жыры туады.

Халық эпосының өркендеп гүлдеуі, әсіресе халық ортасынан құйылма, кәсіби ақындардың шығуына байланысты. Ондай ақын (жыршы) болмаған кезде эпос жыры жоғарыда көрсеткендей бір қалыпқа түсіп топтала қоймаған. Батырдың басынан кешірген оқиғаларын, оның жорығын, ата тегін біркелкі тұтас жырға түсіріп айтушы бір ғана профессионал ақындар. Олар кейде бір ұлы батырдың төңірегіне талай асқан ерлердің бірнешесін топтап, циклімен айтып, эпос жырын үлкен эпопеяға айналдыратын болады. Сондықтан халық эпосының шығып өркендеуінде жаңа ақынның жаратылыс таланты, ақындық, шешендік қасиеттері ерекше орын алған. Халық ақындарының жұрт қорғаны батыр-ерлердің өмірін мадақтап, олардың жорығын әсірелеп айтатын кезең көбінесе ас, той, мереке үсті.

Терең ғасырлар бойы қазақ халқы қолданған салт бойынша, мұндай ұлы жиын, қалың топтан асқан ақын атақты жыраулар шығып, ел қорғаған ерлердің өмірін кейінгі заманға қызметін жыр қылып отыратын. Халық тіршілігінен көрнекті орын алған салт, бір жағынан, эпос жырын байытып, оны бір жолға түсірсе, екінші жағынан, халық ақындарынан ақындық қария сөзімен ескі жазулардың дәлелдеуінше. Біздегі ұзақ жыр (эпос) айтудың Сырдария бойында жасаған атақты қобызшы Қорқыт бабадан басталыпатыны көрінеді. X ғасырларда жазып қалдырған араб, парсы ғалымдарының

мағлұматтарына қарағанда, Қорқыт оғыз, қыпшақ қауымының ортасынан шыққан, белгілі қария шешен, әділдік айтатын би, сауық бастайтын қобызшы, ойға бататын ғалым болған. Қазақ халқының ескілікті әңгімелерімен, қария сөздері «қазақ ақындарын тұңғыш рет ұзақ жыр айтуға, қобызбен күй тартуға үйреткен Қорқыт еді» дейді. Бұл жөнінде араб, парсы ғалымдарының Қорқыт туралы айтқандарымен біздегі осы күнге дейін сақталып келген аңыздың арасында еш айырма жоқ сияқты. Сондықтан қобызбен ұзақ жыр айту бізде Қорқыт дәуірінен (VII-X ғғ.) басталады дегеніміз ғылыми дұрыс болуға тиісті. Күйші Қорқыттан кейін халық әдебиетінде аты белгілі болған жыраулардың бірі Аталық жырау. Ибн-әл-Әсирдің жазуынша, Аталық жырау (басқа мағлұматтарда Ұлы жыршы) Шыңғысханның қолында жасап (XIII ғ.), оның үлкен баласы Жошыны құлан басып өлтіргенде, оған былай деп естіртеді:

Теңіз басынан былғанды,  
Кім тұндырар, уа ханым.  
Терек түбінен жығылды,  
Кім тұрғызар, уа ханым.

Бұл жыр қазақ халқының аңызында бір жағынан «Ақсақ құлан Жошы хан» атты күй түрінде айтылса, екінші жағынан оның осы түрде айтылған тексті бар. Аңызда мұны шығарушы «Аталық жырау еді», – дейді. Иран жазушыларының кітап тарауында Аталық жырау көбінесе «Ұлы жыршы» деген атпен аталады. Бүгінге дейін сақталып келген халық жырының мұрасы бойынша, біздегі профессионал

ақындар тобы бұрыннан бірнеше жікке бөлінетін. Мәселен: «жырау», «жыршы», «акын», «айтыс-акын», «өлеңші» деген сияқты. Олар кәсібін, шеберлігін күшейтіп, олардың профессионалдық түрін көбейтуге талптанады. Солардың ішінде жұртышылық тіршілігіне ерекше әсер етіп, олардың өзгеше ардақтап, әлпештегендері жырау, жыршы, акын. Бұл үшеуі де қазақ эпосын, қария сөзін, ертегі-мифын бір дәуірден екінші дәуірге жеткізіп отыратын, оның негізгі шығарушы, айтушылары.

Жырау – бұрынғы аталық дәуірдің ақылшы қариясы, асқан шешені, құйылма акыны, кемеңгер ойшысы. Сондықтан ол ел қорғаны ердің өмірін, ерлігін, оның ата-тегі шежіресін жырлаумен қатар, өз дәуіріндегі саяси-әлеуметтік соғысқа байланысты мәселелерге де тоқтайды. Оның айтатыны көбінесе толғау, сарын, тақпақ. Басқа ақындар сияқты жырау кез-келген жерге түсе бермейді, бұл көбінесе бір толқын үстінде, ел басына ауыртпашылық, күйзеліс болған кезде ғана шығып толғау айтады. Жырау сөзін көбінесе тұспалмен, болжау түрінде айтады. Жыраудың болжау айтып шығатын кезі, ел қорғаны ер болатын балаға ат қоярда, ер жігіт жауға қарсы жорыққа аттанғанда, не жау әскері ел шетіне келген кезде болады.

Ескі дәуірлерде жасаған жыраулардың бейнесінен бүгінге дейін халық ойынша ұмытылмай келгендері Қорқыт жыршы, Аталық жырау (XIII ғ.), Сұрғантайұлы Сыпыра жырау (XIV ғ.), Асан жырау (XV-XVI ғғ.), Әсет баба (XVII ғ.), Бұхар жырау (XVII-XVIII ғғ.), тағы басқалар. Қазақ халқының халық жырында аты ашығырақ сақталған кісі, әсіресе Сыпыра жырау. Бұл XIV ғасырда қыпшақ руынан шыққан акыны. Аталықтың толық аты Сұрғантайұлы Сыпыра жырау түрінде кездеседі. Сыпыра жырау біздің дәуірде шыққан Кіші жүз ақындарының (мәселен, Нұрпейіс) ұлы атасы,

бұрынғы «Ноғайлы» жырын тұңғыш жасаушы, соның ұлы ақыны, айтушысы. Халық аузында сақталған қария сөздерге және тарихи жазуларға қарағанда, Сыпыра жырау осы күнгі Шыңғыстау өлкесінде жасап, уақытының көбін бұрынғы Жайық бойындағы Сарайшық қаласында өткізетін болған. Атақты ибн-Баттута XIV ғасырдың 30-шы жылдары Жайық бойынан келгенде: «Сарайшық қаласында ұлы жыршы тұрады» – дегені, осы Сыпыра жырау болуы керек. Халық аңыздың айтуынша, Сыпыра жырау көп жасап, бүгінгі Жамбыл қарт сияқты азу тісі босағанша отырады. Ол өзінің өмірінде қырда жасаған хандардың талайын басынан өткізіп, талаймен тұстас болған. Сыпыра жырау өзінің «Едіге» жырындағы айтқан мағлұматы бойынша, 200 жыл ішіндегі оқиғаны әңгіме қылады. Соған қарағанда, оның жасаған дәуірі XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың соңы, жүз жылдан аса жасаған кісі болуы керек. Өйткені, халық жыры қаншама сұлу болғанымен, оның тарихи шындығын жоймай, соның төңірегінде айтатын болған.

Халық жырының айтуынша, Сыпыра әбден қартайып, «азу тісі босап» отырса да, Токтамыс пен Едігенің жауласқан кезінде Ордаға келіп, ақырғы рет сарын, толғау айтады. XIV ғасырдың соңғы кезінде Алтын Орда үкіметіне қарсы қыпшақ бұқарасының көтерілісінде Токтамыс хан халыққа беделі бар, олардың ақылгөй жыршысы Сыпыра жырауды Ордасына шақырып, сол арқылы қыпшақ бұқарасын өзіне қаратпақшы болады. Сыпыра жыраудың жай шақырғанға келмейтінін біліп, Токтамыс беделі бар кісі жіберіп, әдейі Маңғыстаудан алдырады. Бұл туралы жырда былай дейді:

«Ноғайлының ауыр жұрты  
Абдырады, ойланды.

Ойланып кеңес таппады,  
Бір тапса сол табар деп,  
Жүз сексен бес жасаған,  
Азу тісі босаған,  
Сұлу аяқты, сұр бөрікті,  
Сыпыра сынды сып-жырау.  
Жібекпен жағын тарттырып,  
Салтанатқа үлде мен бұлде арттырып,  
Алып бір келші деп еді».

Міне, жырау халықтың ақылгөй қариясы, оның тарыққан кезінде кеңес беретін сәуегейі болғанын көрсететін ашық мысалдың бірі осы.

Сыпыра жыраудың соңын ала шыққан атақты Асан жыраумен, одан бергі Бұхар жыраудың бейнесі де осы тәрізді суреттеледі. Өмір бойы халықтың мұңын, тілегін, еркіндігін жоқтаумен «Асан қайғы» аталған Асан жырау<sup>10</sup>. XV ғасырдың орта кезінде жасаған Өз Жәнібек алдына ел қылып ұйымдастырумен халық аузында даңқты болып қалады.

Асан қайғы атымен байланысқан халық аузында бірталай аңызды әңгіме, қария сөздері бар. Оның бірі «Жерұйық» эпосына. «Жерұйық» ғасырлар бойы тыныштықты, бейбіт тұрмысты көксеген халықтың жүрегінде қиял болған. «Жұмаю» тәрізді шүйгін қоныс, бақытты бейбіт өмірдің отаны, мол дүниенің тұрағы. «Жерұйық» ең ескі дәуірден айтылып келе жатқан кәрі әңгіме. Оның халық аузында қиял болған түрі орхон жазуында да кездеседі. Қазақ халқы айтатын «Жерұйық» сияқты, бұл орхон жазуындағы «Жерұйық» та киелі, сәуегейлік отаны. Жалғыз-ақ, ол «Тәңірі, Ұмай, Жерұйық», не «Тәңірі, Ұмай, Ұйық жер-су» түрінде айтылады. Мәнісі «бақытты сәуегейлік отаны», «Жер-суы» деген сөз. Мұндағы «Ұмай» Махмұд Қашғаридың «Диуани ат-лұғатында» кездесетін «Ұмай» – бақыт беруші, «күт несі» деген мәнде. Сондықтан бұрынғы қыпшақ жұртының тілінде «Ұмай келсе – күт келер» деген мақал болған.

«Ұмай» жер жүзінде жәндік, тіршілік, бақыт тарату түрінен шығып, айғырдың үйірлі қасиетіне айналады. Алайда, «Ұмай» ескі дәуірдегі жаратылыспен, өсіп-өнуімен байланысқан мазмұнын жоймайды. Сондықтан ол бір түрін жойса да екінші түрге ауысып:

Халықтың құты айғырды,  
Ат тумайды атасыз,  
Көсегесі көгеріп,  
Көбеймейді батасыз -

деген мақалға айналады. Сол бастағы мағынасында «Жерұйық» сөзі орхон жазуынан кейін Махмұд Қашқаридың «Лұғатына» кірген.

Міне, осы сияқты зор тарихи әдебиеттің мәні бар ең ескі дәуірлерде айтылған әпсаналарды бергі кезге дейін ұмыттырмай сақтап келген бір ғана Асан сияқты қария жыраулар. Асан жыраудың «Жерұйық» әпсанасының өзі еске түсіріп, қазақ елінің жұрт болып ұйымдастырып, оларды жерге орналастыру кезінде айтылған. Сондықтан Кіші жүз ақындары халық эпосында Еділ-Жайық даласын жырлап, оның өткендегі тарихына көз жібергенде, Асанның атына бір тоқтамай кетпейді. Оны елдің батагөй досы, ақылшы, қорғаны түрінде суреттейді:

Ақыл менен қорғаным,  
Асан-қайғы бабаның  
Он жыл тұтас отырып,  
Өңгіме құрап өткен жер

(Маңғыстау)

Асан жыраудың қартайған кезінде негізгі тұрақ қылған жері Маңғыстау өлкесі. Тарихи мағлұматтардың жобалауына, ол Жайық бойында Сарайшықта туып-өсіп, Маңғыстауда қабірленген. Ол өзінің өмірінде жоғарыда көрсеткен Әз Жәнібекпен баласы Қасым ханмен істес, замандас болады. Өзбек Әбілқайыр ханмен араздасқанда, қазақ сұлтандары Жетісуды қоныстанды. XV ғ. соңында қазақ жұртшылығы күшейіп, өз алдына әскер топтағанда, Асан қарт бүкіл Арқаны аралап, үш жүзді қоныстандыру шарасын іздейді. Уақытының көбін қырда өткізумен бірге, кейде Аштархан, Сарайшық қалаларындағы хан ордасында болып, көпшілік алдында бұрынғы ел қорғаған ерлердің өмірін ардақтайды, толғау, тақпақ сөздер айтады.

Халық әңгімесінің айтуынша, Әз Жәнібек Асан жырауды Ордасына екі рет шақырады: Қарашаш сұлуға үйленген тойына, енді бірі көп саятшылармен аңға шығарда. Бірақ халық қамқоры Асан жырау, ханның бұл ісін ерсі көріп, ол екі шақырудың екеуіне де бармайды. Әйткенмен, Асан жырау бұл екі оқиғаның екеуіне де арнап жыр шығарып, оның бірін «Әз Жәнібек пен Қарашаш сұлу», енді бірін «Аққу құстың төресі» деп қояды, одан басқа «Қарағай басын шортан шалды» деген толғау айтады. Асан қарт шығарған бұл жырлардың толық тексті біздің дәуірімізге дейін толық сақталып жеткен жоқ, олардың тек қысқаша мазмұны, не кейбір үзінділері ғана қалған.

XVII-XVIII ғасырдағы қазақ эпос жырының ұлы бір тірегі жоғарыда аталған атақты Бұхар жырау (1693-1789), басқа жыраулардан гөрі бұл кісінің өмірбаяны, қай рудан шыққаны халық әңгімесінде толық, ашығырақ сақталған.

Бұхар жырау Арканы қоныстайтын Арғын, Сүйіндік елінен тарайды. Оның ең жуық атасы Баянауыл тауын мекендейтін Күлке – қаржас, бүгінгі есейген Қазақстан ғалымдарының ағасы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен аталас. Бұхар жырау бұрынғы ескі ақындар ішіндегі ең данқты, кеменгер, жүйрігінің бірі. Ол халық аузында өзінің ардақты аты Бұхар жыраудан басқа «Көмекей аудие» деп аталған. Бұхар жырау қазақ ақындарының рухани атасы, олардың үлгі алған ұстазы. Бұхар жырау қария сөзді көбінесе Асан қайғының үлгісімен айтып, кейде оны комментариялап жырлайтын болған. Оның жырларының мазмұны бірыңғай XVII-XVIII ғғ. қазақ жұртшылығының саяси-әлеуметтік тіршілігін суреттеуге арналған. Бұхар жыраудың көбірек ой бөлгені әсіресе XVIII ғасырдағы қазақ пен қалмақ елінің қарым-қатынасы, сол кездегі отан қорғау ісімен байланысқан ерлік оқиғалар. Оның бәрін Бұхар жырау Абылай төнірегіне жиып айтады. Бұхар жырау сөзінде көзге ерекше түсетін оқиғаның бірі орыс халқы мен қазақ халқының ең алғаш жолығып танысуы. Бұхар жырау бұл туралы айтқан толғау, сарындарында орыс халқының аталы ұлы жұрт екенін айтып, олармен достасып, жақсы қарым-қатынаста болудың керек екенін айтады:

Тымді алсаң Абылай,  
Орыспенен жауласпа.  
Атырабы кең ару ел,  
Біле тұра егеспе.

Халықтың қамқоры, ақылғой қорғаны болып, олардың үміт тілегін жұрт алдында паш қып жырлайтын жыраулардың, көбінесе, жұртшылық тіршілігінің тәуелсіз болуына

байланысты болған. Атақты жыраулардың ең соңғылары XIX ғасырдың орта кезінде жасаған белгілі Алаша Байтоқ жырау, жырдың «бұлбұлы» аталған Базар жырау, болмаса Шортанбай мен Дулат жырау. Бұлардан кейін «жырау сөзі» тек әңгіме-жырда кездескені болмаса, халық ақындарына қойылмаған, қойылса өте сирек қойылатын болған.

Бұрын қазақ халқындағы профессионал ақындардың бір тобы «жыршы» деп атайтын. Жыршы өз тұсынан жырды аз шығарады, бірақ оның негізгі кәсібі бұрын ел ортасына белгілі болып эпикалы сюжеттерді жаттап, соны аста, тойда, халық мерекесінде айтып көпшілікке тарату. Сондықтан жыршы – халық ортасында эпикалы салттың түбегейлі (негізгі) айтып жүрушісі, оның үстіне ескі аңыз-әңгімелердің, қария-сөздің шын сақтаушысы, жыршы басқа ақындар сияқты халық поэзиясының өзге түрімен елікпейді, олардың негізгі тақырыбы – эпос, батыр ердің ата-тегі, шежіресімен байланысқан аңыз-әңгіме, қария сөздер.

Ескі дәуірде болған атақты жыршылардың аты халық поэзиясында артық сақтала қоймаған, «ұлы жыршы», «қыпшақ жыршылары» деген сөздер болмаса, Сыпыра жырау деген сияқты ескі жыршылардың аты кездеспейді.

Эпос жырын салт қылып айтушы, атақты жыршылардан халық ойында ерекше орын алған ақындар XIX ғасырдың ішінде жасаған атақты Марабай ақын, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын айтатын Жанақ, «Едіге» жырын келістіре айтатын Жұмағұл ақын, не «Қобыланды батырды» жырлаушы Біржан ақын. Бұл Біржан ақын атақты Біржан салдан басқа, Жұмағұл екеуі Торғай даласынан. XIX ғасырдың орта кезінде

Шокан Уәлиханов Жұмағұл ақынның аузынан «Едіге» жыр қыпшақтар ортасынан шыққаны туралы естіген. Бұл айтылған жыршылардың барлығы да бұрынғы ноғайлы-қыпшақ дәуірінен салт болған жыр үлгісін сол ескі түрінде ең соңғы рет айтып қалдырушылар. Халық әңгімесінің ескі ноғайлы жырын тұтас киелі түрінде айтып жеткізген әсіресе Марабай ақын. Оның жыр репертуарында ескі дәуірден айтылып келген жырдың бәрі болған.

Бұлардан кейін ескі эпос жырды айтуды салт қылған атақты Шөже ақын, Арысланбай, Құлтума – Аркада болған ақындар, одан кейін Жамбылға ұстаз болған атақты Сүйінбай ақын. Марабай сияқты бұрынғы ескі жырлардың өзгешелігі, бұлар ерлік оқиғаны жырлаудан гөрі, көбінесе сезімге жататын лирикалы жырды, не халық тіршілігін суреттейтін, сол кездегі жұртшылық сарындарын сүйе жырлайтын болған. Сондықтан оларды көбінесе «ақын» деген басқа түрлі құрметті атпен атап кетеді. Бұл ат осы күнге дейін Қазақстандағы халық ақындарына қойылатын атақты аттын бірі. Бартольдтың айтуынша, «ақындық» өнері, «жыршылық» пен қатар шыққан қырдағы рулардың ескі заманнан салт қылған ісінің бірі. «Ақын» сөзі «ағудан», «суалаудан» шыққан, кейде «құйылма ақын» деп те айтылады. Ақынның жыршыдан айырмасы, оның ақындық репертуары (айтатын жыры) әр алуан келуінде. Өлең жырында оның айтпайтын түрі кемде кем ақ, айтыс дейсің бе, ән мен айтылатын лирикалы жыр дейсің бе, батырлар жыры дейсің бе, бәрін айтады. Ақынның өзіне тән ерекшелігі, оның өлең жыр шығаратындығы, өз тұсындағы жұртшылық тұрмысын төндіре суреттеп, лириканы сүйе жырлайтыны. Жыршының ақындық қасиеті бұдан бүтіндей басқа, оның ой сезімі

бір ғана өткен дәуірдің ерлік оқиғасын әдемілеп айтуға жұмсалып, ескілікті әңгіме, қария сөзді бір дәуірден екінші дәуірге жеткізіп отыру.

Ең ескі дәуірдегі ақындар бейнесімен қазақ халқының есінде бүгінге дейін сақталып келген атақты Қотан ақын. Халық шежіресінің айтуынша, Қотан Арканы қоныстайтын Арғын елінің ұлы атасы, ескі дәуірдегі қазақ халқының кемеңгер қариясының бірі. Бұрынғы қазақ ақындары топ алдына түскенде Қорқытты жер тұтып, оның рухына сыйынатын тәрізді, Қотан ақынның да әруағына сыйынатын, оған да табынатын. Бұрын Аркадан шыққан ақындар «біздің арғы атамыз ақын Қотан» деп, әрқашан оны мерей қылатын. Өткен дәуірдің бірінші жартысында белгілі қаракесек Жанақ ақын ол кездің шешен қарты Жарқын бидің алдына барып, сөз үйреніп, сыннан өткенде, Жарқын оған:

– Балам, ата тегіңде ақындық бар ма еді? – дейді.

Жанақ ол кезде жаңа дәуірлеп келе жатқан жас ақын, қарттың сұрағына жұлып алғандай, атасының шежіресін былай деп айтып береді:

Алашта арғын ата болған зирек,  
Өзгелен ол кісінің жөні бөлек,  
Арғынның түп атасы ақын Қотан,  
Өлеңге бізден ұста болса керек.

Мұндағы Жанақ ақын айтып отырған түп атасы ақын Қотан дегені, бұрын халық аузында жалпы мәтел болған сөз. Қотанның аты халық әңгімесінен басқа тарихи мағлұматтарда да жиі кездеседі. Орыс халқының шежіресінде Қотан половецтерінің (қыпшақтан шыққан) ру басы бегі (орысша – Котян, Кодян). Мамлюк сұлтандарының шежіресі бойынша, Қотан – Қыпшақ елінің бір атасын билейтін ру басы, ақсақалы. Мамлюк қыпшақтардың сұлтаны, белгілі жазушы

Руханиддин Байбөре өзінің шежіресінде Қыпшақ елін он екі атаға бөліп, олардың ішінде Тоқсаба, Жете, Берішұғлы, Қанлыұғлы, Жүзден, Қотан деген аттарды келтіреді. Бұлардың бәрі XI-X ғасырларда бүгінгі Қазақстан сахарасында жасап, ескі Қыпшақ ұлысына кірген әр бір рулардың аты. Олардың кей бірі қазақ халқының ішінде осы күнге дейін сақталған. Қотанның баласы ер Маңғыс ескі ертегі Ер Төстік, Ақ Көбек сияқты алып батырдың бірі. Қазақ халқының ескі заманнан қалған жұртшылық салты бойынша, бұрын әрбір рудан шыққан айдынды ердің жорығын, оның өмірбаяны көбінесе сол рудан шыққан ақын жыршылар жазғанын айтатын болған. Бұл салт осы соңғы кезге дейін бұрынғы ноғайлы, қыпшақ болған жырдың бәрі көзге көбірек айтылып келген жері әсіресе Кіші жүзден Қыпшақ елінің ортасы. Ноғайлы дәуірінен қалған атакты жырлар «Едіге» мен «Қобыланды» – екеуі де қыпшақ ақындарының аузынан жазылып алынған. «Ер Сайын», «Ер Тарғын», «Орақ-Мамай», «Қарасай, Қазы» жырларды айтатын, көбінесе, Каспий даласын қоныстанатын Кіші жүз ақындары. Бұл жырларды Арқа мен Жетісу өлкесінен, не Алтай тауларынан кездестіруге де болады. Арқа ақындары ерлік жырынан гөрі лирикалы поэзияларды айтуды сүйген. Олардың ең жақсы көріп шығарғаны Қозы Көрпеш – Баян сұлу мен айтыс жырлар. В.В. Радлов қазақ сахарасын аралағанда, арқаны қоныс еткен елдер ортасында болып, бір лирикалы мотивтер естіген соң, қазақ халқында эпос жырдан гөрі лирикалы жыр басым екен деп ойлаған, бірақ тапқаны бұдан көрі басқарак. Қазақ халқында эпос жырын айтатын өз ұясы бар.

Эпос жырының көп айтылатын ну жері, әсіресе Жайықты қоныстайтын қазақтар ортасы және Сырдария өлкесі. Бұрын

Каспий даласында әрбір қатардағы ақын бірнеше сюжетті айтып бере алатын. Ұлы ақынның бірі бұдан қырық-елу жыл бұрын Қазақбай болған. 1906 жылы Қазақбайды ол кездегі ғылыми орындар Орынборға шақырып, оның жырын жазып алуға кіреседі. Орынбордың архив комиссиясының ғылыми қызметкері В. Карлсонның айтуынша, Қазақбай бүгінгі ұлы ақындар Жамбыл мен Нұрпейіс сияқты, ол кездегі ақындардың ең жемістілерінің бірі болған. Барлық қазақ ақындарының әдетінше, Қазақбай да өзінің ақындық өнерін ерекше қадірлеп, «мен өлсем жырым өзіммен өліп кетеді» дейтін болған. В.Карлсон Қазақбай ақын туралы жинағында: «Қазақбай 56-ға келген қартаң кісі, бірақ түрі ширақ, кең маңдайлы, жауырыны қақпақтай, көз қарасы тартымды кісі еді» дейді. Қазақбай архив комиссиясындағы танысымен сөйлескенде, өзіне ұстаз болған ұлы ақындарды есіне алып, олардан қандай жырды мирас қылып жаттап алғанын айтады. В.Карлсонның жазып алуынша, Қазақбай (кейде Казақай) ақын жыр репертуарында 22 түрлі үлкен поэмалар болған. Олардың ішінде бүгінде халыққа белгілі болған жырлардан басқа «Манас» (Манаша) жыры, «Ер-Бақи», «Елеусін», «Алеуке батыр», «Құбығұл», «Төрехан», «Әз Жәнібек», «Кілен мен Бөрібай» сияқты жырлар болған. Мұндай ескі жырлар Марабай, Жанақ, Жұмағұл, Шөже сияқты ақындардың талайымен бірге кетуінде сөз жоқ. Дегенмен, патшаның қысымшылық заманында халықты, ескілікті мәдениет жұрнақтарын сүйген орыс ғалымдары Каспий даласындағы қазақтар айтатын эпос жырды реттеп жинауға көп еңбек сіңірген. Қазақбай ақынның жырын жазып аларда, Орынбордың архив комиссиясының ғылыми

кенесі ерекше қаулы шығарған: «Ескі замандағы тарихи оқиғаларды, атакты батырлардың өмірін баяндайтын жыр-әңгіменің барлығы жазылып алынсын» деп, оған білетін кісілерді арнаулы адамдар шығарған, қаржы тағайындайды.

Біздің заманымызда бақылауы бойынша, қазақ халқының эпос жыры, ескілікті әңгімесінің көбірек айтылатын бес түрлі ауданы бар. Мәселен, Каспий мен Арал теңізі бойы, Сырдария өлкесі, Жетісу, Алтай, Тарбағатай ауданы. Біздің заманымызда Каспий-Маңғыстау төңірегіндегі ақындар бұрынғы жеке батырлар жырын енді бір үлкен эпопеяға айналдырып, «Ноғайлының қырық батыры» атты циклмен айтатын болған. Бұлай циклмен айтуды бұдан неше жыл бұрын бастаған халық ақыны Нұрпейіс Байғанин еді, оны солай циклмен жырлаушы Маңғыстаудың қарт ақыны Мұрын жырау болып отырған. Нұрпейіс Байғанин сияқты Мұрын жырауда бұрынғы ноғайлының атакты батырларын бір атқа топтап, «Ноғайлының қырық батыры» деген атпен айтады. Ұлы Отан соғысының қауырт кезінде қазақ елінің бұрынғы ерлік дәуірін еске түсіріп, оның айбынды ерлігін, жауынгерлік салтын үйрену соғыстағы қазақ жастары мен жұртшылығының аса керек ісінің бірі болды. Сондықтан 1942 жылы «Ноғайлының қырық батыры» сияқты ұлы эпопеяны зерттеп, білу үшін Қазақстанның Ғылым академиясы Мұрын жырауды әдейілеп Алматыға алдырып, стенограмма арқылы жазуға кірісті. Мұрын жырау «Қырық батырды» домбыраның аккомпаниментімен КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық филиалының үлкен залында, кейде Радио

комитеттің дыбыс жазатын лабораториясында айтты. Тыңдауға әдебиет, тіл, өнерге қатынасы бар адамдардың көбі келіп жүрді. Кейбір сеанстарында консультант ретінде академик И.И.Мещанинов, С.Е.Малов сияқты ғалымдар қатынасты. Бірақ күніне 5-6 сағаттан тындап, стенография арқылы үш ай бойы жазған күннің өзінде қарт ақын «Қырық батырды» тегіс айтып бітіре алмады, ең соңында шаршап, жеріне қайтуды тілек етті. Бүгінде Мұрын жырау айтқан «Ноғайлының қырық батыры» көлем жағынан ең ұлы эпопеяның бірі, жаңа қазақ эпосындағы келелі жыр. Бұл жырдың стенограмма жазуы қазір Қазақстан Ғылым академиясының архивінде сақтаулы тұр.

Каспий даласының ақындарынан кейін қазақ эпос жыр төңірегіне топталған – Жетісу ақындары. Бұлар да Нұрпейіс пен Мұрын жырау сияқты, бұрынғы көп батырдың жырын бір ұлы батырдың төңірегіне жинап циклмен айта бастаған. Жетісу ақындарының ұлы эпопея түрінде жырлаған циклдерінің ең көлемдісі – «Шора батыр» мен «Ер Тарғын» әрбірі 4-5 мың жолдан. Бұлардан басқа Жетісу ақындарының репертуарында ескі ұлы әңгімелерден «Алпамыс», «Ақ Көбек», «Алаша хан» жырлары кездеседі. Қазақ ақындарының атасы қарт Жамбылдың өзі де «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр», «Саурық» сияқты ескі заманда ханға, байға, жат жұрттың жауына қарсы ерлік көрсеткен ерлердің жауынгерлік ісін суреттеп, бірнеше қызықты, үлкен поэмалар қалдырады. Бүгінгі қазақ ақындары өткен дәуірдің ерлік ісін жырлап, оны циклға айналдырумен қатар, бүгінгі айбынды Отанымыздағы ерлік, жауынгерлік істерін де эпикалы сарынмен жырлап, Ұлы Отан соғысында ерлік



көрсеткен жауынгер ерлері туралы да бірталай жырлар шығарды («Төлеген батыр», «Мәлік батыр», тағы басқалар). Сөйтіп, бүгінгі тұрмыстың арқасында жаңадан жасарып, көтерілген ақындар, бұрынғы эпикалы жыр-салтын жаңадан өркендетіп, оны жана, қызықты, айбынды тұрмыстың жырымен байытуда екенін көреміз.

## ЕРТЕГІ – ЖЫР ТУДЫРУДАҒЫ ЖҰРТШЫЛЫҚ САРЫНДАРЫ

Бұрынғы патриархал-ру сатысында жасаған сахарадағы көшпелі рулардың ертегі-жыр шығарудағы жұртшылық тілегі бірнеше еді. Мәселен, бейбітшілік тұрмысын арман етіп, бақташылық өмірде масайрап күн кешіру. Отанды, жер-суды жаудан қорғау; ел қорғаны ерді сүйю; көпке, жұртқа ақылшы болатын қамқор қарияны сүйю (Қорқыт, Жиренше шешен, Асан қайғы, Едіге); «Алып анадан туады» деген нақыл бойынша, алып ер тәрбиелеп, өсіретін жұрт тұлғасы болған ананы қадірлеу (Айбарша, Күнікей); ел жұрттың ардақтайтын аяулысы жас әйелді, сүйген жарды жат-жұрттың жаудың қолына олжаға түсірмеу (Алтыншаш, Құртқа, Баршын); ұлмен қатар қыз баланы бірге еркіндікте тәрбиелеп өсіру, ер баланы жасынан еркіндікке баулып, садақ аттырып үйрету, жапан түзге жалғыз жіберіп, аң аулатып сынау, ер қанаты атты сынап үйрену, тағы басқалар. Қауымның әлеуметтік тұрмысынан туған мынадай жұртшылық тілектері елдің ескі

әңгіме-жырларында қызыл жіпке тізгендей өтеді. Қауымның әрбір мүшесін қадірлеп, өскен жұрт, өзінің қария сөздерінде олардың әрбірінің өмірін былай деп анықтайды:

Ата асқар тау,  
Ана ағар бұлақ,  
Аға оң қанат,  
Іні сол қанат.

(Жиренше шешен)

Болмаса:

Араласан шарбағын,  
Ішінде қалмас дағын,  
Сүйенсең асқар тауын,  
Аға қымбат жігітке.  
Он бесінде толған айың,  
Жүрегіңе керек майың,  
Үйретпеген асау тайың,  
Іні қымбат жігітке,  
Жігіт болса сол келісті,  
Мінгені жорға жүрісті,  
Үйде отырған кеңес басшы,  
Ата қымбат жігітке.  
Бұл сөзіме салсаң құлақ,  
Еңбектен бір болма жырақ.  
Көзімді ашқан қос бұлақ,  
Ана қымбат жігітке...

(Көрұлы жыры)

Бұрынғы патриархал (аталық) дәуірдің салты бойынша, «жұртының алдында ұятты болғанша, далада қанғып өлейін» деген жас жігіттің берік ұстаған серті болған. Асан қайғы Әз Жәнібекке айтқан сөзінде: «Жас жігітке жаудан қорқу өлім, мал үшін ағайынмен өкпелеу – аталастың міні, жұбайын жау қолында қалдыру ер жігіттің үлкен намысы», – дейді. Жас жігіттің ел қорғау ісімен байланысты жұртшылығы алдындағы міндеті туралы Бұхар жырау былай деп сипаттаған:

Жер қайысқан қол келіп,  
Желкідеген ту келіп,  
Елім бір сасып тұрмасқа,  
Сегіз қиыр сары дала  
Жер тұлданып қалмасқа,  
Токсандағы қарт баба,  
Топқа жаю бармасқа,  
Он ай сені көтеріп,  
Омыртқасы үзіліп,  
Аязды күні айналған,  
Бұлтты күні толғанған,  
Анаң бір аңырап қалмасқа,  
Он бармағы қыналы,  
Омырауы шұбарлы,  
Қаламдай қасы қиылып,  
Қылдай белі бүгіліп  
Алғаның босқа қалмасқа.

Сөйтіп, Отан қорғау, батыр-ерді ардақтау, ата-ананы, ел-жұртты, жау қолында қор етпеу – ол кездегі жұртшылықтың ұлы тілегі, олардың көкसेгені кең далада бейбіт өмір кешіріп, тыныштық пен қызықты, бақытты тұрмыста болу. Бұлай байтақ қонысты, жерді жырқылып, еркін тұрмыспен масайрап отыруды арман ету – қазақ халқының ертегі-жырының түпкі идеясы. Бірақ қауым көкसेген бұл тыныштықты сақтап отырмайды, көрші отырған жұрттар арасында жаугершілік ауық-ауық болады. Жұртшылық басқару ісі ру демократиясы мен алып туған батыр, ақылгөй қарияға байланысты болады. Қауым ардақтаған алып ана да батырды, батыр болар ұлды арман қылады. «Көрұғлы» – ескі жырдың бірі. Бұл жырда ер тапқан әйелді ардақтау үшін халық қиялы оның баласын көрде жатқызып өсіреді, не даладан тауып алады.

Ел қорғау, мал өсіру қауымның тілегі болғандықтан, алып табу алып анаға міндет сияқты болған. Алып батыр, қажырлы ер табу үшін ең ескі замандағы рулар бергі кездегідей

(XIV-XVIII ғғ.), Баба түкті шашты Әзізге, пірге сыйынбай, өмірдің тура әдістерін пайдаланды. Алып бала табатын аналар жұртшылық қиялында «дәумен кездеседі» (Жерден шыққан Желім батыр), немесе қасқырдың етіне, жыланның басына, бүркіттің жүрегіне, жеті жалмауыздың қанына, боз інгеннің сүтіне жерік болады! («Құбығұл» әңгімесі). «Едіге» жырында Едігенің әйелі Нұрадына жүкті боларда неге жерік болғаны, туар баладан не күтетіні жөнінде былай делінеді:

Нұрадын – менің қуатым,  
Саған толғақ болғанда,  
Құлының етін жеп едім,  
«Құлындай ботам жүрсін, – деп,  
Солдай болар ма екен? – деп,  
Аюдың етін жеп едім,  
Аюдай балам болсын», – деп,  
Ішімнен жатып ойлап ем...

Сол тәрізді, жерігін, тілегін Қарасайға жүкті боларда Орақ батырдың әйелі де:

Айналайын Қарасай,  
Саған жерік болғанда  
Аюдың етін жегіздің,  
Жолбарыстың сүтін ішкіздің,  
Екпіннің қаттысы ай,  
Белден қарға аунаттын,  
Онда да қоныр күздей болмады,  
Онда да мейірім қанбады.  
Сөйтіп туған сен едің,  
Сенің анаң мен едім.  
Мен саған жерік болғанда  
Сегіз жылан жеп едім.  
Сөйтіп тұрған сен едің.  
«Кешегі әкең Орақ өлгенде  
Орның басар ма?» – деп едім.

Жырды дәріптеуінше, алып бала табатын аналар жолбарыстың жүрегін жесе де, арыстанның сүтін ішсе де, жерігі қанбай, құмары арта түседі.

Моңғолдар айтатын «Ер Сайын» әңгімесінде Ер Сайын сияқты алып бала табуды тілек еткен анасы кара маңғыстың жүрегіне жерік болады.

Бір күні Ер Сайын аннан қайтып келсе, анасы ойға батып отыр екен. Анасы Ер Сайынға: «Менің дертім бар, оны жазу үшін тоқсан жылдық жолы бар жерде тұратын кара маңғыстың жүрегі керек, соны жесем жазыламын» – дейді.

«Ер Төстік» әңгімесінде Ер Төстік шешесі көк биенің төстігіне жеріп, одан Ер Төстік туады. Кейде халық тәжірибесі бойынша, ер бала табуда кейбір сыртқы белгілерді болжау етеді. Мәселен, ақпан айында қасқырдың етіне жеріген әйелдер де жұрттың көзіне ардақты көрініп, алып ер табудың нысанасы есебінде саналатын. Сондықтан осы ут кезінде қасқырды да көбірек аулайды. Сол сияқты ақпан айында бүркіттің жұмыртқасын іздетеді. Бөрі, бүркіт ескі заманда қазақ-моңғол жұртына тотем болған, ең күшті қасиетті заттың бірі. Ескі рулардың алып бала табу жұртшылық наным бойынша, олар өсіп-өнуінің белгісіндей саналған. Сол себепті олар бөріні, бүркітті қасиетті жануар – «тотем» деп санап, оларды культке айналдырған. Көк бөрі ескі үйсін, қаңлы, ғұн жұрттарында жаугершілікте туған жас баланы емізіп өсіретін киелі аң. Сондықтан «Көк бөрі», «Бөрте-шене»<sup>11</sup> туралы талай аңызды әңгімелер туған. Ерте замандағы көк бөріні қасиеттеудің сілемі бергі кезге дейін қазақ халқының тіршілігінен ұмытылған жоқ, соның бірі әйелдердің бөрінің етіне жеруіне «көк бөрі» тарту ойыны. Ескі заманда түрік-моңғол жұртында культ болған, бөріні қасиеттеу салты ғұндар арқылы Еуропаға да тарап, латын тілінде жазылған.

«Еділдің туысы» деген әңгімеде латын жазушылары Еділді «игттен, қасқырдан туған» деп түсінген. Мұнда Еділ бөріден тумаса да Еділдің шешесі ескі заманның салты бойынша бөрінің етіне жерік болуы мүмкін. Бірақ, латын жазушылары оны өзінше түсініп, басқа түрлі комментарий бергендіктен, ол ел аузында маңызды әңгімеге айналып, әр алуан жорылып кеткен.

Алып баланы тілек қылу сарынымен «көк бөрі» туралы ескі үйсін, қаңлы, ғұн жұрттарынан бірталай аңызды әңгімелер келген. Бұл туралы қытай жазушылары ескі ғұн дәуірінен мынадай әңгімені келтіреді: «Ғұндардың бір ханынан екі қыз туыпты. Олар күн десе күндей, ай десе айдай, адам таң қаларлық сұлу болыпты. Әкесі «осы сияқты айдай ару баламды басқаға бергенше, Көкке (Тәңірге) тапсырайын деп, айдала жапан түзге биік сарай салдырып, екі қызын сонда сақтайды. Хан күн сайын аспанға қарап тілек етіп: «Ару баламды құшағыңа ал» (бала бер) – дейді. Үш жыл өткен соң, қыздардың шешесі «балаларды қапасқа тастай беруіміз жарамас, үйге алайық» десе, енесі: «әлі уақыт болған жоқ шығар, күтейік» - дейді. Бір жылдан соң бір көк бөрі сарайдың қасына келіп, күндіз-түні кетпестен ұлый беріпті. Ханның кіші қызы апасына айтады: «Бір бөрі біздің қасымызға келіп, күндіз-түні ұли береді, мен сол бөріге тиісем қайтеді?» – дейді. Апасы ұрсып: «Шіркін-ау, ол аң, сен адамсың, аңға қалай тиісең» - десе де, сіңлісі болмай бөріге тиеді. Одан бір ұл туыпты-мыс. Кейін ол ұлдың тұқымы көбейіп, зор патшалық құрады. Сол сияқты ер баланың туысын ру жұртшылығының өсіп-өнуін бөрі культімен байланыстырып әңгімелеу ерте замандағы түрік-моңғол жұртының халық әдебиетінде негізгі сарынның бірі. Сол тәрізді «ерте замандағы жұрт басқарған дана адамдардың туысын күн сәулесінен, күн

нұрынан болады» деп аңыз қылған. Ескі ертегі-әңгімелердің айтуынша, ондай дана адамдар табатын әйелдер көбінесе берік сарайда, адам бармас аралда тәрбиеленіп, оларды тек күн сәулесі ғана көреді. Халықтың ертегі-жырында Қарахан, Қорқыт, Оғыз хан, Шыңғыс сияқты кісілердің бәрі де осы тәрізді берік сарайда асыраған қыздың күнмен шағылысуынан туады. Кейде мұндай берік сарайда жүкті болған қыздардың атасы наразы болып, қызға арналған алтын-күміс мүліктерімен, сандуғаш құстармен, қырық қыз нөкерімен алтын қайыққа отырғызып, дарияға ағызып жібереді. Дарияда ағып келе жатқан мұндай ару қыз әрқашан мергенге, не ақылы асқан ойшылға (Қорқыт) кездесіп, ол екеуінің қосылуынан Шыңғыс, Оғыз хан сияқты ұлы адамдар туады. Сөйтіп, алып ер мен ұлы адамның туысын әсірелеу халық жырындағы ең ескіден келе жатқан ұлы сарынның бірі. Мұндай сарындардың ең ескі түрі, әсіресе бөрі атына байланысып жүреді. Ескі замандағы наным бойынша бөрі ерліктің, батырлықтың белгісін көрсетеді. Сондықтан бөріні, не оның мүшесін, етін, құлағын қасиеттеу жұртшылықтың салты болған. Қыпшақ заманында (XI-XII ғғ.) шыққан «Арал хан» жырында олардың балаларын бөрі алып қашатыны, сол ерте замандағы бөрі туралы нанымнан, бөрінің етіне жеруден шыққан. «Бөрінің етіне жеріген» деп айтылатын жұрт ауызында мәтел бар. Құртқа Қобыландыны ынғай «бөрім» дейтін. Қыз Жібек жырында «Сырлыбайдың алты ұлы, алтауы да бөрі еді» дегенде бөріні қасиеттеп, күшті санап, «арыстан» деген ұғымды жұмсағандық. Батырды бөрі бейнесінде айту халық жырларында көп кездеседі. Мысалы, «Қобыланды» жырында:

Екі бөрі бас қосып,  
Жетіп келді таң ата...

Болмаса:

Тайбурыл атты жетелеп,  
Қобыландыдай бөрінің  
Бұландыған қыз Құртқа  
Алдынан келіп барады...

—дегені — бөріні ерліктің бейнесіне балағандық.

Қарахан әңгімесінде Қарахан елі-жұртын бір Тіленші қарияға тапсырып, хандығын тастап, басқа жұртқа ауып кетеді. Үй-ішімен жол-жөнскей келе жатып, бір дарияға кездесіп, дариядан үй-ішін өткіземін деп жүргенде, екі баласын екі бөрі келіп алып кетеді. Бірақ, бөрі балаларға зиян істемейді, қайта оларды өсіріп, басқа жерге апарып, жұрт басқаруға отырғызады. Бұл, әрине, ел басқаратын ер жігітті бөрі қасиетіне байланыстырғандық. Осы сияқты өмірдегі бір нәрсені қасиеттеу әр халықта болған. Мысалы, ескі бабыл, грек жұрттарының ұғымында бүркіт — басқарудың белгісі болған. Ескі үйсін-қаңлыларда да жұрт басқарудың (ерліктің) белгісі бөрі саналаған.

Сөйтіп, ескі үйсін жұртының түсінуінше, Қобыланды, Ақ Көбек сияқты алып бала табу үшін бөрінің етіне жеру ырымы ру қауымның тіршілігінде күшті орын алған. Ру жұртшылығының салт бойынша, бөрінің етіне, бүркіттің жүрегіне жеріген әйел ардақты саналған. Және бөрінің етіне жеріген әйелден алып бала туса, оны жұртшылық мақтау қылып, оған «манғыс», «манғыт», «ноғай», «адай», «көбек» деген сияқты ат қойған. «Манғыс», «адай», «ноғай» деген сөздер бір кезде «бөрі» мағынасында жұмсалып, алып ерді ардақтап айтатын лақап сияқты болған.

Ерте замандағы «құс бөрі», «манғыс», не бергі кездегі «ит-құс» деген сөздер «көктің, биіктің құсы» деген мағынадан туған. «Ман», «шан», «бөрі», «тан» деп ерте кезде «көк»,

«аспан», «биік шың» мағынасында жұмсалған. Жұртшылық өзінің ардақтаған ерін қасиеттеу үшін «маң», «шың», «бөрі» деген сөздерге «құс» сөзін қосып, онымен жұрт ағасы болған кісілерін атайтын болған. «Маңғыс», «шыңғыс», «бөрі» – бір мағынада, «аспанның», «көктің», «шыңның, биіктің құсы» (кісісі) деген мағынада, басқаша айтқанда «биік кісі» деген ұғымды береді.

«Шыңғыс», «маңғыс» деген сөздер бұрын биіктегі кісі мағынасында айтылса, «таң-ері» (тәңірі) – көктің алыбы мағынасында жұмсалып, бұл атпен ғұндар өзінің жұрт басқарған көсемдерін айтатын болған. «Шыңғыс», «маңғыс», «тәңірі» деген сөздер ескі гректердің «Уран», «Сатурн» сияқты алыптарына ұқсайды. Кейін феодализм дәуірінде бұл сөздердің мағынасы өзгеріп, оларға енді дін ұғымы араласады. Моңғол ертегісінде «Сайын табырдың ағасы Датқа тәңірі бөріге айналады» дегені – Ер Сайын тәңірінің тәңірісі болып, аспанның шыңына шықты, қайым тіршілігінен зор орын алды деген ұғымды көрсетеді.

«Адай», «ногай» деген сөздер де «маң», «шың», «бөрі» мағынасында жұмсалған сөздер. Адайлар арасында ерте кезден айтылатын: «Танысаң адаймын, танымасаң құдаймын» деген мәтел де «адай» сөзінен «тәңірі», «бөрі», «алып», «көк жендет» мағынасында жұмсалғанын көрсетеді, сахарадағы бақташы елдерге қасиетті (культ) болып қалуы, оның оларға бірінші рет үйір болуынан. «Келіннің бетін кім ашса – сол ыстық көрінеді» дегендей, аңдардың бәрінен бұрын адамға үйір (таныс) болған бөрі болғандықтан, ескі рулар ол туралы неше алуан әңгіме шығарып, оны культке айналдырады, және ол кездегі бақташы жұртына бөрінің әр түрлі ерлік мінездері ерекше көрінеді. Сондықтан бұл аңды қасиеттеп, оның атын

атамай, «бөрі», «құс бөрі» деп, одан бергі кезде «ит-құс» деп атаған. «Адай», «ногай», «маң» – осы айтқан көк бөрінің ерте кездегі бір аты. «Маңғыс» – «маң құс», «маңғаз», «қаз бөрі», «көктің құсы», «түздің жануары» есебінде жұмсалып, бөрінің қасиеттерін күшейтуден шыққан.

Кейінгі кезде «маң», «адай» деп үйде жүретін алпауыт көк серке иттерді айтатын. «Маң төбет» – иттердің сырттаны, «көк серке», «көк бөрі», «түз құсы» – бәрі бір мағынада. Маңғыстауда осы күнге дейін «бөрі», «маңғыс», «адай» туралы ертегілер көп кездеседі. Ерте заманда бұл жерде жолбарыс, шибөрі, бөрі көп болып, ол жерде аң алатын маң төбетті көп асырағандықтан, ел, тау сол ерте заманнан «маңғыс» деп атаған. Бергі кездегі «ақ каскалар» бұрынғы қыпшақ заманынан келе жатқан «көк серке», «маң төбеттердің» тұқымдары болу керек. Бұл «маңғыс», «маң төбет» туралы, «бөрі әңгімесі» көп болған соң, Маңғыстауда қаласы да «Үргеніш» деп аталған. Маңғыстаудың биік шыңы «Айдабол құдық» кейінгі заманға дейін жұрт көзіне қасиетті саналып, ол таудың іші түн болғанда шулаған ақ, ұлыған маң қасқырдың дауысымен жаңғырып жататын.

Ру қауымының ескі салт бойынша, тумаған балаларға «Ақ Көбек», «Қара Көбек» деген ат береді. Оның мәнісі – «ақ ит», «қара ит», «бөрінің азғыны» дегені. Бірақ, халық жырларында «Ақ Көбек», «Қара Көбек» те атақты батырлар болып суреттеледі. Олардың туысы «құс бөрі», «маңғыс», «адай» болмаса да ел аузындағы жыр оларды да ардақты батыр қылып көрсетеді. Және бұлардың аттары тарихта да айтылып, олардың ерлік істері жырға айналғанын көреміз. Бұл туралы бір әңгіме былай дейді: «Ертеде Ақ Көбек, Қара

Көбек деген екі мерген болған екен, олар елдің малын талай берген соң, бір қария оларға қарғыс айтып, содан ол екеуі «ак ит», «қара ит» болып кетіпті. Бірақ олардың кереметі сонша екен, отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын, оқ өтпейтін, қалпы темір болыпты». Бұл әрине, Ақ Көбек пен Қара Көбектің ерлігін әсірелеп айтқандық.

Ертедегі бақташылық тұрмыста бөрінің қасиетте болған бір себебі: бөрінің ат болатын құлынды жей бергендігінен. Атты қадірлеу бақташылық тұрмыстың ең күшті сарыны болса, ат болатын құлынды жей берген бөрі туралы жұрт аузында айтылған өлең, жыр өте көп. Бұрынғы ру қауымының кезінде жүйрік ат – ердің қанаты, оның жауынгерлік серігі тәрізді саналған. Бірақ ат болатын құлынды жей берген көк бөрі кезінде бақташылық жырынан орын алып, ерліктің бейнесіне айналған. Жүйрік ат, бөрі, ер жігіт туралы былай дейді: елсіз, күнсіз жапан түзде жүрген бір мерген келе жатып, бір «сұр қасқырға» жолығады. Жігіттің аузымен құс тістейтін жүйрік аты бар екен. Аш қасқыр тілге келіп: «Сен атыңды бер, мен жейін, екеуміз дос болайық», – дейді. Жігіт бөрінің бұл сөзіне жауап таба алмай, атын бөріге береді. Бөрі жігітті арқасына отырғызып, жорта жөнеледі. Бір мезгілде жігіт бір ханның ордасына кездеседі. Ол ханның албарында бір алтын жүген бар екен, жігіт сол алтын жүгенді алуға құмар болып, бөріден ақыл сұрайды».

Бұл ертегінің аялғысы бойынша, ер серігі жүйрік аттан гөрі ерліктің бейнесі көк бөріні артық санағандық сезіледі, көк бөрідей ер туған жігіт жұрт ардақтайтын, ең қадірлі саналатын болады. Оның үстіне халық аңыз бөріні ер жігіттің қарасы болған «алтын жүгенді» қалай алу туралы одан ақыл сұратады.

Ескі жырларды күш қажырдың бейнесі ретінде бөріні аңыз қылу сияқты, кейде жылан туралы да аңызды әңгімелер

көп жолығады. Ескі кездегі қазақ монғолдарға бұл аңыз ескі бабыл жұртындағы, шумер халқынан мирас болған сияқты. Марр мен Бартольдтың айтуынша, ескі шумерлердің салт-сана, тілінде болған ерекшеліктер Алтай мен Каспий арасын қоныстайтын елдердің тұрмысына өте ұқсас. Сондықтан біздің халық әдебиетімізде жыланның беріктік бейнесінде аңыз болып қалуы орынды сияқты. Ескі ертегі жыр, әңгімелердің айтуынша, бір кезде Бабыл қаласын жылан патшасы басқарып, ол қалаға жау кіргізбейтін болған екен. Қалаға жау кіргізбес үшін жылан патшасы қаланы денесімен орап алып күні түні бағып жатады-мыс. Сөйтіп бұл әңгіменің идеясы беріктік бейнесін таныту үшін Бабыл қаласына патша жыланға оратып, оған ешкімді бата алмайтын қылып көрсетеді.

Жыланды аңыз қылу ерте заманда ыстық жақта жыланның көптігінен, оның бар жәндікке қауіп-қатер келтіріп, одан күшті зат болуынан туған. Халық мифы оны адамды билейтін күш (стихия) деп есептеген. Адамның жаратылысқа бағыныпқы кезінде өз шамасы келмеген стихияны тегісімен күш иесі деп санап, соған еліктеген, ерлікті, зор күшті сипаттау үшін жаратылыста не нәрсе күшті болса, соны әсірелеп, алып күштің бейнесін сонымен көрсетпекші болған.

Ескі замандағы жылан туралы аңыз қазақ жырында, әсіресе Ер Төстік әңгімесінде көрнекті орын алады. Бұл жырдың айтуынша, бір кезде жылан патшасы «Барса келмес» аралындағы Қоңыр-сұлу деген қызға ғашық болады. Ол қыз бір жыланның қарауында екен. Ер Төстіктің әкесі көп керуенмен келе жатып, қыз іздеген жылан патшасына кез болады. Жылан патшасы Ер Төстіктің әкесін орап алып: «Ер Төстік деген балаңды қалдырсаң босатам, әйтпесе

босатпаймын», – дейді. Әкесі не істерін білмей, Ер Төстікті жылан патшасына кепілге қалдырып, өзі кете береді, онымен бір жағынан, баласы қиындықпен сынамақшы болады. Жылан патшасы Ер Төстікті алып қалып, «Барса келмес» аралына жіберіп «айдаһардың қолындағы Қоңыр-сұлуды әкеп бер», – дейді. Ер Төстік «Барса келмес» аралына барып, айдаһармен соғысып, жеңіп, Қоңыр-сұлуды алып қайтады.

Жыланды беріктік бейнесі түрінде айтылу қай жұрттың халық әдебиетінде болса да кездеседі, бірақ олардың ішінде бұл көбінесе шумер заманынан қалған дүниеге көз қарасын, сарыны екенің көрсетеді. Одан басқа бұл ертеkte Арал теңізінің өз стихиясынан туған тарихи – шаруашылық шындықта бар. Тарихи мағлұматтарға қарағанда Арал теңізінің жыланы ерте заманда халықтың мал бағуына өте қауіпті болған.

XVIII ғасырдың соңынан былай қарай бұрынғы қауіпті жыландар азайып, халықтың мал бағуына қауіп-қатер азая бастайды. Халық бұл кезде жыланның азайғанын «Бұхарадағы атақты әулие Қожа Ахрардың дауасымен болды, әйтпесе, «Барса келмес» аралының жыланы маңындағы халықтан түк қоймайтын еді», – деп, аңыз қылады.

Сөйтіп, бәрі қазақтың ертегі-әңгімелерінде ерліктің, адаспаудың түспалы ретінде айтылса, оған қарсы жылан аңыз жаумен алысудың белгісін көрсетіп, стихия күшті женудің түрінде айтылады. Әңгімелер мәдениеттің ескі бесігі болған жұрттардың бәрінде бар. Оның ескі қазақ қауымында да айтылуы мұхит алабын мекендейтін жұрттарына қазақ елінің де мұхит ертегісін айта білгендігін көрсетеді.

Осы күнге дейін қазақ халқы айтатын су астындағы «жылан патша» ертегісі көбінесе ескі бабыл, мысыр, грек жұрттары сияқты, мәдениеті бай, мұхит жайлайтын жұрттардың ертегі жырларында көп жолығады.

Халық жырында эпикалы бейне болған нәрсенің бірі – құс, оның ішінде көбінесе аққу, қаз, бүркіт, көк жемдет, бидайық, тұйғын. Бүркіт, аққу – ескі қазақ руларына қасиетті болған (тотем) жануарлар, сондықтан аққуды культке айналдырып, атқызбай, өлтірмей, «киелі» деп санайтын. Бүркіт жайында аңыз, ертегі-әңгімелер, әсіресе ескі шумер, үнді, грек жұрттарында көп кездеседі. Сол елдерде айтылатын (мысалы, гректерде) бүркіт туралы ертегі қазақ халқында да айтылады. Оның үстіне, бүркітті қасиеттеу, ырым қылу Орал-Алтай алабын мекендейтін бақташы руларда бұрыннан келе жатқан аңыз. Алайда, бүркіт аңшылығы қазақ өміріндегі дағдылы істің бірі болғандықтан, бүркіт аңызы теңіз жайлайтын гректердің қиялындағы бүркіттен басқаша тәрізді. Ескі гректер бүркітті қиялмен жырласа, қазақта бүркітті түз құсы, аспанның қыраны деп, оның өз қасиеттерін, шаруаға пайдалы жағын, аңшылықтың көркі екенін жырлаған. Қазақтың ертегі-жырларында құс тәңірісі қып көрсетілетіннің бірі көк жемдет. Көк жемдеттің бейнесі басқа жұрттардың халық әдебиетінде кездеспейді. Мұхит, теңіз жайлайтын жұрттар, су стихиясымен байланысқан жайын, алыптардың өмірін қандай қызықты аңызбен жырласа, ең далада тіршілік жасаған бақташы елдер де аспанның қыран құстарын сонша әсерлеп жырлап, ардақтаған ерін, солардың бейнесімен айтатын болады. Түз стихиясымен байланысты жырдың бірі «Көк жемдет», халық жырында оның бейнесі мына түрде сипатталады.

Көк жендет, тұғырын алтын, маржан баулы,  
Тұрушы ең ағаш үйде асыраулы.  
Күнінде отыз үйрек, қырық қаз іліп,  
Кеш болса, отырушы ең тояттаулы.  
Көк жендет құс ұшады тоғайды өрлеп,  
Тілейді шабығына үйрек бер деп.  
Кешке таман болғанда шарықтайды,  
Есіл менен Еділде мені көр деп...

Бүркітті қасиеттеу аңызымен байланысқан әңгіменің бірі – Қара мерген әңгімесі. Қара мерген жапан түзге аң аулауға шығып, таудағы бір жартастың үстінде тұрса, аспаннан сорғалаған ақ нық бүркіт оны адам бармас құздың ішіне көтеріп әкетіп, мергенді құз сенгірдің ішіне тастайды. Мерген көп уақыт не болғанын біле алмайды, ақыры бірнеше күннен кейін бұрынғыша аң аулап кете барады.

Халық жырларындағы сарынның бірі – баланы сынап, оны қарияның төзінен өткізу салты ерте заманда грек жұртында да болған. Атақты жазушы Плутарх бір сөзінде жас жігітке кеңес беріп – сен қария адаммен сөйлесіп, эркашан оның кеңесінде бол. «Жұрт мақтайтын ер жігіт болғың келсе, қарияның тілін ал, бірақ, оның сағын сындырма», – дейді.

Алып ер, батыр жігітті ескі гректер де сүйген. Гомер кезіндегі ең сұлу әйел Алкменге Зевс қызығып, «осыдан батыр бала туады» деп, Олимп тауының басында жар шақырып, «Алкменді мен алдым», – дейді. Әйел екі қабат болып жүргенде одан алып туатынына жұрттың бәрі сенеді. Бірақ Зевстің бұрынғы әйелі Гера Зевске «Алкменмен жолдас болма» деп, оны антқа келтіреді. Аз уақыттың ішінде Алкмен босанып, одан атақты Геракл туып, кейін оның «Геркулес» деген аты әлемге жайылады. Гераклдің бала күндегі ерлігін сынау үшін Зевс оған садақ аттырып үйретеді, ол оны

атақты садақшы Евертке қосып қояды. Күресіп үйренсін деп Герместің «Абтолик» деген баласына балуанға қосады. Қобыз тартып үйренсін деп Апполонға қосады.

Бала баулу, баланың ерлігін, батырлығын ояту патриархал қауымының жұртшылық ісінің бірі. Бұрын халық ортасында ардақты ат алған аға батырлар кейінгі жастарға үлгі болып, жұртшылық тілегі бойынша, олар да «сондай болсақ» деген талпынуда болады. Егер жұрт сүйсінер ерлік істесе, олар жұрт аузында «ер», «алып», «батыр» деген атақ алып, ақындардың аузында жыр болып отырады.

Қауым салты бойынша, жау жүрек, алғыр ой, ер жігіт баулып өсіру ол кездегі жұртшылықтың ұлы тілегі болған. Біздегі эпос жырларының негізгі сарыны көбінесе осы.

Қорқыттан кейін қыпшақ заманында баланы сынағанда, оны бұрынғыдай ерлік (Ер Төстік) айта қалғандай, іс қылатын жағынан ғана емес, ақыл, тоқтамдылық, сөз тапқыш, шешендік жағынан сынайды. Бұл ретте ел танытып, жер танытып, ыстық пен суықты, ащы мен тұщыны таныту үшін, атақты кемеңгер Жиренше мен баласын ел қыдыртып жүреді. Ол кездегі жұртшылықтың ел қорғаны ерге қоятын сыны: «Жеті қыр астың ба, жеті жұрттың тілін білдің бе, жеті жалмауыздың басын кестің бе?» – дейтін. Жиренше шешен баласына жат жерді көрсеткенде, көбінесе, осы принципті негіз қып ұстайды. Оның үстіне Жиренше шешен тек өз баласын ғана емес, өзгелердің балаларын да сынайды. Қошқар ұлы Жәнібек өз бетінше сыниан өту үшін қаракерей соқыр Абызға барып, одан шешендік үйренеді, не Кіші жүз Тайған биге барып, ақыл сұрайды. Бұл туралы халық аузында мынадай әңгіме бар:



– Бұрынғы уақыттың шешені, билері, бір жақта білімді, кәрі құлақ ақылды адам болса, соны іздеп барып, содан ақыл сұрап келетін.

Жырдың көбі жас жігіттің қалай туып, оны қалай тәрбиелеп өсіруден басталады. Мәселен, Қыз Жібекті іздеуге аттанарда Төлеген артында қалып бара жатқан Сансызбайға былай дейді:

Мен кеткен соң, қарағым,  
Кемпір-шалға не бол.  
Ақылмен ойлап іс қылғын,  
Сөзімді тыңда, қарағым.  
Алып қойдым саған деп,  
Ат-тұрман, сауыт-жарағын,  
Олай-бұлай боп кетсем,  
Алды-артыңа қарағын.  
Көк бурыл тұлпар атың бар,  
Биыл құнан, былтыр тай,  
Мінетұғын бес атан,  
Шырағым саған сайма-сай.  
Алтын балдақ, ақ семсер,  
Саған арнап соқтырып  
Салдырып қойдым сандыққа  
Аш беліңе ілгейсің.  
Талап қылып әр іске  
Теңіңмен ойнап күлгейсің.  
Жеткіншегім, Сансызбай,  
Жақсылыққа жанасып,  
Жұрт қадірін білгейсің.  
Бадана көзді кіреуке,  
Саған арнап соқтырып  
Қалдырып кеттім бумада.

Оны үстіңе кигейсің...  
Алтынды сауыт көбені,  
Жау дегенде жайнатып,  
Толғамалап қолына ал  
Қозы жауырын жебені.  
Сапар шегіп жол жүрсен,  
Жолдасын жауға алдырмас  
Басшы қылғын Шегені.

Алып туған бала мен ананың қасиеті «Күн астында Күнікей» деген жырда анық айтылған. Бұл жыр (ертегі) бір ғана асқаралы алып күшті суреттеген емес, мұнда жұртшылықтың әлеуметтік сарыны көп, ерлік тұрмыстың сұлу үні, күшті сезімі байқалады. «Күн астында Күнікей» қазақ жырында айтылатын қасиетті ананың бейнесі. Оның жалғыз баласы мен он шақты есіксінен басқа дәнненесі болмайды. Баласы киік аулап жүріп, күндердің бір күнінде алтын мүйіз әдемі киік көреді. Бала бұл киікті күн сайын кездестіріп, қызық көріп, шешесіне келіп айтады. «Осы алтын мүйіз шұбар киікті ұстап ханға апарсам, хан маған сыйлық берер ме еді?» – дейді. Шешесі: «Ұстай алсаң алып бара ғой, хан құр қалдырмас», – дейді.

Бала киікті ұстап ханға алып келеді. Бірақ ханның сыншы уәзірі ханға тоқтау салып, баланың киігін алдырмайды. Хан уәзірдің айтуы бойынша: «Бұл киіктің өзінен басқа астына қоятын тұғыры болады, оның екі жағында екі қанаты болады. Екі қанатының бірі – алтын суына, екіншісі – күміс суына малынған болсын, соны тауып әкел, сонда сыйлық берейін, ал таба алмасаң, басыңды аламын», – дейді. Бұл әңгіменің негізгі идеясы – жұртшылық ордасының тірегі

және оның ордабасар тұғыры болатын жас баланы – келешектің батырын сыннан өткізіп сынау. Мұндағы киіктің астына қоятын тұғыр – қауымның жұртты (орда) басқаратын тірегі, алып батыр мен ақылды ердің өз бейнесін мезгеп айтқандық. Ондай жұртшылық тұғыры болатын ақылды ер, алып жігітті іздеп табу әсіресе ананың міндеті. Сондықтан баласымен көпке үмітті болған Күнікейдей ана жұртшылық тілегін орындау үшін ақылды ердің ишарасы болған алтын тұғырды іздеп түзге шығып кетеді. Тұғыр іздеп әлдеқайда бір жерлерге келсе, бір топ киік жайылып жүр екен, ол топ киіктің аржағында «жердің жыртығын жамап» бір кемпір отырады. Күнікей кемпірге келіп, жұмысының мән-жайын айтады.

Халық әңгімесінің идеясы бойынша, бұл «жердің жыртығын жамап отырған» кемпір жұртшылыққа қорған болған талай кеменгер жігіт келтірген ұлы ананың қасында жайылып жүрген киіктер – оның тәрбиесіндегі жас әйелдердің бейнесі, солардай жас әйелдің бірі Күнікей, алып ер тапқан ұлы анаға келіп өнеге үйренеді. Жұртшылық тұғырын қалай іздеп табудың ақылын сұрайды. Қарт ана Күнікейге айтады: «Мысыр шаһарының бержағында бір шебер бар, киіктің астына төсейтін тұғырды бір жасаса сол жасар». Кемпірдің бұл жауабы: «Жұрт қорғаны алып бала табуға кемел анадан басқа ұлы шебер атаның да рөлі керек», – деп ишаралатады. Ел қорғаны ерді ардақтап өскен қазақ халқы оның идеялық сарынын өзінің ертегі, жырларында өте нәзік, ишара түрде сипаттайды. Халық әдебиеті шығармаларының осы сияқты мазмұнына қарағанда, ел қорғау, бала тәрбиелеу бұрынғы қазақ қауымының үлкен көңіл бөлген ісінің бірі болған. Қазақтың ерлік жырының мазмұны бойынша, олардың ескі дәуірде бала баулу, ат сынау істерінде ескі

гректердің спорттарына ұқсас жерлері өте көп. Патриархал-ру дәуіріндегі қазақ қауымының әлеуметтік тілегі бойынша, жұрт қорғаны ұл тапқан әйелдер (Күнсұлу, Айбарша, Күнікей, Қобыландының шешесі Аналық, т.б.) ардақты саналып, баласыз әйелдер «жезтырнақ», «мыстан кемпір», «жалмауыз кемпір» деген сияқты сүйкімсіз бейнеде суреттеледі.

Алтын сақа ертегісінде жалмауыз кемпір баласы жоқтықтан жұрт көзінде қадірі болмай «жалмауыз» аталып баланы арман қылғандықтан біреудің баласына жармасады. Бұл жалмауыз кемпірге қарсы алып тапқан аналар «құба інген», «ару-ана» сипатында аңыз етіледі. Жалмауыз кемпір дайым ару-ананың бала тапқанын күндеп, әр қашан оның баласын аңдиды, кейде құба інгеннің ару-ананың өзін ұстап алып, несіне жібермей қояды, «баланы берсең ғана босатамын, әйтпесе босатпаймын» деп шарт қояды (Ер Төстік).

Кейде жалмауыз кемпірдің жас кезіндегі бейнесі халықтың ертегі әңгімесінде «жезтырнақ» түрінде сипатталады. Халық әңгімесіндегі миф түрде айтылатын «жезтырнақ» көбінесе орманды жерді (Сібір) қоныстаған түрік, моңғол елдерінің қияли әңгімесі. Бірақ олай болса да оның туу бастағы шындығы адам бейнесінен туган. «Жезтырнақ» аталған зат бұрынғы көшпелі елдер ортасында қалған жас әйелдерге берілетін. Бара-бара ондай әйелдің типі «жезтырнақ» аталып, мифқа айналады. Бала таппаған әйелдерді ұнатпаушылық қазақ-моңғол жұртына белгілі нәрсе. Екінші жағынан, жезтырнақ, жалмауыз кемпір әңгімелері ерте заманда жаратылыс стихиясы байланысып, Сібірдегі бұрынғы қалың орманды мекен қылған жұрттардың жаратылысты қиял көзімен қарап тануынан да тууы мүмкін. Бұрынғы қалың

орман ішін қоныс қылған ескі түрік-моңғол жұртының кезінде жаратылыс стихиясы бір алуан жұмбақ түрінде көрініп, халық оны өзінше әр алуан ертегі, қиял әңгімеге айналады. Жезтырнақ, жалмауыз кемпір ертегілері ерте заманнан Сібір өлкесін қоныс қылған жұрттардың бәрінде бар. Оның ішінде жезтырнақ ертегісін көп айтатындар: ойрат, жакут, бурят, тағы басқа халықтар. Қазақ ертегілерінде жезтырнақ мергендермен алысады. Айсұлу, Күнікей сияқты ару әйелдердің қарсы бейнесі – осы жезтырнақ. Ол алып ер туатын аналар қатарына қосыла алмай, бала табуға жаратылысы кем болған дәнеқұс әйелдер сияқты. Баланы күш – қуат санаған жұртшылыққа бұл сияқты әйелдер жексұрын көрінеді. Бара-бара мұндай әйелдер жағымсыз сипатта көрсетіліп, олардың жасы жезтырнақ, кәрісі жалмауыз кемпір, мыстан кемпір бейнесінде сипатталады. Қысқасы, бұлар бара-бара халық кезіне жауыздық бейнесіне айналған.

Қазақтың ертегі-жырындағы мыстан кемпірдің өмірінде екінші бала таба алмайтындығы, іздейтіні жас әйелдің қасиеті ер жігітпен бір қосылып – ұл табуды арман қылу. Сондықтан қазақ халқының ертегі-жырында мыстан кемпір көбінесе жас қыз, жас жігіт арасында болып, кейде жас жігітке қастық істеп отырады. Сүйіскен жастардың қосылуына бөгет жасап, оларға не түрлі сұмдық істер дайындайды. Мысалы, кемпір көбінесе бектің, ханның қыздарын күзетіп, соларға жағымды болады. Жас жігітке дәумен, жезтырнақпен алысқаннан да мыстан кемпір бағатын хан қызына жолығу анағұрлым қиын. Өзге нәрсені жеңген жас жігітке мыстан кемпірді жеңу қазақ жырында үлкен қиындықтың бірі. «Ай астындағы Айбарша» әңгімесіндегі мыстан кемпірдің қолындағы Айбаршаны

алып шығу үшін сүйген жігіті тоғыз қақпадан өтіп, ең соңғы есікте мыстан кемпірді күзетеді. Мыстан кемпір еш уақытта ұйықтамайды, қолына жігіт түссе күзетшіге ұстап береді. Сондықтан жігіт өзі бара алмай, «Айбаршаны әкеліп бер» деп Қыран қарақшыға жалынады.

Мыстан кемпірдің амалын табатын бір ғана Қыран қарақшы. Бұған қарағанда, мыстан кемпірдің бейнесі бұрынғы жалмауыз кемпірдің бейнесінен біраз басқаланып, бергі феодализмге айналған дәуірде Сырдария, Үргеніші маңында болған жырларда көбірек жолығатын тәрізді («Алпамыс», «Мұңлық-Зарлық»). Бұл кемпірді жеңу үшін бұрынғы алып ер, аңғал батырдан көрі көбінесе әлеуметтік тұрмысы өзгерісімен байланысқан «қырандық» амал керек. Ру қоғамы дәуіріндегі алып батыр («Алпамыс»), мықты мерген бұған дәлелі істей алмайды. Өйткені бұл кезде ру демократиясы ыдырап, Мыстан кемпір феодал шаруасының құл белгісіне айнала бастаған. Сондықтан «дәу», «жезтырнақ», «жалмауыз кемпірді» жеңген алып ерлер енді қыраннан көмек сұрайды. Бұл, әрине, Энгельс айтқандай, ру қоғамының іргесі бұзылып, әлеумет тіршілігі енді жаңа түрге айналғанын көрсететін.

**Ер серігі жұбай.** Батырлар жырларында жұртшылық сарынының бірі жұбайылық мәселесі деген едік. Бұл мәселе ру дәуірінің басынан кешірген қай жұрттың болса да халық жырларында кездеседі. Энгельстің айтуынша, ескі гректердің батырлық ру дәуірінде әйел еркіндігі айрықша орын алып, күйеуге шықпаған қыздар өз сезімдерінің еркін қожасы болған. Бұл сықылды, әрбір жас әйелдің қағусыз, еркін болуы ескі қазақ руларында да күшті болған.

Ол кезде, феодализм заманындағыдай, әйелдерді қысып ұстау я әлеумет тіршілігіне арластырмау болған. Өйткені ру жұртшылығын қорғау үшін жас жігіт қандай керек болса, жас әйел де сондай керек болатын. Қазақстан халық жырларынан көбінесе әйел еркіндігі, әйелдің ерлік істері батырлармен қатар суреттеліп, кейде тіпті артықша да көрінеді, мысалы, Ақжүніс, Баян сұлу, Қыз Жібек, Құралай сұлу, Күнсұлу, Айбарша, Күнікей, тағы басқалар. Еркелей өскен Назым қыз далала жолыққан Қамбар батырға:

Қайрылмай қайда барасың,  
Қан сүйекті, Қамбар-ау,  
Қабағы қатып шаршапты,  
Қара атының койнында  
Өкпе бауыр жал бар-ау.  
Арызыма менің құлақ сал,  
Ақылың болса, аңғар-ау.  
Ақ төсімің үстінде  
Жан тимеген жай бар ау.  
Шөлдесең сусын ішсеңші,  
Біздің үйге түссеңші.  
Жатып-тұрып кетуге  
Күткендей бізде жай бар-ау  
Мойныңды бері бұрсайшы,  
Құшақтасып екеуміз,  
Көріселік, тұрсайшы.  
Алпыс үйлі арыңға  
Асықпасаң барарсың,  
Алыс емес бізден ол.  
Мың қойлы байдың баласын

Ізіме басқан алмаймын,  
Бекзатым менің көңілім сол  
—деп, наз қылып бар сырын жайып салады.

Әйел еркіндігін ашық көрсететін жырдың бірі Алпамыс жыры. Бұл жырда айтылатын Баршын қыз да қауымы ардақтаған көңілді жастардың бірі болғандықтан Қаражан сияқты қалмақтың батырына өз еркімен жауап қайтарады:

Қырық күншілік байраққа  
Атым шыққан Баршынмын,  
Байраққа басын қояйын,  
Мініп бедеу желгенге,  
Армансыз дәурен сүргенге,  
Өзім соған тиемін,  
Қырық күншілік байрақтан  
Аты озып келгенге.  
Зерді тоным киемін  
Қай қызылбас демеймін,  
Қай бір қалмақ демеймін,  
Хан – қараңа айтып бар,  
Өзім соған тиемін...

Қалмақ, қазақ демей, тек ер туған жігіт болса, соған шығамын дегені ру демократиясы кезіндегі әйел еркіндігінің күші екенін көрсетеді.

Феодализмге айналған дәуірде әйел бұрынғы ру демократиясы тұсындағы ер көңілді еркіндігінен айрылып, тұрмыстың күніне айналады. Энгельстің айтуынша, бұл кездегі мәдениеттің жұбайлық туралы шығарғаны, бір жағынан, жұбайына сенбеу болса, екінші жағынан, жез өкшелік қосылады.

Батырлар жырларында ер жігіт өзінің ерлік істеріне қандай еркін болса, ер серігі де ерікті, жұртшылыққа қадірі болған. Батырлар жырларындағы әйелдердің салты: жұбайының жан күйер серігі болу, ерлік пен сүйюді қоса ұстау, ата-ана

қалдырған жұбайлық жарғысын өмірінің айшығындай мықты ұстау. Сондықтан, ел қорғауға кеткен Қобыланды батырды Құртқадай саналы ару неше жыл бойы күтіп, ол үшін өмірін өксітеді. Қобыланды жаудан қайтып келгенде аңсаған Құртқа:

Дүниедегі інкәрім,  
Екі саулық, бір тоқты,  
Бағар айда қырқарым –

деп Қобыландыға сағынған жүрегін білдіреді.

Тарғыннан Ақжүністі айырып алғалы келген Қарт Қожаққа Ақжүніс қайырылмайтынын айтып, Тарғынға деген сүйіспеншілігін мызғымас берік екенін білдіреді:

Алпыс беске келгенде  
Сақал, мұртын қуарып,  
Бойға біткен тамырдың  
Бәрі бірдей суалып,  
Алайын деп тұрмысыз  
Мені көріп қуанып  
Өлтірсең де тимеймін,  
Тамақ берсең, жемеймін,  
Бұрын батыр болсаң да  
Сенің басың бұл күнде  
Жерде жатқан қу тезек...

Сөйтіп, ару әйел мен жас жігіттің арасындағы жұбайлық жарғысы – екі жастың біріне-бірінің сүйіспеншілігі мүлтіксіз таза болушылық халық жырларынан айқын көрінеді. Бұған Қозы мен Баянның, Төлеген мен Жібектің, Еңлік пен Кебектің өмірлері мысал бола алады. Жұбайлық махаббат екі жастың өмірлік сенім-нанымы болғандықтан, бірінің көрген соққысына (трагедиясына) бірі ортақ болып, бірі үшін бірі жанын қиюға ерікті болады (Қозы Көрпеш пен Баян, Еңлік пен Кебек).

Жан күйер досынан айрылған Баян сұлу бар трагедияны көп ішінде жалғыз өзі көтеріп, өзінен басқадан жұбану таба алмайды. Қатыгез, сараң Қарабай мен тасмойын Қодар оның көзіне-зұлымдық болып, Қозысыз өмірді қараң көріп, ақыры Баян өзін өзі өлтіреді. Бозжігіт жырындағы Қарашаш сұлу да осы сияқты. О да жақсы көрген досы Бозжігітті әкесі өлтірткенде, оған қатты наразылық білдіріп, әкесі жасаған тойға, атастырған күйеуді көруге бармай, Бозжігіттің басын құшып жоқтайды:

Кеуден жатыр былғанып,  
Аяқ-қолың шұлғанып,  
Кебінің жоқ, көрің жоқ,  
Жерде жатар ер ме едің?  
Құмға былғап шашыңды,  
Көзден шыққан жасыңды  
Жерге ағызар ер ме едің?  
Гаухар басың иленіп,  
Алтын тәнің былғанып,  
Дарға асылар ер ме едің?  
Қаракаттай көздерің,  
Қызыл гаухар жүздерің  
Бал шекердей сөздерің,  
Бір көруге зар болдым...

Бозжігітті жоқтап қайғы-зардың күйігімен ең соңында өзі-өзі өлтіреді. Бозұғлан аңда жүргенде, қызылбас жұртынан Қалдар ханы алып кеткен Көрұғлының женгесі неше жылдай жау қолында тұрып, Бозұғландай жарын сағынады. Көрұғлы іздеп барғанда, жау қолынан босана алмаған мұның шағып жұбайына сенімнің кепілі ретінде Бозұғланға бір қыз беріп жібереді.

Аман-есен ел-жұртыңды көргейсің,  
Көп кешкпей мені іздеп келгейсің,

Қыз екен деп көңілімді бұрсаныз,  
Бозұғандай нағашыма бергейсің,  
Нардай белі нағашының бүгілді,  
Мен кеткенде қабырғасы сөгілді,  
Апарып бер осы қызды қолына.  
Өзін бұған аудармайық көңілді...

Жауға аттанып бара жатқан Қобыланды батырға әйелі  
Құртқа жұбайлық махаббатының мәңгі берік екенін  
білдіреді:

Арыстаным, жауға сен жөнелсең,  
Жұбайым бар деп мені еске алсаң,  
Сұлтаным сонда мені ізде,  
Табысайық махшарла...

Құламергеннің әйелі Алтыншашты Мыстан кемпір алып  
кеткенде, Алтыншаш «кепіл қыздың» орнын «сүйіспеншілік  
белгі» ретінде жүзігін жібереді. Жүзік арқылы жұбайнан  
алыста жатқан серігі екенін білдіреді.

Алтыншаш жау қолында қалғанын аңда жүрген мергенге  
білдіру үшін жүзікті баласынан беріп жібереді, «осы жүзікті  
энеге апарып бер, бұл жүзік оның қолына тисе, кемпірден  
құтыламыз», – дейді.

Жүзік бұл жерде, біріншіден жұбайлық сенімінің  
нишарасы болса, екіншіден, Алтыншаштың бейнесін және  
ер бала табатын жас әйелдің қасиетін аңғарады. Бұл қасиет  
бала таппайтын мыстан кемпірде жоқ. Кемпірдің іздейтіні  
қашанда осы қасиет, не ер жігіт. Оның өміріндегі арманы  
ер туғызу, ер ұл тауып жұрт алдында мақтану, ол үшін  
мергенмен жолығып, оны өз айтқанына көндіру. Міне осы  
ретте кемпір ару әйелдің жауыз күндесі болып, ер жігіт  
пен жас әйелдің жұбайлық жарғысын бұзғысы келеді, қолы  
жетпейтін мергенге, алып ерге жауыздық істемекші болады.

Ер Төстік жырында ер балаға құмар болған Жалмауыз  
кемпір құба інген ұстап алып, иесіне қайтармайды, иесі  
Ерназарды бірге ұстап, көп уақыт зарықтырады.

Ерназар:

Ағарған сақал-шашым бар,  
Қартайып келген жасым бар,  
Тоғыз келін түсіріп,  
Жаңа ғана қызығын  
Көрейін деп отырмын, қоя бер:  
Тоғыз келін түсіріп.  
Елдей көшіп келгенмін,  
Толып жатқан жасаудан,  
Тойғанша беремін қоя бер!  
Оған разы болмасаң,  
Тоғай толған қойың бар,  
Босат мені шешетай:  
Оған разы болмасаң,  
Матау болған түйем бар,  
Соған түгел не бол,  
Қоя бер мені шешетай.  
Өріс толған жылқыам бар,  
Жұмыртқадай астығы,  
Желектерін желбіретіп,  
Жаңа түсіп отырған  
Сегіз ару келінім бар,  
Олар да болсын сенікі,  
Бір әділ жан менікі,  
Жібере көр шешеке.  
Сегізнен бір дара.  
Ақылы өскен дария.  
Кіші келінім Кенжекей,  
О да болсын сенікі.  
Бір әділ жан менікі.  
Сойылдай сегіз ұлым бар,  
Менде қандай құның бар.  
О да болсын сенікі,  
Бір әділ жан менікі.  
Жібере көр шешеке.

Кыз екен деп көңілімді бұрсаныз,  
Бозұғандай нағашына бергейсін,  
Нардай белі нағашынның бүгілді,  
Мен кеткенде қабырғасы сөгілді,  
Апарып бер осы қызды қолына.  
Өзін бұған аудармайық көңілді...

Жауға аттанып бара жатқан Қобыланды батырға әйелі Құртқа жұбайлық махаббатының мәңгі берік екенін білдіреді:

Арыстаным, жауға сен жөнелсең,  
Жұбайым бар деп мені еске алсаң,  
Сұлтаным сонда мені ізде,  
Табысайық махшарда...

Құламергеннің әйелі Алтыншашты Мыстан кемпір алып кеткенде, Алтыншаш «кепіл қыздың» орнын «сүйіспеншілік белгі» ретінде жүзігін жібереді. Жүзік арқылы жұбайынан алыста жатқан серігі екенін білдіреді.

Алтыншаш жау қолында қалғанын аңда жүрген мергенге білдіру үшін жүзікті баласынан беріп жібереді, «осы жүзікті әкене апарып бер, бұл жүзік оның қолына тисе, кемпірден құтыламыз», – дейді.

Жүзік бұл жерде, біріншіден жұбайлық сенімінің ишарасы болса, екіншіден, Алтыншаштың бейнесін және ер бала табатын жас әйелдің қасиетін аңғарады. Бұл қасиет бала таппайтын мыстан кемпірде жоқ. Кемпірдің іздейтіні қашанда осы қасиет, не ер жігіт. Оның өміріндегі арманы ер туғызу, ер ұл тауып жұрт алдында мақтану, ол үшін мергенмен жолығып, оны өз айтқанына көндіру. Міне осы ретте кемпір ару әйелдің жауыз күндесі болып, ер жігіт пен жас әйелдің жұбайлық жарғысын бұзғысы келеді, қолы жетпейтін мергенге, алып ерге жауыздық істемекші болады.

Ер Төстік жырында ер балаға құмар болған Жалмауыз кемпір құба інген ұстап алып, иесіне қайтармайды, иесі Ерназарды бірге ұстап, көп уақыт зарықтырады.

Ерназар:

Ағарған сақал-шашым бар,  
Қартайып келген жасым бар,  
Тоғыз келін түсіріп,  
Жаңа ғана қызығын  
Көрейін деп отырмын, қоя бер:  
Тоғыз келін түсіріп,  
Елдей көшіп келгенмін,  
Толып жатқан жасаудан,  
Тойғанша беремін қоя бер!  
Оған разы болмасаң,  
Тоғай толған қойым бар,  
Босат мені шешетай:  
Оған разы болмасаң,  
Матуу болған түйем бар,  
Соған түгел не бол,  
Қоя бер мені шешетай.  
Өріс толған жылқым бар,  
Жұмыртқадай ақтығы,  
Желектерін желбіретіп,  
Жаңа түсіп отырған  
Сегіз ару келінім бар,  
Олар да болсын сенікі,  
Бір әділ жан менікі,  
Жібере көр шешеке.  
Сегізінен бір дара,  
Ақылы өскен дария,  
Кіші келінім Кенжекей,  
О да болсын сенікі,  
Бір әділ жан менікі,  
Соғылмай сегіз ұлым бар,  
Менде қандай құнын бар,  
О да болсын сенікі,  
Бір әділ жан менікі,  
Жібере көр шешеке.

Жалмауыз кемпір ешқашанда ырза болмайды, ақыры қысылған Ерназар айтады:

Сегізінен бір бөлек,  
Жалғызымда қуатым,  
Жаяуымда қиятым,  
Ер Төстік ең кенжем,  
О да болсын сенікі...

Кемпір күлімсіреп босатып жібереді. «Балаңды қалай бересің?» – дегенде, Ерназар: «Менің қалтамда Ер Төстіктің садақтың ұшын шығаратын егеуі бар, ол онсыз жүре алмайды. Мен соны осы араға тастап кетейін, іздеп келер сонда ұстап аларсың», – дейді. Ер Төстіктің зайыбы үйде отырып, мұның бәрін біліп отырады.

Міне, бұл жырдағы құба інген, жоғарыда айтқандай, жақсы ананың ишарасы болса, «алмас егеу», «алтын сақа» алып ердің бала күндегі ишарасы. Қызықты бала күн «алтын сақа» бейнесінде айтылса, ер болатын бала «алтын егеу» бейнесінде айтылған.

Аламан мерген (Құламерген) жапанда анда жүргенде, оның Қарашаштай жұбайын мыстан кемпір азғырып, «сен жапан түзде құба болып жүргенше, қызығы, тойы көп, елдің жиын жеріне бар, ханға қосыл», – дейді. Қарашаш опасыздық істен азады. Кемпір ханның ордасынан перу келтіріп, Қарашашты зорлап алып кетеді. Мерген Қарашашты іздеп барса, әдейі ханның қолында болады. Мерген ханның ордасын шауып, Қарашашты қайырып алады. Бірақ әйелін қайырып алған Мергеннің көңілі жай таппайды. Оқиғаның себебін білмек болып, Қарашаштың қылығын әкесіне айтады. Әкесі қызын кінәлі деп тауып, бұл қыздың кемпірге азғырылып ханға кетуі ол кездегі жұртшылық көзіне ерсі. «Бұл қызымды

өлтір де, кіші қызымды ал» деп төрелік береді. Жұбайылық сенімді берік ұстау Қорқыт, Ер Төстік жырларының ақыл түйіні. Бұл сенімді шын мағынасында берік ұстау үшін Ер Төстік жырында Кенжекей жалмауыз кемпірге қарсы құрал ретінде болат кездіктің сабын Ер Төстіктің жүрегіне тіреп, үш жағын өзіне тіреп қояды. «Қозғалмайық, қозғалсақ екеумізде жарыламыз», – дейді. Мұнда болат кездіктің ұшын Кенжекейдің өз жүрегіне тіреп қоюы жұбайлық сенімнің ең күшті серті болып, қызбен жігіт арасындағы махаббат өте берік екендігін көрсетеді. Оның бер жағында, ұрпақты болу қауымның негізгі бір тілегі болғандықтан, Ер Төстік пен Кенжекейдің іздейтін кездігі – сол ұрпақты, балалы болудың бір нысанасы. Ер Төстік садақтың ұшын шығаратын егеуін іздеп қайтуды ойланғанда, Кенжекей бұл кезде құба інгенді қайытып, «не Төстік өлген күні ботала, не Төстік келді» деген күні ботала деп серт қылады, өзі он екі құлаш торқамен белін мықтап тартып, «не Төстік өлді деген күні шешіп, не Төстік келді деген күні шешем» деп өзіне-өзі серт береді. Таза ұрпақ, ер бала табу үшін сезімін берік ұстап, Төстіктің аман-есен келуін күтеді. Жігіт пен қыз арасында болған сүйіспеншілік достықтың күшті екенін көрсетеді.

Халық жырларындағы қызықты суреттің бірі ару әйелдің сыртқы пішіні, кескін-келбеті, мінез-құлқы, адамшылық қасиеті, тағы басқа түрлі ерекшеліктері. Бұл жөнде алдымен көзге түсетін Қыз Жібектің мүсіні.

Қыз іздеген Қаршыға мен Төлеген ұзын көл бойы талай суретті көздерінен өткізіп, ең соңында Қыз Жібектің күймесіне келеді. Қаршыға Қыз Жібекті Төлегенге көрсету үшін күймесінің сыртынан келіп өлең айтады. Жібек Қаршыға сияқты сыншыға көрінбей қалуын ерсі



көріп, күймесінің қақпасын ашып жарқ етіп, амандасып, күймесін қайта жабады. Қыз Жібектің адамшылық қасиеті осы алғашқы кездескен жердің өзінен ақ байқалады, оны байқайтын Қаршыға:

Ұядан ұшқан балапан  
Қанаттарын тарайды,  
Асыл туған анадан,  
Әрбір іске жарайды...  
Данышпан адам дүниенің  
Парасатын қарайды...

Жырдың әсіресе көп тоқтайтыны Қыз Жібектің сыртқы мүсіні:

Қыз Жібектің бұл кезде  
Жаһаннан асқан сәулеті,  
Ләйлі, Мәжнүн болмаса  
Өзгеден артық келбеті,  
Алтын шашбыу шашында,  
Қыз Жібектің дидары –  
Қоғалы көлдің құрағы.  
Көз сипатын қарасам,  
Хор қызының шырағы.  
Қыз Жібектің ақтығы  
Наурыздың ақша қарындай,  
Екі беттің ажары  
Жазғы түскен сағымдай.  
Білегінің мүсіні  
Айбалтаның жұмыр сабындай...  
Екі ауыз сөз сөйлескен  
Мұратына жеткендей.  
Өзі түгіл Жібектің  
Өлігіне адам қырылып  
Бетінен келіп өпкендей...  
Сол уақытты қарасаң,  
Қыз Жібектің дидарын  
Нұр шетінен ішкендей,  
Қыз Жібектің екпіні  
Пейіштен самал ескендей...

Қыз Жібектің толықсыған сәулеті күн нұрынан қиылған пішін мен салыстырып, жаратылыстағы ең сұлу затпен салыстырып суреттеледі. Сонымен қатар, Қыз Жібектің мүсіні тұрмыстағы қарапайым нәрсемен салыстырылып суреттеледі. Бұл теңеулер көркемдігі жағынан қара дүрсін байырғы теңеулер болса да эстетикалық (сұлулық) сезім беру жағынан әсері де жоқ емес. Ондай теңеулердің Қыз Жібектің сипатын толықтыруға да маңызы бар. Қыз Жібектің анасы да сол ретте суреттеледі:

Сексен түйе қомдаған,  
Сексенін де болмаған,  
Сексен түйе үстінде  
Алтынды жағдай арнаған,  
Көркі раушан бақшадай,  
Қартайса да ілгері  
Әлгі қыздың салдығы...  
Асылдай болып есіліп,  
Нұрдай болып шайқалып,  
Ақ маңдайы жарқырап,  
Алтынды кебіс сартылдап  
Көпті тартып барады  
Жібектің тапқан шешесі...

Жанак ақынның Баян сұлуды сипауы:  
Тал шыбықтай бұралған өзі көркем,  
Мінекей оны айтатын келді жерім:  
Қыпша бел, алма мойын сұлу баян,  
Жаннан асқан ол бір серім.  
Тал бойынан міні жоқ, қалың шашты,  
Шашының қалыңдығы тізін басты,  
Гүл төгілер аузынан күлімдесе,  
Ондай жан дүниеге жаралмасты.  
Аппақ көрік маңдайы, қылығы наз,  
Малың түгіл басыңды берсең де аз.  
Сыртынан күлімсіреп сөйлесе де  
Көңілі қош келмейді, баймен араз.

Жұрт айтатын темірлі күймесі бар,  
Қозы Көрпеш дегенде дүниесі тар.  
Анда – санда болмаса сөйлеспейді.  
Жалғыз жатып Қозы үшін қылады зар.  
Қас асыл бойы жетті, алтын кірпік,  
Шақырып Қодар келсе үйтіп – бүйтіп,  
Қара көзін қан басып қарағанда,  
Маңыма жолай алмайды Қодар үркіп...

Баян сұлудың бұл келбеті ерте замандағы ел қиялында болған жақсы әйелдің бір мүсіні екенін көрсетіп, Баянның ақылды, дана, ерінің адал серігі, махаббаттың сәулесі, ару әйел екенін білдіреді.

Баян сұлу сияқты ару әйелдің бірі – Қобыланды батырдың әйелі Құртқа. Құртқа қыздың сынын естемес екі ауыз сөзбен былай дейді:

Үндемейсің қыз Құртқа,  
Әйел болдың амал не,  
Ертеде еркек болғанда,  
Болар ең тұтқа бір жұртқа...

Халық жырларында айтылатын Ақжүніс, Айсұлу, Қарлығаш, Сұлушаш, Гүлханыс, Қараөлек, Гүлбаршын тағы сол сияқты арулардың сипаты да Баян сұлу, Қыз Жібек, Құртқалардың сипатына ұқсайды. Бұлардың ішінде, әсіресе Құртқа мен Қараөлек алдағыны болжап отыратын ақылгөй, дана әйелдердің бейнесінде суреттеледі.

Тарихи мағлұматтарға қарағанда, ер туған ару әйелдердің бір сыпырасы қоңырат (қият-манғыт), арғын (қыпшақ), найман руларынан шыққан көрінеді. Атақты ғалым Рашиддиннің айтуынша, қоңыраттың қыздары өр, сұлу болғандықтан, Шыңғысханның балалары қызды ығи қоңырат (қият) руынан алады екен. Осыған орай, белгілі Құртқа, Гүлбаршын, Ақжүніс, Қарлығаш, Жібектердің

қият руынан екені байқалады. Мұның бір мысалы үшін Қобыланды жырынан мына сөздерді келтіруге болады:

Қияттан шыққан қолқанат  
Асыл туған қыз Құртқа...  
Қараспан тауын жайлаған  
Біздің қият көп қыпшақ...

**Ер серігі ат.** Батырлар жырларындағы негізгі сарынның бірі ер серігі – ат жайында болады. Бала баулу, әйел тәрбиелеу ол кездегі жұртшылықтың күшті бір тілегі болса, ат баптау, ат сынау, ат күту де сондай сарынның бірі. Ел-жұртты жаудан қорғау үшін әскери күш қандай керек болса, жел жетпейтін жүйрік, айшылық жолды алты аттайтын тұлнар да сондай керек болған. Ол күнде жүйрік ат жігіттің сенімді серігі, ұшса қанаты боп есептелген. Сондықтан ескі заманда казак рулары балаға, бір жағынан, садақ атқызып, жақ тартқызып үйретсе, екінші жағынан, ат сынатып үйретеді. Серігі болған жақсы атты сынап үйренген жас жігіт, мысалы, Орақ, Жанай, Наурызбай сол кезде халық аузында әңгіме болып, дәріпті саналатын. Жүйрік атты сынап білу әр жігіттің салты сияқты болған.

Ел әңгімелерінің айтуынша, ерте заманда сыншы Аққоян деген батыр болыпты. Аққоян бір шалдың баласы екен. Олардың, мал дегенде жалғыз ала шалақ биесі болыпты. Бір күні бие құлындар кезде, бала биені күзетіп отырса, биеден алтын жал, күміс құйрық бір құлын туылады. Ертесіне бала биені далаға алып шығып, жайып, құлынды ауздандырмақ болғанда, аспаннан бір құс келіп құлынды көтеріп алып кетеді. Аққоян құсты садақ пен атқанда, бірдене сылдырап жерге түседі. Барып қарса, құлынның құйрығы екен. Аққоян құлыннан айрылып қатты қайғыланады. Әкесінен рұқсат

алып бала құлынды іздемек болады. Құлынды іздемек болған соң, әкесі баласына темір етік пен темір таяқ соқтырып береді. Бала алтын жал, күміс құйрық, құлынды іздеп, жаяу тау кезіп, су кешіп, түзге шығып кетеді. Ақырында тұлпар туған құлынды іздей - іздей темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей де қалмайды. Сөйтіп ат болатын тұлпар құлынды іздеп, Бала мерген қаншама қиыншылыққа ұшырап, азапқа түседі. Құлынды тәрбиелеп, «өзіме серік төл болатын ат қылсам» – деп армандайды. Жүйрік ат ол кездегі ел қиялының негізгі сарының бірі болғандықтан, жырларда ол әсірелене суреттеліп, «дүлділ», «тұлпар», «Аққоян ертегісі», «көкдауыл», «керқоян» деген сияқты бейнеде сипатталады.

Ат ердің серігі, ерліктің меззеуі болғаны моңғол-қазақ жырларының бәрінде де кездеседі. Бұл сарын моңғол халқы айтатын Ер сайын әңгімелерінде де кездеседі.

Бұрынғы заманда «Ер Сайын» (Ерін Сайын) деген ер болыпты. Алтайға барып алпыс екі садақ тартыпты. Ат үстінде келе жатып алдынан шыққан аңды алдынан атып, артынан шыққан аңды артынан атыпты. Бір кезде жылқыдағы бөрте бие тоғыз елі құлағы бар, салпы ерін («ерінгі», биеті, үйсінгі, шекті») құлын тауыпты. Ер Сайын қуанып үйіне келеді. Шешесі Ер Сайынның неге қуанғанын сұрайды.

Ер Сайын құла бие құлындап, тоғыз елі құлағы бар құлын тапқанына қуанғанын айтады. Шешесі «қарағым, ол сен үшін туған құлын екен, түтікпен асырап ат қып мінерсің», – дейді. Бір күні Ер Сайын аңнан қайтып келсе, анасы ойға түсіп отыр екен. Анасы «бір нәрсеге дерттімін, оны табу үшін тоқсан жылдық жолы бар кара маңғыттың жүрегін әкелу

керек, сол жүректі жесем жазыламын», – дейді. Ер Сайын кара маңғыттың жүрегін іздеп, жылдық жолды бір ай жүріп, айлық жолды бір күн жүріп, шығыста тұратын кара маңғытты іздейді. Келе жатып Ер Сайын кара орманға кездесіп, одан өте алмайды. Сол кезде атқа тіл бітіп «садағынды тарт сол кезде өтесің», – дейді. Ер Сайын садағын тартады, сол кезде кесіліп орманнан жол ашылады. Тағы да келе жатып үлкен теңізге жолығады. «Бұдан қалай өтемін?» – дегенде, аты «менің құйрығымнан бір тал қыл жұлып алып, теңізге сал да көпір бол де, содан кейін өтесің», – дейді.

Ер Сайын әңгімесінің кейбір түрлерінде Ер Сайын Құбақан атына отырып, құба таудың басынан жер шалып, күй тартып отырады. Міне, ат ер серігі болғанын көрсететін мысалдың бірі осы.

«Көрұғлы» жырында жүйрік атқа құмар болған жас бала, Көрұғлы бір айғырдың қасиетіне жеңгесін көруге ерік беріп, кер биеді Қалдар ханның Қайратына жолықтырады. Жеңгесі «айғырдың иесі сенің жауың, ол бізге қастық істер» – десе де, жалынш болмай, Қалдар ханға «бір тұқым алайық», – дейді:

Ақ бетіннен бір сүйгізсең нең кетеді,  
Кер биемнен бір құлын алып қалайын...

Бірақ, жеңгесін жау көтеріп алып кетеді, кер бие буаз болады.

Бір кезде:

Күні жетіп бір күні  
Кер бие бір күн толғатты,  
Ішіндегі жануар  
Шығара алмай қайратты,  
От отамай, су ішпей  
Ешбір тыным алмайды.  
Отыз күндей дөнбектің  
Демалыссыздан аунатты,

Шыдай алмай Көрүглы  
Аяңдап үйге барыпты,  
Өткір алмас канжарын  
Қолына батыр алыпты:  
Құлыншағым – жазым боп  
Тұншығып өліп кетер деп  
Жұқа шаштың тұсынан  
Канжарды тура салмапты.  
Қиған қамыс құласты,  
От орындай тұяқты  
Шыға келді жануар  
Бейне бір тұлпар сияқты.  
Ойлағаны болған соң,  
Батырға енді не керек,  
Тауып алды бір көк ала қыратты<sup>12</sup>...

Көрүглы құлынды жас баладай мәпелеп өсіреді:

Құндакқа орап қыратты  
Жас балаға ұқсатып,  
Қолынан тамақ жегізді.  
Күні – түні қосақтап,  
Бір өзіне қыраттын  
Жүз биені емізді.  
Тәрбиелеп, бағумен  
Көрген адам қарасты.  
Дөненді де үйретті,  
Жібек арқан сүйретті  
Бейне бір пырақ атындай.  
Салған тұрман жарасты...

Қиырат Көрүгланнның ойлағанындай, аузымен құс тістейтін, жел жетпес жүйрік болады. Ескі уақытта атты қалай өсіріп, қадірлегендік осы Көрүглының атынан ерекше көрінеді.

Батырлар жырларында жақсы аттың бір сипаты Ер Тарғынның Боз тарланы. Бұл аттың сипаты Тарғынның өз сөзімен суреттейді:

Таудан асқан тұлпарым,  
От орындай тұяғым,  
Омыртқаң бар отаудай,

Мен жаурынына қарасам,  
Сыпыра жатқан тақтадай.  
Құйрығына болайын  
Қынаптан шыққан канжардай.  
Жалыңа сенің болайын  
Күлтелеген жібектей.  
Шықшытына болайын  
Оралып жатқан түбектей.  
Құлағына болайын  
Көлге біткен құрақтай.  
Екі көзіңе болайын  
Жаққан Қорқыт шырақтай.  
Омырауына болайын  
Шыққан Еділ аңғардай...

Боз тарланның жауға шабардағы мүсінін Ер Тарғын былай дейді:

Тұлпар туған тарланым  
Телміре қыйқу таялса,  
Қара терге боялса,  
Найза бойы жер келсе,  
Жай отындай жалтаңдап  
Түсер жерін қарамас.  
Айналайын тарланым,  
Билер мінген бедеуге  
Сен тұрғанда бармадым.  
Қырдан қыйқу тігілсе  
Жалғыз сені қармадым.  
Қыялай кықу болғанда,  
Қара тұман болғанда,  
Сені мен еді дәрменім...

Ал, Боз тарланды қалай тәрбиелегені туралы былай дейді:

Құлын емдім, тай емдім,  
Құнан жаста арда емдім,  
Дөненінде үйреттім.  
Алты қабат ала арқан  
Жібектен өріп үйреттім.  
Бес жасына келгенде

Бие қызығын көрсін деп,  
Бес бедеуге салдырттым.  
Жеті жасқа келгенде,  
Жер дүңкілей желенде  
Дұшпан көзі қорықты.  
От ормандай тұяқтым,  
Омыртқаң бар отаудай.  
Жауырының бар тактайдай...

Нәріктің шұбар тұлпар үшін Тама ішіндегі інісі Есіммен жауласатыны, Үргенішке келгенде Әли бимен ұтасатыны белгілі. Жырдың айтуынша, шұбар тұлпар дөненінде «тұлпар» атын алып жұрт аузына ілігеді. Оның сұлулығына, жүйріктігіне ешбір тұлпар шақ келмейді. Ат құмарлар шұбар тұлпардың басын жылқының терісінен тіккен ыдыс толы алтынға бағалайды. Асығып бара жатқан дұшпанның өзі де шұбар тұлпарға көзін салмай таңданбай кетпейді:

Шұбар тұлпар сығайдан,  
Енесі болған құмайдан,  
Қызыл шақа күнінде  
Бала қылып Гүлханым  
Бауырына басқан бір жайдан.  
Ақ емшегін емізіп,  
Пістегін дәнін жегізіп,  
Тайдан құлын шыққан соң,  
Мал боламын дегізіп,  
Алтыннан кемқап жапқызып,  
Тұяғы тасқа тиер деп,  
Күмістен таға қақтырып,  
Қаранғы үйде тұрғызбай  
Қырық күн шырақ жапқызып,  
Ернектің қолы «уу» дүр деп  
Қырық қызға жеке бапқызып...

(Өмірзақ ақынның айтуынан).

Міне, ер атының бір мүсіні шұбар тұлпар. Шұбар тұлпардың нақ қасиетін жеткізу үшін жыр оны Гүлханымға емізіп өсіріп, пістегін дәнімен асырады. Шұбар тұлпар

сәулетті ат болған кезде тағасын күмістен қақтырып, жабуына зерлі кемқап жапқызады. Шұбар тұлпарды адамша тәрбиелеп, күніне қырық қызға бақтырып, күндіз түні шырақ жақтырып қоятын болады.

Қамбардың Қара қасқа тұлпары күнде аңға мініп ығыр қылған соң кедейдің «жалғызы» ретінде сипатталады. Көк Орда кезінде ұлыс ішіндегі күйзелістен ел жүдеушілікке ұшырайды (XV ғ.). Бұл сүрең Қамбарға да, оның атына да әсер етеді. Батыр да, оның ауыл аймағы да аң аулап күнелтеді. Осы жағдайға қарай Қамбардың Қара қасқа тұлпарын жыр көбінесе күн көрушілік тұрмысқа үйлестіре суреттейді. Қасқа тұлпар кедейдің үстінен ері алынбайтын жалғыз ретінде көрсетіледі:

Қара қасқа тұлпардың  
Қаптауын жазды да  
Байлады менің жем беріп,  
Аяғына салғаны  
Оқтығы таза күдері.  
Көрген жан қайран қалады,  
Тиегі күміс шідерлі.  
Тебінгілік кені жоқ,  
Терісі болып жарғақтай  
Арқыратып әбден жүдейді.  
Қабағы қардай жабылып  
Ертелі – кеш шабылып,  
Мінісі кетті анда да  
Ауық – ауық шабылып,  
Тұяғы тасқа қағылып,  
Шомылып терге жүдейді.  
Жатқызып жалын постамен  
Құйрығын тарап сүзеді...

Қобыландының Тайбурылы қазақ жырында алпауыт сымды аттың бірі. Тайбурылды Құртқа «баласындай» күтеді:

Ақ бармақ пен жемдеген,  
Ауырса жеммен емдеген,  
Өзінен басқа көрмеген,  
Өзінен басқа білмеген,  
Бағып тұрған баласын  
Өзі әйелдің данасы,  
Тұлпар туған буырылдың  
Қырық үш күні кем деген.  
Терекке басын байлаған,  
Шығырлық атып ойнаған  
Бурылды сұлу көреді,  
Бұландаған Құртқаны,  
Тай бурыл анық біледі.  
Анасын танып Тайбурыл  
Теректегі шылбырын  
Жұлып алып жөнелді...

Сөйтіп кеткен бурылды Құртқа Қобыландының алдынан алып шығады:

Түтікпенен су ішкен,  
Түндікпен күн көрген,  
Төрте тұрған бурылдың  
Басын шешіп алады.  
Тай бурыл атты жетелеп,  
Қобыландыдай бөрінің  
Бұландаған қыз Құртқа  
Алдынан кетіп барады,  
Бурыл емес көк дөнен,  
Туғаннан жеді май еден,  
Туғалы торды қармаған,  
Түндіктен шыққан Тайбурыл  
Айдалаға шыққан соң,  
Түлкідей көзі жайнайды,  
Көлденең жеткен көк тасты  
Сұлы гой деп шайнайды,  
Он екі құлаш арқанмен  
Атылып бурыл ойнайды...

Құртқадан «студы» деп әлпештеген Тайбурыл ерке өскен бұлаң жігіт тәрізді. Тайбурылдың Құртқа аруды көргенде ойнақтауы баланың анасына еркелейтіні сияқты.

Тайбурылдың жауға шабардағы суреті.

Әйт, жануар, шу деді.  
Аршындап бурыл күледі.  
Тау мен тасты білмеді,  
Табаны жерге тимеді,  
Көлденең жатқан көк тасты  
Тіктеп тиген тұяғы  
Сөз балшықтай іледі...  
Жаңбырдай тері сіркіреп,  
Жауған күндей күркіреп  
Қар суындай тасады.  
Қоғалының қалы көл,  
Жекендің желі көл,  
Сенгір-сенгір таулардан,  
Секіріп бурыл жөнелді.  
Қараша емес қауыс-ты,  
Қоңырлатып дауысты  
Шалқайып ұшқан қоңыр қаз  
Тозаңынан адасты,  
Күн төбеден аумай-ақ  
Түзеді бурыл шабысты...

Қарт Көжектің қасқа азбанының сипаты:

Ертеңнен шапса кешке озған,  
Төскейден шапса ерте озған  
Томаға көзді қасқа азбан,  
Біткен сүйек далақтың,  
Сауырсын бедеу сылантып,  
Дүлділдей жалы суылдап,  
Құйрығы құйылдай шумлдап...

(Өмірзақ ақынның айтуынан)

Кенжекей Ер Төстікке Шалқұйрықты былай сынап береді:

Алты аяқты ала атым  
Қулық бие құлыны,  
Табаныннан тас батса,  
Маңдайыңнан күн өтсе,

Жеті күнге жарамас,  
Ер аты деп таңдадым  
Ер – Тұрман әбзелін,  
Ертеден байлап сайлады  
Төстік, саған ариядым,  
Жабы емес, қазанит,  
Ер серігі қолқанат,  
Шалқұйрықты мін, Төстік...

Алпамыстың Байшұбарының суреті:

Омырауы есіктей,  
Мойын еті есіктей  
Талдан өрген жібектей,  
Кекілі сұлу Байшұбар.  
Базардағы мақпалдай  
Сымбаты сұлу жануар.  
Ойға тіккен ордадай,  
Сауырыны сұлу жануар  
Қыйған қамыс қаламдай  
Құлағы сұлу жануар...

Қыз Жібек жырында Төлегеннің Көк жорғасының мүсіні:

Тұлпардан туған Көр жорға ат  
Аузынан көбік шашады.  
Жер тарпынып жануар  
Ауыздықты басады.  
Өмілдірік сом алтын  
Омырауда олжылдап,  
Солқылдайды кара жер.  
Көк жорға ат басса былқылдап...

Мұнда халық жыры Көк жорға аттың тайпалған жүрісін толқынмен дәл түсуі сонша, одан Аузыналы бидің ырғағы естілгендей болады. Бұл әрине, ақынның шеберлігін және өз жағдайында атты, ерді қадірлей білген бақташы қауымның жайын да көрсетеді.

Ертегі жырларда ердің аты адам мінезінде суреттеліп, қысылтаянда ақыл айтып, жөн тауып қатерден құтқарады. Бұл әрине, бұрынғы кезде ат – ер-жігіттің серігі, мықты қаруы сияқты болғанын көрсетеді. Ер Төстік жылқыдан Жалқұйрықты ұстап әкел деп біреуді жіберсе, Жалқұйрық оны алдына келсе тістеп, артына келсе теуіп, маңына дарытпайды. Ер Төстік өзі барғанда Жалқұйрық жүгенге басын өзі ұсынады. Ер Төстік егеуін іздеп жатқанда, Жалқұйрық тілге келіп, «егеу жалмауыз кемпірде, одан алу қиын, мен бетегеден биік, жусаннан аласа болайын, сол кезде егеуді ала жөнел», – дейді. Алпамыстың Байшұбары несіне қастық ойлаған мыстан кемпірді қасына келгенде теуіп, тістеп, маңына жуытпайды. Құбығыл батыр үйде аңдаусызда отырғанда, Қатан батыр келіп оны байлап тастап, қарындасын ала қашады. Бұл кезде Құбығылдың аты қасына келіп хабар белгісін білдіреді. Көбікті ханның Тарлан аты жылқыға жау тигенін біліп үйдегі несіне қашып барады:

Жауды біліп Тарлан ат  
Құйрығын құстай тарады,  
Шекесінен қарады,  
Бауырынан жарады,  
Әуеге қарап есінеп,  
Ием бе деп кісінеп,  
Жау екенін білген соң,  
Сыртына құйрық салады  
Қайта айналып қалаға  
Тарлан ат қашып барады...

Ертегі-жырларда аттардың мінезі көбінесе осы сияқты сипатталады. Тілге келіп сөйлемесе де несін танып, түсінуі, несімен сыр-мінез болуы белгілі нәрсе. Сенімді сыр-мінез аты болған соң батырлар, белгілі жағдайда атымен мұндасады. Мысалы, Ер Тарғын мертiгiн жатып атына мұнын шағады:

Айналайын Тарланым,  
Сенімен енді дәрменім  
Мінбей-түспей қажыдым,  
Арқанда тұрып арыдым,  
Алдына кеп бітсейші,  
Камысты көлдің құрағы,  
Суаратын балам жоқ,  
Тәңірі қылды, шарам жоқ  
Маңдайыннан ақса еді,  
Қара таудың бұлағы...

Құртқа Тайбурылдың бабы жетпегеніне налиды:

Үш ұшар ең аспанға,  
Бір ұшуың кем болды.  
Мен қайтейін Тайбурыл  
қырық үш күннің кемдігі...

Ер Төстік өліп жатқан Шалқұйрықтың басына отырып зар  
қылады:

Жалғыз өзім қос артып,

Жапан түзде жол тартып  
Жалмауызға шыққанда,  
Тіз бітті саған, Шалқұйрық,  
Жаяуымда қанат болған Шалқұйрық,  
Жалғызымда жолдас болған Шалқұйрық,  
Сасқанымда ақыл болған Шалқұйрық,  
Кеудеңде жаның бар шығар,  
Орыңнан тұршы Шалқұйрық...

Қобыланды Қазан қаласына ат қоярда, Тайбурылмен  
ақылдасады. Тайбурылдың құйрығын сүйіп тұрып:

Төрт күлдеп сокқан төбедей,  
Ескіден қалған көнедей,  
Той тармаған шегедей,  
Жаңылдың ба, Тайбурыл,  
Мінейін деп тұрғанда  
Анан Құртқа не деді,

Қыдыра жалды жылқыдан  
Бурыл қалмас деп еді.  
Үйдегі Құртқа жұбайым  
Тұлпар сені деушеді.

Ананның сөзін сынаймы,  
Қаса тұлпар ат болсын,  
«Тұлпарым бүгін қаршыға» – десе, Тайбурыл:  
Басыңды түзеп сал жолға,  
Қазанның сырлы қаласын,  
Намаздыгер өтгенше,  
Намаз шамға жеткенше,  
Түсірмесін көзіне,  
Көрсетпесін өзіне,  
Сүйіп мінген Бурылды...  
Бауыздап кет сол жерде...

деп, батырға серт беріп, «Қараманның қасында Тайбурылдан  
озатын ат жоқ» деген, Құртқаның сынынан дәл шығады.  
Сөйтіп, ерте заманда да атты қадірлеу жұртшылықтың аңыз-  
салты болғандықтан, ат та ер жігіт пен бірдей жырдан үлкен  
орын алған. Өйткені ел қорғау ісінде ердің маңызы қандай  
болса, ер қанаты аттың маңызы сондай болған. Сондықтан  
батыр мен қатар оны жорық атында мадақтай, әсіресе  
жырлаған.

Атты қадірлеу ескі қазақ руларында үйсін-қалың  
заманынан белгілі. Қытай жазушыларының айтуынша,  
қытайлар үйсіндерге жүйрік ат алуға жыл сайын барады  
екен. Кейде жүйрік аттарды құдалық ретімен де алады  
екен. Үйсіндер ертеден бақташы жұрт болғандықтан,  
жақсы тұқымды жылқы өсіре білген. VII-X ғасырларда  
Ташкент (Ферғана), Сырдария өлкесіндегі арғымақ аттар  
сол үйсін мен қалың жылқыларынан тараған сықылды.  
Қорқыт (қыпшақ) заманында оңдай тұқымды жылқыдан  
Қорұтпаның қайраты сияқты текежаумыт жүйріктер шыққан.



Боз тарлан, Тайбурыл, Каска азбан, Байшұбар, Төлегеннің Көк жорғасы сол тұқымды аттарға ұқсайды. Қазақтың ескі руларында, мысалы, қыпшақтарда, жылқы өсіру жайында 1334 жылдары Дешті Қыпшаққа саяхатпен келген араб жазушысы ибн-Баттута былай дейді: «Дешті Қыпшақтарда жылқы өте көп... Мысырда «ақал – тіс» деп аталатын аттар осы мемлекеттен барады... Дешті Қыпшақтың жылқысы сұлу, берік болғандықтан, оны Үндістан халқы да сатып алып отырады». Бұдан ескі қазақ руларында жылқыны (атты) қадірлеу, көбінесе, ел қорғау ісі мен байланысы да көрінеді. Өйткені ол заманда үйсін-қаңлы сияқты бақташы рулар тұрмысында ат әскери соғыстың негізгі құралы болып табылған.

Қытай тарихының айтуынша, үйсіндер қытай әскерімен, көбінесе, түнде соғысатын болған. Үйсін әскерлері түнгі соғысқа ақ боз ат мініп шығады. Ақ боз ат мініп шығып, түнде соғысып, қытай әскерін жеңе білгендіктен, ақ боз ат үйсіндердің көзіне керемет несіндей көрінген. Содан ақ боз ат олардың сактауышысындай болған. Бара-бара ақ боз ат аңыз әңгімеге, ертегі-жырға айналып, ел қорғайтын мезгеуі сияқты болады. Ақ боз ат бір кезде жау қолында қалдырмайтын түнгі «нысана» тәрізді саналса, бергі кезде адастырмай жөн болжатар жұлдызды «Ақ боз ат» деп атайтын болды. Бұрын жауды жеңіп қайтатын орданы «Алтын қазық», «Темір қазық», «Тірек» деп атаса, кейін адастырмайтын жұлдызды атайтын болады. Үйсіннің түнде жүретін шеруі (әскері) ол кезде «Үйсін сұлде», «Тоғыз жұлдыз» аталып, Ақ боз ат – олардың әскери күшінің белгісі болып көрінетін. Сөйтіп, ескі үйсіндер әскерлеріне ығни ақ боз ат мінгізіп, ақ боз аттың үстіне түнгі мағиға (сиқырға) айналғандықтан,

бергі кезде ақ боз ат қазақ – моңғол жырларында «Жұлдыз ертегісіне» айналады. «Ақ боз ат», «Алтын қазық», «Үйсін сұлде» деген ұғымдар бір кезде үйсіндердің әскери күшінің бейнесі саналып, әскери күш, қуат деген мағынада айтылған. Сол күштің ұлы тірегі «алтын қазық» бір кездегі қол бастаған ердің жұрт ардақтаған орны болатын. «Үйсін сұлде», «тоғыз тәңірі» деген сөздер – «Тоғыз алыптың» ел аузындағы ардақты аты болса, Ақ боз ат – олардың көмекші серігі, ел күшінің бейнесі болған. Бұл ұғымдар кейін екінші мағынаға ауысып, онымен енді планеталарды атайтын болады («Үйсін сұлде» туралы бурят ғалымы Бакиазаровтың кітабында).

Ескі заманның «Үйсін сұлде» ерінің орнына бергі заманда Шолпан мерген, Ай мергендер шығып, «Алтын қазық» орнына «Ақхан», «Тәңірі» деген ұғым жұмсалады. Ерді, алыпты аспан алыбына тенеу бұрынғы гректерде де болған. Сатурн, Уран деген планеталар бір кезде жаңағы айтқан «Үйсін сұлде», «Шолпан мерген», «Алтын қазық» сияқты алып ерлердің синонимі болатын. «Үйсін сұлде» – ескі үйсін-ғұндарда аспанның ардақтысы, алыбы, тәңірісі саналған сияқты. Уран да ескі гректердің алыбы, «тәңірісі» саналған. Гректердің ертегі, аңыз-әңгімелері бойынша, Уранның (Уран алып) денесінің бір бөлігін Кронос теңізіне тастағанда, теңіздің көбігінен Афродита (сұлулық тәңірісі) туады. Қазақ-моңғол жырларындағы Алангу аймен сүйісіп, одан Шыңғыс туады. Прометей от ұрлағаны үшін Зевс оны жазалап Кавказ тауына шегелесе, Шолпан мерген Ақ ханды Алтын қазықпен жерге бекітеді, не болмаса Айтолыс мерген Шады мергенді тасқа шегелеп тастайды.

Осыларға қарағанда, бергі батырлар жырларының мазмұнын үйсін-қаңлы кезіндегі әңгіме-жырлардың мазмұны әрі күші,

әрі терең екені байқалатын сияқты. Ескі үйсін-қаңлылардың тарихи тұрмысы қай жағынан болса да, бұрынғы ескі гректерге ұқсайтыны байқалады. Абылайдың «ақ боз аттын бір кісінің құнымен бірдей болсын, құралайдың көзінен атқан мергеннің құны екі кісінің құнымен бірдей болсын» дегені – үйсін-қаңлы заманынан қалған әскер символы боз ат пен ерлікті, мергенді қадірлегеннің дәлелі. Жылқы өсіруді қиял қылу, жылқыны қару-күштің бейнесі қып суреттей «Ер Төстік» («Манас») жырларының негізгі сарыны. Ескі үйсін-қаңлы дәуірінен қалған, бұл «Ер Төстік» әңгімесінде Ер Тарғын Төстіктің әкесі Токпанның (Ерназардың) жылқысы жауға өз бетімен шабатын болып, жүрген жерін жапырып, жолындағы жауды таптап отыратын болады.

Ат жауынгершіліктің, әскерліктің мезгеуі (символы) болғаны бұрынғы кезде жазылып қалған әңгіме-жырларда да тарихи әңгімелерде де жолығады. Тарихи мағлұматтардың айтуынша, ескі кездегі ғұн-үйсіндер соғысуды тілегенде, соғысардың алдында көп жігіт ақ боз атқа мініп, бақсыға барып, бал ашқызатын болған, бақсы жауырын жағып, бал ашып, жауырынға сызық «түсіп», боз аттар ойнақшыса, «соғысындар» – дейтін. Жауырынға сызық «түспей» ақ боз аттар пысыра берсе, жауға «шаппа, үйде жат», – дейді. Бұдан кейін соғыспайтын бейбітшілікті білдіру ақ боз аттын біреуін шідерлеп, жау келетін (ол кездегі жау көбінесе Қытай) жолдың үстіне қояды. Тұсаулы аттың қасында сарнап отырады. Бақсы (жырау) жау келгенде: «Шын (Қытай) халқының жараны атымызға тыныштық бер, атымызды оттатайық», – дейді. Онысы «біз соғыспаймыз, бізге, атымызға тыныштық бер» – дегені. Бейбітшілікті білдіру үшін атты тұсап қоядан

басқа Қытай ханына жарғақ беріп жіберіп «атымыз тұсаулы, жігітіміз жарғақсыз, бейбітпіз», – дейді.

«Ер Төстік» әңгімесінде Ер Төстік тоғыз ағасын, жау айдап кеткен тоқсан мың жылқысын іздеп бір жерге келсе, бір бөтен жерде байлаулы тұрған тоғыз ала айғыр мен тоғыз жарғақты көреді. Міне, бұл үйсін-қаңлы дәуірінен қалған ескі әңгімелерде келетін «ала айғыр» мен «ала жарғақ» жайында айтылатын сарындар да бұрынғы кездегі бөтен жерде (жау қолында) жүрген ер жігіттің күйі әрі-сәрі екенін, бұрынғы күшінде емес екенін білдіргендіктің белгісі.

Үйсіндердің бұл айтқан ерлік тұрмысы жылдан-жыл, айдан-ай өткен соң, Ер Төстік, Құламерген, Ақ хан (Ақ Көбек), Хан мерген, Айтолыс жырларын туғызады. Бірақ, бұл жырлар қазір біздің дәуірімізде ұмытылып, көбінесе ертегіге айналған.

Сөйтіп, ру қауымы дәуіріндегі ертегі-жырдың, ерлік-жырдың негізгі сарыны мына сияқты болғанын көреміз:

1) Жер-суды, ел-жұртты жаудан қорғау, жайлы қоныс, бейбітшілік тұрмысты арман ету;

2) Ел қорғаны ерді ардақтап, жастарды жасынан ерлікке баулып өсіру. Ердің ерлігін дәріптеп жұртқа, өнеге аңыз қылу, ердің ел сүйсінер ісін мадақтап, ертегі-жыр қылу;

3) Ер мен қол ұстасып, ел қамын жеген әйелді, ананы, ер-азаматтың жары жас әйелдерді қадірлеу, жауға, қорлыққа, жатқа, олжаға түсірмеу.

4) Ер қанаты, жорық қуаты атты ардақтау, ерге серік болар атты сынай, баптай, күте білу.

Бұл айтылғандарды мына жырдан көруге болады:

Ел қайғысын кім ашар,  
Үзенгісін тең басқан.  
Ақылы асқан ер ашар,  
Ағын су мен кең қоныс  
Бұлтсыз жасыл көк ашар.  
Ат көңілін кім ашар,  
Жал-құйрығын тараған,  
Сұлы менен сүт беріп,  
Күніне жеті қараған.  
Қадірлеп мінген ер асар,  
Ұл тілегін кім ашар  
Алдыңдағы асқары,  
Артындағы панасы,  
Пида қылған бір жанын  
Ата менен ана ашар...

#### Билер сөзі

Батырлар жырының бұл ұлы сарындары әлі ескірген жоқ, қайта бүгінгі заманымыздың ел қорғау жөніндегі негізгі тілегімен берік сабақтасып, жастарды ерлік рухта тәрбиелеуге әлі де үлкен қуат бере алады, бұрынғы батыр бабаларының айбынды ерлік салтын бұл күнде де үлгі тұтады.

### ИСЛАМ ДӘУІРІНЕН БҰРЫНҒЫ САХАРАДА АЙТЫЛҒАН ЭПОС ЖЫРДЫҢ СЛЕМДЕРІ

«Сахарада айтылатын эпос-жырдың тарихи өркендеп дамуы жоғарыда айтқан саяхат, ғұн, үйсін, қаңлы дәуірінен басталады», – деген едік. Бұл айтқан елдердің қауым құрған заманы біздің жыл санауымыздан бұрынғы V ғасырлар

мен осы заманның VI ғасырлар арасы. Бұлар өз дәуіріндегі тарихқа белгілі жұрттардан саналып, өздеріне лайық белгілі ерлік дәуірді басынан кешіргендіктен, қазақтың батырлар жырының, ертегі-мифінің шығуы да осы саяхат, үйсін-қаңлы, қыпшақ заманымен байланысады.

Қаңлылар – қазақ руларының ең ескісі және олардың түп атасы екені Оңтүстік Қазақстан (Шыршық, Арыс, Бадам) өлкесін қоныстайтын – қаңлылар ортасында әлі күнге шыршық әңгіме болып айтылады. Сондай әңгіменің бір түрі Қазанғап ақынның «Есім хан» деген жырында да келтірілген. Бұл туралы «Есім хан» жырында былай дейді: «Бір кезде моңғол елінің ханы өліп, кімді хан қоярын білмей, қатты дағдарыста болады. Сол кезде Темушиннің (Шыңғыстың) анасы самсаған сары қолдың алдына келіп, ақыл айтады. «Талабы бар ерлердің бәрі садақ тартсын, кімнің садағы сағымға байланса, соны хан қойыңдар», – дейді. Сол жерде талаптанған ерлердің бәрі де садақ тартуға түседі, бірақ ешбірі сағымға тоқтата алмайды. Сонда Темушиннің шешесі жұртқа: «Менің Темушин деген мерген балам ел-жұрттан безіп, тау ішінде аң аулап жүр, соны шақырып әкеліңдер, сағымға соның садағы тоқтар», – дейді. Белгіге жүзігін береді. Елдің атақты билері барып, Темушинді шақырады. Тау ішінде жалғыз жүрген Темушин алғашында «бармаймын», – десе де, шешесінің белгіге беріп жіберген жүзігін көрген соң, ойысып, бармақшы болады. Бірақ «мен жанды нәрсеге мініп бара алмаймын», – деп шарт қояды.

Тарихи дәуірлерде жасаған бұл елдердің сол ескі замандағы ертегі жыры мен жұртшылық салтымен бүгінге дейін сақталып келгені әсіресе үйсін мен қаңлылар.

Үйсін-қаңлылар дәуірі өз тұсында талай тарихи зат, бұйымдар, әр алуан қызықты әңгімелер туғызса да, олар ғасырлар бойы көмескіленіп, тек миф, ертегіге айналған.

Үйсін-қаңлылар дәуірінде жаратылыс стихиясына бағыну, отқа, аспанға табыну күшті орын алады. Сондықтан ол кездегі ерлік мифтердің мазмұны да көбінесе сол жаратылыс стихиясы, бақташылық тұрмыс төңірегінде болады. Жұрт ойласып, ағаштан арба жасатады. Темушинді апаруға қаңка арба жасаған кісі «қаңқалы» аталады. Бара-бара «қаңқалы» сөзі біраз өзгеріп, қаңлыға айналады, мәнісі – «арбаль» деген сөз. Арба істеген шебер жол-жөнекей аяғы мертігіп, жаяу келе жатқанда, Темушин: «Арба істеген осы ғой», – деп аяп, арбасына мінгізеді. Бүгінге дейін Қаңлы елінің аузында айтылатын: «Қаңлы елінде хан бар, көделі елде қаңлы бар», «Хан жоқ болса, қаңлыдан хан көтер», «Арбаға ханмен бірге мінгенбіз», – деген мәтелдер содан қалған. Қазанғап жыршының бұл келтірген аңыз-әңгімесі Қаңлы еліне ерте заманда өз алдына хандық құрғанын көрсетеді.

Үйсін, қаңлы, ғұн дәуірінен қалған ерлік жылдардың мазмұндары, әсіресе, Қытай тарихында көп жазылып отырған. Ғұн дәуіріндегі қытайлар ол кездегі мәдениетті жұрттың алды болып, олар үйсін, қаңлы, ғұн жұрттарымен жиі қарым-қатынаста болғандықтан, олар бұл айтқан жұрттардың ертегі-жырын, қария сөзін әрқашан жазып отырған.

Қытай тарихының айтуынша, ол кездегі үйсін, қаңлылар, ғұн өздерінің ел қорғайтын батыр, ерлерін, көбінесе, «Тәңірі» деп атайтын болған. «Тәңірі» деген мағынада жұмсалып, V-VI ғасырларда тобынан мықты затқа, көбінесе аспанға айналады.<sup>13</sup>

Үйсін, қаңлы дәуіріндегі ерлік жырға мазмұн болған бір әңгіме туралы Қытай тарихы былай деп жазады: «Үйсіндер ғұндармен аталас. Олардың ұлыс басқаратын биін (Тәңірісін) ғұндар өлтіріп, оның жетім қалған жас баласы жапан түзде жалғыз қалады. Баланы маса талап, жүдеп-жадап айдалада жатқанда, құстар кеп, қанатымен масаны қағып, бөрінің қаншығы кеп оған сүтін емізеді. Ғұндардың Тәңірісі оған қалып, баланы «киелі» деп, асырауға үйіне алдырады.

Бала ер жетіп, «көк бөрі» (ер, батыр) атын алғанда, ғұндардың Тәңірісі деп (ел басқарушысы), оны қол басы қояды. Бала соғыста талай ерлік көрсетіп, жұртты таң қалдырады. «Ғұнның Тәңірісі – керемет иесі», – деп, оның ел-жұртын өзіне беріп, бұрынғыдай соғыспайтын болады.

Қытай жұрты ғұндармен жауласқанда, үйсіндерге дейін елші жіберіп, оларды өзіне тартпақшы болады. Қытай әскер басшылары үйсіндерді өздеріне қаратып, Ферғана (Дабан), Иран, Бағдат өлкесіне жол ашып, олармен сауда-саттық жүргізуді ойлайды. Үйсіндердің Сыңшы деген бегіне қанша сыймен елші жіберіп, одан мың боз ат қалатын алады.

Үйсіннің жылқысы қытай әскерлерінің ерекше назарларын аударады. Боз ат мініп шыққан үйсіннің жігіттері Қытай көзіне «тәңірідей» көрінеді. Сондықтан қытай хандары үйсіннің бектеріне өздерінің қыздарын беріп, жақын болып, үйсін арқылы ғұн жұртын билемекші болады. Екінші жағынан, Қытайдан қыз алып, олармен қарым-қатынаста болу үйсін жұртының өркендеуіне зор әсер етеді. Үйсіннің бектері Қытайдан алған ханшыларына арнаулы үй (сарай) салдырып, қыс сол сарайды қыстап, жаз жайлауға шығатын болады. Қалада өскен қытай хандарының қызы үйсіндердің

көшпелі тұрмысына үйренбей, елін сағыныш қылады. Ылғи күріш, мейіз жеп өскен қытай хандарының қыздары «мекіре қатын» аталады. Бұлардың «мекіре» аталуы, бірінші, олардың денесі өте нәзік болғандықтан болса, екінші, үйсін көзіне олардың түрі мекіре балық сияқты көрінгендіктен болса керек.

Қазақтың ескі әңгімелерінде келетін бұл мекіре қатынды үйсіннің бектері ол заманда өзіне деп алса да, тарихи фактілерге карағанда, кейіннен басқа ағайындарына, не жылқышыларына беретін болады. Қытай хандары бұған намыстанып, үйсіндерге талай әскер жіберіп, қызын қайтарып алуға әрекет жасайды. Осы сияқты жағдайда болған қытай ханының бір қызы өлең жазып жібереді:

«Туганым елден айырып,  
Жат жұртқа мені жіберді.  
Аталы жұрт, арту ел», – деп  
Ханына үйсіннің мені берді.  
Жейтіні олардың – ет,  
Ішетіні – сүт,  
Тұратын орны – киіз үй,  
Мен сағынам елімді,  
Өртенді ішім от боным».

Бұл айтқан «мекіре қатыннан» туған үйсін бектерінің қыздары ол кезде Қытай жұртына барып оқу оқып, өнер үйренеді. «Ер бала нағашы жұртына барса, жібермей қояды», – деп, үйсін бектерінің қытай әйелінен туған қыздары Қытайдың астана қаласына барып, музыка үйренетін болған. Қытай үйсінге берген қыздарынан туған жиенін шығарып салғанда, «оның қасына көп кісі қосып беруші еді» – дейді.

Бергі кездегі бір ертегі әңгіме бойынша, осындай «мекіре қатынды» Асан қайғы да алып, бірақ, одан «бала тумай кеткен», – деседі. Бұл туралы әңгіме былай дейді: «Қытайдың Ежен ханы қазақ жұртына елші жіберіп, айғырмын кісінетпесін. Егер кісінетсе, қорадағы бием құлын тастайды», – дейді. Сонда Асан қайғы: «Ежен мұны не туралы айтқанын білейін», – деп, елден өтініп: «Маған екі жігіт ертіп, мылтық-сайман беріңдер. Мен мұны Ежен ханнан білейін», – дейді.

Жұрт Асанның айтқанын істейді. Асан қайғы Қытайға бара жатып, жол-жөнскей кездескен итті қырғызып отырады. Қытай жұрты оны біліп, Ежен ханға жеткізеді. Асан Ежен ханға барған соң, Ежен Асан қайғыдан итті неге қырдырғанын сұрайды. Асан қайғы айтады: «Бала күнімде қой бағып жүргенімде, мені көп қасқыр келіп қамады. Сонда ойдың да, қырдың да, қаланың да итін шақырдым, бірақ, бір де бір ит келіп, маған ара түспеді. Мен сол жерде ант ішіп, ит атаулыны қырармын деген едім, сол сертімді орындағаным». Ежен хан: «Қыпшақтың мидай сары даласында жүріп, айғай салған сенің даусыңды ит қалай естиді?» – дегенде, Асан: «Қоранызда тұрған биеніз далала жүрген айғырдың даусысын естігенде, кісінің даусын ит естімеуші ме еді?» – депті. Ежен оған жауап қайыра алмай, үндемепті.

Мұндағы тарихи шындық – Асан қайғының Ежен ханға барып жолығуы қазақ жұртының Әбілқайыр (Шайбани) ханның ордасынан бөлініп шыққан кезді баян қылғанын көрсетеді. Әбілқайыр ханнан Керей мен Жәнібек айрылып шығуы – қазақ тарихындағы белгілі уақиға. Сол уақиға кезінде Асан қайғының Жәнібек пен Керейді ертіп Қытайға барып, Моғолстаннан жер алуы – тарихта белгілі фактінің

бірі. Өңгіменің «Асан қайғы екі жігіт ертіп барды», – деуі – ол Асан қайғының қасында болған Жәнібек пен Керей екенін көрсетеді. Жолшыбай «ит қырып» отыруы — осы Жетісу бойында 1460 жылдары болған ұрыстың ертегі әңгімеге айналған түрі сияқты. Міне, осыдан Асан қайғы Ежен ханға: «Сен елдік көрсетпедің», – деп, оны түйрегені байқалады. Бірақ Ежен ханның бұл сөзі «сен бұрынғы қыпшақ дәуіріндегі әдетті ойлама, саған бұрынғыдай қыз бермейміз, елімнің тынышын кетірме» дегені (құлын салу).

Бірақ Ежен бұлай деп айтса да, үйсін-қаңлы дәуіріндегі әдет бойынша, Қытай ханының бір қызын Асан да алғаны – ақиқат. Бұл туралы аңыз-әңгімеде былай дейді: «Бір күні сәуегей кемпір Асанға келіп, мынадай аян береді: «Сенің талайыңа Суса ханның қызы кез болады. Асан қалайша дегенде: «Еділ мен Жайыққа қармақ сал, ұзын аққан кәрі Ертіске қармақ сал, осы өзендердің бірінен болмаса, бірінен кездеседі». Содан Асан Желмаяға мініп, желдіртіп, алгі өзендердің бәрін аралап жүргенде, іздеген қызы Ертіс суының басынан кездесіпті-міс. Сөйтіп, бұл «Суса ханның» қызы, «су перісінің төресі» дегені қытай ханының қызы болу керек. «Мекіре қатын» аталған бұл қытай қыздарының кепілі, әсіресе үйсін-қаңлы дәуірінен қалған ертегі-жырларда көп кездеседі.

Енді сол үйсін-қаңлы заманындағы ерлік жырларды қарастырайық.

## ЕР ТӨСТІК

Ең ескі дәуірде шыққан ерлік жырларынан бүгінге дейін сілемдері жүргендері – «Ер Төстік», «Хан мерген» (Шолпан мерген), «Құламерген», «Хан Бодай», «Аршы-Боршы», «Ақ

Көбек», «Ер Дотан», тағы сол сияқты бергі кезде ұмытылып, ертегіге айналған жырлар.

Бұлардың ішінде «Ер Төстік» ең ескі замандағы бақташылық жыры деуге болады. Өйткені, басқа жырларға қарағанда, «Ер Төстік» жырында қала тұрмысы, қолөнер кәсібінің мотивтері өте аз айтылады. Бұл жырда Ер Төстік найза алып қамалға шықпайды. Ол, көбінесе, бақташылық тұрмыстан қалған кәрі әңгіме, ерлік жырлар. Бұлардың аттары да заманның сондай ескілігін елестетерліктей. Бұл жырлар ғасырлар бойы талай өзгеріске түсіп, бұрынғы ерлік жыр қалпынан шығып, бергі кезде ертегі түрге айналған.

Ел аузында айтылып жүрген ерлік жырлар ғасырлар өткен сайын жыр түрі ұмытылып, қара сөзбен айтылатын ертегіге айналуы – тарихи нәрсе. Мәселен, XIV-XV ғасырлардың жырлары «Едіге» мен «Шораны» алсақ, олар да жыр түрінен шығуға айналып, ертегі бола бастаған. «Ер Төстік», «Шолпан мерген», «Арғы мерген», «Қара мерген» (Қарахан), «Ақ Көбек» сияқты бүгінде ертегіге айналған тарихи әңгімелер бір кезде ерлік жыры болған. Бұлар Қорқыт (қыпшақ) кезінде нәзік сезім күшейіп, лирика сарыны белең алудан бұрын айтылатын ерлік жырлары болатын. Және де ол кездегі айтылатын белгілі жырлардың көбі осы «Ер Төстік», «Хан мерген» жырларында бергі Қорқыт заманындай «қала», «шаһар», «қақпа», «кешен», «сарай», «алтын күйме» деген сөздер сирек жолығады. Не болмаса, Ер Төстік, жоғарыда айтқандай, қолына айбалта, болат сүңгі алып, жауға шауып, темір қақпалы қамал бұзбайды. Оның істейтіні – ескі грек балуандары тәрізді жаратылыс стихиясымен алысу, не аждаһамен, не жайылым тауып беру үшін мұзбен алысу, не

малға дамыл бермейтін жыртқыш аңдармен алысу болады. Ескі грек жырында ұлыс шаруасын қорғау үшін Тезей батыр неше алуан мақұлықтармен алысады. Мысалы, «Гидра» атты жеті басты айдаһар жұрттың малын тауысуға айналғаны атақты ер Гераклге естілгенде, Геракл неше жылдай оның соңына түсіп, ақырында, айдаһардың басын шауып өлтіреді. Айдаһардың шауып түсірілген басы қайта бітіп, Гераклді әбден қажытқанда, Геракл оны інісіне отқа жақтырады. Сол сияқты ескі қаңлы, қыпшақ әңгімесінде айтылатын Өкке құл, Қодар құл суат аршып, арық жүргізіп, су тауып берумен аты шығады. Ақ Көбек теңіздің мұзын аршып мал суартады. Хан мерген ылғи шүйгін өріс іздейді, соған биені бағуға апарып, мал бақтырады.

Ақ талайдың қасында  
Ақ отауын тіктіріп,  
Арқалық жонның басында  
Алалы малын қайрып,  
Хан жирен ат астында  
Алты жасар Хан мерген  
Уайымсыз жасады.

Бұл айтқан жырлар ерте замандағы (үйсің, қаңлы, қыпшақ жұртының) бақташылық жыры екені осы мысалдардан анық көрінеді. Ол кездегі жұртшылықтың тілегі – бір ғана аман-есен мал өсіріп, тек жаратылыс стихиясымен алысу. Бұл, әсіресе «Ер Төстік» жырында, Ер Төстік сегіз аяқты жирен айғырға мініп, тоқсан мың жылқының алдынан қобыз тартып, жер шолып отырады. Әңгіме былай басталады:

Ер Төстіктің әкесі Ерназардың елі бай болыпты, төрт түлігі сай болыпты, қора толған қойы болыпты, Ерназардың сегіз

ұлы болыпты. Содан бір жылы үлкен жұт болып, ел малын алысқа, отарға айдап кетіпті. Ерназардың сегіз ұлы малмен бірге кетіпті. Бір қыстық азығын алып, кемпір мен шал үйде қалыпты. Ерназардың сегіз ұлы сол кеткеннен хабарсыз кетеді. Айдан ай, жылдан жыл өтеді. Ерназардың азығы таусылады, ашығады, жеуге тамақ таппайды, орнынан тұруға әлдері әрең-әрең жетеді. Содан бір күні кемпір төсегінен тұрып, түндік ашып жүрсе, шаңырақтың күлдіреуішінде ілініп тұрған төстікті көріп қуанады. Ашығып жатқан шал мен кемпір төстікті асып жеп, әлденеді. Ұзамай, кемпір жүкті болып, бір ұл табады, оның атын «төстік жеген сон туды» деп, Төстік қояды.

Ер Төстіктің бұдан кейінгі әңгімесі «Қозы Көрпеш» жыры мен «Манас» жырына ұқсайды. Ер Төстік бір күні садақ атып, тарғақ қуып жүріп, өрмек тоқып отырған бір кемпірдің өрмегін үзіп кетеді, ертеңінде асық ойнап жүріп оның баласын өлтіреді. Кемпір Ер Төстікті қарғап: «Жүтермек, бүйтіп алас ұрғанша, қанғып кеткен сегіз ағанды іздеп тауып алсайшы», – дейді. Кемпірдің бұл сөзі Ер Төстікке ой түсіреді. Ер Төстік шешесіне келіп: «Ағаларым болды ма, жоқ па?» – деп сұрайды. Шешесі айтпай, жасырады. Бірақ Төстік шешесін еркіне қоймай, айтқызып, ағаларының болғанын біледі.

Одан кейін Ер Төстік ағаларын іздемекші болады. Кемпір мен шалға аң мен құстың етін қақтап, үйіп беріп, өзі жолға шығады. Беліне садақ байлайды, қолына темір таяқ алады, аяғына темір етік киіледі. Ай жүреді, жыл жүреді, талай жерді аралайды, шаршайды, қажиды. Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, алыстан сағым көтерген бел көрінеді: Келіп, белге шықса, анадайдан қарауытып жатқан қалың жылқыны көреді. Бұл ағалары бағып жүрген жылқы

екен. Жылқыға келіп, ағаларын көріп, қуанады. Ағалары жұттан қалған күрең биені бағып, он бір қос жылқы өсірген екен, соны айтады, бірақ ел-жұрттың қай жақта екенін біле алмай, сол келген жерінде тұра береді. Ер Төстік сегіз ағасымен бірге жылқыны айдап, еліне келеді. Балалары аман-есен келгеніне Ерназар той қылып, түйеден бура, жылқыдан айғыр, қойдан қошқар сояды. Той өткен соң балаларына қыз іздеп, тоғыз қызды бір атадан әпермекші болады. Күндерде бір күн Ерназар қыз іздеп жүріп бір үйге келсе, керегенің басында ілулі тұрған сегіз сырғаны көреді. Ерназар оны көріп қуанады, бірақ сырғаның біреуі жетіспегеніне қатты қамығады. Алайда, ол үйдің кемпірі кенже қызы Кенжекейді «тоғызыншы» деп көрсетеді. Ерназар ол үйге құда түсіп, Кенжекейді Ер Төстікке алып береді.

Сөйтін, мұндағы түйеден бура, жылқыдан айғыр, қойдан қошқар сою, не сырға белгісінен қыз көріп айттыру, ол – өте ескі заманда болған салт. Бұл салт Қорқыт әңгімесінде жиі кездеседі. «Ер Төстікті» ескі заманның әңгімесі қылатын – онда осы сияқты, тарихи салттың көптігі. Ерте замандағы мал сүбесінің, қоныстың, жер байлығының белгісі болған «төстік» сөзі не мергендікпен аның, құстың етін қақтап алатындық – ол ескі замандағы қауым тұрмысында болған салттың түрі екендігін көрсетеді. Жырдың айтуынша, Ер Төстік үйлі болған соң садақ ұшын шығаратын егеуін жоғалтады.

Бір күні Ер Төстік Шалқұйрық атына мініп, егеуін іздеп келе жатса, жолшыбай Шалқұйрыққа тіл бітіп, егеу жалмауыз кемпірдің қолында екенін айтады. Бір уақытта Ер Төстік кемпірдің қасына келгенде, Шалқұйрық бетегеден биік, жусаннан аласа болады. Сол кезде Ер Төстік кемпірді

алдап, егеуді ала жөнеледі. Ер Төстік кашады, кемпір қуады. Бір кезде тау қанбақтай, тас бұршақтай болады. Ұшып келе жатқанда Шалқұйрықтың құйрығына қазандай кара тас орала кетеді. Шалқұйрықтың шапқан салмағына кара жер шыдамай қақ айрылып, Шалқұйрық пен Ер Төстік жер астына түсіп кетеді. Ер Төстік жер астындағы жыландардың патшасы – Бапы ханның ордасына кез болады, жылан патшасы Ер Төстікті жібермейді.

«Темір ханның сұлу қызы бар, соны әкеп бер, содан соң босатамын және өз қызымды саған беремін», – дейді. Ер Төстік оған көнеді. Шалқұйрыққа мініп, жер астындағы Темір ханның елін іздейді. Жолшыбай келе жатып, жер астындағы алыптармен жолдас болады. Олардың біреуі Сақ құлақ, біреуі ұшса – құсқа, жүрсе – аяқтыға жеткізбейтін жүйрік, енді біреуі бір тауды бір тауға қосатын алып, біреуі – теңіз суын ұрттап, түкіретін жайын, ең соңғысы – жер астының қырағысы. Осы алтауы жолдас болып, Темір ханның жайлауына келсе, көшіп кетіп, тек жұрты жатыр екен. Сақ құлақ тыңдап көрсе, «Адам баспас» деген жерге барғаны сезіледі. Қырағы көз жіберіп қараса, алты таудың ар жағындағы, бір теңіздің жағасындағы құз жартасқа бекінгенін көреді. Ол кезде Тау көшіретін алып жолдағы тауларды көшіріп, басқа жерге қояды. Жайын алып теңіздің суын ұрттап алып, жүруге жол ашады. Ер Төстік қасындағы жолдастарымен көз ашып-жұмғанша, Темір ханның еліне келеді. Бірақ, Темірхан қызын жуық арада Ер Төстікке бере қоймайды. Оларға талай қиын азаптар көрсетеді. Қызды қолға түсіру үшін Ер Төстікке бірнеше сыннан өту керек болады. Бұл кезде Сақ құлақ жер астында не болып жатқанын тыңдап, Қоңыр сұлудың жеті қабат жер астында отырғанын



біледі, кыздың не ойлағанын Ер Төстікке айтады. «Қызды көндіру үшін ағаш балтамен темір кесіп түсіру керек», – дейді. Ағашка темір кестіру үшін хан сарайының қасындағы сүт көлге шомылу керек, онсыз балта темірді кеспейді. «Тау көшіретін» алып, өздерін жанар таудың отынына тастағанда, тауды тауға соғып, жолдастарын оттан құтқарады. Бір күні қызып тұрған темір үйге отырғызғанда, Теңіз жұтқыш аузынан бір теңіздің суын бүркіп, қызып тұрған темір үйді суытады. Не болмаса, теңіз түбінде жататын Долман алыпты жеңеді. Желаяқ мыстан кемпірді жеңеді. Темір хан оларға суға қарық болған елін шығартады, су түбінде қалған қазанын тапқызады, ақырында қызын Ер Төстікке береді.

Ер Төстік Темір ханның қызын жылан патшасына апара жатып, жолшыбай айдаһармен алысады. Ең соңында қызды жылан патшасына тапсырып, өзі бір қыз алып, аман-есен жер үстіне шығады. «Ер Төстіктің» қысқаша мазмұны осы.

«Ер Төстік» әңгімесі, жоғарыда айтқандай, қазақтағы ең ескі әңгіме. Одан соң «Ер Төстік» жыры – ең мағыналы, ең сұлу жыр. Өйткені, мұнда, бір жағынан, фантазия күшті болса, екінші жағынан, бұл кәрі заманның мифі, кең сахарда бақташылық тұрмыспен күнелткен елдің жүйрік қиялы. Бұл «Ер Төстік» жырында әдемі суреттелген. Бұл сияқты миф ескі шумерлер (Бабыл патшалығы) мен ескі гректер заманында ғана болған. Жер астында Ер Төстікке ерген алыптар, ескі гректің «Илиада», «Одиссейсында» айтылатын алыптармен бірдей, Ер Төстіктің өзі де Одиссей сияқты ұлы батыр. Одиссей Троя қаласын бұзып, кемесіне отырып, еліне қайтқанда, жолда сұрапыл қара дауыл соғып, Одиссейдің кемесін толқын айдап, Жалғыз көзді дәу Полифемнің ордасына алып келеді. «Ер Төстік» жырында Ер

Төстік жылан патшасының қолына барып түседі. Мұндағы айырма – Одиссей теңіз стихиясының суретінде кеме мініп теңізде жүзсе, Ер Төстік даланың жүйрігіне мініп, сары даланың теңізі құба жонмен жортады. Одиссейдің кемесін полифемдер жүргізбей, дауыл соқтыра бергенде, Одиссей жел Тәңірісі әуелден бір көрік жел алып, теңізге тыныштық орнатады. Ер Төстік жер үстіндегі жаумен алысқанда, жел соқтыратын алып қара құс оған бір тал қанатын беріп: «Қиындық көрсең, осы қанатты тұтат, сонда саған болысуға барамын», – дейді. Ер Төстіктің қасындағы тауды тауға соғатын, көлдің суын бір-ақ ұрттайтын жайын алыптары гректің Тезей, Зевс, Уран сияқты алыптарымен бірдей. Уран теңіз дәуі Кронспен соғысса, Ер Төстіктегі жайын алып теңіз түбінде жататын Долман алыппен алысады. Зевс жұрттарға тыныштық бермейтін дәуірді құрту үшін Олимп тауына жұрттарды шақырып жаумен соғысады. Соғыста Зевс Олимп тауының басын алып, дәуірлер бөктерін алады. Ақырында, барлық дәуді Зевс жеңіп, олардың сүйегін отқа өртейді. Ер Төстік Жалмауыз кемпірден туған Шойынқұлақ дәуді жапан түзде жеңіп, оның бесікте жатқан баласын теңізге тастайды. Осы сияқты ұқсастыққа қарағанда, Ер Төстік – грек мифтері сияқты ең ескі заманның жыры. Оның үстіне, бір сатыдағы тұрмыс, бірыңғай салт – сана туғызатын болғандықтан ескі грек дәуіріндегі (арғы замандағы IX-VII ғғ.) қоғамның ой-өрісі үйсін, қаңлы, қыпшақ кезіндегі салт-сана ең ұқсас болғандығын көрсетеді.

«Ер Төстік» бір кезде көлемді ұзақ әңгіме болған. Ол сол калпында осы күнге дейін қырғыз халқының «Манас» жырының бір бөлімі болып табылады. «Ер Төстікті» бұрын бір күн, бір түн айтып бітіре алмайтын», – деседі. «Ер Төстік»

әңгімесінің Баянауыл мен Ерейменде жырмен айтылатын варианттары бар.<sup>14</sup>

«Ер Төстікпен» қатар айтылатын «Сұр мерген», «Қара мерген», «Арғы мерген», «Аламан мерген», «Аққоян», «Жерден шыққан Желім батыр» – бәрі де «Ер Төстік» жырынан алған «Ер Төстіктің» жеке-жеке әңгімелері.

### «ТӨЛЕГЕН БАТЫР»

Төлеген батыр Ер Төстік сияқты жапан түзде жылқы бағып жүріп, бір күні ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде Айсұлу деген қыз аян беріп: «Мен сенің досымын, жеті кабат жер астында тұрамын. Кел, жұбайлы болайық, келмесең, атымды атап жүр. Атым – Айсұлу», – дейді. Төлеген ел жұртынан бата алып, ата-анасын ренжітіп, Айсұлуды іздеп кетеді (Ер Төстік ағаларын іздеп шығатын сияқты). Келе жатып, бір тоғайда жүрген Жезтырнаққа кездесіп, оны кескілеп өлтіреді. Ертеңінде жортып келе жатқанында, алдынан шандатқан асқар тау көрінеді. Төлеген одан сескенип, атын секіртіп бәйтеректің басына шығады (Ер Төстіктің жер астына түсіп кететіні сияқты). Сөйтсе, бұл шандатып келе жатқан бір тайлақ екен, тайлақ бәйтеректің түбіне келіп, Төлегенге мойнын созады. Төлегеннің қырық құлаш айдары бар екен, оған атының қырық құлаш құйрығын жалғап, тайлақты үркітіп жібереді.

Бұл әңгімедегі тайлақ Төлегенді сүйетін әйел бейнесінде, бірақ Төлегеннің шын сүйгені Айсұлу болғандықтан, ол тайлаққа көңіл бөлмей, сыпайы түрде атының құйрығы, басындағы айдарымен үркітіп жібереді, біріне-бірі зиян келтірмейді. Жас жігітке ең зиянды нәрсе – Жезтырнақ.

Жезтырнақтар әлеуметтік жағынан өмірінің бағасы кеміген, Айсұлудай Төлегенді сүйген арулардың қарсы бейнесі сияқты. Төлеген мұндай қатерлі нәрседен құтылып, жортып келе жатып ақ киімді, ақ сақалды, ақ есекті бір шалға жолығады. Одан әрі көк шапанды, сұр есекті бір қартқа жолығады. Ең соңында, сұр шапанды, сұр есекті бір қартқа жолығады. Бұл айтқан үш шалдың алдыңғысы Сақ құлақ, екіншісі Сыншы, ең соңғысы Есепші екен. Төлеген бұлардың кеңесін алып, садағын беліне байлап, жүйрігімен жортып, Айсұлуды іздеп кете барады, келе жатып бір ақ боз үйге кіреді. Бұл бір ханның ордасы екен. Босағаға қараса, есігінде ханның қызы байлаулы тұр. Қыз Төлегеннің келгенін біліп: «Үйге кірме, үйде айдаһар бар». Осы арада бірнеше үйлер бар еді, олардың бәрін жұтып бітіріп, енді мені жұтқалы тұр. Әкемді қорқытқан соң, әкем мені босағаға байлап қойды», – дейді. Сол кезде үйден айдаһар шығады. Төлеген оны қылышпен кескілеп өлтіреді. Қызға: «Әкен сенің босағаныңа нанбас, мына айдаһардың басы мен құйрығын кесіп берейін, соны әкене апарып көрсет», – дейді. Қыздың әкесі мұны білген соң, айдаһардан құтылғанына той қылып, Төлегенге қызын бермекші болады. Бірақ Төлеген Айсұлуды іздеп, бұрынғыша жортып кетеді. Бір жерге келіп, ұйықтап жатса, түсіне Айсұлу кіріп: «Мен осы арадамын», – дейді. Төлеген Айсұлуды іздеп тауып, екеуі қосылып өмір сүреді.

Сөйтіп, бұл «Төлеген» әңгімесі ескі «Ер Төстік» әңгімесінен шыққан бір сюжет екені байқалады. Жалғыз-ақ бұрынғы «Ер Төстік» әңгімесінен жанарып, басқа түрде айтылған. Ер Төстіктің бұрынғы дәумен алысатын жері мұнда өзгеріп, ол енді «Қорқыт» әңгімесіне ұқсай бастаған.

Сондықтан бұрынғы Ер Төстікке жолдас болған Сақ құлақ пен ақ сақалды Сыншы қарт пен есекті, көк шапанды кария кездеседі, не сұр есекке мініп, сұр шапан киген Есепшіге жолығады.

«Арғы мерген» әңгімесі де осы сияқты, әйел іздеп жүріп, айдалада Жезтырнақ, Жалмауыз кемпір, дәумен алысады.

Шолпан мерген жапан түзде аң аулап жүріп, әке-шешесін асырайды. Күндерде бір күн Шолпан мерген елсіз-күңсіз далада жүріп, екі алыпқа кездеседі. Олардың біреуі –Теңіз батыр, біреуі Тау батыр болады.

### «АҚКОЯН МЕРГЕН»

Аққоян мерген құс көтеріп әкеткен құлынды іздеп шығып, ай далада тігулі тұрған үш отауға кез болады. Бұл отауға кіріп келсе, ішінде үш қыз отыр екен. Бұл үш қыздың күйеуі бар екен, ол тамақ ішкенде түйенің тоқпан жілігін сол қалпынша жұтады екен. Аққоян ол дәуді өлтіріп, күндерде бір күн қос тігіп, ас пісіріп, садағын баптап отырса, екі қолы жоқ бір кісі киікті қуып келіп, жетер-жетпес болып, ұстай алмай жүреді. Аққоян оның айдап келген киігін атып алады. Ол екеуі достасып отырғанда, олардың үстіне көзі жоқ соқыр біреу түлкі айдап келіп, оны тағы да Аққоян атып алады. Үшеуі дос болып, бір күні қос басында отырғанда, әрқайсысы өздерінің не өнері барын айтады. Шолақ қол айтады: «Мен тайпалған жорға ат бола аламын», – дейді. Соқыр: «Аузымнан тұман шығарып, жерді жоқ қыламын», – дейді. Сөйтіп, бұл да ерте замандағы «Ер Төстік» жырынан алынып, бергі кездегі әлеумет тіршілігіне қарай өзгеріп айтылған соның бір үзіндісі екенін көреміз.

«Жерден шыққан Желім батыр» әңгімесінде балаға құмар болған кемпір далада дәумен кездесіп, одан екіқабат болады. Туған баласын жер астына тығып қойып өсіреді. Сондықтан бұл әңгімелердің көбі бір кезде «Ер Төстік» жырының тобына кіріп, кейін жеке-жеке ертегіге айналған. Бұл әңгімелердің бәрі де бір кезде қауымның ерлерін, батырларын ардақтаудан туған.

Г.Н.Потанин «Ер Төстік» жырын ескі франктердің «Гогон» ертегісімен салыстырады. Бірақ, Ер Төстік Гогон әңгімесін туғызған Карл заманына келіңкіремейді. Карл заманы – Еуропада патриархал-ру дәуірінің есейіп, феодал дәуіріне аяқ басқан кез. Карл заманы, я арабтардың Арун-Рашид заманы салт-сана жағынан Қорқыт дәуіріне дәл келеді. Бірақ, Карл Қорқыт пернесіндей сұлу перне жасай алған жоқ. Провансаль өлкесінде шыққан «Роланд» жыры феодализмнің кейінгі есейген дәуірінде шыққан. Сондықтан Г.Н. Потаниннің келтірген Ұлы Карлдың батырлары (Гогон) Ер Төстікке сыртқы түрі, фантазия, мифі жағынан ұқсаса да, шаруа материалдық жағынан ұқсамайды. Ер Төстік Гогоннан бірнеше ғасыр шамасы бұрын болған, ескі сумер15, сака (жақұттар), үйсін-ғұндар заманындағы бақташылық өмірден қалған жыр.

Ер Төстіктің ерлігін дәріштеп, кейінгі заман оны әр түрлі мифке айналдырған. Ер Төстік жер астындағы жыландарды жеңіп, жер үстіне шыққан соң, ол көп уақыт күн шуақта тынығады, жарық дүниенің қасиетімен жаны жай табады. Одан кейін жұртқа зиян келтіретін дәумен алысады. Ер Төстіктің бұл ісі – Олимп тауында дәумен (Титан, Кронс) алысқан Зевс, гректердің ісі сияқты. Ер Төстіктің осы сияқты ерлігі оны бақташылық тұрмыстың алыбы қылып, ол кездегі

ру қауымның кезінде оның жеңбейтін жауы болмайтын қылып көрсетеді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлудағы» Қодар құлдың кейіпі де – сол ескі бақташылық тұрмыстағы алыптардың бейнесі. Оның үстіне, «Қозы Көрпеш, Баянның» ертегісі «Ер Төстіктен» гөрі кейінірек дәуірлерде шыкса да, оның негізгі желісі ноғайлы-казак жырларына карағанда, өте ерте заманда болғаны байқалады. Көрпеш пен Баян сұлу Қодарға карағанда, жаңа салт-сананың адамдары және ертегіде бұлар бірінші орында болса, Қодар екінші орында. Халық көзінде Көрпеш мақтаулы, ардақты болса, Қодар – өрескел және құр кара күштің несі. Сөйтіп, бір кездегі бақташылық тұрмыста ардақталған Қодар берірек кезде салаксып, бұрынғы шаруашылықпен байланысқан қасиетін жоғалта бастайды. Қодардың бұрынғы бақташылық тұрмыста көрсеткен ерлігімен жұрт енді санаспай, оның орнына енді ұлыс жұртшылығын қорғайтын батыр ерлерді ардақтай бастайды (Көрпеш, Көрұғлы, Алпамыс, т.б.).

«Ер Төстік» бақташылық тұрмыстың бейбіт кезінде шыққан ертегі жыр. «Ер Төстік» жырындағы мерген, алып, ер және олардың алысатыны дәу, жаратылыс стихиясы, жұрт басқару ісі, жылан патшасы, аждаһа бейнесінде айтылады. Қорқыт шыққан кезде ру қауымының ой-санасы есейіп, бұрынғы ертегі-жыр, аңыз әңгімелермен қатар енді лирика шыға бастайды. Қорқыт заманында ерлікті аңғал қалпында қалдырмай, оны шешендік, сұлулықты сүюмен күшейтеді. «Айсұлу», «інген», «киік» бұрынғы бақташылық ой-санасы қалпынша махаббаттың сарыны ретінде жұмсалып, халықтық сұлулыққа көзқарасы есейе түседі. Міне, «Ер Төстіктен» «Қорқыт», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларына ауысудың негізгі бөлегі осылар.

Ол кездегі бақташы рулардың дүниеге көзқарасы: жаратылыс стихиясына бағынып, күркіреген күн, жарқылдаған жайдан сескеніп, аспан дүниесін «қасиетті» деп түсінетін. Жай түскен жерді қасиеттеп, оны атпен айналып, ақ құятын. Қытай жазушыларының айтуынша, үйсін-ғұндар алғаш күн шатырлаған күні іргеге, желінің қазығына ақ құйып, «үйге, құлынға жай түспесін» – деп, тілеу тілейтін болған. Ескі замандағы үйсін-ғұндардың бұл әдеті бергі ХХ ғасырға дейін сақталып келді. Үйсін-қаңлылар кезіндегі казак жырларында бергі кездегідей дін дәріптелмейді. Ол замандағы жырлардың Ер Төстік сияқты батырлары Баба түкті шашты Әзіз сияқты әулиеден емес, қарапайым анадан туады, «әулиеге ат айту, қорасанға қой айту» болмайды. Ескі уақытта айтылатын жырлардың сарыны бойынша, алып болып туған Ер Төстік бір айда бір жастағыдай, екі айда екі жастағыдай, бір жылда он бестегідей болып өседі. Екі жаста алысқан жауын жеңеді. Садақ тартып, оғын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді. Аң аулап, құс атып, кәрі әке-шешесін асырайды.

### «АҚ КӨБЕК»

«Ақ Көбек» жыры да – бақташылық тұрмыстан туған ескі әңгіме. Кейінгі кездері Ақ Көбектің еңбегін дәріптеу үшін халық қиялы, оны алып түрінде туғызады. Ақ Көбек туар кезде шешесі оның ер болып туатынын біліп, оның өзіне лайықты бесік жасатады.

Енді торқаны үш бөліп,  
Жаялығын деп сақтайтын,  
Емен ағашты үш бөліп,  
Бесігіне деп сақтайтын...

Ақ Көбек толғатып тұрған анасына: «Мен қарнынның бір бүйірінен тесіп шығамын», – дейді. Онда жөнгелері:

«Алтын бесікке нақ бөлеп,  
Тербетер едік Көбекті.  
Күміс бесікке нық бөлеп,  
Тербетер едік Көбекті», – дейді.

Бала туды, атын Көбек қойды. Көбек бесікте бір күн жатып ертеңіне бесіктен өзі түрегеледі. Одан кейін Көбек қылыш соғатын ұста іздейді. Елден алпыс алты балта жиып алып, оны қытай ұстасына беріп: «Қылыш соқ», – дейді.

Алпыс алты балтаны құйып,  
Су болатын қандыршы.  
Жетпіс жеті балтаны құйып,  
Су болатын қандыршы.  
Кешемес ұста сен болсаң,  
Сол болаттан қылыш соқшы...

Кешемес ұста қылышты бір күн, бір түн соғып, бітіреді.  
Қылышты соққанда:

Соғуына шыдамай,  
Сом балғалар уатылды<sup>16</sup>  
Басуына шыдамай,  
Көріктің қабы жартылды...

Одан кейін Көбек қылышын алып, дария судың жағасына барып, бір тастақты мекен етеді. Бір қыс тақиясын, бір қыс тонын киіп, малын бағады. Қыстың үскірік аязында жалаңаш барып теңіздің мұзын аршиды. Көбек мал бағып жүргенде оның қасына Салор Қазан<sup>17</sup> келеді.

«Ер Төстіктен» «Ақ Көбек» жырының айырмашылығы: «Ақ Көбек» «Ер Төстіктен» Қорқыт дәуірінен ауысудағы қауым тіршілігінен туған жыр. «Ақ Көбек» жырындағы бақташылық тұрмыс пен ұсақ кәсіптен басқа қала тұрмысының, күрделі кәсіптің, темір балқыту, сайман соғудың жәйттері бар және бұл жырда кездесетін Салор Қазан «Ақ Көбек» жырының Қорқыт дәуірінің, я алдында, я артында шыққанын көрсетеді, жырда Ақ Көбектің ерлігі әсірелеумен көрсетіледі, ол қызып тұрған темірді тістейді, жалаңаш теңіздің мұзын аршиды. Бұл, әрине, «қар жастанып, мұз төсеніп» мал баққан бақташылық тұрмыстың алыбы болған Ер Төстік, Ақ Көбек, Қодарлардың бейнелерін жасаған.

Бақташылық тұрмыспен байланысқан жағдайлардың бірі – мал өрісі, жайылым, суат, бұл жөнінен туған ру арасындағы талас-тартыстар. Ақ Көбектің мал бағып жүргенде бірде тақия, бірде тон киюі – оның қысы-жазы қозғалмай, бір жерде болғанын көрсетеді. Өйткені оның мал бағып жүрген жерінің жағдайы қыс болса, суық, жаз болса, ыстық болатын жер (Сібір)<sup>18</sup> екенін көрсетеді. Сондықтан Ақ Көбек малын қыстығүні тон киіп бақса, жаздықүні тақия киіп бағады.

«Ер Төстік» жырының ескі замандікі болуы ондағы мал өрісі «Ақ Көбек» жырындағыдай емес, Ер Төстік жылқысын өте алысқа апарып бағады. Бұл тарихи өте қисынды. Өйткені жырда мал өрісі неғұрлым алыс болса, ол жырдың өте ескі заманда шыққанын көрсетеді.

«Ақ Көбек» жыры Қорқыт дәуірінің алдында шықса да (V-VI ғғ.), оны Қорқыт заманымен бір көрсетіп, «Қорқыт» (Қарахан) әңгімесінде кездесетін Қазанбекті «Ақ Көбек» жырында да айтады. Бірақ, «Ақ Көбек» бұрынғы бақташылық

тұрмыста ардақталып, ел көзінде сұлу әңгіменің көзі болып айтылғандықтан, халық аузындағы жыр оны Қазанбекке жеңгізбей, Ақ Көбекті одан үстем қылып шығарады. Ақ Көбек – ескі кездегі қанлы-қыпшақ жыры. Бұл жырды X-XI ғасырдағы мәмлүк қыпшақтары Мысырға апарып таратқан.

Ерте заманда бақташылық жырынан қалған сұлу әңгіменің бірі Хан мерген<sup>19</sup>. Бұл Хан мерген үйсін-қаңлы дәуірінде айтылып, кейін найман, керей, ойрат елдері жырлаған ертегі жырлардың бір саласы болған. «Хан мерген» тобына кіретін «Аршы-Боршы», «Айканат» жырлар, тағы басқалар. Бұл жырлар қазақ рулары арасында ғана емес, монғол, ойрат, қалмақ халықтары арасында да айтылады. Мерген атаулының бәрі де ерте кездегі бақташылық, аң аулау тұрмысын туып, олардың жұртшылық алдында көрсеткен ерлік істері кейінгі заманда жыр болып отырған. Мерген әңгімелерінің шыққан жерлері көбінесе – Алтай тауының төңірегі, керей, найман, ойрат, хақас елдері. «Хан мерген» жыры Алтайдағы наймандарда (Қосағаш ауданы) осы күнге дейін айтылады. Оның бір үзіндісі:

Ақталайдың қасында,  
Арқалық жонның астында  
Дөң жерге үйін тіктірген,  
Төскейге малын бақтырған,  
Алты жасар, ақ атты  
Хан мерген дейтін бір ер болыпты...

Ақталайдың астында,  
Ақтақсылдың жанында,  
Жазғы толған малы көп,  
Үйі толған жаны көп,  
Ақбоз атты Алтынайдар  
Деген бір ер болыпты.  
Жирен атты Хан мерген  
Алтынайдардың баласы еді...

Хан мергеннің қатыны  
Хан ару деген сұлу еді,  
Ақталайдың қасында  
Ақ отауын тіктіріп,  
Арқалық жонның жанында  
Алалық малын қайырып,  
Хан жирен ат астында  
Алты жасар Хан мерген  
Уайымсыз жасады...

Ер Төстік пен Қорқыт дәуірінің екі арасындағы әлеуметтік тұрмыстың күйін көрсететін жырлар «Ақ Көбек», «Құламерген», «Қара мерген», «Айтолыс», тағы басқалар.

### «ҚАРА МЕРГЕН»

«Қара мерген» әңгімесі былай басталады. Бұрынғы заманда Қара мерген деген кісі болған екен. Қатын-баласы, малы жоқ екен. Мергендікпен бұғы, аң аулап күнелтеді екен. Жаз кетсе, қыс келіп, қыс кетсе, жаз келіп, жапан түзде жалғыз кезіп жүреді екен. Күндерде бір күн бұл мерген мылтығын алып, ел жүрмейтін айдала жапан түзге шығып кетеді. Неше күн жүріп, бір тауға кез болады. Мерген қуанып, тау басына үй жасайды. Бір күні ерте тұрып, тау аралап жүрсе, бір өзенге ел қонып біе байлап жатыр екен. Үйлері аппақ, күнмен шағылысады, мерген оны көріп: «Бұл не? Бұл жерде ел жоқ еді», – деп таң-тамаша қалады. «Барып білейін», – деп, қонып жатқан ауылға барса, жылқышылар құлын қуалап жүр. Құйрықтары алтын-күміс, ешбіреуі мергенге көз салмайды. Бір бурыл сақал адам желінің басында тұр екен, мерген оның қасына барса, желінің арқаны жібектен, қазығы күмістен екен. Одан кейін мерген ауылға келіп, бір үйге кіріп келсе, бақандары алтын-күмістен, кілемдері жібек, атлас, жүктің

үстінде тоғыз қабат торғын көрпе, өзі келіп төрдің алдына сұлап жатады. Мерген оған таң қалып босағада отырса, күйме шарамен қымыз келеді. Алтын ожау қымызды өзінен өзі сапырып, алтын аяққа құйып тұрады. Мергеннің бұған есі кетіп, ұйқысы келеді. Бір уақытта есік ашылып, толған айдай бір сұлу кіріп келеді. Үстіндегі киімі қызыл алтынға малынған, сәулесі қараңғы үйді жарық қылады. Мерген одан жасқанып тұрайын десе, қыз:

– Менен камықпа, отыра бер, – дейді.

Қыз мергеннің қолынан ұстап, жылы көрінеді, мергенге күлімсіреп, наздық көрсетеді. Мерген оның алтын, жібек киімін кірлетермін деп:

– Киімім кір, иісім жаман, қарағым, жуыма, – дейді.

Қыз:

– Қол өзіндікі, өзінді-өзің қорлап, менен қашпа, – дейді.

Мерген далаға шығып, атының қасына жатайын дегенде, «мына төсек саған салынған, сескенбей, жата бер», – деп, қыз мергенді зорлап, жаман киімін шешкізіп, төсекке жатқызады. Қыздың өзі де шешініп, мергеннің қойнына кіреді. Мерген көп уақыт ойға кіріп, қызға ештеңе демейді. Қыз:

– Менен жасқанба, мені өз жұбайыңдай көр, – дейді.

Мерген қызды өз құшағына алады...

Бұл айтқан Қара мерген бір қарттың баласы екен. Ол туған соң, бір күнде бір жасқа, екі күнде екі жасқа, жеті күнде жеті жасқа келеді. Оның Ақтан құла аты бар екен. Ақтан құла «аттың алты жерінен айыл тартып, алты батпан қылыш, алты батпан сүйгі алып жүреді екен», – дейді.

## «ҚҰЛАМЕРГЕН»

Сол сияқты «Құламерген» әңгімесінде де ердің жалғыз күрең атынан басқа тігерге тұяғы болмайды. Сол атпен аң аулап, күн көреді.

Бір күні Құламергеннің жұбайы Алтыншаш дарияға су алуға барып, басын жуып отырғанда, бір тал шашы суға ағып кетеді. Оны ешкімге айтпайды. Бірнеше күн өткен соң алтын шашты бір балықшы тауып алып, аулына апарып көрсетеді. Оны ол жердің патшасы естіп, шашқа ғашық болады. Елін жиып, кеңес құрып: «Кім де кім Алтыншашты тауып берсе, сұрағанын беремін», – дейді. Сонда бір қуаяқ кемпір: «Мен тауып беремін, маған таусылмас азық, тозбас киім бер», – дейді. Хан беремін деді. Кемпір Алтыншашты іздеп Құламергендікіне келеді. Бұрын Құламерген аңнан келгенде Алтыншаш оның алдынан шығып, қарсы алады екен, бұл жолы алдынан шықпады. Құламерген оған реңкіп, неге шықпағанын сұрайды. Сонда Алтыншаш: «Артыңда жау бар, соны өлтір, сонда барамын», – дейді. Бірақ Құламерген кемпірді өлтірмейді. Оны Алтыншашпен дос қылып, келесі күні әдетінше аңға кетеді. Кемпір Алтыншашты азғырып: «Бұл жерде құса болып отырғанша, жиыны көп ханның ордасына бар, хан сені жақсы көреді», – дейді. Алтыншаш азғырылады. Содан Құламерген бірнеше күн аңда жүргенде, ханның шеруі келіп, Алтыншашты алып кетеді. Алтыншаштан туған бала оны әкесіне айтады. Бірақ, Құламерген ханның ордасына барғысы келмейді. Баласын жұмсап: «Алтыншашқа бар да, әкемнің қынын бер, ат қып ойнайын де. Сонда берер», – дейді. Бала барып қынды әкеп, әкесіне береді, ол қыннан бір кездік шығады, кездік асыл

болғандықтан, кеспейтін нәрсесі болмайды. Одан кейін Құламерген ханның ордасын шауып, Алтыншашты қайырып алады.

Құламерген жаугершілік мезі қылған соң, «жапан түзді кезіп кетемін» деп, қатынына «жаңадан тоқым сырып бер, оның бір жағына мейіз сал, бір жағына тобылғы сал, тобылғы атыма нәр болсын, мейіз өзіме нәр болсын», – дейді. Құламерген астына тұлпар мініп, алты жасар Жоямергенді қасына ертіп алады. Екеуі аңда жүріп, дәумен алысады, жауды жеңіп, Құламерген баласымен үйіне келеді. Бір күні баласы атын суарамын деп, теңізге барса, теңіз атын тартып алады. Атка тіл бітіп, Жоямергенге: «Сені қысуға теңіз астынан айдаһар, жылан шығады, сен одан қорықпа. Менің бір тал құйрығымды жұлып ал да, қозғалмай тұра бер», – дейді. Теңіз астынан бір кара, бір сары жылан шығып, бірі хан, бірі қыз болады. Қара жылан (Қарахан болып): «Сені батырдың баласы деп естідім, сені сиқырмен алғызып, сүйсініп тұрмын. Саған тапсыратын бір жұмысым бар, соны орында. Мысыр дариясының ортасында мыс қазан бар, соны әкеп бер. Соны істесең, саған қызымды беремін», – дейді. Жоямерген мыс қазанды іздеп, Мысыр суына барады. Атымен жүзіп, су астына түсіп, қазанды алып шығады. Қазанды ханға әкеліп беріп, ханның қызын алады.

«Құламерген» жыры – ертекке айналған, ең ескі заманнан қалған әңгімелердің бірі. Бұл жыр да бергі ноғайлы дәуіріндегі батырлар жырларындағыдай тарихи оқиға айтылады, «Қозы Көрпеш– Баян сұлу» әңгімесіндегідей халықтың әдет-ғұрпы, салты айтылмайды. «Құламерген» жырының оқиғасы бірыңғай яғни, ертегі болған неше замандағы мергеннің басынан кешкен неше түрлі қиыншылық істерін баяндайды.

«Құламерген» жырының «Ер Төстік» әңгімесімен сарындас жерлері де бар. Мысалы, Ер Төстіктің Шалқұйрықпен жер астына түсіп кеткені сияқты, жаудан қашып бара жатқан Жоямергеннің ат-матымен жер астына түсіп кететіні. Екеуі де жер астына түскенде жылан патшасына кез болып, олардың қиын шарттарын орындайды.

Бұл екі жырдағы бір ерекше нәрсе: Ер Төстіктің де, Жоямергеннің де дария астынан алтын қазына іздейтіндігі. Ол сарын Құламерген сияқты ең ескі жырларда болмаса, одан бергі ноғайлы-қыпшақ дәуірінде шыққан жырларда кездеспейтін сияқты. Бұл туралы жырлар былай дейді:

«Сөз тыңда, құлақ салып, балам, маған,  
Астында дарияның алтын қазан,  
Әкелсең сол қазанды, ерлік қылып,  
Берейін Күнәұлуды қосып саған...

«Құламерген» ертегі жыр болғанымен, оқиғаны баяндауына қарағанда, мазмұнынан VII-IX ғасырда қазіргі Еділ мен Каспий алаптарын қоныстаған бұлғар, хазар сияқты халықтардың жайы байқалатын сияқты. Мысалы, жырда айтылатын жұрты қазіргі татар халқының арғы аталары делінеді. Бұлай болғанда, хазарлар VII-IX ғасырлардағы пещене қыпшақтардың бір тарауы болуы мүмкін. Жырда Хазар аралын мекендейтін атақты ер Құламерген мен Бұлғар шаһарының ханы Қасым – екеуінің әйел үшін жауласқаны байқалады. Жырдағы негізгі әңгіме де осы екеуінің төңірегінде болады. Одан соң жырда Орал тауы, Жойкын дария (Еділ), Хазар сияқты жер аттары кездеседі. «Хазар аралы», «Хазар теңізі» деп ескі уақытта араб, грек жазушылары Каспий теңізін айтатын. Мәнісі – «Хазар жұртының теңізі» деген сөз.



Жырдан ол кездегі халықтың аң аулау, балық аулау сияқты кәсіп жайлары білінеді. Мысалы, Құламергеннің әйелі Кұнайым (Алтыншаш) суға барып шашын жуғанда, шашы жидіп, ағып кетіп, балықшыға кез болады:

Кұнайым ақ ордадан бір күн шықты,  
Алтын шашын жуайын деп суға барды.  
Ажайып шашын жуып отырғанда,  
Дарияға шашы жидіп ағып кетті.  
Дарияға шашы жидіп ағып кетті,  
Шаш ағып сол шаһарға барып жетті.  
Дарияда балық аулар бір шал бар еді,  
Ауына дариядағы көзін салды.  
Қараса, алтын шаш кеп, оралып тұр.  
Ауынан әлгі шашты жазып алды.  
Шал көріп, алтын шашты жазып алды,  
Алдына патшасының алып барды...

«Құламерген» жырының оқиғасы әуелде ерте замандағы шын тұрмыстан алынса да, көп замандар ішінде талай өзгеріске түсіп, ақыры фантазияны шын оқиғаға айналдырған әңгімеде жолығатын ескі уақыттағы кейбір тарихи атаулар сол ескі өмірден елес берерлік, мысалы, «Хазар аралы» ескі замандағы Каспий теңізіндегі аралдардың бір атын меззеуі мүмкін.

Мұндағы Бұлғар қаласын «Қобыланды» жырындағы «Сырлы қала» деп жоруға болады. Бұған қарағанда, Қазақ жұртының ескі рулары болған қыпшақ, пешене, қыпшақ пен хазарлардың бір кезде Еділ-Каспий жағасын мекен еткені және ол заманның тарихи жәдігерлерінің сілемі бүгінге дейін халық жырларында сақталып келгені белгілі болды.

«Бұлғар шаһар», «Бұлғар жұрты», «Хазар аралы» деген сөздер «Құламерген» жырында бірнеше жерде кездеседі. Мысалы:

Ей, Кұнайым, құлақ сал,  
Айтқан сөзді ұғып ал.  
Бұлғар деген шаһарда  
Ғасым деген патша бар...

Бұл жердің жауын қырып, көшіп кетті,  
Өзінің аралына барып жетті.  
Қызықпен неше түрлі ағым аулап,  
Өзінің аралында мекен етті.  
Аң аулап Құламерген жүре тұрсын.  
Сөйлейік үш кісіден біраз сөзді:  
Үшеуі құттысып жетті еліне, —  
Өзінің Бұлғар деген елдеріне.  
Қырғанын көп халықты бастан-аяқ,  
Сөз сөйлеп баян қылды жерлерінде...

Сол сықылды Орал тауы да айтылады. Мысалы, Құламергеннің Орал тауында жалғыз жүргендегісі:

Айнала Орал тауын қашты жүріп,  
Артынан жабылдады кемпір қуып,  
Мейізді тоқымдағы өзі нәр қып,  
Жүреді тобылғысын атқа беріп...  
Жоламергеннің өкесін іздеп келгендегісі:  
Оралға, он күн жүріп, жетіп келді,  
Өкесін қашып жүрген көзі көрді.  
Жүзігін қалтасынан алды дағы,  
Алдына атасының тастай берді...

Бұл сияқты мысалдардан «Құламерген» жырының ерте кездегі географиялық көлемдегі ортада болған әңгіме екені де байқалады.

«Құламерген» әңгімесі жыр түрінде де, ертегі әңгіме түрде де айтылады.

### «АЛАМАН МЕРГЕН»

«Аламан мерген» әңгімесі де — «Құламерген» әңгімесіне ұқсас әңгіменің бірі. Аламан мергеннің ақылы асқан, толған айдай сұлу Қарашаш атты әйелі болады. Бір күні Аламан

анға шығып кетсе, Қарашаш суға барып түскен екен, бір тал шашы үзіліп, суға ағып кетеді. Содан күндерде бір күні сол елдің ханы қырық уәзірімен тауға шығып, аң аулап жүрсе, алыстан жарқыраған бір нәрсе көреді. Олар бұған таң қалып: «Айдаһар жылан ба?» – деп қасына келсе, өзеннің қамысына бір тал шаш оралып, үстінен су сарылдап ағып тұр екен. Хан шашты көріп, шаштың кімдікі екенін білуге асық болады. Хан елінің білетін адамдарын жиып: «Осы алтын шаш кімдікі, тауып беріңдер, тауып берген адамға не тілеген тілегін беремін», – дейді. Одан арғысы Құламергендегі Алтыншаштың әңгімесі сияқты.

Сөйтіп, «Құламерген», «Қара мерген» әңгімелері «Ер Төстік», «Қорқыт» жырына ауысудағы есейіп келе жатқан салт-сананы көрсететін бір сурет. Мұның «Ер Төстіктен» өзгешелігі: мұнда қазына, кеніш, алтын-күміс, салтанат көп айтылады. «Құламерген» жырының әлеуметтік мазмұны «Ер Төстікке» қарағанда, нәзік сезімнің, қауым тіршілігінің бағыты бұрынғыдан басқа салаға кіргенін көрсетеді. Жұртшылық басқару ісі, ру санасының алғашқы аңғал түрінен шығып, ру қауымы енді тұтас болуын тілек етеді. Ол үшін алып туған ерді, ер туған ананы идеал қылады. Қауымның тұтқасы болатын ондай ердің анасын Алтыншаш бейнесінде өзен бойынан тауып алады. Құламергеннің қынабын іздеуі, ол қынаптан алмас кездік шығуы осы мысалдың ишарасы сықылды.

«Құламерген» жырында теңіз астынан қазан іздеу – ру демократиясының бірлігін, ойын осыған (тұтқасын) ишаралағандық. Бұрынғы кезде ең алдымен шаңырағын, одан кейін қазанын сындыру, «жауды түп тамырымен құрттық, енді жау жоқ», – дегенге келтіріп, тоқтауды көрсететін. Және

шаңырақтан қазанның қымбат саналуы, ерте кезде қазақ-моңғол руларының темір затын ерекше қасиеттегендігінен. Тәуке ханның заңындағы қара қазан, қара мылтық алу жаудан кек алу белгісінің ескі түрі болған. Тәукенің заңы бойынша, бұрын жауласқанда, шаңырақ, қазан сындырып, кек алудың орнына Есім хан мен Тәукенің кезінде татулық бітімі шығып, жәбір көрген жақ пайдалы мал алғаннан басқа, сындырудың орнына, қара қазанның өзін алып, оған қоса қара нар, қара мылтық, қара күн сияқты олжалар алған. Бұл «Күн дауы» – Тәуке ханның «Жеті жарғы»<sup>20</sup> деген заңының бір жарғасы. Жауды жеңгенде оның қара қазанын алып қайтадан оның ұйытқысын шайқап, елді сәннен шығарып кеткендігі көрінетін. Қара нардың мәнісі: өлген кісіні қара нарға тартып, Қаратау, Өзірет Сұлтанға апарып қоядан шыққан.

«Құламерген» әңгімесінде теңіз жағасында ат суарып тұрған Жоямергенге хан жылан түрінде келіп: «Су түбінде жатқан қазанды шығарып бер», – дейді. Бұл бір кездегі жұртшылық салт-санасынан туған тарихи оқиғаның ишарасы екенін білдіреді. Мысалы, Жоямергеннің әңгімесі Құламерген ханмен өштесіп, ханды ордасынан қуып,<sup>21</sup> ұлы орталығы несіз қалады. Бұл кезде бұзылған жұртшылық ордасын жаңадан құру үшін халық князды енді су жағасында жылан түрінде Жоямергенге жолықтырып, оған суға батқан қазанды іздетеді. Мұндағы ханның «суға батқан қазанды шығарып бер» деуі, ұлыс орталығын жаңадан көтеруді көрсетеді.

Суға батқан қазан «Ер Төстік» жырында да кездеседі. Бұл жырда басқа жердің ханы Ер Төстікке суға батқан қазанды көтертуі бұрынғы замандағы қанлы жігіттерінің басқа

елдерге барып, елхан болғанын мензейді. Бұл әдет, әсіресе, арабтардың халифа заманында (VII-IX ғғ.) көп қолданылатын. Мәмлүк қыпшақтары аталған қаңлылардың Бағдат, Мысыр өлкесіне ауып барған әңгімесінің сарыны Қазанғап ақынның «Есім хан» деген жырында да кездеседі. Қазанғап ақынның айтуынша, үш-төрт жүз шамасындай қаңлы араб жұртына қашып барып, ол жерден жұртшылық құрады. Қазан – ұлық орталығы екенін «Асан қайғы», «Жиренше» әңгімелерінде де айтылады. XV ғасырдағы қазақ халқының басынан кешірген қиыншылығын шешу үшін Асан қайғы билерді жиып алып «ағаш қазанға су қайнатайық, арық атты семіртейік», – дейді. Асанның бұл сөзі «бірлігіміз темір қазандай болмағанымен асымыз қазандай болсын, яғни, жаңадан бас қосқан руларды енді бытыратпай, біріктіріп, ел қылайық, сөйтіп, бейбіт өмір, тыныштық орнатайық», – дегенді көрсетеді.

Қазан – үй ішінің құты, орданың кіндігі екені «Қаракерей Қабанбай батыр» жырында да кездеседі. Қабанбай батыр ауырып жатып, інісі Дәулетбайға өсиет айтады:

Тағы сенен сұрайтын,  
Менің жалғыз тілегім:  
Қазақ-қырғыз дәм татқан  
«Он бес» құлақ қазаным.  
Өзім барда көп жұрт  
Жиналушы еді жаным.  
Қолын тартпа солардың,  
Разы қыл, шырағым...

Сөйтіп, Қабанбайдың айтқан бұл «он бес құлақ қазаны» ру демократиясын, қауымның бірлік ынтымақ, тұтастығын сипаттайды.

Кейбір ертегі жырларда «Мысыр суынан мыс қазан іздеу» сарыны хандықтың, ру жұртшылығының өз іші бейбіт болып,

бұрынғы қаңлы – қыпшақ жігіттерінің басқа жұртты барып, билеп, «елхан», «көрхан»<sup>22</sup> сияқты атақ алуынан туған. Бұл сарын «Ер Төстік» жырында да кездеседі.

Бірақ, «Ер Төстік» жырынан бұрынғы бақташылық дәуірде (V-VI ғғ.) «елхан», «көрхан» деген ұғымдар сирек жолығады. Ол кезде Орта Азия сахарасын қоныстайтын бақташы рулар тыныш мал өсіріп, әр ру өз жұртшылығына ие болғаны болмаса, олар орталық күш жасап, ру толық бірлік жасай қоймаған. Бірақ, салт – сана есею, мәдени зат өндіру ісінде олар көзге түсерлік бірсыпыра мұралар қалдырды. «Ер Төстік», «Құламерген», «Хан мерген», «Ақ Көбек» жырлары сол айтқан бақташылық ой-санадан туған халық жырларының бір тобы саналып, олар үйсін-қаңлы заманындағы (б.з.б. II-I ғғ., б.з. I-VI ғғ.) ерлік жырлардың бірінші дәуірі болып саналады.

## ОҒЫЗ – ҚЫПШАҚ ДӘУІРІНІҢ ЖЫРЛАРЫ (VII-XII ғғ.)

Оғыз-қыпшақ дәуірі – батырлар жырларының мағыналы дәуірінің бірі. Оғыз-қыпшақ дәуірінде (VII-XII ғғ.) шыққан сұлу жыр, қызықты әңгімелер мазмұндылығы, көркемдігі жақтарынан ноғайлы-қыпшақ дәуірінде шыққан жырлардан ешбір кем түспейді. Осы күнгі халық аузында айтылатын «Қорқыт», «Бозұғлан», «Бозжігіт», «Көрұғлы», «Алпамыс», «Мұңлық-Зарлық», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырлары – бәрі де осы оғыз-қыпшақ дәуірінде шыққан жырлар.

## «ҚОРҚЫТ» ӘНГІМЕЛЕРІ

Қорқыттың дәуірі тарихи мағлұматтарға карағанда, VII-X ғасырлар арасы сахара тарихының бір керекті дәуірі екендігі байқалады. Бұл кез – қазақ халқының ескі рулары болған қаңлы, қыпшақтардың қауым тіршілігі, мәдени өркендеуі бірсыпыра ілгері басқан кезі.

Оғыз (қаңлы)-қыпшақ дәуірі (VII-XII ғғ.) бізге Қорқыт сияқты ұлы дананың ұлы бейнесін қалдырды. Қорқыт сияқты бейненің тарих жүзіне келуі – бір кездегі қауым өркендеуінің белгілі нәтижесі.

Қорқыт шыққан қаңлы-қыпшақтар кезінде (VII-X ғғ.) Орта Азия көлемінде белгілі екі жұрт болған. Оның бірі – Аксу, Амударияның ар жағын мекендеген сасаниттер, екіншісі, Сырдария өлкесіндегі оғыз-қыпшақтар. Қаңлы ұлысынан тараған оғыздар VII-X ғасырларда Сырдариядан Үргеніш, Каспийге дейін зор мемлекет құрып, Арал теңізінің жанындағы Жанкент қаласы мен Үргеніш – бұрынғыша олардың саяси, мәдени орталығы болады. Тарихи мағлұматтардың жобалауына, Қорқыттың жасаған дәуірі – осы оғыз (қаңлы)-қыпшақ дәуірі және оғыз-қыпшақ дәуірінде шыққан қызықты әңгіме бір ғана «Қорқыт» әңгімелері емес, «Оғыз наме», «Бозұғлан», «Көрүглы», «Алпамыс», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларыда осы қаңлы (оғыз) - қыпшақ дәуірінен қалған жырлар болады. Бұлардың ішінде «Оғыз наме» мен «Қорқыт» әңгімесі біріне бірі өте жуық жақын екені байқалады.

Араб-парсы тіліндегі тарихи мағлұматтарға карағанда, Қорқыт пен Оғыздың жұртшылық алдындағы істерін ол елдердің жазушылары ертегі, аңыз әңгіме ретінде жазып алып отырған. Қорқыт пен Оғыз тұсында қаңлы-қыпшақ

қауымдарының саяси-шаруашылық жағынан тіршіліктері бұрынғыша оңтүстіктен шөлейтке қарай мекендейтін қауымдармен байланысудан гөрі күн шығыстан Алтай, Жетісудан, оңтүстік батысқа қарай мекендейтін мәдениетті елдермен (Бағдат, Мысыр) қарым-қатынаста болады. Ордос пен Дунай өзенінің арасындағы кен жазықта бұлар күшті мемлекет құрып, бір жағы Иран, бір жағы Қытай, бір жағы Румния жерлерімен астасып, ол кездегі ең мәдениетті жұрттармен қатынас жасайды. Бұл кездегі қаңлы-қыпшақтардың ру басылары (айналдары) ертедегі салт бойынша, хан тағын жамалып, бұрынғы бытыраған руларды енді бір билікке бағындырады. Бұл айтқан VI-X ғасырларда кәзіргі Жетісу, Сырдария өлкелерінде бірнеше мәдениет ошағы құрылып (қалалар салынып), ол кездегі қаңлы-қыпшақтар Қытай салтына тасқа жазу жазып қалдырады.

Қорқыт оғыз дәуірінде Маңғыстау, Алтай өлкелері белгілі мәдени өркендеу сатысына көтеріліп, тиісті тарихи зат мұраларын қалдырады. Осы күнге дейін жер астынан табылған толып жатқан тасқа жазылған жазулар, алтын-күміс ыдыстар, неше түрлі ескіріп қалған қаланың орындары, әсіресе, осы айтқан оғыз-қыпшақ (Қарахан, Қорқыт) дәуірінен қалған мәдени мұралардың қалғаны. Сырдария бойындағы ескі мәдениет қалдықтарын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, Қарахан, Оғыз дәуірі Орта Азия өлкесінде қала салу, сәулет көркейтуде ең бір көрнекті дәуір болады. Олардың айтуынша, күмбезді үй, мұнарасы биік сарай, жалпы сәулет өнерінің көркемі, көбінесе, осы айтқан Қарахан, Оғыз дәуірінде болған. Міне, осы жағдайда Қорқыт пен Оғыз ханның аттарына байланысты сұлу ертегі-жыр туады (Оғыз наме).

Қорқыт пен Оғыз ханның жұртқа жаңадан жосыны шығарылып, ұлыс ішінен тақлақшы, шешен, би, білгір қариялар шығады. Мұндай қария, шешендер бұрынғы ескі дәуірде болса да, тап осы айтқан VII-X ғасырлар арасындағыдай көрнекті орын ала алмаған еді. Бұл айтқан «шешендік», «би сөзі», «жыр сөз» қауымның ой-өрісінің белгілі сатысы болған Қорқыт дәуірінен былай қарай ерекше еркіндегендіктен, бұл дәуірді «Қорқыт заманы» деп атауға лайық.

Гомер мен Агамемнон әңгімесі ескі грек тарихының сұлу әңгімесі болғаны сияқты Қорқыт пен Оғыз ханның өмірі де – біздің өткен тарихымыздың бір сұлу ертегісі. Қорқыт заманында қауым тіршілігі бұрынғыдан анағұрлым ілгерілеп, ұлысты басқару, шаруа бағу жана түрде байқалады. Бұл кезде ел басқару үшін батыр мен бірге ақылғөй даналар да керек болады.

Қорқыт заманында Орта Азияны арабтар жаулап алып, сауда қатынасының Үргеніш, Сырдария бойларына тарай бастаған кезі. Арабтардың Сыр бойындағы қалаларға келіп, сауда жүргізіп, дін үгітін таратуы VII ғасырдың орталығында. Бұл кездегі арабтардың күшті Рум омаяттары Әбділмәлік халифаның тұсында (690 ж.) Кавказ, Ирак, Парсы, Ауғанстан, Орта Азияны тегісімен өзіне қаратып, «Жеті ықылым» деп аталатын Батыс Қытайға дейін барады. Алайда, VII ғасырда жаңа шыққан ислам дінінің Сыр бойындағы оғыз-қыпшақтарға әсері онша күшті жайыла алмады. Оның үстіне, араб феодалдары өзара екі бөлініп, бір жағын омаяттар (Әбділмәлік) бастаса, екінші жағынан Аббас халифасы көтеріле бастайды. Аббастар Шам уәлаятын басқаратын Омаят халифасына сенбей, орталық астанаға Бағдат қаласын көтереді. Сырдария, Үргеніш, Жетісумен

жні қатынас жасайды. Аббас халифасының ең гүлденген кезі – Маъди мен Арун-Рашид кезі (VIII-X ғғ.). Бұл кез араб жұртында, бір жағынан, діни фанатизм күшейіп, екінші жағынан, ислам діни феодалдық тілекке сайма-сай кеп, мемлекет тілі бола бастайды. Арун-Рашид кезінде арабтарда мәдениет бір сыпыра жоғарылап, сол кезде «мың бір түн хикаясы» шығады.

Қорқыттың ұлы бейнесі тарихта, міне, осы кезде жасалады. Қорқыт сияқты даналардың туысы халық қиялына Ер Төстік, Құламерген, Ақ Көбек сияқты алып ерлердің тұрмысынан басқарак болып айтылады, үйткені оларды, көбінесе, санамен сарғайып тілеу тілеп, су жағасынан, өзен бойынан іздеп жүріп табады. Қорқыт, Жиренше, Едіге, Асан қайғылар өзен жағасында туып, не суда ағып бара жатқан жерден табылады, бұл қариялардың туысы жұрт қиялында кейде жаратылыстан тысқары көрсетіліп, күннен, нұрдан пайда болады. Бұл туралы халық аузындағы белгілі бір әңгіме былай айтылады:

– Ерте заманда бір хан болған екен. Оның ай десе, айдай, күн десе, күндей бір сұлу қызы бар екен. Хан ол қызын жұртқа көрсетпей, жапан түзге үй салдырып, қызын тұрғызады. Қыздың қасында серік қыздан басқа ешкім болмапты. Қыздың күн сайын көретіні тек ай, күн, жұлдыз екен. Қыз бой жетіп, бір күні далада шуақтап жатса, бойы шымырлап, денесі маужырағандай болады. Біраздан соң қыз екі қабат болады. Мұны қыздың шешесі біледі. Шешесі: «Ел жоқ, күн жоқ, жапан түзде қалай жүкті болдың?» – дейді. Қыз: «Ешкімді көргенім жоқ, бір күні күн көзінде жатыр едім, содан жүкті болып шықтым», – дейді. Шешесі мұны жасыра алмай, ханға айтады. Хан қызын көргісі келмей,

«оны бір алтын сандыкка салып, суға ағызып жібер» деп әмір қылады. Қыз суда ағып келе жатқанда, оны аң аулап жүрген «Домбауыл», «Тоқтауыл» деген екі мерген көреді. Мергендер оған таң-тамаша қалып, сандыкка қызығып, оның біреуі үшін, біреуі сыртын алмақшы болады. Ақыры, Тоқтауыл сандықтың сыртын алады да, Домбауыл сандықтың үшін алады. Сандықтың ішінен айдай бір сұлу қыз шығады. Қыз күн нұрынан жүкті болғанын, кешікпей босанатынын айтады. Қыз күні жетіп босанады, Шыңғыс туады.

Бұл әңгіменің енді бір түрі былай айтылады. Ерте заманда бір ханның жалғыз бір қызы болыпты. Хан сол қызына Түн теңізінің ортасынан үй салдырып, оның ішіне қырық қыз күтуші беріп, қызын сол Түн теңізінің ортасындағы сарайға қойыпты. Бұл жерге жанды зат келтірмейді, қызды далаға шығармай, айға, күнге көрсетпей, ылғи қараңғы қапаста ұстапты. Күндерде бір күн ханның қызы құса болып, қыздарға: «Манайда не бар, не көресіңдер», – деп сұрапты. Қыздар: даланың сәулесі бар, одан басқа дәнеңе жоқ дейді. Қыз: маған сол сәулені көрсетіңдер дейді. Қыздар сарайдың терезесін ашып, үйге сәуле түсіреді. Қыз кешікпей екікабат болады. Бір күні қыздың жүкті болғаны ханға естіледі. Хан жарлық беріп, қақпақтап алтын қайық жасатып, қызын қырық қыз нөкерімен қайыққа отырғызып, өзенге ағызып жібереді. Бұл өзеннің төменгі жағында елден қуылған Домбауыл мерген, оның серігі Шаба соқыр деген тұрады екен. Шаба соқыр қырық шақырым жерден көреді екен. Суда қалқып келе жатқан алтын қайықты көріп, оны Домбауылға айтады. Алтын қайық бұлардың қасына таянғанда, Шаба соқыр сыртын, Домбауыл үшін алмақшы болады. Қайық бұлардың қасына келгенде, Домбауыл мерген Шаба соқырға: «Қия

атайын ба, кесе атайын ба? – дейді. Шаба соқыр: «Қия ат», – дейді. Домбауыл мерген қия атқанда, садақтың оғы алтын қайықтың қақпағын жұлып түсіреді. Сондықтан Шаба соқырдың ұрпақтары «қият» деп аталатын болады. Алтын қайықты ашып қараса, қырық қыз нөкері бар, ішінде бір сұлу қыз отыр екен. Ол қызды Домбауыл алады. Қыз босанғанша Домбауылды қасына жолатпайды. Кейін Тәңірберді туады.

Мұндағы Домбауыл мерген – Ер Төстік, Құламергендер сияқты алып батырлардың бейнесіне ұқсаса, Тәңірберді, Шаба соқыр – Оғыз хан мен Қорқыттың бейнесіне ұқсайды. Бұл сонғылардың туысы Ер Төстік, Ах Көбек, Құламергендер сияқты алып күштің бейнесімен байланыспай, Тәңірберді (Оғыз хан), Шаба соқыр (Қорқыт), Шыңғыстардың туысы бүркіттің жүрегіне, бөрінің етіне, боз інгеннің сүтіне жеру арқылы емес, халық қиялы оларды күн сәулесі арқылы туғызады. Бұрынғы бөрінің еті, бүркіттің жүрегі, боз інгеннің сүтінің орнына Қорқыт заманында «күннің сәулесі», «судың ағыны», «айдың нұры» нышанға алынып, олар ақыл, ойдың, жұрт басқаратын даналықтың белгісі ретінде есептелген.<sup>23</sup> Сондықтан халық қиялы оңдай бейнелі адамдарды (Қорқыт, Шыңғыс, Едігелерді) көбінесе өзен-су жағасынан іздейді<sup>24</sup>. Кейде өзен-су жағасында туатын дана баланың орнына, не су жағалап дана бала іздеп жүретін ананың орнына су жағалап, дана бала іздеп жүретін ананың бір тал шашы айтылып, ол шаш ақылды ананың, дана туатын баланың ишарасы болады. Бұл туралы Құламерген (Аламан мерген) әңгімесі былай дейді: «Құламерген аң аулап жүргенде, бір күні Алтыншаш су алғалы барып, басын жуып отырып, бір тал шашы суға ағып кетеді. Бірнеше күн өткен соң, бір балықшы алтын шашты тауып алып ауылына апарып көрсетеді. Оны ол

жердің ханы естіп шашқа ғашық болады... Аламан мерген ертегісінде Алтыншаш бір күні дарияға барып суға түскенде бір тал шашы үзіліп, суға ағып кетеді. Күндерде бір күн сол жұрттың ханы қырық уәзірмен аңға шығып жүрсе, алыстан күнмен шағылысқан бір нәрсені көреді. Олар бұған таң қалып қасына келсе, өзеннің қамысына бір тал шаш оралып, үстінен су төгіліп тұр екен. Хан шашты көріп, шаштың кімдікі екенін білуге асық болады.

Бұл сияқты, қыздарды сарайда ұстау, судан бала кездестіру ескі грек ертегілерінде де болған, сонда қалқып жүрген жәшік ылғи балықшыға кездесе, қазақ ертегілерінде көбінесе аңшы, мергендерге кездеседі.

**Қорқыттың туысы.** Халық әңгімелерінде қосақтасып жүретін бір мазмұнды бейнелер бар. Мысалы: Жиренше шешен, Асан қайғы, Шыңғыс, Алаша хан, Қорқыт, Оғыз хан. Келтірілетін мысал Оғыз хан туралы айтылған болса да, Қорқыт пен Оғыз ханның мазмұны айтылатыны байқалады. Қорқыт пен Оғыз ханның туысы туралы жұрт аузында қалған қария сөз былай дейді:

Ескі қарияның айтуынша, Оғыз хан (Қорқыт) туған күні бүкіл дүние нұрға толып, жер-көк сұлулыққа батты. Ол көп уақыт анасының емшегін ембей, алдымен су ішті, содан кейін анасының емшегін бір-ақ сорды. Балалармен ойнап кетті. Ат керек қылды, ат берді. Атқа отырып аңға шықты. Орманға барады, орманнан бір аң атып алады. Бір күні далада жалғыз отырғанда, ойға батты. Бір кезде көктен жылылық түсті. Оған күлімдеп, ай жымиды. Сол уақытта қасына бір сұлу қыз келіп отырады. Ол қыз келгенде, көктегі шытырман жұлдыздар жымылдап, ым-қақты. Оғыз қызды сүйеді. Одан

кейін ол қыздан Күн, Ай, Жұлдыз атты үш бала туады. Оғыз бір күні аңға шықты, бір жойқын көлге кездеседі. Ол көлдің ортасында бір ағаш бар екен, ол ағаштың қасында бір қыз тұр екен. Оғыз оны тағы сүйді. Одан Көк, Теніз, Тау атты үш ұл туды. Одан кейін Оғыз бар халқын жиып, ұлы той жасады. Халқына айтқаны: «Бізге Тәңірі жақсылық бергелі тұр, сіздер бәріңіз қалмай, еңбек етіңіздер. Төрт тарапты білейік. Оң тарап – Күн хан орданың тірегі, сол тарап – Айтхан күштің, ақылдың қуаты, Тау-хан – алдағы асқар бел, Теніз-хан – жойқын байлық, таусылмас ақылы», – дейді.

Бір күні Оғыздың ордасына тағы да күн сәулесі түсті. Әлден уақытта орданың ішіне көк түсті көк бөрі көрінді. Оның артынан қаңлы, қыпшақ, қарлық рулары Оғыздың алдына келіп: «Біз не істе десеңіз де, дайынбыз, айтқаныңызды әділ істейміз», – дейді. Бір күні Оғыз түс көрді. Жай жарқырап күн батыстан шығысқа қарай ақты.

Оғыз ханның бұл ертегісін тұңғыш рет жазып алған арабтың XII-XIII ғасырдағы жазушысы ибн-әл-Әсір. Одан кейін, ол кездегі қарияның айтуынан жазып алған Әлеуке (Әлеуке) ханның баласына уәзір болған атақты ғалым Рәшидеддин.

Мәшһүр Жүсіп Ертіс бойынан Оғыз хан мен Қорқыттың тарихта жазылған өміріне дәл келетін, тарихи өте мағыналы жыр жазып алған. Ол жырда былай дейді:

Шежіреге басын сүйеген,  
Күнге шашын тараған,  
Ананың сүтін ембеген...  
Қошқар тайдың басында Қошқар ата,  
Өгіз таудың басында Өгіз ата,  
Өлі десем, өлі емес,  
Тірі десем, тірі емес.

Сол атаның атасы  
Ертеде өткен Қорқыт ата.

Бұл үзінді мұнан мың жылдан астам бұрынғы дәуірді елестететін сияқты. Өйткені, тарихи маңызы жағынан мазмұны XII ғасырда араб жазушыларының айтқанына қабыс келетіні байқалады.

«Оғыз» әңгімесінен кейін Қорқыт заманымен байланысқан ескі әңгіменің бірі «Ергене Көң» әңгімесі. Мұнда Қорқыттың арғы атасы Қият руының қалай өрбігені туралы айтылады. Ел жаугершілікке ұшырап, балапан басына, тұрымтай тұсына кеткенде, монғол-қазақ руынан Қият, Ноғай (Нокас) деген екі жігіт Алтай тауының адам бармас бір құзына бекініп, ұшы-қиыры жоқ бір үлкен сайды мекен қылып жатады. Арада екі жүз жыл өткен соң, олар көбейіп, «Ергене Көң» сайына сыймай, одан шыққысы келеді. Бірақ, шығатын асу жоқ, жан-жағының бәрі биік тау, құз жартас. Жүкті, малды шығаруға жол іздейді. Ол таудың бір бөлегі Теміртау екен. Олардың ішінде бір көрікші ұста бар екен. Ол ұста айтады:

– Осы тауды ағызып, содан кейін шығайық. Таудың жетпіс жерінен жетпіс көрік қойып, көмір жағып, тауды ағызады, тасты қопарады. Жүкті түйе өткендей жол болғанда, одан Қият шығады. Қияттың кейінгі өрбіген тұқымы Бөрте шене аталып, неше жыл өткен соң, олардан Шыңғыс туды. Сол заманнан бері Бөрте шенеге (Көк бөріге) жылында сегіз айда бір той жасап, көк бөрі (көкпар) тарту жұртқа салт болады. Ескі грек жырында Зевс Крит аралында жалғыз өсіп, оны «Амельней» деген киік өзінің сүтін емізіп жүреді, болмаса, Дафнис<sup>25</sup> тау ішіндегі үңгірде жатқанда оған барып, қой сүтін емізіп жүреді.

Қазақтың ескі жырларында бөрінің басы күштің, биліктің белгісі есебінде айтылса, Зевсті емізген киіктің мүйізі ескі грек жұртында байлықтың, ізгіліктің белгісі болған. Сөйтіп, қаңлы (оғыз), қыпшақ заманында тарихқа Қорқыт дананың ұлы бейнесі шығады.

**Қорқыт – тарихи адам.** Тарихи жазулардың мезгеуінше Қорқыт VII-VIII ғасырларда билік құрған Оғыз ханмен замандас. Сондықтан Оғыз ханның әңгімесі жүрген жерде Қорқыттың жыры бірге жүреді. Қорқыттың әңгімесі болмаса, ескі уақытта айтылатын жырын қазақтар бүгінде ұмытып, оның толық жыры тек ескі оғыз-түрікмен тілінде ғана сақталған. Тарих пен шежіре сөзге қарағанда, Оғыз да, Қорқыт та Қаңлы ұлысынан шыққан. «Қорқыт» жырының тобына кіретін жырлар тегісімен Оғыз ханның ұрпақтары туралы. Арал теңізі бойынша осы күнге дейін айтылатын «Баянның», «Қазанбек», «Салбөрі» (Алпамыс), Қарабек (Қарахан), «Тұраналы», «Дерсе хан» жырлары «Қорқыт» жырының жеке-жеке тараулары сияқты. Және тарихтың айтуынша, бұлар бір кездегі оғыз-қыпшақ жұртының батырлары болғанға ұқсайды. Рашидеддин өзінің «Монғол тарихы» деген кітабында «Оғыз ханның ақылшы биі Жанкенттік Ер Қиыл қожа еді», – дейді, сол ер Қиыл қожа Қорқыттың өзі болу керек.

Қорқыт VII-X ғасырларда Сыр бойына мекендейтін Қаңлы ұлысының бір тобы Оғыз руы қияттарынан шыққан. Ол кезде бұрынғы қаңлының қаңлы-қыпшақ, я оғыз-қыпшақ аталып, олардың астанасы Сырдарияның жағасындағы «Жанкент» деген қала болған.

Қорқыттың туып-өскен жері – осы Жанкент, қазіргі Қазалының шығыс жағында 50-60 шақырым тұрады. Осы



күнге дейін ол жерде «Қорқыт ата» деген моланың (кешен) болып тұрғаны – Қорқыттың Жанкент қаласында өсіп, VII-X ғасырлар арасында жасаған адам екенін көрсетеді.

Шығыс әдебиетіне белгілі болған атақты күйші – музыкант Әбунасыр әл Фараби Сырдария бойындағы Отырар (Фараб) қаласында туып, кейін атақты күйші болған кезінде өзінің лақап атын Фараби деп атаған.

Әбунасыр Фарабидің Қорқыт сияқты атақты күйші болғаны X ғасырдағы грек, рим жазушыларына да белгілі болған. Араб тілінде жазылған кітаптардың айтуынша, Фараби 870 жылы туып, 950 жылы сексен жасында қайтыс болған.

Қорқыт, әл Фарабилер туған қаласы оғыз-қыпшақ тілінде Жанкент аталып, жоғарыда айтқандай, Арал теңізінің шығысында болған. Бұл қала VII-X ғасырларда атақты қаланың бірі болып, Жанкент оғыз-қыпшақ жұртының ол кездегі мәдениет орталығы болған қаласының аты Сырдария бойындағы қазақтарға әлі күнге белгілі. Ол қаланың орнына осы күнге дейін археологтар зерттеу жүргізерлік маңызы бар.

Қобызымен ескі дүниені күніреткен әл Фараби, Қорқыт күшінің ізін ала шыққан, соның шәкірттерінің бірі болуға тиісті. Арун Рашид халифаның заманында әл Фараби күйшіні Жанкенттен Бағдатқа алдырып, Бағдат халқы Фарабидің сұлу күйін тыңдайды. Бағдатқа барған соң, Фараби араб, грек философияларын үйренеді. Жазған бір кітабында Фараби өзінің Аристотель шәкірттерінің ішіндегі халыққа белгілісі екенін, музыка өнеріне мэһір (шебер) екенін айтады.

Әл Фараби Қорқыт күйін музыканың ең сұлу түрінде жеткізіп, екінші жағынан Аристотельдің поэзия, музыка туралы жазғандарын оқыған, ол кездегі кеменгер адамның бірі екенін көрсетеді. Қазіргі Қазақстан жерінде туған атақты адамдардың ішінде Қорқыт, әл Фараби Ұлы жүз дулаттан шыққан атақты тарихшы Мұхаммед Хайдар (XVI ғ.) – бәрі де бүкіл дүние әдебиетіне белгілі адамдар.

VII-X ғасырлардағы оғыз-қыпшақ дәуірі әдебиет, музыка (күй), философия дамуының бір көрнекті кезі болса, Қорқыт, әл Фараби сияқты данышпандар жасаушылардың атасы болады.

Абылғазы бабадүрдің айтуынша, Қорқыт Аббас халифасының (VII-VIII ғғ.) кезінде болған адам, Қорқыттың туып-өскен жері Сырдарияның жағасы. Қорқыттың күйші, тарихи адам екені араб жазушыларына ғана емес, оның жыршы, музыкант, философ екені грек жазушыларына да белгілі. X ғасырдағы Рум (Византия) патшасы Константин Қырмызы деген жазушы «Мемлекет басқару» кітабында Қорқытты «пешене қыпшақтарының ел ағасы» – дейді. Константиннің бұл сөзі Мәржанидің «Мустафат-ул-Ахбар» кітабында Оғыз хан да туралы айтқаны дәл келеді. Мәржанидің айтуынша, Оғыз хан пешене қыпшақтарды Еділ, Дунай өлкелеріне қоныстандырады. Константиннің айтуынша, ол барған пешене қыпшақтардың жұрт басқарған биі Қорқыт болады. В.В.Бартольд «Орта Азия» деген кітабында Қорқыт – оғыз жұртының атақты ғалымы, философы, жыршысы, музыканты. «Қорқыттың аты X ғасырларда пешене қыпшақтарына әйгілі болды», – дейді. Қорқыттың жасаған дәуірі туралы бұл айтқан тарихшылар

пікірілеріне карағанда, Қорқыт VIII-IX ғасыр ішінде жасаған Орта Азияға ислам дінін таратқан Аббас халифалығымен тұстас. Арабтың XII ғасырдағы жазушысы ибн-әл-Әсирдің «Қорқыт – Хорезмнің сұлтаны Санжардың биі», – деген. Ол данышпан жыршы Қорқыт емес, дана Қорқыттың ұрпағы болуға тиісті. Ибн-әл-Әсирдің айтуынша, сұлтан Санжардың биі болған Оғыз-Қанды руынан шыққан. Сонымен, жыршы Қорқыт VII-VIII ғасырларда Сырдарияның бойында жасап, X-XI ғасырларда жыр болып, ел аузына тараған.

Қорқыттың тарихи адам екенінің және бір дәлелі: Орал тауын қоныстайтын башқұрттар арасындағы «Ескі қырғыз» деген ауыл өздерін осы күнге дейін «Қорқыттың ұрпағымыз», – дейді. Олардың шежіре кітаптары бойынша, Қорқыт заманынан XVIII ғасырдың ортасына дейін Қорқыт ұрпағынан олардың 18 атасы болған. 1913 жылы «Шора» журналында басылған «Ескі шежіре» деген мақалада Қорқыттың бір ұрпағы өздері туралы былай деп жазады: «Бабаларымыз тарапынан жазылып қалған шежіреге карағанда, біздің «Тасты ауылда» тұратын башқұрттардың әуелдегі түбі қырғыз-казак жұртындағы Бұқар жолында, Сыр теңізі (Арал теңізі) бойында тұратын «Қорқыт ата» деп аталады. Қорқыттың немерелерінен Қосық би Ақ Еділ бойындағы Татыс суы қасында «Ескі қырғыз» деген ауылды жұрт қоныс етіп, өзі «Ақ биге бас ұрған»<sup>26</sup> дейді. Бұл мақаланың айтуынша, Қорқыттың Оралдағы ұрпақтары тегісімен ата қуалаған би болып, өздерін казак ортасынан шыққан шала казак, шала башқұрт деп санап, бұрынғы аталарының қонысын «Бұқар жолындағы Арал теңізінің бойы, Сырдарияның жағасы» деп түсінген. Бұған карағанда, Сырдарияның жағасында осы күнге дейін тұрған Қорқыт

моласы қандай тарихи нәрсе болса, Қорқыттың да бір кезде тарихи адам болып, оның Сырдария, Арал теңізінің бойында Жанкентте жасағанын көрсетеді. Абылғазы бабадүр мен араб жазушыларының Қорқыт туралы айтқандары осы шежіре сөзбен бір шығады.

Қорқыттың толық жырын казак пен түрік бұрын жақсы билсе де, кейін ұмытып, оның тек атын, істеген ісін, аңыз болып айтылатын әңгімесін ұмытпаған. Қорқыттың толық жыры ескі оғыз тілінде ғана байқалады. Бұл жыр Каспий жағасындағы түрікмендер арқылы XV ғасырда Кавказ, Мазандаран (Оңтүстік Каспий) елдеріне таралғандықтан, Қорқыт әңгімесі оларда да айтылады. Бүгінгі Әзірбайжан ғалымдарының Қорқытты бір ғана өздерінің халқының шығармасы деп көрсетуі бүтіндей дұрыс емес. Бартольд айтқан: «Қорқыт» жыры Армян тауының үстінде шыққан жыр болу керек» деген сөзді өздерінше жорып, Қорқыт әңгімесін бүтіндей өздеріне менгеріп алуына карағанда, «Қорқыт» жыры XV ғасырдан анағұрлым бұрын Сырдария бойын мекендеген оғыздар аузында айтылып, олар оңтүстікке атуғанда оны өздерімен бірге ала барғандар.

«Қорқыт» жырының тобына кіретін «Қазанбек», «Байбөрі» (Алпамыс), «Тұраналы», «Дерсе хан» жырлары осы күнге дейін Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібірде сақталғаны байқалады. XV ғасырда манғыс-ноғайлар (Қият руы) Үргеніш пен Сыр бойынан ауып, Батыс Сібірдегі Көшім ханның еліне барғанда, олар Қорқыт жырының кейбір үзінділерін өздерімен бірге ала барған сияқты. Қорқыт жырының бір тарауы болған «Қазымбек», «Байбөрі» (Алпамыс), «Қантұралы» жырлары осы күнге дейін Арал теңізі бойындағы қонырат ақындарының

аузында көп айтылады. Бұған қарағанда, «Қорқыт» әңгімесі көбінесе XV ғасырға дейінгі Сырдария, Арал теңізі бойында айтылып, Маңғыстауды жайлайтын түрікмендер арқылы Кавказ, Иран, Бағдат өлкелеріне тараған көрінеді. Онымен қатар «Қорқыт» әңгімесі Мысырдағы мәмлүк қыпшақтар арасында да айтылады. «Қорқыт» әңгімесінде кездесетін жұрттар – оғыз, қаңлы, қыпшақ, қият, күрті, күрші, Қара теңіз бойындағы гректер. Бұлар Қорқыттың соңын ала шыққан «Көрұғлы», «Бозұғлан» жырларында да кездеседі, бұл соңғы екі жыр Қорқыт жырының бір тарауы болуы да мүмкін. Және «Қорқыт», «Көрұғлы» деген сөздердің мағына жағынан жақындығы да байқалады.

**Қорқыт және Жиренше шешен.** Ел аузынан жазылған әңгімелер мен тарихта жолығатын кейбір білемдерге қарағанда, Жиренше өте ерте заманда болғанға ұқсайды. Жиреншенің ісі – билік, айтатыны нақыл сөз, ол әрқашан ханның қасында болса, Жиренше – жұртшылықтың ой-бейнесі болып, тарих жүзінен шығуы сахарадағы бақташы рулардың ең алғаш хандық құрып, қауым тіршілігіне қоғам, өндіріс жағынан өзгеріс кіруімен байланысады. Ру басы болмаған кезде Жиренше шешен сияқты қария да болмаған.

Жиреншенің «Жиренше шешен» аталуы ерте заманда қария, жыраулардың, бақсының ылғи жирен ат мініп жүруіне байланысты болуға тиісті. «Бақсы» деп ерте заманда жырауды айтатын. «Бақсы» (бақшы) деп осы күнге дейін түрікмендер әулиелерінің халық ақын-жырауларын айтады. Кейінгі заманда бақсылардың қобызға ие болып қалуы да әуелі бақсылардың жыршы екенін көрсетеді. Шоқаниның айтуынша, бақсы – бұрынғы заманда суырып салма ақын, жыршы, қобызшы, музыкант, ойшы, тақлақшы,

шешен- Қазақтың «бақсы» деген сөзі монғолша «ғалым», ойғырша «хатшы», түрікменше «жыршы». Және Шоқаниның айтуынша, ақын-жырауды тұңғыш рет қобызға үйреткен Қорқыт. Бұрынғы кездегі қария, жыраулардың «жиренше» деп аталуы олардың ылғи жирен атқа мініп, ел қыдырып, қобыз тартып жүруінен. Ол кезде де жырауды қадірлеу – көпшіліктің салты. Бір жырау өлсе, оған азаға «тарту» деп он шақты жирен әкеп, жыраумен бірге көметін болған. Мұны осы күнгі Алтай тауындағы қорғандарды қазып зерттеу жұмысының нәтижесінен байқауға болады. Алтай елінде «жиренше» деп ақырғы күнге дейін жирен ат мініп, қобыз тартып жүретін жырау-ақынды айтады. Потаниннің айтуынша, «жиренше» қазақ елінде қария ретінде айтылып, Алтай елінде бақсы-жыршы ретінде айтылады. Бұл дұрысқа келетін де сияқты. Қазақтың бақсылар жырында келетін:

Алтайдан келген алтауым

Шабдар атты кемеңгер –

дейтіні кемеңгер жыраулардың жирен ат мініп жүргенін ишаралағандай.

Бұрынғы заманда жирен ат минетін жыраулармен қатар жігіттердің ақ боз ат салты болған. Бұл жастың, ерліктің әскери күштің белгісін көрсететін.

Сары ала қамқа тон киген,

Сары арғымақ ат мінген ...

Кісі «сары абыз» атанып, ерте замандағы ол кісінің әр түрлі дін салтына (дін синкретизміне) түскенін білдіреді.

Каспий жағасын қоныстайтын ноғайлар жыршыларын «жирен» деп атап кеткен. Ноғайлар арасында айтылатын

«Едіге» жыры Жиреннің (жыршының) атынан айтылады. Сөйтіп, «жирен» ескі кездегі жыршы-қарияның халық қадірлейтін бір аты екені байқалады. Бұрын жирен ат мініп жүретін бұл қария, жыраулар, бергі хандық құрылысы кезінде тақпақшы шешен, жыр, «ескі сөз айтатын қария» болды. Бұрынғы «жиренше жырау» аталған, бұл кезде «жиренше шешен» аталып, ханның кеңесші биі болады.

Тарихтың айтуынша, осындай жиреншенің біреуі XII ғасырдағы керей Тұғрұл ханның бектер бегі болып, қызына Шыңғыс хан үйленеді. Потанин бұл Жиреншені Оғыз ханның биі Ер Қиыл қожамен (Қорқыт) қатар қояды. Тарихи мағлұматтарға қарағанда, Шыңғыс ханның Бөрте бәйбіше (Беше, беже) Дай шешеннің қызы болған. Ол Дай шешен Потанин айтқан керей Тұғрұл ханның биі болған Жиреншенің өзі. Бұған қарағанда, жырда айтылған қауым тіршілігіне қоғам, өндіріс жағынан өзгеріс кіруімен байланысады.

Жиренше бір кісінің аты емес, ол ең ескі дәуірден келе жатқан қария, жыраулардың жинақ аты болуға тиіс. Бұл «Жиренше» деген ұғымға үйсін кезіндегі (III-I ғғ., I-VII ғғ.) «Жирен атты» жыраулар да, Оғыз «(Қарахан) тұсындағы Ер Қиыл қожа, Тұғрұл, Шыңғыс кезіндегі Майқы би мен Жиренше шешен де (XII-XIII ғғ.). Жиренше мен Қорқытты жұрттың ардақтайтыны олар ел қамын жеген, ақылгөй қариялар еді.

Алтай еліндегі бір ертегі әңгіменің айтуынша, адамды тұңғыш рет өлімге үйреткен Жиренше-міс. Көк Тәңірі адамға Жиреншені жіберіп «адам өлмей, көбейе берсе, жер үстіне сыймайды»,— деді. Жиренше адамға өлім үйретіпті-міс. Мұнда «Жиреншенің адамға өлім үйретті» деуі Қорқыттың өлімге дауа іздегенін көрсетеді. Ерте кезде адам өлімге

дауа, шара, табу қиялымен өлген адамның рухын, әруағын қасиеттеуді шығарады. Өлген батырдың, жыраудың басына кешен тұрғызып, өлген адаммен бірге боз ат, жирен аттарды бірге қоятын салт шығарады. «Ат басына ала жіп байлап, кісі шығару» араб жұртынан пайдаланған салт емес, Жиренше, Қорқыттардың қауымының құрметтеген адамдарын қадірлеу туралы қалдырған жоспары сияқты.

Қорқыт дәуірімен байланысты аңыздардың бір түрі – баптар жайындағы ұғымдар. «Бап», «баба», «қария» деген сөздердің өзгеріліп айтылған түрі. Баптардың ішіндегі ең ертерек шыққаны – Арыстан бап. Арыстан бап қазақ жырларында жиі кездеседі. Тарихи мағлұматтарға қарағанда, Арыстан бап (баба) XII ғасырда жасаған Қожа Ахмет Йассауидің ең арғы атасы болып, одан төрт жүз жыл бұрын жасаған. Олай болғанда Арыстан баба Қорқытпен тұстас болып, VIII-IX ғасырларда жасаған адам болуға тиісті. Кейінгі заманда шыққан Зеңгі баба, Шопан ата, Едіге би – бәрі осы Арыстан бап – Баба түктінің ұрпақтары. Арыстан баптың туып-өскен жері – Шымкент, Құмкент өлкелері. Едіге биді Баба түкті Құмкент қаласының жанынан тауып алады. Бұл жөнінде:

«Сайрамда бар сансыз бап,

Түркістанда түмен бап,

Ең үлкені Арыстан бап»,

– деген сөздер баптардың Қорқытпен замандас болып, арабтардың Орта Азияға келген дәуірде болған адамдар екенін көрсетеді.

Баба түкті, я Баба Омар туралы «Салсал», «Бозұғлан» жырларда да көп айтылады. Баба Омар – «Бозұғлан» жырында Жүсіп ханның кейінгі ірі батырдың бірі.

Баба Омар Йассауидің жырында «Машын бап – Машын қаласының бабасы» деп аталса, «Бозұғлан» жырында Баба Омар – Шын-Машын қаласынан делінеді. Бағдат, Шаш жерінде Баба Омар Жүсіп ханмен бірге зынданда отырғанда, Жүсіп ханның сұрауына Баба Омар жауап береді:

Көзел шахтың түсін жорыдым,  
Менің атым – Баба Омар,  
Шын Машын жайлары...

### «БОЗҰҒЛАН» ЖЫРЫ

«Бозұғлан» жырындағы Баба Омардың бұл сипатына сәйкес «Едіге» жырындағы Баба түкті түс жорығыш кісі болып, өзі Шам өлкесіне хандық құрады.

Жырдың айтуынша, Баба Омар мен Жүсіп хан зынданнан шыққан соң, Баба Омар: «Машын шеһарына қайтатын болдым», – деп керуендермен одақтасып, Жүсіп хан мен Ахметбекті күшәқтап зар жылады».

Бұл Баба Омарды «Бозұғлан» жырында Шам өлкесіне апарып, Көзел шахтың түсін жорытып, зынданға түсірсе, «Едіге» жырында Баба түкті Шам өлкесін билеп, өзі өлген соң, оның баласы Құттықия Жайық бойына келіп, қоныс алады. Кейін бұның тұқымынан Едіге туады. Баба Омар тұрған Шын-Машын қаласы – бұрынғы Талас өлкесіндегі қалалар. Қарахан, Қорқыт заманында (VII-X ғғ.) Жетісу, Талас өлкесіндегі қалалар «Шын-Машын» қаласы деп аталған. Аңыз әңгімелерге қарағанда, бұл баптардың ішінде Баба Омардан басқалары сопы да емес, жырау да емес. Бақташылық ру қоғамының әр алуан салт-санасының басын шалғандар, бақташылық қауымның әдет-салты бойынша, бұлар, көбінесе, жаратылысты қасиеттеп, «ең зор жаратылыс

– асдан» деп ұғынады. Онымен қатар олар Үндістан халқының дін салты бойынша, малды қасиеттеу, «малда не бар» деген ұғымды шығарады. Сондықтан өздеріне «Зенгі баба», «Шопан ата», «Ойсылқара», «Жылқышы ата» деген ат береді. Малда, жануарда не бар дейтін ұғым бақташылық тұрмысының жоғарғы сатысында болған жұрттың бәрінде де болған, оның ішінде бұл әсіресе үнді, грек, ескі шумерлердің бақташылық тұрмысынан туған салт-сана болған. Малда «не бар» деген ұғым жөнінде «Топан суы» әңгімесіне байланысты қазақта мынадай жыр бар:

Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ұлы әулие болмаса, неден қалған?  
Жетім бота үстінде жатып қалып,  
Ойсылқара жануар содан қалған,  
Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ұлы әулие болмаса, неден қалған?  
Қыршанқы тай үстінде жатып қалып,  
Жылқышы ата жануар содан қалған,  
Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ұлы әулие болмаса, неден қалған?  
Тышқақ тана үстінде жатып қалып,  
«Зенгі баба» жануар содан қалған,  
Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ұлы әулие болмаса, неден қалған?  
Қотыр тоқты үстінде жатып қалып,  
«Шопан ата» жануар содан қалған.

Парсы жазушыларының айтуынша, мұндағы «Ойсылқара» деген кісі арабтардың Омар халифасының кезінде VIII ғасырда болған. Омар халифа жоғарыда айтылған Әбділмәліктің баласы. Бұл кез – арабтардың әбден күшейіп, Орта Азияны өзіне меңгерген кезі. Әңгімеге қарағанда, Ойсылқара бұл кезде Мәдинеге қажыларды таситын түйесі екен, біреулер оны Омаят халифасының бектеріне мақтапты,

содан соң бектер Ойсылқараны Сырдария бойында дін үгіттеуші қып, белгілеп, өзіне «әулие» деген ат беріпті. Бұл 720-740 жылдар шамасы. Ойсылқараның туып-өскен жері, тарихи жырларға қарағанда, Жетісу, Құлжа төңірегі деседі. «Аруалық қазынасы» («Хазинат-ул-алфаян») деген кітаптың айтуынша, Орта Азия тарихында белгілі «Зеңгі баба» деген кісі Қорқыт шыққан Жанкент қаласында туып, XIII ғасырдың орта шенінде Ташкент қаласының батысында қойылған. Оның әкесі – Сәт Қожа, арғы атасы – Арыстан баба Қорқытпен шамалас деседі. Түсі зеңгі сияқты қара болғандықтан, «Зеңгі» деп аталған дейді. Бұл туралы «Ришახат» («Тамшы») деген парсы кітабында мынадай әңгіме бар: Зеңгі баба Түркістан қаласының абызы-міс. Оған қол беруге Бұхардың шайқылары Хасан, Сейіт, Садыр ата, Бәдір ата іздеп шығады-міс. Олар келе жатып, Түркістанға таялғанда, жолда көп сиыр бағып жүрген жалаң аяқ, жыртық киімді Зеңгі бабаны көреді-міс. Зеңгі бабаның өмірі осы сияқты жаратылыс жайына бақташылық тұрмысына байланыскандықтан, кейінгі кезде бұдан дін синкретизм жасалып, әр түрлі белгілі дінн наным пайда болады. Зеңгі бабаның өмірі, жаратылысы бақташылықпен байланыскандықтан қызықтау үшін жұрт жыл сайын сәуір айында Зеңгі бабаға арнап той жасап, ол тойды «сейіл» деп атайтын болады. Бұл әдет Сырдария бойында соңғы уақытқа дейін болып келді.

Қорқыттың әңгімесін халық, бір жағынан, Қазығұрт тауымен байланыстырады. Әңгіменің айтуынша, жер-дүниені топан суы қаптағанда, Қазығұрт тауының басына тек Қорқыт ата ғана шығып, аман қалыпты-міс.

Бұған қарағанда, Абылғазы, Константинайтқандай, Қорқыт өте ерте заманда болған адам екені байқалады. Мұндағы Қазығұрт тауы Талас тауының бір бөлігі болып, Сайрамның алдында тұрады. Бұл таудың ұңғыл-шұңғылы, қуысы көп болған. Жұрт онда «керемет» бар деп түсінетін болған. Сондықтан ол тауды Қорқыт дана атымен байланыстырып, «әулиелер жүрген» киелі жер деп ұғынған. «Қазығұрт» деген сөз «Қазы Қорқыт» сөзінен өзгерген сияқты. Бұл таудың маңындағы «Қызыл Сеңгір», «Ешкілік», «Қанырақ», «Зарлық» деген жоталар «Қобыланды», «Мұңлық-Зарлық», «Алпамыс» жырларында да кездеседі.

Қорқытпен қатар шығып жұртшылықтың салт-санасына әсер еткен Арыстан бап туралы Қожа Ахмет Йассауи былай деп жазады: «Қорқыт еңгезердей зор, биік кісі екен. Бойы екі құлаш, бір сүйем екен. Өлгенде аяғы кабірінен бір сүйемдей шығып жатыпты. Қорқыт жас кезінде дүниенің бір шетінде тұрыпты. Күндерде бір күн түс көреді. Түсінде ылғи көр қазып жатқан адамдарды көреді. Қорқыт: «Бұл кімнің көрі», – деп сұраса, олар: «Қорқыт әулиенің көрі», – дейді. Қорқыт өлімінен қашып келесі күні дүниенің екінші жағына барды. Онда да сол түсті көреді. Қорқыт ол жерге тұрақтай алмай, таң рауаны атысымен жолға түсіп, батысқа барады, онда да сол қазып жатқан көрді көреді. Одан шығысқа барады. Онда да қазулы көрге жолығады. Қайда барса да, алдынан қазулы көр шыға берген соң, ең соңында жердің ортасын іздейді. Жер ортасы Сырдарияның жағасы екен, «Жерұйық» осы», – деп, осы күнгі Қорқыт қаласы тұрған Сырдарияның жағасына келеді. Бірақ, ол жерде де Қорқыт тыныштық таба алмайды. Жер бетінде тыныштық таба алмаған соң, суға

барып тұрайын деп, көрпесін Сырдарияның суына төсеп, сонда тұрады. Бұл жерде Қорқыт жүз жыл жасап, өмірін кобыз тартумен өткізеді».

Қорқыт ақылшы сәуегей екен. Оның ауылы Сырдарияның жағасында болыпты. Қорқыт еш уақытта үйінде отырмай, ел-елді кезіп, кобыз тартып жүреді екен. Қорқыт сүйкімді, мейірімді екен. Бір күні ұйықтап жатып, түс көрсе, түсінде Тәңір оған аян беріп: «Өлімді аузыңа алмасаң, саған еш уақытта өлім жоқ», – депті. Қорқыт өлімді аузына алмайды. Бұдан кейін бір талай заман өтеді. Бір күні Қорқыт ел аралап жүріп, бір ауылда отырса, өгізі байлауынан босанып, далаға қаша жөнеледі. Қорқыт қашқан өгізді қуа-қуа жете алмай, ызаланады: «Өлсем де ұстамай қоймаймын», – дейді. Қорқыт түс көргеннен бері еш уақытта өлімді аузына алған жоқ еді, өгізді қуып жүріп өлімді аузына алып қойды. Қорқыт дана: «Бұл қалай болды?» – деп, қайда барып паналауды, өлімнен қалай құтылуды ойлайды. Желмаяға мініп, желдіртіп, дүниенің бір бұрышына шығып кетеді, ол жерде бірсыпыра заман тыныштық көріп, дәурен сүреді. Одан кейін Қорқыт бір көрмеген жерге барса, жолдың бір жағында көр қазып жатқан бір топ адамға жолығады. Қорқыт: «Бұл кімнің көрі? – деп сұраса, көр қазып жатқандар: «Қорқыт әулиенің көрі», – дейді. Қорқыт желмаясын мініп, желдіртіп, дүниенің екінші түкпіріне барады. Ол жерге барса, онда да сол сияқты көр қазушыларды көреді. Жердің үшінші түкпіріне барса, тағы да көрге кез болады. Төртінші түкпіріне барса, онда да сол. Ең соңында енді «Сырдарияның өзіне қайтайын» – деп, өзінің туған жері Сырға келеді. Еліне келген соң, Қорқыт желмаясын сойып, оның терісімен кобызының сыртын қаптайды. Құрғақ жерде тұра алмаған соң, бір қырмызы масағы кілемді алып,

Сырдарияның суына төсеп, сонда тұратын болады. Тәңірінің жарылқауымен Қорқыттың кілемі не суға ағып кетпей, не кірмей, көп заман су ортасында кеме болып, Қорқытқа өлім келтірмейтін арал болады. Қорқыт Сырдарияның көз жасындай суына қарап, кобызын күйлеп, «өлім мені қанша қуса да, мен оны бұл жерден көрмей қоймаспын», – деп, кобызын үздіксіз тарта беріпті. Бұл кезде тәңірі Қорқытқа аян беріп: «Саған әйеліңмен бірге тұруға ерік бердім, сен үйіңді осы кілемнің үстіне әкеліп орнатып, қызық көр», – дейді. Содан кейін Тәңірі Қорқытты жарылқап, Қорқыттың кілем үстіне орнатқан үйі жерде тұрғанмен бірдей болады. Қорқыт кілемнің үстінде отырып, күншіз-түні ұйқы көрмей, кобыз тартып, өліммен күреседі. Бірнеше заман кобыз тартып ұйқы көрмей отырған соң, Қорқыт әбден шаршап қатты ұйықтап кетеді. Қорқытты аңдыған өлім сол кезде қайрақ жылан түрінде жорғалап кілемге келіп, Қорқытты шағады, сонан Қорқыт ауырып өледі. Қорқыттың моласы осы күні Сырдарияның жағасында Қармақшыдан 18 шақырым жерде бір белеңнің үстінде. Қорқыттың кобызын сол молаға бірге қойған екен, Тәңірінің шеберлігімен ол өзінен-өзі мұңды күй тартып, пәленше жылдан бері Қорқытты жоқтағандай сарнап тұратын болыпты. Ертелі кеш Қорқыт моласының қасынан өткенде кобыздың сарнаған даусынан «Қорқыт» деген мұңды үн үзілмей шығып тұрады.<sup>27</sup>

Осы сияқты бір әңгімені Анимкоғ деген кісі жазып алып, 1897 жылы Ташкентте шығатын «Археология» журналына басып шығарған. Бұл әңгімеде көңіл қоятын бірінші нәрсе – Қорқыттың өліммен алысуы болса, екінші – оның өгіз қутаны. Мұнда Қорқытқа өгіз қуғызу тарихи шындықтан

шыққан болуға тиісті. Қорқыт қуған өгіз – шын өгіз түрінде суреттелсе де, ол тарихи Оғыз ханның арасында болған дін таласын кейінгі жұртшылық өзінше айтып, оны Қорқыттан қашатын өгіз әңгімесіне айналдырған тәрізді («Оғыз наме»).

Араб, парсы ғалымдары жазып қалдырған әңгімелердің айтуынша, Оғыз хан туарында анасының түсіне еніп: «Ислам дініне кірсең емемін, айтпесе ембеймін», – дейді. Ер жеткен соң, дін туралы ол әкесі Қараханмен ұстасып, әкесіне қарсы соғыс ашады. «Салсал», «Зарқұм» жырларында келетін әке мен баланың дін туралы соғысы осы Қарахан мен Оғыз хан әңгімесінің бір түрі сияқты. Араб, парсы ғалымдарының айтуынша, арабтарда Арун-Рашид қандай белгілі болса, Орта Азияда Оғыз хан да – сонша атақты кісінің бірі.

Қорқытпен бірге жасаған Оғыз хан туралы қария сөз былай дейді. Оғыз хан туған соң үш күн, үш түн бойы анасының емшегін аузына алмады. Анасы оған құса болып: «Қарашығым, неге ембейсің?», – дегенде, баласы бір күні түсіне кіріп: «Сен дінге кір, кірмесең сүтінді ембеймін», – дейді. Анасы баласын есіркеп, дінге кіруді ойласа да, атасы (Қарахан) оған көнбейді. Онан соң бұл туралы жоғарыда Мәшһүр Жүсіп жинағынан келтірген үзіндіні тағы да көрсетуге болады.

Шежіреге басын сүйеген,  
Күнге шашын тараған,  
Ата қадірін білмеген  
Ананың сүтін ембеген,

– Өлі десем, өлі емес,  
Тірі десем, тірі емес,  
Аталардың атасы  
Ертеде өткен Қорқыт ер – дейді.

Оғыз хан ер жеткен соң атасы Қараханмен дін туралы жауласып, ең соңында Оғыз хан атасын жеңіп, Жетісудан Маңғыстауға дейінгі жерді өзіне қаратады. Ата мен баланың дін туралы жауласуы Оғыз хан әңгімесінде айтылатыны сияқты Ғалимен соғысқанда оның Қарапіл деген баласы Ғали жаққа шығып, атасы Салсалмен соғысады:

– Қарапіл қаарланып майдан барды,  
Кәпірдің он кісіні қырып салды.  
Салсал малғұн аумен жетіп келіп,  
Баласын қылышпен екі жарды...

Сол сықылды «Зарқұм» жырында Зарқұмның баласы Жанәбіл әкесінен бөлініп, Мұхаммед жаққа шыққанда, Зарқұм баласына былай дейді:

Балам, шырағым, азғаның не?  
Бөтен жолдан бір жонді қазғаның не?  
Бұрынғы жөнненменен өлсең еді,  
Дініңді жаннан қорқып бұзғаның не?

Мұндағы Салсал, Зарқұм не Қараханның өзі немесе сол кезде Орта Азиядағы ру басыларының бірі болуы мүмкін. Сөйтіп, халық эпосында Қорқыт бір жағынан бақсылардың Тәңірісі, ұлы ата түрінде суреттелсе, екінші жағынан – ол аталық дәуірдің ел басқарған ақылшы биі, қария шешен, кемеңгер данасы түрінде сипатталады. Онымен қатар ол халық сүйген ақын, асқан қобызшы, күйші түрінде айтылады. Ол кездегі Қорқытқа шәкірт болған жыраулар:



Қолына алып қобызын,  
Елден-елге, бектен бекке  
Ақындар жүр жұрт кезіп,

– деген сияқты көбінесе күй тартуға, қобыздың үніне беріледі.

Қорқыт бейнесін асқарлы биікке жеткізетін – әсіресе оның өлімге дауа іздеп, ажалға қарсы тұруы. Мұның идеясы халықтың «жоктау» жырында жиі кездесіп отырады. Мәселен:

«Құтылайын деп өлімнен

Қырық жыл Қорқыт қашқан-ды»,

– деген сияқты қазақ халқының «жоктау» жырының сарынына қарағанда, Қорқыттың ажалға қарсы болғаны оларға зор тірек болып, көңіл жұбатудың аялғысы болғаны байқалады. Одан басқа халық аузында «Қорқыттың моласын қазса» немесе «Қорқыттың моласын қазып жүргенін» дейтін мәтел сөздер бар. Бұлардың негізі өлімге қарсы болудан шығып, жұртшылық басына кара түндей бір ауыр істі төндіріп айтқанда жұмсалатын болған. Қорқыттың өлімге қарсы болуының фалсафалық маңызы өте күшті, өйткені бұл идея ислам дінінің негізіне бүтіндей қиғаш, ислам діні «өлімді ақ деп білу, бұл дүние опасыз, қызық дүние ахиретте, соның қамын істе», – деп үгітесе, Қорқыт оны бүтіндей күйретіп, қызықты тіршілік жасайтын дүниенің өзінен іздеп, ажалға қарсы тұрады. Қорқыттың өлімге қарсы тапқан дауасы, халық әпсанасының дәріптеуінше, ол мәңгі ағып жатқан өмір бұлағындай, сайраған қобыздың үні болады. Қобыздың үні, музыканың күйі, қобыз оның мәңгілік серігіндей болады.

Халық әңгімесінің әсірелеуінше, Қорқыттың қобызбен тартқан күйін бір ғана адам тыңдамай, оны тау да, тас та, аң да, құс та, ай да, жұлдыз да, орман да, теңіз де тыңдайтын болады. Ертедегі грек ақыны Арлей ертеңнен кешке дейін

қолында лирасын түсірмей, күй тартып, мылқау жаратылысқа ой түсірсе, Қорқыт та қолынан қобызын түсірмей, ылғи төгілме күй тартып, жұрт оны тыңдауға жалықпайтын болады. Міне, осы Қорқыт ғасырлар өткен соң дүниедегі ең сұлу әпсананың бірі болып шығады. Қорқыт заманынан былай қарай нәзік сезім күшейіп, бұрынғы «Ер Төстік» шыққан дәуірдегі миф-эпос орнына енді лирика келеді.

Терең ғасырлар ішінде ұмытылмаған Қорқыт күйшіні зерттеп, оның мәдениеттегі сұлулық мотивін пайдалану біздің дәуірімізде мүмкін болып отыр.

## «ҚАРАХАН» ӘҢГІМЕСІ

Оғыз-қыпшақ заманынан қалған ертегі-әңгіменің бірі – Қарахан әңгімесі. Қараханның аты Орта Азия тарихында жолығатын белгілі кісі болғандықтан, ол халық аузындағы әңгіме-жырларда көп кездесетіні байқалады. «Қарахан» әңгімесінің көп айтылатын жері, әсіресе, Арал теңізінің бойы мен Солтүстік Қазақстан. Ол жерлерде «Қарахан» әңгімесі «Қара батыр, «Қара мерген» түрінде әр алуан атпен айтылады. Бірақ, олардың сюжетін тексеріп келгенде бәрі бір Қарахан әңгімесі болып шығады. Қарахан туралы айтылатын әңгімелердің жалпы сарыны: Қараханның жұртшылық тұрмысын, оның балаларының туысын бөрі культімен байланыстыру. Өз елінен шығып, басқа жұртқа барып, әңгіменің баяндауынша, сүргінге ұшыраған тіршілік жасайды, не тұтқында жүріп, жат елдің қойын бағып, елі-жұртын сағынады. Бұл сарын оғыз-қыпшақ дәуірінде шыққан жырлардың негізгі ерекшеліктері. Қарахан әңгімесінің

бүгінде бірнеше түрі бар. Оның бір қысқаша түрі Ыбырай Алтынсариннің кітабында «Қара батыр» деген атпен басылған. «Қарахан» әңгімесінің варианттары Арқадағы Баянауыл төңірегін қоныстайтын қария Садуақас Мұсаұлы мен Ерейментауылдағы Сәлік құлақ би балаларының аузынан жазылып алынады. Ол жырдың ұзақ түрінің бірі «Қарахан» деген атпен Арал теңізі бойында осы күнге дейін айтылып келді.

Садуақас Мұсаұлынан жазып алынған «Қарахан» әңгімесі көбінесе ескі «Оғыз» әңгімесіне ұқсайды. Бұл әңгіме былай айтылады: «Ерте заманда жеті жұртты билеген Қарахан атты хан болған екен. Ол жетпіс жасқа келгенше перзент көрмей, күндіз-түні бала ойлаумен ансап, уақытының көбін аңда жүріп алады екен. Күндерде бір күн ханның ұлы бегінің әйелі босанып, ұл тауып, жеті жұрттың басын қосып, той жасайды. Ханның бегі ел-елге жар салып: «Қартайғанда көрген жалғызым, бұл тойға жұрттың тайлы-таяғы қалмай келсін, көре алмай қалған сән-салтанат, ойын-сауық болмасын», – деп сауын айтады. Үлкен шалқар көлді айнала үй тіктіріп, сойыс қылады. Ұлы барға үлкен боз үй тіктіріп, қызы барға қызыл отау тіктіреді. Ұлы да жоқ, қызы да жоқ кісілерге қараша үй тіктіріп, қара ешкінің терісін төсетеді. Үй алдына қызыл желек байлатады. Кісі күтуге қойған даяшылар әрбір елден келген сыйлы қонақтарды өзінің рет-ретімен тіккен үйлерге орналастырып тұрады. Бір мезгілде қанша саятшы уәзірлерімен той басына хан да келеді. Бірақ, даяшы да тұрған билер оны қай үйге кіргізуін білмейді. Алайда оны қадір тұтып, алтын дөдеге жапқан ақ шаңқан боз ордаға апарып кіргізеді. Үй іші толып отырған кісі, қызу әңгіменің үсті екен. Көп ішінен бір қулықшыл қартаң кісі ханды әзілдеу үшін:

«Тойға тіккен үйге қасқайып кіретіндей хан ием беліндегі қу жілікті қашан шешкен еді? – дейді. Ол кезде ақсақалдың енді біреуі: «Қынындағы қу жілікті шешсе, бұл той хан иемнің өзінікі, онда ол кісіні шаңыраққа көтерейік, болмаса, беліне қу жілік әкеліп байландар», – деп, бәрі тұс-тұсынан қаулап кетеді. Ақсақал, билер мұны әзіл қылып айтса да, хан ішінен қатты қайғырып: «Бұлай «қу бас» деген сөзді естігеннен, өлгенім анағұрлым артық екен-ау», – деп налиды. Ертеңінде той тарқаған соң, хан елінің қадірменді би, батырларын шақырып: «Ұрпақсыз ел басқарғанда не боламын», – деп, хандықты ұлық бегіне тапсырып, өзі тіленші түріне түсіп, әулиелердің моласын қыдырып, Тәңірден бала тілеп, жапан түзге шығып кетеді. Елсіз-күнсіз ай далада бұрынғы ата-бабаларының ескі орнын аралап, әулиелердің басына түнеп, әбден арып-ашып жүргенде, бір кезде алдынан жай оты жарқырап, күн нұры күлімдейді. Алдына адам түріне түсіп, көк бөрі келеді. Ол адам тілінде сөйлеп, аян береді: «Ей, сұлтан, қамықпа, жеріңе қайтып, жұртың басқар, тілегенің бала болса, болады», – дейді. Қарахан: «Тарыққанда, ата-бабамның елесі көк бөрі түрінде келіп көрінеді, деуші еді, бұған шүкірлік қылайын», – деп ішінен разы болады. Бірақ, оған нанарын да, нанбасын да білмейді, тағы да Қаратаудағы әулиелерге түнеп, сары дала, жапан түзде жалғыз өзі күңіреніп отырғанда, алдынан жалт етіп екі жай оғы ағып түседі. Көгерген таудай алдынан көк бөрі көрініп: «Енді еліңе қайт, мына түскен екі оқты апарып сақтап қой. Оның бірі күндікі, бірі айдыкі. Кейін туған балаларыңа бересің», – дейді. Қарахан жай оғын алып, шүкірлік қылып, еліне қайтады. Барса, елі бұрынғыдай емес, елі азып, жұрты тозып, халқы бет-бетіне кеткен. Қараханның еліне келгенін

жұрты естіген соң, бәрі жиылып, оның алдына келеді. Батыр, билер, шешендер тілек етіп, бұрынғы орнына отыруды сұрайды. Жұрт айтқан соң Қарахан олардың тілегіне қарсы бола алмайды. Батыр, билер оны ақ киізге салып көтеріп, хан ордасына апарып отырғызады. Қарахан ордаға кіріп, тұғырына отырғанда, үй ішіне күн сәулесі түсіп, дүниенің бәрі нұрға толады. Алдынан таудай көк бөрі көрініп ғайып болады. Қарахан тағы да ішінен шүкірлік етеді.

Содан күндерде бір күн ескі ай өтіп, жаңа ай туған күні ханның кіші ханым Айсұлу арыз етіп: «Мен бөрінің жүрегін жесем, бойым шымырлап, көңілім жай тапқандай болар еді», – дейді. Хан оны қуаныш етеді, бірақ, бөріні іздеп аңға шықпайды. «Бөрінің жүрегі, – деп арыстанның жүрегін әкеліп береді. Одан кейін Айсұлу ханым екі қабат болып, бір кезде ай-күні жетіп, босанады. Екі ұл табады. Оны бірінің атын Айтуған, бірінің атын Күнтуған деп қойып, даладан тауып әкелген екі оқты екеуіне тәуелдеп қояды.

Балалар кара құлақ болып өсіп, бір жасқа жеткенде, еліне жау тиіп, жұртын шауып, бүліншілік салады. Қарахан абайсызда келіп басқан жаудан елі-жұртын қалай сақтап қалудың амалын таба алмайды. Қалың жау қаптап оның ордасына таянғанда, Қарахан қатын-баласымен қашып шығып, бір ұлы судың бойына келеді. Ол жерден әрі қарай өту қиын екен. Қарахан не істерін білмей, зарығып көрген балаларының бетіне қарап, бесігіне төніп келіп отырғанда баяғы үлкен көк бөрі судан жүзіп келіп, оларды арқасына отырғызып, әр жаққа өткізеді. Жау жетіп бара алмайтын бір берік сайға апарып түсіріп, «сол жерді қоныс қылып жат», – дейді. Қарахан ел-жұртынан айырылып, «Өренсай»

деген сайдың бойында бірнеше заман мекен етіп, жатады. Айдан ай, жылдан жыл өтеді. Балалары ер жетіп, жігіт бола бастайды. Елі-жұртын, қарашы мен шорасын сағынғанда, Қарахан бір күні құса болып, көңіл шерін таркату үшін далаға аңға шығады. Бір өзен суын өрлей келе жатып, биік жардың басына келіп, тоқтап тұрған екен, аспаннан сорғалап ұшқан ақ сұңқар құс Қараханның алдына ұшып келіп, басына қонады, одан кейін кезек-кезек Айхан мен Күнханның басына қонады. Қарахан ішінен: «Бұл танып келіп жүрген бұрынғы өзімнің тұғыр құсым емес пе екен?» – деп ойлайды. Өзенді тағы да өрлеп келе жатса, әлден уақытта алдарынан бір топ кісі көрінеді. Олар дос па, жау ма, кім екенін білмейді. «Бұларды кім де болса білейік», – деп қарсы жүреді. Келіп жолықса, баяғы өзінің ұлы биі бастап келе жатқан бір топ қарашылары екен. Бөрі сол арада қойдай маңырап, козыдай шулап, амандасып көріседі. Бастарынан кешірген мұң-жапаларын айтысады.

Қарахан оларды ертіп келіп, қасынан қоныс береді. Тағы да келіп қоныстанушылар күн-күн сайын көбейе береді. Ел көбейіп, мал өсіп, Өренсайдың бойы адам мен малға толады. Бір күні Қарахан қасындағы қарашыларын шақырып алып: «Жата-жата жан ауырды, аңға шығып, бой сергітейік», – дейді. Бөрі аңға шығады. Тау іші екен, күз жартастың қуыс-қуысын аралап жүргенде, әлден уақытта баяғыдай жай оты жарқырап, алдынан күн күлімдейді. Сол кезде екі көзінің нұрлы отымен тау ішін жарық қылып, тау иесі көк бөрі көрінеді. Адамша сөйлеп, аян береді: «Қарахан, енді бос жатуыңның лайығы жоқ, ат баптап, шеру жасап, жаудан кегінді алып, елінді, жерінді қайтарып алатын мезгіл жетті».

Қарахан бөрінің айтқан сөзіне таң қалып, қарашыларымен үйге келіп, көп уақыт ойға батып жүреді. Бұл кезде Қараханның төрт түлігі Өренсайға сыймай кетеді. Жылқысы кісінеп, қойы шулап, түйесі боздап, бөрі ескі жұртқа тарта береді.

Қарахан бір күні балаларын, қарашыларын ертіп, «ер минетін ат бар ма?» – деп, жылқысына келсе, аты, айғыры азынап, бөрі қосылып ескі жұртқа тартады. Оларды бастап көк бөрі бірге жөнеледі. Қайырып алуға Қарахан мен қарашыларының шамасы келмейді. Қарахан атақты ерлеріне қару-жарак беріп, күрең жүйрік аттарға мінгізіп, жылқының соңынан бірге кетеді. Екі баласына жайдың екі оғын беріп, самсаған сары қолдың алдына жүргізеді.

Қарахан ескі жұртына келсе, елі азып, жері тозып, әбден шымбайына жеткен екен. Құлағы естіп, көзі көргендердің барлығы бұларды іздеп тауып, өшпенді жәуды аз күнде жерінен қуып шығады. Содан Қарахан бұрынғыша ордасына отырып, ел-жұртын жаңадан басқарады. Өзіне қастық қылған жаудың бәрін жеңіп, балаларын әрбір жерге билеуге отырғызып, барша мұрат басына жетеді.

«Қарахан» әңгімесінің бір түрі былай басталады: «Бұрынғы заманда бір қарт болыпты, өзі жетпіс жаста екен, қатыны қырық жасында бала тауыпты. Ол бала бір күнде бір жасқа, екі күнде екі жасқа жетті. Оның Ақтанқұла аты болыпты, алты пұт ері болыпты, алты жерінен айыл тартып, алты пұт қылыш соқтырыпты. Бір күні Ақтанқұла атына отырып, сүңгісін сүйретіп, қылышын қырлап жолға шықты. Неше күндер жүрді, еш кісі көрінбеді. Жалғыз-ақ жол-жөнекей бір арыстанға жолықты. Содан жапан тұз сахараны қоныс қылып, жата берді...»

Мәшһүр Жүсіптің айтуынша, «Қара батыр» – оғыз тілінде айтылатын Қорқыт жырындағы Баяндыр ханның жалғыз баласы. Оны бала күнінде түрікменнің жортуылшылары ұрлап әкетіп, еліне апарып, қой бақтырыпты. Бала аш-жалаңаш қой бағып жүріп, бір күні қамығып елін жоқтайды. Мәшһүр Жүсіптің бұл айтып отырған Баяндыр хан – Қараханның баласы емес, Рашидеддин, Абылғазы тарихтарында айтылған «Оғыз» әңгімесінде келетін Оғыз ханның немересі, Қараханның ұрпағы. Бұл ескі әңгіменің басын Мәшһүр Жүсіп дұрыс жазса да, оның аяғын кейінгі қалмақ заманында (XVIII ғ.) шыққан башқұрттың Қарасақал<sup>28</sup> деген батырымен араластырып қойған.

«Қарахан» әңгімесінің Алтынсарин кітабындағы түрі де Мәшһүр Жүсіп жинаған әңгімеге ұқсайды. «Қара батыр» деген ерді бала күнінде түрікмен елінің жортуылшылары ұстап әкетіп, еліне апарған соң қой бақтырды. Бала аш-жалаңаш далада қой жайып, қойдың сүтін сауып ішіп күнелтеді. Бір күні бала далада қамығып отырғанда, алдына бір қарға келіп қонады. Сонда елін сағынған бала, қарғаға былай дейді:

Қарғалар-ау, қарғалар,  
Қанды көрсе жорғалар.  
Біздің елге бар-сана,  
Сағынып жүрген әкем  
Сәлемімді бер-сана...

«Қарахан» әңгімесі «Қорқыт» әпсанасымен қатар шыққан тарихи әңгіменің бірі. «Қарахан» бір кезде ұзақ жыр болса да кейін ұмытылып, ертегіге айналып, не оның үзінділері басқа жырларға ауысқан сияқты.

Біздің байқауымызша, қазақ халқы айтатын «Қарахан» әңгімесі тарихта аты қалған атақты Қараханның халық

аузында сақталған бір бейнесі болу керек. Бұл кісінің жасаған дәуірі арабтардың Орта Азияны жаулап алудың алдығы кезі. Халық әңгімесінің айтуынша, Оғыз хан – осы Қараханның баласы, Абылғазы: «Қорқыт осы екі кісінің ақылшы биі болған», – дейді. Қарахан дін туралы баласы Оғыз ханмен жауласып, оның сарыны халық жырында бергі кезге дейін ұмытылмай келеді («Салсал», «Зарқұм»). Қараханның жолын ұстаушылар IX-XII ғасырларда «қарахандықтар» деп аталып, кейінгі дәуірде олардың бейнесі сұлу ертегі, қызықты жырға айналады.

Қарахан дәуірі Орта Азияда белгілі дәуір және ол кезден қалған сәулет өнері, мәдениет табыстары кейінгі заманға мұра болып қалған.

Тарихтың, шежіренің айтуынша, Қараханның туып-өскен жері – ескі Талас қаласы. Қарахан анығында ислам дінінен аулақ болса да, кейінгі жұрт Оғыз ханның дінге жуық болған мінезін Қараханға аударып, оны «әулие» деп атап, сондықтан Қараханның моласы (кешені) Талас қаласында бергі заманда «Әулие ата» деп атап кеткен. Сөйтіп, «Әулие ата» деген ат – бергі кезде молда, ишандардың қойған Қараханның бір аты.

Орта ғасырдағы атакты тарихшылар Рашидеддин, Хондемир, Жубейни, Абылғазылар Қараханды «пұтқа табынған дінсіз» деп жазса, бергі кездегі молдалар оны «әулие» деп, қазақты Ғақашаханан (Хаққашадан) тарататындары сияқты, Қараханның (Әулие ата) тұсында Мұхаммедтен тарататын болған. Қарахан туралы ертегі, жыр өте көп, бірақ кітап болып басылғандары қолда болмағандықтан, әзірге осы айтылғандармен тоқталамыз.

## «САЛСАЛ» ЖЫРЫ

Оғыз-қыпшақ дәуірінде шыққан жырлар «Салсал» мен «Зарқұм». «Салсал», «Зарқұм» жырлары арабтардың Орта Азияны жаулап алуға кірісіп, Хорезм-Үргенішке келген кездегі болған соғыс майданын суреттейді. Бұл екі жырдың екеуінде де тарихқа белгілі Әлі мен оның балалары Әбілжәмін, Садуақас, Мәлікаждар айтылады. «Салсал» жырында көбінесе Хорезм (Арал теңізі), Сырдария өлкесі айтылады. Салсал және оның балалары Қарапұл, Сарыпұлдер 29 кезіндегі сол өлкелердің белгілі басшы адамдары. Жырдың негізгі басты адамдары да – осылар. Жырдың айтуынша, Әлі бастаған араб әскері Бағдат жеріне келіп, олармен соғыспақшы болғанда, Бағдаттың хакімі Қамас Салсалға хат жазып, оны Әліге қарсы соғысуға көмекке шақырады.

«Шидаттың тұқымының баласы едің,  
Бұл дүниеде патшаның сарасы едің.  
Сізден дәрмен болмаса халім мүшкіл  
Арқамның Қап тауындай панасы едің...»

Осылайша жаздырып хатты бітті,  
Хатын алып, елшілер жүріп кетті.  
Ортасында бір үлкен су бар екен,  
Он бес күнде өңінен әзер өтті.  
Жиырма күн тағы да әрі жүрді  
Салсалдың шағарына елші кірді.  
Салсалдың отырғанда тізін іңшып,  
Қойнынан шығарып аң хатты берді...

Жырдың айтып отырған бұл суы Амударияда Салсалдың шағары деп отырғаны осы күнгі Талас өзенінің бойындағы ескі Талас қаласы болуы керек. Арабтардың кезінде Талас қаласы ол кездегі ең үлкен қаланың бірі болған. Бұл қалаға

Византияның (Рум) елшісі Земарх Алтайға бара жатқан жолында Таласқа соғып өткен (VI ғ.) Таластың үлкен қала болғандығын қытайдың атақты саяхатшысы Сюань Цзян мен араб тарихшылары толық баяндайды. Сөйтіп, «Салсал» жырында Бағдат өлкесінен елшілердің жиырма күн жүріп келген жері Талас, Жетісу өлкесі екені байқалады. Бұған қарағанда, Салсал ол кездегі Жетісу, Талас, Алатау өлкесінен Сырдарияға дейін қоныстап отырған күшті ел қарлықтардың батыры болуға тиісті. Бұл күнгі Солтүстік Ауғанстандағы Памян тауының үстінде «Салсал» атты ескі заманда болған алып батырдың қара тастан қиып жасаған үлкен бейнесі бар. Ол жерге күн сайын қатағандар бұл Салсал бейнесін «ата пері» деп түсінетін сияқты. Памян тауы ерте замандағы қарлық болысының белгілі қонысының бірі. Арабтар Талас пен Жетісу бойына келгенде қарлықтар бұл жерден ауып, Памян тауына барып бекінеді. Сол кездегі қарлық жұртын басқарған Салсал батыр халық жырынан басқа жер атында сақталып қалуы ешбір ғажап емес.

Жырда Салсал пұтқа табынатын түрде көрсетіліп, ол кездегі араб-парсы жұртының салтына келмейтін, басқа бір бөтен жұрттың адамы болып суреттеледі. Және Салсал мен Зарқұм жылқы өсіріп, ерлікті сүйетін халықтың батыры түрде сипатталады. Салсал Әліге қарсы әскер шығарып, соғыспақшы болады:

Салсал малғұн алып хатты көрді,  
Қайратпенен тітіретті қара жерді.  
Токсан мың балуанды қасына алып,  
Еліне бар деп айтты Қарапілді.  
Қарапіл ол Салсалдың баласы еді,  
Токсан мың балуанды жнып алды.

Қасына қанша қолды ертіп алып,  
Түйемен Әліні іздеп жүре берді...

Бұлар Әліге жеткен соң Әлі Салсалдың баласы Сарыпілге:

Сарыпіл, сөз сөйлеймін сізге, – дейді, –  
«Менен хат алып, атаңды ізде, – дейді.  
Жай жүргенде, ол атаң өзі тиіп,  
Жау жіберді екі рет бізге», – дейді...

Таншу, Ганшу деген Қытай тарихи дереккөздерінің айтуынша, омаяттар заманында Қарахан (Салсал) Бағдат өлкесінен Шамға бірнеше рет әскер жібереді. Бірақ, ол арабтардың өте күшті кезі еді. Әлі Салсалдың (Қараханның) әскеріне бола қоймайды. Омаяттар Бағдат жерін өздеріне қаратып, енді көктей етіп, Хорезм, Маңғыстауға келеді. Салсал бұл жолы омаяттарға өз бетінше күш көрсете алмай, жеті ықылым Қытай жерінен күш сұратады.

Салсал батыр бек қатты ашуланды  
Жеті ықылымға<sup>30</sup> хатпенен хабар салды.

Содан кейін Салсал мен Әлі неше күндей соғысып, бірін-бірі ала алмайды. Бірақ, Салсалдың балалары Қарапіл, Сарыпіл (Қарахан мен Оғыз ханның әңгімесі сияқты) Әлі жаққа шығып кетеді. Салсал Әліге серт қойып ортадан сызық сызып, «сол сызықтың әр жағында тұрып алысайық», – дейді.

«Менен асып шығарса қалың, – дейді, –  
Сонда сенің дініңді алдым, – дейді, –  
Егер сені шығарсам мен сызықтан,  
Сен де менің бұтыма табын», – дейді.

Бұл жырда тарихи шындық бар. Өйткені, Салсалдың бір кезде пұтқа табынуы тарихқа белгілі. Онан соң араға сызық

сызып, шөп құрып соғысулары ескі қаңлылардың әдетіне ұқсайды. Жырда Әлі Салсалды жеңіп, оның шаһарына кіреді. Әлі Алтын шаһарды аралап жүргенде белгілі Баба Омарға (Едігеннің атасына) жолығады. Әлі алған шаһарды аралап жүріп, бір сарайға келсе, ол сарайда ақ сақалды бір шалды көреді. Ол шал Баба Омар екен. Әлінің қасында Баба Омардан басқа Салсал болады. Сарайдың ішіне кіріп барса, онда екі «су тас» тұрады. Ол тастың сипаты:

Сарайдың кіріп келді есігінен,  
Тасты көрді Бабаның естуінен.  
Жуан ине көзіндей бір тесік бар,  
Манағы от шығады сол тесіктен.

Сөйтіп, жырдың айтуынша, Салсалдың шаһарында Баба Омардың болуы, тесік тастың бары боп да Салсалдың Алтай мен Сырдария арасындағы ұлыстардың батыры болғанын көрсетеді. Өйткені, ескі уақыттағы Талас, Сайрам, Құмкент қалаларында Баба Омар атты білікті кісі болып, ол қаңлы-қыпшақтардың қариясы болғаны араб-парсы тіліндегі кітаптарда жиі кездеседі.

«Су тас» әңгімесі де – ерте заманда Жетісу, Алтай төңірегінде айтылатын ертегі әңгіменің бірі. «Алтайда алтын шаһар бар, онда от шығатын тас бар (жалма)», – деген, ертегі әңгіме дүние жүзіне ескі грек-латын және араб жазушылары арқылы тараған. «Салсал» жырында келетін «от тас»<sup>31</sup> – сол Алтайдан табылатын тарихи «су тастың» өзі.

## «ЗАРҚҰМ» ЖЫРЫ

Жырдың мазмұнына қарағанда, Салсал арабтардың Әлі заманында Сырдария, Сайрам, Талас өлкесінен Алтайға дейін әкімшілік құрса, Зарқұм – Хорезм, Манғыстау, Бағдат өлкесінің әкімі болып, Трапезунд (Қара теңіздің оңтүстігі) жеріне дейін билегені байқалады. «Зарқұм» жырында кездесетін адамдар, көбінесе, омаяттар, оның ішінде Әлі, оның балалары Садуақас, Әбілжәмін. Әлінің Садуақас дейтін баласы VII ғасырдың орта кезінде қаншама әскермен Қытайға халифа атынан елші болып барғаны Қытай тарихынан белгілі. Садуақастың дін үгітімен Қытайға барғаны бүтін шығыс әдебиетінде аты шулы әңгіменің бірі. «Зарқұм» жырында, көбінесе, Садуақастың сол Қытайға барған жолы, жолшыбай оның Зарқұм сияқты дінсіз халықтың батырымен соғысқаны айтылады. Садуақас пен оның інісі Әбілжәмін келе жатқанда бір тауда аң аулайды. Одан кейін олар бір шаһарға келіп, ондағы бір сарайға кіреді. Ол Қытай шаһары болып шығады. Бұл шаһарды жыр былай суреттейді:

Ағыш жатқан төрт жақта бұлағы бар,  
Сайрайтын бұлбұл құстың тұрағы бар.  
Күнбатыс тарапында ол сарайдың,  
Бау-бақшалы жемістен шарбағы бар.  
Мұндай жақсы шарбақты көрді дейді,  
Бұрын мұндай көрген жоқ бұны дейді.  
«Тамашасын шарбақтың көрейің», – деп,  
«Екі батыр ішіне кірді», – дейді...

Мұнан кейін Әлі мен Зарқұмның соғысы басталады. Зарқұммен соғысар алдында Әлі аспанмен тілдескен бір

биік тауға барады, онда айдаһарға, дәуге кездесіп, солармен алысады. Аспанмен тілдескен биік тауға бара жатып, жолшыбай Өлі отқа табынған елді көріп, оларды дінге үйретеді. Отқа табынған елде жүріп, Өлі қасына Қамбар деген батырды ертіп алады.

Мұнда, шамасы, Памир, Алтай таулары және бұл алаптардан Қытайға баратын ескі керуен жолдары айтылатын сияқты. Жырдың айтуынша, Өлі Хорезм, Арал, Амудария өлкелеріне келгенде, ол өлкенің ханы Өліден «кімсің?» – деп сұрайды. Өлі:

«Ей, патша, менің екен сөзім ұста,  
Саудагермін, қосым бар осы тұста.  
Атымды сұрасаң, Қышмыш дүр,  
Күнбатыстан барамыз күншығысқа».

– деп, шындықты, яғни арабтардың (Өлі) батыстан шығысқа қарай беттеп қозғалғанын ишаралайды. «Зарқұм» жырында айтылатын жерлер, көбінесе, ескі уақыттағы Сырдария, Бұхар, Хорезм өлкелері. Жырдың айтуынша, Өлі бұл жерлерде жүргенде оны Бұхар хакімі ұстап алып, зынданға салып қояды.

Сасанид шахы Иран патшасы Жәмшіт аң аулап жүргенде, Өлінің иесіз далада тұрған дүлділі Зұлпұхарды көреді.

Жырдың Өліні Бұхар (Хорезм) хакіміне зынданға салдырып, оны Жәмшіт шахқа көрсетуі – ол кездегі саманидтердің (Иран) Хорезм мен Үргеніштің күшті болғанын көрсеткендік сияқты. Және жырдың сөздерінен Хорезм мен Жәмшіт (Иран) патшалығының шах Перуаз арасында зор айырмашылығы білінеді. Онан соң Зарқұм сол кездегі Хорезмнің бегі Қарахан екені байқалады. Өлінің Хорезмге келгендегісін жыр былай дейді:

Таң қалар ол патшаға батыр Өлі,  
«Патшалыққа жайыс, – дейді, – нәлі»,  
Оң жағында отырған оң хандары,

Сол жағында отыр сұлтандары,  
Айналасын қамаған, ей, қараңдар,  
Аждаһадай ақырған балуандары...

Бұл сияқты бір жағына биін, бір жағына батырын (балуанын) алып, алқа қотан отыру Қарахан дәуірінен бергі қаңлы-қыпшақтар салтында болғаны белгілі. Сондықтан Зарқұм сол айтқан қаңлы-қыпшақтардың орта заманда болған батырының бірі екені күдіксіз сияқты.

Өлі Иран патшасы Жәмшітке келгенде, ол Иран патшасының, көбінесе, ойын-сауыққа берілетінін сезеді. Мысалы:

Жәмшітке батыр Өлі жетіп барды,  
Патшалық тақытына көзін салды.  
Неше жүз мың сұлтанның ойыншы бар,  
Батыр Өлі патшаға қайран қалды...

Сөйтіп, Зарқұм ерте заманда әр тілде айтылған жыр болса да, мұнда ескі қаңлы-қыпшақтардың ел басқару жайы баяндалып және оның Иран шахтарынан өзгеше болғаны көрінеді.

Зарқұм Өлімен соғысқанда, Зарқұм жағынан бірінші рет оның Жанәбіл, Қыртас (Қартас), Әмен деген балалары шығып, ең соңынан Мүлкетай, Хақан, Қайсар атты інілері шығады. Бұл айтқан кісілердің аттары да Зарқұмның Қарахан (Оғыз хан, Қорқыт) дәуіріндегі оғыз-қыпшақтардың жұрт бастаған адамы болғанын көрсетеді.

Өлі мен Зарқұмның соғысы да, Салсал мен Өлінің соғысы сияқты Салсалдың баласы Қарапұл Өлі жаққа шығып, ислам дініне кіруге ант берсе, Зарқұмның Жанәбілі де Өліге қосылады. Сондықтан бұлардың бәрінің түрі Қарахан әнгімесінде айтылатын ата мен баланың дін туралы таласы екенін көрсетеді. «Зарқұм» жырының «Оғыз хан»



– «Қорқыт» әңгімесімен тағы бір байланысы: «Қорқыт», «Ақ Көбек» жырларында кездесетін кейбір батырлардың аттары «Зарқұм» жырында да айтылады. Мысалы, Салор Қазан, я Манап ескі оғыз тіліндегі «Қорқыт» жырында айтылған Салор Қазан, Манап батырлар «Зарқұм» жырында да айтылады:

Хорезм балуаны – атым Манап,  
«Бір қолыма Қап тауы болмас салмақ,  
Мың жаныңнан бір жаның қоймаймын», – деп,  
Балуандардың келе бір таңдап-таңдап...

Жырдың айтуынша, Зарқұм, Хақан, Мүлкетай – бәрі бір туысқан. Салорды ең соңында Әлі женіп, Зарқұмды майданға кісі шақырғанда, Зарқұм Мүлкетайға:

«Бұған Зарқұм ұрысқа бар, – деп айтты, –  
Барып, соғыс Әлімен сал, – деп айтты, –  
Не қылып, жаның шыдап қарап тұрсың?  
Ағанның ханын барып ал», – деп айтты...

Зарқұм жырындағы ірі батырдың бірі – Хақан. Хақан деген сөз ескі қаңлы-қыпшақтарда болмаса, араб-парсы тілінде кездеспейтін сияқты. Хақан туралы жыр былай дейді:

Бұл Хақан қамал бұзған батыр еді,  
Қосылған патшаменен ақыл еді.  
Немере Зарқұмменен бір туысқан,  
Ағайын өзгесінен жақын еді.

Зарқұмның баласы деп аталатын Жанәбіл батыр жырда былай сипатталады:

Ұлы еді пах Зарқұмның ер Жанәбіл,  
Оған адам пар келмес дер Жанәбіл.

Жиырма жеті лек толық әскермен  
Шығып, ұрды майданға сол Жанәбіл...

«Батырлардың алыбы» деп саналған Жанәбіл батыр осылай сипатталады:

Басып сонда Жанәбіл бұйрық қылды:  
«Бір өзіме қырық бес кой сойғыз», – деді.  
Екі нығының арасы елу кезде,  
Пішіні тап сол кезде тажалдай-ақ  
- Ағам Зарқұм болғанда, Хақан ермін,  
Ұрыста өз халқыма жаққан ермін,  
Арасын жер мен көктін дал-дал қылып,  
Әлемде жан шыдатпай, жаққан ермін...

Хақан мен Әлінің соғысы қай түрде болғанын жыр былай баяндайды:

Екі ләшкер қимылдап тұр дүние толып,  
Кеткен жоқ екі жақтың көңілі солып,  
Қыр жерлер, қара жерлер ойлар болып,  
Қалыпты жердің жүзі дал-дал болып.  
Қаһарынан кетті ерлік күш баяғы,  
Қара жер қаттылдайды салмағынан,  
Созылды мұнарадай екі аяғы.

Жыр Әлі мен Хақан батырдың соғысының тамашасын өзге елдердің ерлеріне де көрсеткісі келеді:

Бұл ұрыста бір дастан болса еді,  
Қаһарман, Фағфур, Жәмшіт тұрса еді,  
Қабадар, Қасар менен Шәһар баздар,<sup>32</sup>  
Бұлардың соғыстарын көрсе еді.

Бұл жырда «Хақан мен Әлінің соғысын Қаһарман, Фағфур, Жәмшіт көрсе еді», – дегені, «Қытай, Иран, Рим

жұрттарының басшылары көрсе еді», дегені. Өйткені, Кабарман Рум (Византия) жұртының ері болса, Фағфур – ескі уақыттағы Қытай хандарының Орта Азияда айтылған аты. Жәмшіт – әдебиетте белгілі Иран шахтарының жалпы аты. Бұған карағанда, Әлінің соғысы Сырдария бойындағы қанды-қыпшақтар жерінде болғаны байқалатын сияқты.

Осы қойдың еті мен жүз кара нан  
Бәрін батыр Жанәбіл жалғыз жеді...

Жанәбіл мен Әбілдің соғысы араб тарихында айтылатын қанды майданның ең күштісі. Арабтар VII ғасырда Орта Азияны жаулап, ислам дінін үгіттей келгенде, оларға аянбай қарсы тұрған, көбінесе, Зарқұм мен Салсал болатын. Зарқұмның баласы Жанәбіл мен Әбілдің соғысын жыр былай суреттейді:

Жүгіріп бір-біріне қарсыласты,  
Бұларды көрген халық жаман састы.  
Қылыштарын көтеріп қолына алып,  
Екі арыстан бірін-бірі шапқыласты.  
Қазышып қалды ор боп жүрген жерлер,  
Тамаша қып қызығады көрген ерлер,  
Біріне бірі үйіріп, бірі сілтеп,  
Ғажайып іс көрсетті екі шерлер...

Хақан «Зарқұм» жырындағы бас батыр болғандықтан, Зарқұм оны көп уақыт майданға шығармай, моңғол-қыпшақ жұртының ескі уақыттағы соғысқа жұмсайтын тәртібі бойынша, оны ең соңына сақтайды. Мықты батырдың соғыста ең соңынан шығуы Алтын Орда кезіндегі қыпшақ салтында да болатын. Алтын Орда поляктармен (литвалармен) соғысып, Темірқұтлық жеңілуге таялғанда, ең соңынан көп әскермен Едіге батыр шығып, Польша әскерін жеңіп шығады. Мұндай оқиға «Зарқұм» жырында да кездеседі.

Зарқұмның бас батыры болған Хақанның Әлімен соғысардағысын жыр былай дейді:

Тамаша батыр Хақан жұртын жиы,  
Қасына нелер серке алды биді.  
Атына сегіз қабат қалқан жауып,  
Үстіне жеті мың батпен сауыт киді.  
Мың батпен қолындағы күрзі таяқ,  
Бір көк тау секілді атты мінді саяқ...

Хақанды арабтар жеңген соң, Зарқұмның әскері әлсіреп, Зарқұм одан кейін Әліге қарсылық көрсете алмайды. Бұл да тарихи шындық. Өйткені, VI-VII ғасырларда Орта Азиядағы қанды-қыпшақтардың араб халифасына бағынуы тарихта белгілі. Және арабтардың қанды-қыпшақтарды жаулап, бірсыпыра күйзеліткені де белгілі. Бұл жырда сақталған тарихи оқиғаның ізі Зарқұм Хақаннан айырылғаннан кейін әскерлеріне қарап, былай дейді:

«Қамал бұзған бұл Хақан шерім еді.  
Біздерге болған еді керім, – деді.  
Әліменен барабар болатұғын,  
Аман бол, кетті Хақан ерім», – деді...

Бұдан кейін Әлі Зарқұмға серт қойып: «Дінге кір, дінге кірмесен, соғыса берем», – дейді. Зарқұм Хақанмен бірге қасына Мүлкетай, Қайсар деген балаларын алып, араб халифасының алдына барып, бас иеді. Бұлар бас иген соң, «барша халық қой секілді маңырап келтірді иман», – деп, жеңілген жақтың ислам дініне бағынғанын көрсетумен жыр аяқталады.

Жырда Зарқұм, Хақан, Мүлкетай, Қайсар – бәрі бір ұлыстан болып саналса да, олар жеке-жеке хан болып, салықты арабтарға әрқайсысы өз алдына жеке-жеке төлеп тұрады.

Сөйтіп, «Салсал», «Зарқұм» жырлары араб халифасының Орта Азия халқын жаулап алып, ислам дінін таратқан заманында (VIII-X ғғ.) туған жырлар болады. Жырларда

жолығатын кісі аттары (Баба Омар, Зарқұм, Манап, Қарапіл), жер-су аттары жырлар ескі қаңлы-қыпшақ, қарлық жұрттарының арасынан шыққанын көрсетеді. Ерте заманда халық аузында айтылған жырлар болса да, кейінгі кездегі айтумен тарихи іздері біраз көмескіленген. Әйткенмен, бұл жырлардан өз тұсында болған тарихи оқиғаларды аңғаруға болатындығы байқалады. Ол кездегі араб халифасы «мәмлүк» деп жалданып барған әскерді, я сатқан құлды айтатын. Араб халифасының орталық үкіметі әлсіреп, феодалдар арасында талас-тартыс туған кезде, әскер басы «мәмлүктер» (қаңлы – қыпшақтар) үкіметті өз қолына алып, XI-XII ғасырларда Мысыр өлкесінде «Қыпшақ мәмлүгі» деген үкімет құрады. XIII ғасырларда бұлардың ортасынан Тәңірберді, Әбілхасан, Жүсіп, Бейбарыс, Хасан деген атақты адамдар шығады. Қыпшақ мәмлүгіне кірген рулар: токсаба, ысты, беріш, бөрілі, қаңлы, жүзден, қара бөрікті, қотан деп аталады. Қазақтың ескі жырларында Мысыр, Шам, Бағдат өлкелерінің көп айтылатынына және «Бозжігіт», «Арал хан», «Боздұлан» сияқты жырлардың шығуына себеп болған, көбінесе, осы айтқан мәмлүк қыпшақтары болатын. Бұл «көндігер жұрты» деп аталған мәмлүк қыпшақтарының Сыр бойынан Мысырға ауғаны туралы Мәшһүр Жүсіп былай дейді: «Түркістан ескіден келе жатқан зор шаһардың бірі еді. Бір шеті Алатауда, бір шеті Қаратауда еді. Осы күнгі Сайрам суының батысында Атбұлағы деген жер ат базары болып, Түркістанның батысындағы «Текесуы» деген жер қой базары еді. «Қырық қақпалы» аталған сол Түркістан қаласын 1256 жылы Хұлағу хан (Әлсеуке) қиратып, быт-шытын шығарады.

Одан кейін-оны мекендейтін маңғыттар (Едіге тұқымдары), көндігер құбан жұрты (Қыпшақ-Қаңлы рулары) халифа жұртына ауып кетті. Бұл Абассияның сарқыншағы Ғалаиддин халифа заманы еді (1050 ж.).

### «АРАЛ ХАН» (МАКСҮН) ӘҢГІМЕСІ

Бұл жыр Қарахан (Қорқыт) дәуірінің соңын ала шыққан, XII-XIII ғасырлардағы қыпшақ жырының бірі. «Арал хан» жырының негізгі сарыны қыпшақ дәуірінде басқа жұртқа (Бағдат, Хорасан, Мысыр) елхан болып барған қаңлы-қыпшақ жұртының ерлерін суреттейді. Арал хан – күншығыс әдебиетінде айтылатын Әбілмақсұн, XII-XIII ғасырларда Мысырды барып билеген, тарихта белгілі кісі. «Мақсұн наме», «Мақсұн әңгімесі» деген араб, парсы тілінде жиі жолығады. Ол осы күнге дейін Сырдария, Сайрам өлкесінде айтылып келеді. Бұл жырдың бір түрі ақын Саяділ Кәрімбекұлының аузынан жазылып алынған, КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық филиалында сақтаулы. Саяділ ақынның жырдың алдынан түсінік ретінде жазған сөздеріне қарағанда, мұның бірталай қолжазбасы бар сияқты. Саяділ ақын айтқан «Арал хан» (Мақсұн) жыры мазмұнына қарағанда, араб әдебиетінде кездесетін «Қыпшақ мәмлүк Әбілмақсұн» әңгімесіне ұқсайды. Әбілмақсұнның әкесі Тәңірберді, одан кейін Мұхаммед ибн Тоғын, Бейбарыс деген кісілер XII-XIII ғасырларда Үргеніш, Сырдария бойынан Мысырға әскерлікке барып, ол жерде «мәмлүк қыпшақтары» деп аталады. Мәшһүр Жүсіптің айтуынша: «Ер Тұғрұл Мысыр өлкесіне қол басы болып барып, халқының жауын жаулады (XI ғ.). Елханның балалары көндігер құбан жұрты мәмлүк

қыпшақтары бұрынғының сөзі бойынша халифаның қол астына қарап, «көндігердің ауыр қолы» деп аталған.

Мәшһүрдің бұл сөзі тарихта талай жерде кездеседі. Мысалы, Мысыр өлкесіне барған қыпшақ жігіттері туралы XIV ғасырдағы араб жазушысы әл-Омари былай деп жазады: «Нәжім сұлтан Әйіп қыпшақ жігіттерін сатып алуға кіріскеннен бері Мысыр әскерінің көбі Дешті Қыпшақтан болады. Және Мысыр сұлтандарының көбі солардан (қаңлы-қыпшақтан) тарайтын», – дейді. Сол әл-Омаридің айтуынша, XII-XIII ғасырларды дайым тобымен ұстап алып, Мысыр жеріне құлдыққа сатып отыратын болған.

Мысырға қыпшақтарды сату Алтын Орда кезінде де болған. XIII ғасырда мәмлүк қыпшақтардың сұлтаны болған атақты Бейбарыстың айтуынша, Мысыр саудагерлері Дешті Қыпшақтан жас жігіттерді сатып алып Мысыр сұлтандарына тартуға апаратын. Сол кездегі қыпшақ-қазақтардың қонысы Жайық пен Сырдарияның арасы, Үргеніш-Маңғыстау болған. Мәмлүк қыпшақтары туралы ибн Халдун, ибн әл-Әсір атты ғалымдардың белгілі еңбектерінде де айтылады.

Біздің тарихи мағлұматымыз да бұл айтқан араб жазушыларының пікірлерін қуаттап, XI-XIV ғасырларда Мысыр өлкесінде әскер басыларының қыпшақтан болғанын және Бағдат, Мысыр жерінде әскер болған, көбінесе, қыпшақ жігіттері екенін де айтады. Дешті Қыпшақтағы ер, қажырлы жігіттер әрқашан Шығыс мемлекеттерінің әскері болып кететін. Мысырға ауған қаңлы – қыпшақтар туралы қазақ тілінде жазған мағлұмат Мәшһүр Жүсіптің жазғандары мен

Қазанғап сқынның «Есім хан» деген жырында кездеседі. Мәшһүр Жүсіптің айтуынша, көндігер қаңлы жұртының жерінен баруы X ғасырдың аяқ шені, XI ғасырдың бас кезі. Түркістан қаласы ол кездегі ең мәдениетті қала саналып, одан Қожа Ахмет Йассауи сияқты белгілі ақын шықты. Әдебиетте аты көп жолығатын Баба Омар, Қожа Ахмет Йассауи, Едіге би – бәрі де аталас болып, осы айтқан көндігер (маңғыт-ноғайлы) жұртынан болады. Тұғрұл бектің Сыр бойынан Бағдат халифаеына баруы – 1050-жылдары.<sup>33</sup> Оның алдында Қарахан тұқымдары болған Алақостегін, Момын, Әбілмомын дегендер Үргенішті, Хорезмді қуаттандырады, осы кезде «Бозұғлан», «Көрұғлы», «Бозжігіт» жырларының тууына желі кұрады. «Арал хан» әңгімесі осы айтқан Тұғрұл бек, Жүсіп хан (Бозұғлан) сияқты Бағдат, Мысыр өлкесіне елхан болып барған қыпшақ жігіттерінің өмірін суреттейді. «Қарахан», «Арал хан», «Алпамыс» жырларының сарындарында басқа жұртқа ауып барған сондай елхандардың өз елдерін аңсаушылық жайы бар. «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», – деген мақалдың сарыны да осындай жағдайда шығуы мүмкін. «Арал хан» (Мақсұн) жыры да осындай жағдайда туған әңгіме сияқты.

Жырдың айтуынша, Мақсұнның туған жері Арал теңізі, Үргеніш өлкесі болу керек. Мақсұн туған жерінен кетіп, Бағдат өлкесіне барып, әкім болады. Бағдатта хандық құрып тұрғанда, оның кеңесші Ешен би болады. Күндерде бір күн Мақсұн хан әділ деген соң, Ешен оған: «Үш күн ел билеуге маған тағыңды бер», – дейді. Мақсұн береді, бірақ кейін Ешен Мақсұнның тағын қайтарып бермейді.

Үш күн өтіп, Максұн хан,  
Патшалығын бер десе,  
Шариаздың<sup>34</sup> білінді  
Максұн ханға қастығы...

Максұн Ешеннің мұнысын көпке салмақшы болады:

Патшаға кім лайық,  
Көпке салып сынайық.  
Бүгінгіге шақырып  
Бағдат халқын жинайық...

Бірақ, халифаның адамдары Максұнның сөзін тыңдамайды,  
Максұнды Бағдаттан қумақшы болады:

Алтын тағын қалдырып,  
Бишара Максұн жылайды.  
Бұл іске жаман ар қылып,  
Нала болды ішінен.  
Айламен орнын алдырып  
Патшалық тәж, тақтының  
Бәрінен тегіс айрылып,  
Іші толып құсаға  
Ешенге келді зар қылып...

Бағдат халифасын билеуші Ешен қасына неше түрлі  
сұрқияларды жинап алып, күн сайын Максұнға жала  
жабады:

Күнінде бір ку Максұнға  
Өтірік жала жабады.  
Шадиар ханның алдына  
Жасауыл айдап барады.

Одан кейін бірнеше қулар жиылып, Максұнның үйіне  
барып ойран салады:

«Алалық, – десті, – әйелін,  
Тағы бір пәле жапсырып».

Патша болған кісі еді,  
Халифа болған ұраны.  
Есіл хан мен Есім хан—  
Екі перзент, шырағы  
Көрген кісі болады  
Қанбас еді құмары.  
Адам қарап тұрғандай,  
Періште мысал сияғы.

Қулар жиылып келіп, Максұнның қатын-баласын алып  
кетпекші болады. Максұн хан ешбір айла таба алмай, қаламен  
қоштасып, қатыны мен екі баласын қолынан жетелеп, түнде  
Бағдат шаһарынан шығып кетеді. Жыр:

Ал, жарандар, Максұнның  
Туып-өскен жер қалды.  
Ата-жұрты, басында  
Бұқара болған ел қалды.  
Шадиар ханның қолында  
Алтын-күміс зер қалды.  
Максұн шықты қоштасып,  
Арыздасып қалаға.  
Түнде шығып қаладан,  
Барады кетіп далаға...

Келе жатып, жолшыбай аю, жолбарыс, қабыланы бір  
тоғайға кездеседі:

Қорқып, үркіп төртеуі,  
Қалың тоғай аралап,  
Дария суға кез болды,  
Өр бұтаны паналап,  
Апақ-сапақ кеш болды.  
Дарияны жүрді жағалап,  
Жағасымен дарияның  
Жанамалап келеді.  
Шала салып, от жанған  
Бір түтінді көреді...

Сөйтсе, бұл жерге малы көп бір керуен келіп түнеп жатыр екен. Керуен басының әйелі екіқабат екен. Ол толғатып, толғақ жайын білетін емші іздейді. Керуеншілер керуен басына «екі баласы мен күйеуі бар бір әйел келді», – деп, хабар береді. Керуен басы «ол әйелді алып кел», – деп, жігіттің біреуіне бұйрық қылады. Максұн қатын-баласымен жаяу жүдеп-жадап, қатты ұйықтап жатады. Бұл кезде жігіттер келіп, оятып, әйелдің толғағын айтады. «Керуен басы шақырып еді, барып жәрдем берсең, қаншама алтын, күміс аласың?» – дейді. Максұн әйеліне «бар, бармасаң, бұлар зиян істер», – дейді.

«Барайын», – деді бишара  
Жапаңда сұлу Жамалы,  
Қатынға келді толғатқан,  
Жад етіп Қлуа ананы...  
Ол кезде Максұн,  
Таң атып, бір-ақ оянды,  
Қандырып ұйқы шаласын...

Сөйтсе:

Керуен алып кетіпті  
Максұнның сүйген зайыбын...  
Максұн зар қылады:  
«Тірідей сорлы мен қалдым  
Ғашығымнан айрылғым»,  
Баланың зары өтеді  
Анасынан айырылған...

Максұн балаларын ертіп, дарияның әр жағынан өткелі сал буып отырған бір қартқа келеді. Келіп:

«Өткізіп жібер дариядан,  
Мүсәпір болып келемін.  
Салыңа бізді мінгізіп,  
Асынды ал менен ебімен», – дейді.

Қарт:

«Салымды буып, орайын,  
Алмайын сенен еш нәрсе.

Баланызды алдымен

Ар жаққа тасып қояйын», – дейді

Баласы жоқ шал екен. Максұнның баласына қызығып, алдап алып кетпекші болады. Балаларды салға отырғызып, дарияның ортасындағы бір аралға апарып түсіреді. Қайтып, Максұнның өзін ар жаққа өткіземін деп жүргенде, баланың біреуін бөрі ала қашып, біреуі қорыққаннан суға түсіп, ағып кетеді:

Қайта жүзді ағызып  
Балаларға бармаққа,  
Балаларын Максұнның  
Адастырып алмаққа.  
Балаларға қызығып,  
Ниетін бұзып жүргені:  
Бір бала сүйіп көрмеген  
Кісі еді бұрын ілгері...

Тап сол кезде:

Балаларға ұмтылды  
Өзі көкжал бір бөрі.  
Бөріден қашып баланың,  
Суға кетті біреуі.  
Қалғанын бөрі аң кетті,  
Не дейсің жалған дүниені?

Сөйтіп, бұл «Арал хан» жыры мазмұн құрылысы жағынан «Қарахан» (Қорқыт) әңгімесінің бір түрі екені байқалады<sup>35</sup>. Бұл жыр Мысырға барып, әкім болған қыпшақтар жайын баяндайтын әңгіменің бір шашырандысы.

Ақмола облысына қарайтын Ерейментауындағы қанжығалылардан жазылып алынған «Қарахан» ертегісінде Қарахан – осы Арал хан (Максұн) сияқты хан тағын бір тіленшіге тапсырып, өзі топтан бір айғырды таңдап алып, екі баласын, қатынын арбаға салып, далаға шығып кетеді. Келе жатып, бір жерге қонғанда Максұн сияқты, о да бір топ керуенге кездесіп, сұлу әйелін керуен басы тартып алып кетеді. Қарахан одан кейін жүре-жүре бір дарияға кездеседі.

Дарияға келген соң, одан әуелі балаларын өткізіп, одан жүгін өткізгелі келе жатқанда, ар жағынан екі бөрі шыға келіп, екі баланы көтеріп алып кетеді. Міне, бұл екі әңгімені салыстырып қарағанда, Сырдария, Үргеніште айтылатын «Мақсұн» (Арал хан) әңгімесі мен Аркада айтылатын «Қарахан» әңгімесі әуелде бір арнадан (Қорқыт) туып, мазмұны осы күнге дейін өзгермей жүргені байқалады.

«Қарахан» әңгімесінде Қарахан хандығынан, жұртынан безіп, басқа жерден бақ іздеп жүргенде, жолшыбай қатынын керуен басы тартып алып, балаларының бөрі көтеріп әкетеді. Арал хан (Мақсұн) басқа жұртта хандық құрып отырғанда, оны халифа бектері қуып шығып, жол-жөнекей келе жатқанда, әйелін керуен басы алып, баласын бөрі көтеріп әкетеді. Екеуінің мазмұны бірдей, жалғыз-ақ айырмасы: Қарахан орданың ұлы ханы болса, Арал хан басқа жұртты басқаруға барған елхан. «Қарахан» әңгімесі бір кездегі орданың ұлы ханы болған Оғыз, Шыңғыстардың бейнелерін көрсетсе, «Арал хан» әңгімесі – Иран, Мысыр өлкелеріне барған Тұғрұлбек, Әбилмақсұн, Хұлағу (Әлеуке) сияқты елхандарының тарихы мен оқиғасын көрсететін бейнелер. Және «Қарахан», «Арал хан» жырлары «Қорқыт» әңгімесінен бұрынғы кездегі ер баланы баулу, оның туысын бөрі туралы аңызға, бөріні қасиеттеу нанымдарына байланыстырғандық жайлардың ізін білдіреді.

Жырда Мақсұн елсіз, әйелсіз, баласыз калып, жапанды жалғыз кезеді. Жалғыз-ақ тауды, бұлақты жерде тоқтап, сонымен көңілін аулайды:

Жатып-жатып, аздан соң  
Мақсұн есін жияды.  
Ағашта жеміс пісіп тұр,  
Неше түрлі сабағы.  
Жаннаттай, мысал, жай екен,

Тімеген аттың тұяғы.  
Суық та жоқ, ыстық та жоқ,  
Қоңыр салқын шуағы.  
Зәм-зәм суы секілді  
Түбінен аққан бұлағы.  
Сусыны қанып, ішкен соң,  
Рақат болды уағы,  
Есінен қайтып шығады  
Екі перзент шырағы?...

«Арал хан» (Мақсұн) жырының сарыны кейде «Қорқыт», «Бозұтлан», «Көрұтлы» жырларының сарынына ұқсайды:  
Мысалы:

Тәж киіп, тақ мінген  
Заманы қалды қу манап.  
Көрін қазып жатуға  
Қолымен жерді тырмалап.  
Ағаштың түбін Мақсұн ер  
Қаза берді тырмалап...

Және «Қорқыт», «Көрұтлы» жырларының сарыны сияқты Мақсұнның да көрмен алысқаны босқа кетпейді.

Қазып жатқан жерінен  
Есік аузы ашылды.  
Жеті сарай қазына  
Бөлек-бөлек бөлінді.  
Ішіне кіріп Мақсұн ер,  
Бекітеді буынды.  
Алтын-күміс, інжулер  
Есебі жоқ үюлі.  
Мұны көріп Мақсұнның,  
Көзінің нұры тірілді.  
Күдіреттің қандай киесі?  
Бала қайда қатын мен?  
Босамас кімнің жүйесі?  
Ниеті адал ер еді,  
Ешен менен Шадиар  
«Құртамын мұны», – деп еді.  
Адамның келмес айтқаны,

Тәңірдің болар дегені...  
Содан кейін:  
Алтын менен күмістен,  
«Мұра қалсын артыма», – деп,  
Салғызды Максұн бір шаһар  
Аралда жатқан халқына,  
Құрама жиып, ел қылып,  
Ел қылды, бағып құланды.  
Қатын алып көбісі  
Бала сүйіп қуанды.  
Максұн атын өзгертіп,  
Арал хан қылды бұл нәнді...

Бұл жыр Арал ханның әр елдің басын қосып, әкім болып, ел билегенін де көрсетеді.

Жырдың айтуында, Максұн бұдан әрі тағы бір өлкені билейді:

Тәж киіп басына,  
Қолына байрақ ту алды:  
Әлемге және жайылды  
Арал ханның өрнегі  
Қанатын жайды шарықтап,  
Сұңқар еді көлдегі,  
Басында жақсы бенденің,  
Жанбай қалмас еңбегі...

Бұдан кейін Арал хан қатын-баласын тауып, «Бозұғлан» жырындағы Жүсіп хан сияқты Бағдатқа ат қойып кегін алады:

Есім ханға аралдың  
Патшалығын береді.  
Екі ұлы әкім болған соң,  
Дабысы кетіп жан-жаққа,  
Өскер жиды Максұн хан  
Бағдатқа бармаққа...

Қысқасы, «Арал хан», «Бозұғлан», «Қарахан» жырларында Мысыр, Бағдат өлкелерін билеген қаңлы-қыпшақ ерлері суреттеліп, олардың араб халифасымен жауласқаны

әңгімеленеді. Бұл айтқан Қарахан (оғыз-қыпшақ) дәуірі арабта халифалық салт-сана мықты орнығып, феодал дәуірінің күшейген кезі болса, Қарахандықтың (Қыпшақ, Қаңлы, Оғыз рулары) кезі феодализм жаңа аяқ басып келе жеткен кез болған. Максұн осы кезде шығып, Қарахан кезіндегі Тұғрұл бек, Тоғыш, Тәңірберді немесе Шынғыс кезіндегі Хұлағу, Арғын, Қазанхан сияқты ескі монғол-қыпшақ мәдениеті мен иран-араб мәдениетіне толық піскен майталман жігіттердің бейнесін көрсеткені байқалады.

### «БОЗҰҒЛАН»

«Бозұғлан» жыры – «Қорқыт» жырының сарынымен айтылған ескі жырдың бірі. Бұл екі жырдың мазмұн сарынында айырма онша көп емес. Қазақтар айтатын «Бозұғлан» жырында кездесетін Баба Омар оғыз-қыпшақтар туысындағы Қорқыт салтымен тәрбиеленген көп жырау қобызының біреуі «Бозұғлан» жырында, Қорқытпен заманы бір кісілердің аттары кездеседі. Жырда Баба Омардың Әліге шәкірт болғаны айтылады. «Салсал» жырында Баба Омар Әлідің ақылшысы ретінде айтылады. «Едіге» жырында Баба Омарды былықтырып, төрт жардан туғызады. Бұған қарағанда, Бозұғлан (Жүсіп хан) жыры Қорқыт пен Омаят халифасының соңын ала шығып (X-XI ғғ.), оғыз-қыпшақтар тұсында Шам өлкесіне барып, әкім болған елхандар тұрмысынан туған жыр сияқты. Бұл жыр «Қорқыт», «Көрұғлы» жырларымен сарындас ескі жыр болса да жырда кейінгі кездегі (XV ғ.) қазақ руларының не одан ілгеріректегі қоңырат сияқты рулардың да тұрмысы айтылады. Бірақ, асыл түбі, «Бозұғлан» (Жүсіп хан) жыры X-XI ғасырларда Арал теңізі, Маңғыстау, Үргеніш өлкелерінде туған ескі жыр болуға тиіс.



«Бозұтлан» жырының оқиғасы, көбінесе, Қарахан (Оғыз хан, Қорқыт) дәуіріне жатады. Қарахан заманында басқа жұртты билейтіндер «елхан», «көрхан» деп аталған. Елхандардың шығарған ақшаларындағы жазуларына қарап тарихшылар оларды «елхандықтар», «илекіктер», «көрхандықтар» деп атаған.

«Бозұтлан» жырының бас кейіпкері болған Бозұтлан бұрын Үргеніш, Маңғыстаудың хакімі болса да, жырдың айтуынша, ол енді Исфахан өлкесіне елхан болып барады. Бозұтлан Исфаханға барып, хакім болып тұрғанда, өзіне Ажыбек, Бабабек (Баба Омар) деген екі би тағайындап алады, оларға өзінің екі қарындасын жұбайлыққа береді. Кейін Ажыбектен Жүсіп хан туады да, Баба бектен Ахметбек туады. Жүсіп хан мен Ахметбек ер жетіп, өздеріне ат сайлап алып, әскерлікке үйренеді, аң аулап күндерін өткізеді. Бұлар ер жетіп, жұрт аузына ілінген соң, бұрын Бозұтланға ерген жігіттер енді тегісімен Жүсіп хан мен Ахметбекке ереді. Билер мұны Бозұтланға жеткізеді. Билер Бозұтланға келіп: «Сіздің қасыңызда бір жігіт қалмады, бәрі Жүсіп ханға еріп кетті», – дейді. Бозұтлан аңда жүрген Жүсіп ханға хат жазып, «енді мұнда тұрма, Исфаханнан көшіп кет», – деп, жарлық қылады. Жүсіп хан мен Ахметбек әр қайсысы бес мың үйден енші алып, басқа бір жерге ауысып кетеді. Арада қырық бес күн жүріп, қызылбастардың Сабзар деген (Хорасан) жеріне барып, мекендейді. Ол жерге барған соң, Жүсіп хан қырық жігіт сайлап алып, Әсірбек деген ерді оларға басшы қылады. Қызылбастардың Шам жерінде соғыс ашып, «су орнына қан төгеді». Жүсіп ханның бұл ісі өз жұрты Үргенішке естіледі. Ол кезде Үргеніште бес шаһар бар екен, оның әр

шаһарында бір-бір бек болады екен, Құйық (Хиуа) қаласын Нәдір сұлтанның баласы Ералы билейді. Бұл Ералы Жүсіп ханды Үргенішке шақырады. «Жүсіп хан келеді», – деп Ералы мұнаралы екі қонақ үй салғызады. Біраз заман өткен соң, Жүсіп хан мен Ахметбек – екеуі қасына қырық жігіт ертіп, Үргеніш жұртындағы Ералы ханға келеді. Ол жердегі қонырат-түрікмен бектері Жүсіп ханның алдынан шығып, зор құрмет көрсетеді. Жүсіп хан келіп, сайран құрады. Ералы хан Гүлқасыл деген қызын Жүсіп ханға қосады. Ералы Хорезм шаһарына бек болады.

Осы кезде Мысыр, Грек жерінде Көзел шах деген бір патша бар екен, ол бір күні түс көріп, түсінде көшеде келе жатса, екі жолбарыс кездесіп, екеуі екі қолынан қауып, екі жаққа тартады. Сүрініп кетсе, қалтасынан ділдалары шашылып тұрады. Көзел патша бұған таң қалып, түсін жорутыға елінің бар қариясын жияды. Сол кезде бір жігіт патшаға «Шын-Машын шаһарынан үш түйе кітабы 36 бар, бір дана адам келе жатыр, аты Баба Омар. Түсіңізді бір жорыса, сол жориды» – дейді. Патша Омарды алдырып, көрген түсін айтады:

Көшеде тауға көтеріліп, топтар атын,  
Өз елім<sup>37</sup> өзіме дұшпан болды...

Баба Омар патшаның түсін жорып, «еліңді Жүсіп хан келіп шабады, жолбарыстың қолыңды кеп қапқаны – Жүсіп ханның сені шабуға бет қойғаны», – дейді. Көзел патша Баба Омардың жорумна қабарланып, оны зынданға салады және «кім де кім Жүсіп ханды жеңіп берсе, соған қызымды беремін», – деп, елге жар салады. Бұл кезде Үргеніштен қуылып, Мысырға барған Мырза Мәмет деген болған. «Жүсіп ханды өлтіріп келемін», – деп, Көзел патшаға уәде береді. Мәметтің (армян) Мешел қаласынан шығып, Үргенішке келгені

Бозұланға естіледі. Бұл Мәметтің залым екенін Бозұлан біледі екен, ол жиені Жүсіп ханға хат жазып, «Мәметті не өлтір, не қуып жібер, әйтпесе ол бір зиян істейді», – дейді. Бірақ Жүсіп хан алдында Бозұланға көңілі қалғандықтан, оның тілін алмайды. «Маған келіп жатқан сый қонақты неге өсектейді? Мені жұрт алдында маскара қылғысы келе ме?» – деп ашуланады.

Содан Мырза Мәмет бір күні Жүсіп ханға залымдықпен сөз сөйлеп, «Көзел патшаны өлтіріп, оның ділдасын саған әкеліп беремін», – деп, Жүсіп ханды аңға алып шығады. Бұлар аңға шығып, бір тауға келгенде, Мәмет Көзел патшаға жансыз кісі жіберіп, әскер шақыртады. Сол жерде аңда жүрген Жүсіп ханды мен Ахметбекті Көзел патшаның шеруі байлап, алып кетеді. Байлауда бара жатқан Жүсіп хан аңғалдығына өкініп, зар қылады:

Үсті қарлы ала таулар,  
Не болғанын көрдің бе?  
Жәзгіттерге пенде болып  
Кеткенімді көрдің бе?  
Қанға толып көз жасым,  
Қамшы жауып басыма  
Қалғанымды көрдің бе?  
Қырық жігіттің бірі жоқ,  
Өз-өзімді мұнайтып,  
Ахметбекті бірге алып  
Түскенімді көрдің бе?

Сол жерде Ахметбек мас екен, Жүсіп ханға қарап: «Ей, аға, біз нендей күнә қылып едік? Әсірбектің байлап келе жатқан мәнісі не?» – дейді. Жүсіп хан: «Бізді байлап келе жатқан Әсірбек емес, олар Үргеніште қалды», – деп жауап береді. Жүсіп хан Гүлқасылды жоқтайды:

Жәзгіттерге пенде болып барамын,  
Қол байлаулы, асып таулы шөлдерге,  
Ашылмайтын дауыл соқты, Гүлжарым,<sup>38</sup>  
Егер өлсем, ғарып болар мазарым.  
Қырық жігіттің ханы Әсірбек аға еді,  
Мені іздеп келмеді ғой бұл жерге...

Бұларды іздеп, қаншама әскермен Әсірбек шығады. Бірақ, олар жолшыбай қызылбастармен соғысып, Жүсіп ханды апарған Мысырға (Орек жеріне) жете алмайды. Әсірбек бұл жолында Жүсіп ханның тек аттарын түсіріп алып, Үргенішке алып қайтады. Үргенішке таялғанда Гүлқасыл Жүсіп ханның атын таниды. Гүлқасыл «Жүсіп келеді – деп, ақ тон тігіп, ас пісіріп», дайындалып отыр екен. Үш жүз алпыс кензекпен (кеңесші би) алдынан шықса, бос келе жатқан атты көреді. Гүлқасыл Әсірбекке қарап: «Бұл не пәле? Басы мен аяғы жара, мінген аты бос, бектерім қалғанға ұқсайды», – дейді.

Әсірбек бастан аяқ болған оқиғаны айтады. Қарындасы Қарлығаш пен келіншегі Гүлқасыл Жүсіп пен Ахметбекті жоқтайды. Анасы Лағыл айым: «Ағаң келеді, жылама», – деп қызын жұбатады. Бұл кезде әскерлер Жүсіп пен Ахметбекті Көзел патшаға алып барады. Көзел патша оларды Баба Омар жатқан зынданға салғызады.

Жүсіп хан Көзел патшаның алдына келгенде былай дейді:

«Ей, патшайым, біздің елдерде  
Хош етуші еді жазы, қыстары  
Бауларды, бағбандар бағып,  
Миуалық еді барлық ағаштары.  
Қыздары үйінде жатушы еді,  
Жігіттер садақ тартушы еді.  
Жас қыздары дайым сұхбатта болысып,  
Сауық-қызық еді істейтін істері.  
Хабар барса бір күн менен,

Бектер келер бір күн одан,  
Алты батпан кара темірден  
Садағы бар күрзі мен,  
Бедеулері желе шабатын,  
Шапқанда бәйгеден озатын,  
Дабыл қақсаң, үйрекке ұшатын  
Қолында қыран құстары...

Көзел хан Жүсіп ханның бұл сөзіне көңіл қоймайды. Жүсіпті зынданға салады.

Жүсіп хан зынданда Баба Омармен танысады. Бұл жерде сұлтанның қызы Қаракөз сұлу қасына қырық қыз ертіп, зындандағы Баба Омар мен Жүсіп ханға күн сайын келіп жүреді. Олар Қаракөзге ғашық болып, сонымен көңілдерін жұбатады. Бұл кезде Мысырдың бір топ саудагері Үргенішке барып, «Жүсіп хан өлді», – деп, қауесет таратады. Үргеніштің әкімдері мұны естіген соң, Жүсіп ханның шешесін Лағыл айымды жалаң аяқ, жалаң бас қаладан қуып жібереді. «Қобыланды» жырындағы Аналық сияқты Лағыл айым біреудің қолында құл боп жүреді. Жүсіп хан оны білмейді, Баба Омар екеуі зынданда отырып, Қаракөзге құмартады. Баба Омардың Қаракөзге айтқаны:

«Жанымды алды бүгін сенің сөздерің,  
Рахымың салып сұрасаң менен, Қаракөз,  
Көңіліңе (көксіңе) жарасқандай сақалыңның ағы,  
Жалған демей, рас білші, Қаракөз,  
Сақи<sup>39</sup> болып мен жараппын, сенемін,  
Төсіндегі екі назың еземін.  
Қабыл жүрсең рухынан өбемін,  
Қайым болып тұра тұрсаң, Қаракөз.  
Тыстай барып, арқана сенің жатсам мен,  
Мас болып, жығылып үстіңе сенің шықсам мен,  
Мұратымды бүгін сенен алсам мен,  
Өзің куә болып қабыл қыл, Қаракөз»...

Жүсіп хан зынданда отырып, құстан еліне сәлем айтып, қарындасы Қарлығашқа, Бозұғланға хат жібереді, «келіп, шығарып алсын», – дейді. Зынданның қасына келіп қонған тырнаға айтады:

«Хорезм еді менің мекенім.  
Онда қалды ойнап-өскен жараным.  
Емшектесім, мейірбаным  
Сәлем де ғаріп сіңіліме.  
Айналақтап бұл зынданның маңайын,  
Бұлтша ауып сен кетпедің.  
Хорезмнен бұл жерге келдің.  
Сәлем де Гүлқасылдай жарыма.  
Арманымды есті, ей, тырнарлар патшасы,  
Барыңыз, елден Бозұғлан келсін,  
Көздеп шық ұшып барар жеріңді.  
Қызылбастар кеспесін басыңды.  
Хабар берші мұндағы менің халімнен,  
Пенде болып, дәнеңе келмес қолымнан,  
Құтқарып алсаң мені бұл зұлымнан,  
Барыңыз, елден Бозұғлан келсін»...

Бұл кезде Мысыр патшасы Көзел Жүсіпті зынданнан шығарып, дарға аспақшы болады, Жүсіпті патшаның қасына әкеліп, дарға асайын деп тұрғанда, Жүсіп хан патшадан тілек қылып: «Қобыз тартып өлейін», – деп, қобыз сұрайды. Патшаның Көк шайыр<sup>40</sup> деген күйшісі бар екен, кісі жіберіп, 150 шәкірті мен соны алдыртады. Үйеңкіден жасаған қобызы бар екен. Көк шайырды жіберіп, оны алдырады. Жүсіп ханға: «Ойна», – дейді. Жүсіп хан: «Бұл қобызбен ойнай алмаймын. Зынданда Баба Омардың қасында өз қобызым бар, соны алдырып бер, сонда ойнаймын», – дейді. Жүсіп ханның өз қобызын келтіреді. Жүсіп ойнап, қобызымен мұшты күй тартып, патшаны ойға түсіреді. Патша: «Босатпай, өлтірмей, зынданда ұстасам қайтер едің?» – дейді. Оған Жүсіп ханның берген жауабы:

«Әндіжан мен Маргеланнан  
Қырық мың елу Қарахан келер.<sup>41</sup>  
Бір-біріне ғаһад баулы:  
Бірі-жырық бірқал келер  
Бізді тілеп ұзатқан  
Шерден пәрі қазақта<sup>42</sup>  
Ұрысқа өзін шақтаған,  
Майданға атын байлаған,  
Біздерге жетпей ұйқтаған,  
Аға-іні туған келер,  
Бозұғлан ағам келер»...

Жүсіп ханның Көзел ханға айтқан бұл сөзі, бірінші, «Бозұғлан» жырының оғыз-қыпшақ дәуірінен қалған ескі жыр екенін көрсетсе, екінші, бұл жырда бұл кездегі жер-су аттарының, Оғыз ұлысына кіретін ру аттарының ұмытылмағанын көрсетеді. Жырдың айтуынша, Көзел шах бұдан кейін Жүсіпті босатып жібереді. Жүсіп пен Ахметбек босанып, еліне келе жатып, жолда бір үлкен дария бойында сейіл құрып жүрген көп қыздарға жолығады. Олардан дарияның өткелін сұрайды. Дариядан өтіп, қызылбас жерінің шетіне жеткенде, Бабатауын көреді. Бабатаудың бұлағынан су ішіп, аялдап отырғанда, аттың дүбірі естіледі. Байқаса, қобызшы Көк шайыр екен. Жүсіп хан Бабатауынан өтіп, Алабас деген асқар тауға келеді. Осы кезде Мәметтің залымдық істеп, аңда жүрген жерінен Көзел патшаға байлап апарғаны есіне түседі.

Бұлар Үргеніш жеріне таянғанда, көкпар тартып жүрген бес мың кісіні көреді. Көптің ішінен көк бота жетелеген біреу бұлардың алдынан шығып, иіліп сәлем береді. Жүсіп хан бұл тойдың кімдікі екенін сұрайды. Көк бота жетелеген жігіт: «Құрбым, менен сұрама, бұл кімнің тойы екенін айта алмаймын», – дейді. Жүсіп хан жалынып сұрайды. Жігіт шынын айтады: «Ахметбек, Жүсіп деген екі еріміз бар еді,

оларды қызылбас жұрты мұнарадан құлатып, өлтіріпті. Ахметбектің айымы Гүлжасыл сұлуды басқа біреу алмақшы болып жатыр. Бұл соның тойы. Ал, Жүсіп ханның айымы аза тұтып,<sup>43</sup> көк бота байлап жүр. Мен сол Жүсіп ханның қырық жігітінің бірі едім».

Көк бота жетелеу – бұрынғы кезде ері жау қолына түскен жас әйелдің еріне сұрау салғанын, жарынан үмітті екенін ишаралайды. Көк бота жетелеу көбінесе «Қорқыт», «Бозұғлан», «Бозжігіт», «Қарахан», «Арал хан» сияқты ескі жырларда кездеседі.

Бұдан кейін Жүсіп хан мен Ахметбек аулына келеді, бұлардың алдынан ботадай боздап қарындасы Қарлығаш, анасы Лағылайым, сүйгені Гүлжасылшығады. Қобыландының алдынан шығатын Құртқа сияқты Гүлжасыл Жүсіп ханды қарсы алады:

«Ей, сен, менің опадарым сен,  
Жеті жыл сен үшін зар қақтым,  
Кел, артынан түс, көрісейік.  
Әлде бізді ұмыттың ба?  
Басқа ханияда таптың ба?  
Жеті жыл қан жыладым,  
Бауырымды отқа күйдірдім,  
Кел, айым, көрісейік»...

Қарындасы жер бауырлап жатқан анасына айтқан:

«Жүздері жаннаттың гүліндей,  
Ару жанның асылы,  
Екі көздің раушаны,  
Нұр сәуле жаның келді.  
Жеті жыл бойы қапаста жатқан,  
Көз жасыңды қан еткен  
Мейірбаның Жүсіп келді»...

Анасының айтқаны:

«Дертімнің дәрменсіз,  
Жеті жыл көзімнен жоқ болған  
Өткінші керуенімбісің  
Осынша михнатқа түсірген?»

Жүсіп анасы мен қарындасына кобыз тартып, күймен жұбатады. Бұл уақытта атасы келеді. Атасының айтқаны:

– Екі сұңқарымнан айрылып, қанатымнан қайрылып, ел жұрттан қорлық көріп, қайғы-қасіреттің оты көңілімді өрт қылғанда, бүгін іздеп келген қуанышымбысың?... Атасы мен анасы әбден жүдеген екен.

«Бозұғлан» (Жүсіп хан) жырының осы оқиғаға дейінгі жері «Қорқыт» жырына ұқсайды. «Қорқыт», «Бозұғлан» жырларының ерлік сарындары Оғыз ханның Сырдария, Үргеніш жерінен аттанып, Бағдат, Шам, Мысыр өлкелерімен жауласу оқиғасынан туған. Бұл кез Мысыр, Бағдат өлкелерін араб халифасын омаяттар (Жәзир) билеген VIII-IX ғасырлардың тұсы. «Бозұғлан» жыры көбінесе осы кездегі оқиғаны баяндайды.

Жырға Баба Омардың қатысы бұл жырдың Қарахан мен (Оғыз хан, Қорқыт) Омаят халифасының дәуіріндегі жыр екенін және олардың Бұқар, Бағдат өлкелеріне таласқанын көрсетеді. Маңғыстау, Арал теңізі бойында айтылатын тобына кіретіні «Қорқыт», «Бозұғлан», «Көрұғлы», «Алпамыс» жырларының ерекшеліктері – бұл жырлардың адамдары Бозұғлан, Көрұғлы Сырдария, Үргеніштен Мысырға аттанарда, ол жақтың патшасы жаман түс көреді, елін жау шабатынын сезеді. Не болмаса, «Оғыз хан» (Қарахан), «Бозұғлан» жырларының адамдары Мысыр патшасының

қалына түсіп, зынданға салынса, ұшатын құстан еліне сәлем айтып, әскер сұратады. Не кобыз тартып, жаудың мейірімін түсіреді.

«Алпамыс» жыры бұрын «Қорқыт» жырының бір мазмұны болса да, кейін XV-XVI ғасырларда калмақ оқиғасымен араласқан. Мысалы, Мысыр, Бағдат патшаларының түс көретіні сияқты калмақтың Ғайша ханы да түс көреді, «Қорқыт», «Бозұғлан», «Қарахан» жырларында зынданда жатып, құстан сәлем айту «Алпамыс» жырында да кездеседі. «Қорқыт», «Бозұғлан» жырларында зындандағы батырларға күн-сайын Мысыр бегінің қыздары келіп тұратын болса, «Алпамыс» жырында зынданға қыз келмейді, тағша келіп тұрады.

Сөйтіп, бұл жырлардың бәрі де араб халифасы мен оғыз – қыпшақтардың арасындағы оқиғадан туған жырлар болды. Бұл жырлардағы – Қорқыт, Баба Омарлар бір кездегі оғыз-қыпшақ жұртының ақылшы, қария, шешендері болса, Бозұғлан, Жүсіп хан, Көрұғлы, Алпамыстар қол басы батырлар болған. «Қорқыт» жырындағы Баяндүр хан (Қазанбек) Мысыр, Грек жеріне аттанып, оғыз ұлысының бұрынғы кегін алса, «Бозұғлан» жырындағы Жүсіп хан Көзел патшаның жұртын шабуға барып, зынданда отырған Баба Омар мен күн болып жүрген Бибі Ниязды босатып алып қайтады. Сөйтіп, «Бозұғлан» жыры «Қорқыт» жыры сияқты, ескі оғыз – қыпшақ жырының бір түрі болса да, кейінгі XIV-XV ғасырлардағы оқиға сарындары қосылып, жырда «қыпшақ», «қоңырат» деген сияқты сөздермен қатар, «он екі баулы өзбек» деген бергі кезде шыққан сөздер де ұшырайды.

«Бозұғлан» жыры Арал теңізі, Сырдария бойындағы қазақтардың арасынан жиналып, бірнеше рет басылып шықты.

«Бозұлан» жырын айтушы белгілі ақын Көзбергелулы Есбай. «Бозұлан» жырының ең соңғы басылғаны – 1910 жыл.

### «КӨРҰҒЛЫ» ЖЫРЫ

«Көрұғлы» әр өлкеде әр түрлі айтылса да, оның «Қорқыт» жырынан қалған сарындары бәрінде де көрініп тұрады. Бұлардың бәрінің сарыны – өлімнің, азаптың дауасын табу. «Көрұғлы» жырының мазмұны былай басталады. Көрұғлының анасы Алтыншаш күйеуі Мұңдыбектен екі қабат болады да, айы жетіп, толғатып тұрғанда өлген соң, көр ішінде босанады:

Мұңдыбек атты бір батыр  
Ерлігін жұрттан асырды.  
Қару-жарак асынды,  
Қылыш-найза қолға алып,  
Неше болат ашылды.  
Ерегсіп белдесіп,  
Алдынан жауды қашырды.  
Сұлу құшып жұрт асқан  
Сөйтіп, көңлі басылды.  
Қытай менен Қырымға,  
Соғыс қылып Ұрымға<sup>44</sup>  
Қайратына қиял боп,  
Батыр жүрді қырымға.  
Сөйтіп жүрген күнінде  
Шоқ болыпты бір түнде.  
Хан жарлығы болған соң,  
Шара нешік тағдырға?  
Жұбайы үйде зар жылап,  
Жесір қалды Алтыншаш,  
Бұта бұрым, ақ мамық,  
Өзі сұлу, қолаң шаш...

Көр ішінде туған Көрұғлы алғашқы кезде емеді де, кейіннен еябейді. Сонан соң, оны бәрінің қаншығы келіп асырайды. Бала өскен кезде көрден шығып, аң аулайды. Күндерде бір күн Көрұғлы шығып жүргенде оған Шүкірлі тауында аң аулап жүрген нағашысы Бозұлан кездеседі. Көрұғлы Бозұланнан кашады, Бозұлан қуып, жете алмайды.

Анда жүрген Бозұлан  
Етегінен Күйгентау  
Бір құланды қуыпты.  
Құлан озып кеткен соң,  
Сахара майдан далада,  
Көп ұлт молаға жолықты,  
Аң аулап жүрген Бозұлан  
Сахара майдан даладан  
Өтеберді гулетіп,  
Көп зират моладан  
Жалаң аяқ құм басқан  
Бір адамның ізі бар.  
Жапан түзде молала  
Не қып жүрген бұл адам?  
Ортасының тіреуі?  
Моланы батыр таниды,  
Апасының сол кезде  
Есіне түсті айтқаны...

Көрұғлының анасы Алтыншаштың көріне келіп кіргенін көріп, Бозұлан көр басында отырып зар қылады:

Көрде туып, көрде өскен  
Көрұғлыдай жиенім  
Алды-артымның сүйеуі,  
Жау болуға жарамас  
Көрген жан сенің қариды.  
Танытуға мен келдім  
Артыңнан қуған ағанды.  
Мұнан былай емеуге  
Анаының сүті жарамас.

Нағашымен танысып,  
Жаяулықтан құрылып,  
Арғымақ мініп, жарысып,  
Дүниеге шығып, тілек қыл...

Бозұтлан көр басына отырып қанша зарлағанымен,  
Көрұғлы шықпайды. Бозұтлан не істерін білмей, Көрұғлыны  
қаншама тосып, ақыры қамығып, үйіне келеді. Көрұғлыны  
қалай ұстау туралы әйелі Ақбілекпен, жора-жұртымен  
ақылдасады. Олар: «Көрұғлыны ұстау үшін көрден тауға  
шейін алма шаш, алманы тере-тере тауға келер, сонда  
ұстарсын», – дейді. Бозұтлан олардың айтқанын істейді.  
Бірақ, бала ұстатпайды. Тағы бір күні қуғанында Көрұғлы  
Бозұтланмен тілге келеді.

Бозұтлан:

Сенен басқа менің жоқ  
Бұл уақытта тілеуім.  
Зәредей жоқ көңлімде  
Сен үшін, қозым, біреуім.  
Жалғыздық түсіп басыма,  
Серік қыла алмай мен жүрмін  
Түрікпеннің біреуін  
Нағашым тұр қан жұтып.  
Алды-артымның сүйеуі –  
Бала да болсаң, Көрұғлы,  
Алыс емеспін, жақының,  
Ақылымның сен тіреуі...

Бұдан кейін Көрұғлы нағашысы Бозұтланның сөзіне  
түсініп, дегеніне көнеді. Бозұтлан Көрұғлыны үйіне әкеліп,  
Көрұғлыны оның өзіне арналған қырық жігіттің бастығы  
Сапабекке тәрбиеленп өсіруге тапсырады.

Көрұғлы енді тақымына толар ат таңдап минуте  
талаптанады. «Тұлпар туар» деп, қаз мойын кең биені  
таңдайды.

Көрұғлы осы биені Қалдар ханның қиыратына шаптырып,  
одан туған Қиырат құлынды асырап өсіріп, тұлпар қып  
мінеді.

Бозұтлан аңда жүргенде, бір күні құрды халқының Қалдар  
ханы Көрұғлы баланы алдап, Ақбілек айымды алып кетеді.

Көрұғлы ол жерде өзіне ант беріп, Қалдар ханнан Ақбілекті  
айырып алуға серт қылады. Көрұғлы жеңгесі Ақбілекті іздеп,  
Қалдар ханның еліне бірнеше рет барады. Қалдар ханның  
еліне жеткенде, Қозы Көрпеш сияқты оның ордасына қойшы  
книімін киіп кіреді. Бірақ, Ақбілекті жолықтырып алып кете  
алмайды. Қалдар ханның еліне барып жүріп, Көрұғлы абхаз,  
армяндардың қарақөз қыздарына көңілі ауады. Және қырық  
жігіттің ертіп, Көрұғлы Қалдар ханның елін шабуға аттанады.  
Көрұғлыға ерген қырық жігіттің сипаты:

Ат құйрығын Арашөлде ергендер,  
Жау көріне берен сауыт кигендер,  
Қырық екісі басын қосып жөнелді,  
Әр бірісі жүз мың жауға тигендер...

«Көрұғлы» ерте заманда шыққан жыр болса да, онда ерте  
замандағы жердің, халықтың аттары кездесетіні байқалады.  
Мысалы, мұндағы Арашөл – Каспий теңізінің оңтүстігін  
алып жатқан белгілі шөл. Көрұғлының барып жауласатын  
жұрты – Трапезундтегі гректер не құрды-абхаздар. Көрұғлы  
Қалдар ханның еліне барғанда, Қалдар хан Ақбілекті  
зынданға салып, өзін қаншама әскермен Византия (Рум)  
жеріне жіберуі – бұл да «Көрұғлы» жырының Қорқытпен  
тетелес, Византия (X-XII ғғ.) халифа заманында шыққан ескі  
жыр екенін көрсетеді. Оғыз, қыпшақ жұртының ескі жырлары  
болған «Бозұтлан», «Көрұғлы», «Бозжігіт» жырларының  
негізгі сарындары. Бағдат, Шам өлкелерінде жау қолына  
түсіп, зынданда жатқан ерлерді тұтқыннан құтқару (Баба  
Омар, Жүсіп хан, Бозжігіт, Бибі Нияз). Бұл оқиға, біріншіден,  
ол кездегі оңтүстік жұрттары мен оғыз-қыпшақ жұртының  
арасындағы саяси-әлеуметтік тіршіліктен туса, екіншіден,  
әйел мәселесі жөнінен де туып отырған оқиға.

Мәшһүр Жүсіптің айтуынша, қазақ қариялары түрікмен  
жұртынан шыққан «Көрұғлы», «Бозұтлан» жырларын  
да қазаққа ортақ санаған. Мұның, әрине, тарихи маңызы  
бар. Өйткені, бұл жырлар X-XII ғасырларда арабтар мен  
оғыз-қыпшақтар мекенінде Манғыстау мен Арал теңізін  
қоныстайтын түрікмендер мен қазақ руларының мұрасы  
болып қалған. Сөйтіп, Көрұғлы, «Бозұтлан», «Бозжігіт»  
жырлары араб халифасы, Византия патшалығы кезінде  
шыққан ескі оғыз-қыпшақ жырына жатады.

## «БОЗЖІГІТ»

«Бозұлан», «Көрұтлы» жырларынан кейін монғол (Шыңғыс) дәуірінің алдында шыққан ескі әңгіменің бірі – «Бозжігіт» жыры. Бұл «Бозжігіт» жыры да, «Арал хан», «Бозұлан» жырлары сияқты Бағдат пен Мысыр өлкесіне барып, ел билеу жұмысына араласқан қаңлықыпшақтар өмірінен туған. Бозжігіттің аталары бір кезде Маңғыстау, Сырлария алабында туып өскен, әкесі Абдулла Бағдаттың елханы болып тұрғанда, ол өзінің жас шағын Гапуза (Қарашаш сұлу) дейтін ару қызды сүйемен өткізеді. «Бозжігіт» әңгімесі Орта Азияда айтылатын «Жеті ғашық» жырының бір түрі сияқты. Бұл жырда «Көрұтлы», «Бозұлан» жырларындағы сияқты ерлік, жауынгерлік жайлар емес, көбінесе, екі жастың арасындағы сүйіспеншілік, махаббат жайлары әңгімеленеді. Әңгіме Шам-Бағдат жерін билейтін Таймас ханның қызы Қарашашпен (Гапуза) Үргеніштен Шамға ауып барған Бозжігіттей албырт жастың арасында болады. «Бозжігіт» жыры да «Ләйлі-Мәжнүн», «Фархад-Шірін», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ромео – Джульетта» сияқты сұлу жырлардың қатарына қосылады. Одан соң, «Бозжігіт» жырының мазмұны бұл айтылған жырлардың ішінде «Қозы Көрпеш» жырына ұқсас және аңыздас екені байқалады. Бұл жыр XII ғасырда Бағдат-Шам өлкесінде болған мәмлүк қыпшақтары арасында туғандықтан, сыртқы түрі біраз өзгергенмен, мазмұны, ішкі түйін бірлігі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырымен сарындас болып келеді. Бұл жырлардың сарыны сүйіспеншілік, махаббат жолында не қиындыққа болса да, көну, сол жолда өлімге жан қию. Қозы Көрпеш пен Бозжігіттің, Баян сұлу мен Қарашаштың, Айбас

пен Кемелдің әлеуметтік-психологиялық бейнелері бір-біріне өте жақын, өте ұқсас, атқаратын рөлдері де бір түсті. «Қозы Көрпеш» жырындағы Қодар да, Бозжігіт жырындағы Бейтін – екеуі де қара күштің иесі болған бір тектес кейіпкер. Бұған қарағанда, «Бозжігіт» жыры «Қозы Көрпеш» жырының үлгісіне еліктеп жасалған жыр болуға ықтимал. Баян сұлудың Қозыкені іздеп, құса болатыны сияқты Қарашаш та (Гапуза) Бозжігітті іздеп, пұшайман болады. Мысалы, Баян сұлу Қозыкені өлтірткен әкесіне:

«Әкеге-ау, ардақтаған балаң едім,  
Балаңды жанған отқа салар ма едің?  
Өлтіртіп Қозыкені Қодарыңа,  
Енді өзің Баян сұлуды алар ма едің?»  
–десе, Сақыпжамал әкесіне былай дейді:

Алтыңа бойың боясаң,  
Қарға сұңқар болмас-ты.  
Қанаттарын кессең де  
Сұңқар қарға болмас-ты.  
Жаксы көрген Зейтінің,  
Күнге бағып қойсаң да,  
Күйеу маған болмас-ты,  
Бозжігіттің сүйегін  
Мың Зейтіңге бермеспін,  
Бозжігіттің молысын.  
Алтын үйге бермеспін,  
Мың Зейтінің келсе де,  
Бірін де қабыл көрмеспін.  
Бозжігітім болмаса,  
Қызың да болып жүрмеспін...

Баян сұлу да, Сақыпжамал да сүймейтін адамға барып, көр болғанша, сүйгендерінің моласына кіріп, пышаққа түседі.



«Бозжігіт» жыры былай басталады: «Алатия шаһарында бір хан бар еді, аты Таймас еді, жұрты өте көп еді. Гапуза деген бір қызы бар еді, асқан сұлу еді. Атасы оны ешкімге көрсетпей, оңаша сарайда асыраушы еді. Қыз он бес жасқа жеткенде, бір күні жатып түс көреді. Түсінде бір жас жігіт келіп, оның көркіне таң қалады, ғашық болады. Қыз ояна келсе, түсі екен, манайында ешкім жоқ.

Осы сияқты түсті Бозжігіт те көреді. Сөйтіп, Ләйлі мен Мәжнүн, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу сияқты, Бозжігіт пен Қарашаш та біріне бірі бала күндерінен ғашық болады. Сол сықалды, Бозжігіт жөнінде былай делінеді: Бағдат шаһарында Абдулла атты бір хан бар еді, ол ханның жалғыз баласы бар еді, аты Бозжігіт еді. Бозжігіт өте көркем, асқан ақылды, кемеңгер еді. Оның Кемел атты бір досы бар еді. Бозжігіт бір күні түс көреді, түсінде бір сұлу қыз келіп, ән салады. Бозжігіт ояна келсе, түсі екен. Бір жыл бойы Бозжігіт көрген түсінің елесін іздеп, зағыпырандай жүзі сарғайып, неге жүдегенін ата-анасы сұраса да, айтпайды. Бірақ, Қарашаштың елесі ойынан кетпейді, күнде оның түсіне кіріп, сұхбаттасып жүргендей болады. Бір күні Қарашаш (Гапуза)<sup>45</sup> Бозжігіттің түсіне еніп, былай дейді:

«Ніл дарияның жауһары,  
Мен Ерумен гауһары.  
Мен алтыннан тіректің.  
Гауһар болсам керектің,  
Қанаты күміс үйректің,  
Қабыл нәрсем керекті...  
Түсте көрдім мен сені,  
Қосылар күн болар ма?  
Ләйлі менен Мәжнүңдей  
Жолағар күн болар ма?  
«Келем» деген үзден  
Солды сенің жылғандай.  
Мұнша сақтап келмедің.

Бөтен жарды алғандай.  
Тәңірі қосқан жар едің сен,  
Жарына опа қылмадың,  
Жеті жылдай үйіңнен  
Бас көтеріп тұрмадың»...

Пушкиннен Абай аударған «Татьянаның хатынан» кейбір жолдарды осы Бозжігітпен Қарашаштың түсінде сұхбаттасқан жырына ұқсайды.

Бозжігіт тағы бір түсінде Қарашаштың сағынып, зарығып жүргенін көреді:

«Төрт жыл болды, сақтаймын,  
Келе ме деп ойлаймын.  
Хабарың жоқ, өзің жоқ,  
Сәлем деген сөзің жоқ,  
Сақтай-сақтай, болдым зар,  
Мейірбаным онадар,  
Шапағат сізден болғай да»...

Бозжігіттің махаббаты оған күн сайын өршіп, Қарашашты өңінде бір көруге тілек қылады.

«Сұлу сурет, назарсың,  
Кеш болғанда әзірсің,  
Не қасыреттік мазарсың,  
Не жерліксің жеріңді айт.  
Іздей барсам еліне,  
Еліңді қайдан табармын?  
Былтыр келдің қасыма,  
Биыл келдің қасыма,  
Көп қасыретке салдың сен,  
Көрініп, ғайып болдың сен,  
Сені қайдан табармын?»

Бозжігіт Гапузаны іздеп, Майдың шаһарына келеді, қасында Кемел досы бірге болады. Бірақ, Жүсіп хан мен

Баба Омар сияқты Майдын шаарына келген соң, қаланың бектері Бозжігіт пен Кемелді зынданға салады. Зындандағы Бозжігіт Үргенішке қайтқан керуендерден сәлем айтады:

«Ақка мойын ұсынғанмын,  
Зор сәргерден болғанмын,  
Рұқсат сізге, керуендер,  
Аман-есен жеткейсіз,  
Ата-анамды көргейсіз,  
Иліп сәлем айтқайсыз:  
Разы болсын атамыз,  
Бахыл болсын анамыз,  
Ғашығым тұрған шаарын  
Бір көрмей көңілім тынбайды»...

Бозжігіт тек еліне сәлем айтқаны болмаса, Жүсіп хан (Бозұтлан) сияқты, «зынданнан шығарып ал», – деп, әскер сұратпайды. Бозжігіт пен Кемел зынданда үш жыл отырып, ақыры Майдын шаарынан қапып шығады. Жырдың кейбір түрлеріне карағанда, оларды зынданнан қыпшақ сұлтандарының бірі шығарып жібереді.

Екі дос осылай зынданнан шығысымен, Ғапуза тұрған шаарына келіп, Әбет деген бір жігіттің үйінде тұрады. Бұл кезде «қалаға бір көркем жігіт келді» – деген дабыс Ғапузаға естіледі. Ғапуза Бозжігітті іздеп, қасына қырық қыз ертіп, күн сайын қаланы аралайды. Бірақ, Ғапуза да, Бозжігіт те бірін бірі көп уақытқа шейін ұшырата алмайды. Бозжігіт Ғапузаны түсінде көргені болмаса, өңінде кездестіре алмай, әбден зарығып, қаладан тысқа іздеп кетпекші болады. Бір күні Бозжігіттің түсіне бір ақ сақалды қария кіріп: «Балам, құса болып, қамықпа, іздеген жарын осы қалада, аз күнде жолығасын», – дейді. Қарияның айтқанындай, Бозжігіт бір күні бақшаға барса, сейіл құрып жүрген Ғапузаны көреді.

Бірақ Ғапуза оның Бозжігіт екенін біле алмай, қырық қызбен сауайға қайтады. Қаланың ханы Бозжігіттің бейсауат адам екенін біліп, оны ұстауға бұйырады, әйткенмен, Бозжігіт олардың қолына түспейді. Ғапузамен оңашада, қаладан тысқары жерде жолығысып жүреді. Аңсаған екі жас осылай жаңа ғана табыса бастағанда, Ғапузаның әкесі үлкен той жасап, қызын Зейтінге бермекші болады. Бірақ Ғапуза әкесінің бұл ісіне разы болмайды. Таймас хан Ғапуза мен Бозжігіттің жайын біліп, қызына: «Сен Бозжігітке азып, өзінді аяқсытпа, мына тойыңа кел», – дейді. Ғапузаның әкесіне берген жауабы:

Құлағым саңырау болыпты,  
Айтқан сөзіңді ұқпаймын.  
Дүние халқын келтірсең,  
Бозжігітім болмаса,  
Ешкім жүзін көрмеспін,  
Жүзін көрмек түгілі  
Манайыңа бармаспын...

Бұдан кейін ханның ақылшылары: «Қызды азғырушы Бозжігіт болса, оны өлтіру керек», – деп, кеңес береді. Таймас хан Бозжігітті бір күні тойға шақырып, у беріп, әлсіретіп отырғанда, үстіне Кемел келіп, айтқаны:

Ей, Бозжігіт, Бозжігіт,  
Кішкенеден дос жігіт,  
Енді айрылар күн болды.  
Ана сүтін еміскен,  
«Айрылмайық», – десіскен,  
Енді айрылар күн болды.  
Мен үйіме қайтқанда,  
Анаң шықса алдымнан,  
«Қане – десе – құлыным?»  
Не деп жауап берермін?  
Не көзіммен көрермін?»

Бұл кезде уланып қалған Бозжігітті Зейтін дарға асуға алып кетеді. Гапуза оны білмей қалады. Дар басында тұрғанда Бозжігіттің Кемелге айтқаны:

«Қанатынан айрылған,  
Жалғзынан айрылған,  
Қайғысы көп атаға:  
«Сабыр қыл», – деп айта көр,  
Мұңды анамды көргенде,  
Мені есіңе алғайсың.  
«Жалғзым», – деп, жыласа,  
Көңіл аулап жүргейсің»

Гапуза бұл сұмдықты сезіп, тойға келіп, белгілі «Ботакөздің» жырымен Бозжігітті жоқтайды.:

«Түйе келіп боздайды.  
Ботасы оның бар ма екен?  
Бота көзді Бозжігіт,  
Бұл ойында бар ма екен?  
Бұлбұл келіп сайрайды.  
Қызыл гүлі бар ма екен?  
Қырмызы гүл – Бозжігіт  
Бұл ойында бар ма екен?»

Гапузаның зарына ханға наразы бір жігіт топтың ішінен шығып жауап береді:

«Түйе келіп боздаса,  
Ботасы оның жоқ шығар.  
Бота көзді Бозжігіт  
Бұл ойында жоқ шығар.  
Бұлбұл келіп сайраса,  
Қызыл гүлі жоқ шығар.  
Қызыл гүлдей Бозжігіт  
Бұл ойында жоқ шығар.  
Қарағайлы кара орман,  
Өтпес жерге кеткен ол.

Өмір бойы қусаң да,  
Жетпес жерге кеткен ол.  
Боздаған түйе ботасын  
Бөрі алғанға ұқсайды.  
Бозжігіттің денесін  
Жер алғанға ұқсайды.  
Дүниенің кең дәулеті  
Тұл қалғанға ұқсайды»...

Сөйтіп, Бозжігіт сүйген жарына қосыла алмай, залым ханның қолынан қаза табады. Сүйгенінен айрылып, мұратына жете алмаған Гапуза (Қарашаш) өзін өзі өлтіреді. Бұлар да өткен сұм заманның тар қыспағында шерменде кеткен Қозы Көрпеш пен Баянның бейнелерін елестетіп, махаббат, бас бостандығы жолында қаза тапқан өткен заман жастарының арманын білдіреді.

«Бозжігіт» жырына ұқсас екінші бір әңгіме – «Махаббатнаме». Орта Азия әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдар бұл жырды «XIV ғасырда шыққан қыпшақ жыры» деп анықтайды. Тарихтың айтуынша, бұл «Махаббатнаме» XIII-XIV ғасырларда ойғыр әрпімен жазылып, Шам өлкесіндегі мәмлүк қыпшақтарының арасына тараған. Молдалардың Қараханның атын бұзып Махмұд шах, немесе «Хұсырау-Шірін» деп атағандары сияқты мәмлүк қыпшақтары арасынан шыққан молдашымақ ақындар «Бозжігіт» сарындас жырларды өзгертіп, «Махаббатнаме» деп атап, араб-парсы «әдебиетінің әсеріне түсіруі» мүмкін. Өйткені молдалардың «Қорқыт», «Көрұғлы», «Қарахан», «Хұсырау-Шірін» жырларының бұрынғы халық аузында айтылатын сұлу түрлерін өзгертіп, араб-парсы әдебиетінің әдеті бойынша кітап тілімен жазатын әдеттері де болған. Соның салдарынан «Хұсырау-Шірін», «Таһир-Зуһра», «Сейпілмәлік» сияқты жырларды әдебиет тарихымен жете таныс болмаған адамдар «араб әдебиетінен аударма» деп санайды. Шынында, бұл жырлар – «Қорқыт», «Қозы Көрпеш» сияқты VIII-XII ғасырларда шыққан жырлардың тобына кіретін, солар мазмұнды әңгімеден туған жырлар. «Махаббатнаме» жырын XIV ғасырдың ортасында Сырдария

бойында (Жанкент-Қазалы қаласы) Хорезмі деген ақын жазған. Бұл жыр және «Ер Сайын» жыры Британ музейінде сақтаулы көрінеді. «Махаббатнаме» жырында Шам өлкесіндегі мәмлүк қыпшақтары мен Алтын Орда жайлы айтылады. Бұл «Махаббатнамені» қыпшақ тілінде жазылған «бірінші дастан» деп есептеуге болады.

### «ҚОЗЫ КӨРЕШ – БАЯН СҮЛУ» ЖЫРЫ

«Қозы Көрпеш» жыры монғол дәуірінің алдын ала шыққан, ертедегі қыпшақ дәуірінен қалған ескі жыр. Жырдың құрылысында, мазмұнында Алтын Орда дәуірінен бері болған оқиға өте сирек кездеседі. Бұған карағанда, «Қозы Көрпеш» жыры XI-XII ғасырларда жасаған ескі рулардың тұрмысынан туған жыр екені байқалады.

«Қозы Көрпеш» жырының ескі қыпшақ-қаңлы дәуірінен қалған жыр екені жырда кездесетін тарихи заттардан және шаруа салтынан да байқалады. Мысалы, күймелі арба міну, күмбезді кешен (жәдігер) жасау, жылқыны оңтүстік пен шөлейт арасында ауыстыра бағу. Бұл айтқандар монғол дәуірінің алдындағы (XI-XII ғғ.) Қыпшақ, Қаңлы руларының салты болатын.

Тарихи жағынан карағанда, «Қозы Көрпеш» жыры, көбінесе, осы рулар арасында айтылатын жыр. Бұл рулардың ішінде саяси-шаруашылық жағынан күшті болғаны, әсіресе, қыпшақтар. Қыпшақтар ол кездегі (XI-XII ғғ.) орыс заман хаттарында (жылнамаларында) «половец» деп аталып, Еуропа жазуларында «командар» (куман) деп аталатын, олардың қонысының бір шеті Ертіс пен Қара теңіз, бір шеті Жетісу, Сырдария, Орал, Каспий аралдары болатын.

Бұл қыпшақ-қаңлылармен ол кезде көрші отыратын, көбінесе, Орал тауын қоныстайтын башқұрттар, Балқаш, Тарбағатай алаптарын қоныстайтын керей, наймандар болатын. «Қозы Көрпеш» жыры, Алтын Орда дәуірінен қалған ноғайлы-қыпшақ жырлары тәрізді. Каспий төңірегін жайлайтын ноғайлы, түрікмен сияқты басқа жұрттар арасында айтылмайды, «Қозы Көрпеш» жыры башқұрт, якут, Батыс Сібірдегі барабалықтар арасында да айтылады. Жырдың Сібір халықтары арасында да (сақа елінде) айтылуы бұл жырдың ескі заманда шыққанын көрсетеді. Өйткені, қыпшақ-наймандар XI-XII ғасырларда якуттармен көршілес отыратын.

«Қозы Көрпеш» жырының ескі қыпшақтар кезіндегі жыр екенін, жоғарыда айтқандай, жырда кездесетін тарихи заттар да (жәдігерлер) көрсетеді, мысалы, күймелі арба, күмбезді кешен сияқтылар. Қыпшақ өлкесіне келген X ғасырлардағы араб жазушыларының айтуынша, әйелдерді арбада ұстау ескі қыпшақтардың белгілі салты болған. Бұл туралы жырда былай дейді:

Жұрт айтатын темірлі күймесі бар,  
Қозы Көрпеш дегенде дүниесі тар...

«Күді-еке-ау, барып, тез келдің бе,  
Женгенді күймедегі сен көрдің бе?  
Кетіп ең дардай болып сен мақтанып,  
Қанекей, өрік, мейіз әкелдің бе?»

Мінгені Қозекеннің жүйрік кер-ді,  
Тоғыз-он күн күймеде қызық көрді.

«Қарғам-ай етін кірлеп кетіпті», – деп,  
Ішінен тор ғып көйлек тігіп берді...

Мұндай салт бергі Алтын Орда дәуіріндегі Өзбек ханның тұсына дейін келді (XIV ғ.)

Жырда кездесетін ескілікті нәрсенің бірі – өлген қадірлі адамның басына орнататын күмбезді кешен. Ондай күмбезді кешен орнату көбінесе XI-XII ғасырлар арасында жасалған қаңлы-қыпшақтарда болған. Және кейбір тарихи зерттеулерге қарағанда, Аягөз бойындағы Қозы Көрпеш кешені ислам діни толық сіңбеген кезде, XI-XII ғасырда салынған жәдігер екені байқалады. Аягөз бойындағы «Қозы Көрпеш моласы» дейтін жәдігер «Қозы Көрпеш» жырында «Баян сұлу салдырды» дейтін күмбез үйдің тарихи қалдығы сияқты. Бұл жәдігерді халық әңгімесінің, халық жырының жемісі деуге келмейді. Өйткені, қазақтың жыр, аңыз, әңгімелерінде айтылатын жер, я қадірлі адамдардың басына орнатқан жәдігерлер ойдан шығарылған қиял емес. Олар бір кездегі тарихи шындықтың ғасырлар бойы сақталып келген айғағы. Қозы Көрпеш, Қорқыт сияқты дананың неше ғасырлар бойы жасап келе жатқан жәдігерлері (моласы) – сондай тарихи шындықтың қалдырған ізі.

Мәдениет тарихын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, Аягөз бойындағы Қозы Көрпеш кешені әр уақытта салынған көрінеді. Мысалы, оның басына орнатқан мүсін тасы X ғасырда жасалған жәдігер болса, оның сыртындағы күмбез кешені кейінірек орнатылған. Күмбездің ішінде әлі күнге дейін төрт мүсін тас бар. Оның үшеуі әйел бейнесінде, біреу жас жігіт бейнесінде. Бұл төрт мүсін тастың екеуі халық әңгімесінде айтылатын Қозы Көрпеш пен Баян сұлудікі. Ғалымдардың айтуынша, қалған екеуі Баян сұлудың апалары

Ай мен Таңсыққа арналған әр уақытта салынған жәдігер. Бұл жәдігерлердің үлгісін де қарағанда, олар бұдан мың жылдай бұрын орнатылған деп шамалауға болады. «Қозы Көрпеш» жырының XI-XII ғасырларда шыққан ескі жыр екенінің бір жорамалы осы жәдігерлерден байқалады.

«Қозы Көрпеш» жырының ертедегі қыпшақтар кезінде шыққан ескі жыр екені жылқыны оңтүстік пен шөлейт арасында көшіп жүріп бағу сияқты бақташылық салттың жырда айтылатынынан да көрінеді. Бұл тәрізді, қыс жылы жерді сағалап, жаз шыға шөлейтті жайлау көбінесе X-XII ғасырларда жасаған қыпшақтардың шаруа салтына ұқсайды. Жырдың айтуынша, Қарабай мен Сарыбай екеуі де бір кезде оңтүстікте мекендеп, кейін мал өрісі жөнінде елімен өкпелесіп, шөлейтке көшіп кетеді. Мысалы:

Елі-жұрты көре алмай, «малы көп», – деп,  
Жұртының өсек қылған сөзін кектеп,  
Ағайын біреу жұрмес бұған еріп,  
Өкпелеп өз жұрынан кетті жеріп.  
Құданың берген малын көпсінген соң,  
Жөнелді Қаракен де ыза болып,  
Сарекен де ыза боп жүре берді.  
Тастамай, күн-түн қатып ұдай көшіп,  
Екі бай Балталыға бірдей келді.  
Қарабай ол не қылсын дүйім елді?  
Токсан мыңы көзіне мал көрінбей,  
Аң аулай ерте тұрып жөнеледі...

Жырда Қарабай мен Сарыбай осылайша Арқаға көшіп келген соң, бір кезде аң аулауға шығады. Екі бай аңда жүріп бірімен бірі төс қағысып, дос болып, бірінен ұл, бірінен қыз туса, «құйрық-бауыр жесіп», құда болуға уәде байласады. Бұл – «Қозы Көрпеш» жырының сөз басы. Бірақ, жұртшылық

салтына караганда, Қарабай мен Сарыбайдың анттасып дос (құда болуы), Арқаға көшіп келулері олардың бұрыннан жақын кісі екенін көрсетеді, оның үстіне, бұрынғы кезде өз ортасында ала көз болған байлар басқа жердегі құдалық жақынның қасына сағалап барып отыратын. Қарабай мен Сарыбайдың әңгімесі де осындай шаруашылық ыңғайынан туған бір оқиға болуы керек.

Жырдың мазмұнына караганда, Қарабай мен Сарыбай бұрын қашық ат арытып, баратын жерде отыратын, екеуі екі елді басқаратын білікті адамдар сияқты. Бірақ, олардың біреуі (Қарабай) шаруа жөнінде (жылқы өсіру) өз ағайындарымен алақөз болғандықтан, енді өзіне жақын айбынды құдасын сағалап, соған көрші келіп отырады. Бұл сарын, әсіресе, Ай мен Таңсықтың елмен, жермен қоштасқанынан байқалады:

«Тайлақтың енді аман бол, қалған елі,  
Аман бол, қалың ағаш, аққан селі.  
Теруші ем еріккенде ермек етіп,  
Екпе жиде, алма ағаш көлеңкелі.  
Жібектей шалғынында қонып өскен,  
Сегіз сай тау біткенде, сала, аман бол.  
Қарабай атаң сенен қашты.  
Жөргекте Қозы Көрпеш бала, аман бол»...

Жырда айтқандай, көп жылқы өсіріп, байтақ өріске не болу – ол кездегі ұлы мәселенің бірі. Мұны, әсіресе, Қарабай айқын көрсетті. «Қозы Көрпеш» жырындағы шаруашылық сарынның бірі, көбінесе, осы жылқы өсіру мәселесі. Бұл сарын «Қозы Көрпеш» жырынан басқа «Ер Төстік», «Ақ Көбек», қырғыздың «Манас» ескі жырларда кездеседі.

Жыр Баян сұлулы Қозыкеге бергізбеу үшін Қарабайды Архадан қайыра Аягөзге түсіреді. Бірақ, мұның ол кездегі тарихи шындығы бұдан төрі басқарақ болуы мүмкін. Өйткені, Қарабай сияқты неше мыңдаған жылқысы бар байға географиялық бір көлемде қоныстап отыру мүмкін емес. Оның мыңдаған жылқысына ұлан-байтақ жайылым жер керек. Ұзақ өрісте жылқы семіртіп көшіп жүру, көбінесе, XI-XII ғасырлардағы, қыпшақ дәуірінде ғана болуы тиіс. Мысалы, ескі әңгіменің бірі – «Ер Төстік» жырында жылқыны көз көрмес, құлақ естімес жерге апарып жаю – осы сияқты тарихи фактінің бір жосығы. Жылқысына байтақ өріс керек қылған Қарабай ешбір тұрақтап тұра алмай, оңтүстік пен шөлейттің арасында көшіп жүретін болады.

Дамыл, айла көрмейді көзі төраеп,  
Өзге жақпен жүре алмас, малы кернеп,  
Дамыл жоқта тыным жоқ көше беру,  
Өне бойы жағалап Ертісті өраеп...

Қаратау, Тарбағатай жерге келді,  
Жайтөбе, Қатынсуы көлге келді,  
Басынан Ақшаулінің дүрбі салып,  
Отырған Аягөзде елді көрді...

Қарабай жылқы өрісімен шүйгін жерлерді қуалап, Жетісудан Ертіс, Обь-өзеніне құятын жеріне дейінгі даланы шарлады. Қарабайдың бұл тәрізді оңтүстік пен шөлейттің арасында көшіп жүрген салты кейін талай ертегі әңгіме туғызып, оның ізі жер аттарында да қалады. Осы күнгі «Қарқаралы», «Баянауыл», «Шідерті», «Домбыралы», «Моншақты», «Жауыр», «Баянжүрек», «Таңсық» дейтін жер аттары ертегі-әңгімелерден қалған із.

«Қозы Көрпеш» жырының мазмұны, бір жағынан, Қозы Көрпеш пен Баянның тарихи әңгімесі болса, екінші жағынан, сүйіскен екі жастың махаббат баяны.

«Қозы Көрпеш» жыры да батырлар жыры сияқты шын оқиғадан туған. Оның мазмұны шын оқиғамен байланысты бір кездегі тұрмыс суреті болса да, кейін түрліше айтылып, алғашқы кездегі шын суреті көмескіленіп, ертегіге айналған. Бұған әсіресе жырда айтылатын жер аттары мен Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың Аягөздегі моласы – тарихи айғақ. Ертегі-әңгімелерде, жырларда ұшырайтын жер аттары мен зат мұралары белгілі тарихи өмірдің шындық бейнесін білдірмек. Сол сияқты «Қозы Көрпеш» әңгімесінің де шын тұрмыстан туғанын жырда ишаралайды.

Суреті Аягөздің тасында тұр,  
Кабірі екеуінің басында тұр,  
Өтірік, рас екенін кім біледі,  
Шырылдап боз торғайы қасында тұр...

Жырдың сарынына карағанда, Қарабай мен Сарыбай екеуі екі ру елден екені байқалады. Одан соң, жыр Баян сұлуды Біржан салмен айтысқан Сара қыз сияқты найман елінің қызы қып көрсетпекші болады.

«Қозы Көрпеш» жырындағы Қарабай жай ғана сараң бай емес. Ол талай кәрі өмірді басынан кешірген, мал өсіру мен қала тұрмысын бірдей қолынан өткерген адам. Сондықтан Қарабайдың кейпін, көбінесе, бұрынғы Жетісу бойын мекендейтін қаңлы, дулат, жалайыр сияқты ескі замандағы мәдениетпен байланысқан елдің арасынан шыққан бай деп жоруға болады. Бұл жырда «тоқсан атқа белбеу сатып алу» мал мұрасы мен егін мұрасының арасында жүрген Қодар бейнесінен байқалады.

Жырда Қарабайдың арғы тегін түрікмен дейді. Бұл, әрине, X-XI ғасырлардағы қаңлылардың Жетісу, Сырдария

бойларындағы түрікмен-оғыз жұртымен көршілес болғанын ишаралайды. Ал, Сарыбай көбінесе Ормамбет (қыпшақ) елінен делінеді:

Нәсілін Сарыбайдың айтады екен:  
«Қырық байлы Ормамбеттің біреуі», – деп.

Жырдың Сарыбайды ноғайлы ормамбет елінен деуі, бергі кезде «ноғайлы», «ормамбет» деген сөздер қазақтың әңгіме, жырларына салт болып кетуінен туған. Әйтпесе, жырдың атына, мазмұнына, тіліне карағанда, ноғайлы кезінде шыққан жырға ұқсамайды. «Қозы Көрпеш» ескі заманда айтылған жыр екені, жырдың ертегіше айтылатынан да байқалады:

Жасым бар жиырмада, жылым – мешін.  
Өлімнің кім біледі ерте-кешін.  
Айтайын бес-алты ауыз, құлағың сал,  
Қозы Көрпеш Баянның әңгімесін.  
Елі бар он екі ру, бірі Серкес,  
Қол жасап, сары атанға бітеді өркеш,  
Бес-алты ауыз айтайын, құлағың сал,  
Баян мен ертеде өткен Қозы Көрпеш...

Әр кімге бір дәурен бар ерте де кеш,  
Өнер, өлең сүймегеннің өмірі еш,  
Қатыны Сарыбайдың ұл тауыпты,  
Қойыпты оның атын Қозы Көрпеш...

Оқиғаны бұл сияқты баяулатып, ертегі түрінде өлеңмен баяндау ескі жырдың салты болатын.

Әңгімелі жырдың жалпы салты бойынша, «Қозы Көрпеш» жыры да бірнеше кезеңге бөлініп айтылады. Бұл жырда алты түрлі кезең бар:

1. Қарабай мен Сарыбайдың елімен өкпелесіп көшіп кетулері. Аң аулап жүріп дос болулары. Қарабайдың буаз маралды көзі қиып атуы. Бұл оқиғаның екі байдың әйелдерінің босануына тұс келуі. Екі байдың артынан сүйінші сұрай кісі келуі. Сарыбайдың далада өлуі, оған ас беру, тағы басқалар. Бұл кезең бүгінде өте қысқарған.

2. Қозыкенің жесір қалған шешесінің Тайлақ биді байға жіберіп, бұрынғы аңтасқан уәдесіндетуруын сұрауы. Қарабай Тайлақ биге жөнді жауап бермей, барған Сарыбайдың елінен ауа көшугі. Қозыкенің шешесі Қарабайдың көрбілте, сараң мінезін түсіліп, көшіп кеткеніне онша күйзеле қоймауы. Шешесінің Қозыкеге Арқадан Жетісуға қарай көшіп, Арқа мен Жетісудың арасында көшіп жүргені. Таңсық пен Айдың елмен, жермен қоштасуы. Көштің, жер-судың, бақташылық тұрмыстың жырда күшті суреттелуі. Қарабайдың Қодарды жоқтауы.

3. Баян сұлудың өмірі. Оның мінезі, сыртқы сипаты, күймелі арбасы, қасындағы серік қыздары. Баянның Қозыкені ойлап ансауы. Баяннан дәмеленген тоқсан жігіт және олардың әрекеттері. Қарабайдың Қодардан артық көретін кісісі болмайтыны. Қодар, бір жағынан, мықты елдің ортасынан шыққан белгілі батыр ретінде суреттелуі. Қарабайдың Баянды Қодарға бермек болуы. Қодардың тоқсан жігітпен тартысуы.

4. Айбастың Баян сұлуды іздеуі. Бұл кезеңдегі көрнекті сурет – Айбас пен Таңсықтың жолығуы, Айбас пен Баян сұлудың Қозыке туралы әңгімелесіп, Таңсық пен Баян

сұлу ойдағы мұңдарын айтулары. Қарабайдың Айбаспен жанжалдасуы. Қодар мен Қарабайдың Айбасты өлтірмекші болуы. Айбастың Баян сұлудың қоштасып, еліне қайтуы. Айбастың қайтқан жолы. Баянның Қозыкеге берген белгі сәлемдемелері, онымен байланысты аңыз және жер аттары.

Бұл кезеңде Айбастың Баян сұлуды іздеп келуі, Таңсықтың Баян сұлудың сырласып, әңгіме құруы өз алдына бір кесек-кесек жыр сияқты болған. Ел аузында қалған ескілікті сөзге қарағанда, бір кезде Ай, Таңсық – Баян сұлудың апалары өз алдына жеке бір жыр болып, олардың Қозыке, Айбас, Баян сұлу жақсы көрген достары үшін қаншама қиындықты басынан кешіргені суреттелген. Ай, Таңсық – романтикалы жырдың көңіл қозғайтын кейіпкерлері болған саналы қыздардың аттары тек халықтың ертегі-әңгімелерінде ғана емес, жер аттарында да сақталған.

Айбас қайтып, өз еліне таянарда, қой жайып жүрген қойшыға жолығады. Елде бір үлкен той болып жатыр екен. Айбас қойшыдан елдің жайын, Қозыкені, болып жатқан тойды сұрайды. Қыз ұзатқан той екенін, Қозыке осы тойда екенін қойшы айтады. «Қозы Көрпеш» жырының бұл арасы ескі оғыз тілінде айтылатын «Қорқыт», я «Бозұғлан» жырларына ұқсайды. «Қорқыт» жырында Бағдат жерінде зынданда отырып, босап, аман-есен еліне қайтып, Сырдария бойына келгенде, жолдың тасын аршып жатқан бір топ адамға жолығады. Қорқыттың елінде үлкен той болып жатыр екен. «Бәсім, ол той кімге жасап жатқан той екенін? – сұрайды. Адамдар «Бәсім» дейтін ердің сүйгенін жау алғалы жатқанын, той соның тойы екенін айтады. «Бозұғлан» жырында Иран жерінде тұтқында отырып, Үргенішке келген



Бозұғланның жайы да осы сықылды. Бұнда «Қозы Көрпеш» жырының мазмұны өте ерте замандағы тұрмыс оқиғасынан туғанын көрсетеді.

5. Қозыке Баяндай қалыңдығы барын Айбастан естіп білуі Баянды іздеуге қамдануы. Анасы, ел-жұрты тоқтау салмақ болатыны. Анасының баласын ұзақ сапарға аттандыруға кимай, үлкен уайымға түсуі. Ақыры, анасының да, ел-жұртының да тоқтатқанына көнбеуі.

6. Оқиғаның шарықтау шегіне жетіп, екі жастың трагедиясының аяқталуы. Сүйген жарын іздеп, жапанда жалғыз келе жатқан Қозыке бір күні жүдеу түрде, анасының түсіне кіреді. Қозыкенің анасы ел-жұртын, Тайлақ биді шақырып, кеңес құрады. Қозыкенің аман-есен елге келуіне тілек етеді. Қозыке арып-ашып, жапан түзде келе жатып, бір топ керуенте кездеседі. Өзге жырларда арыған жігітке пірі – атасының рухы келіп айтады. Бұл да «Қозы Көрпеш» жыры мен бұрынғы жырлардағы батырлардың арып-ашып жүдеушілік көруі, ол кездегі ел арасының қашықтығын, қатынастан жердің ұзақтығы ишаралайды.

Қозыке келе жатып, Қарабайдың қойын бағып жүрген қойшыға жолығады. Қозыке Қарабайдың аулына ашық бармай, түсін өзгертіп, қойшы болып барады. Қарабайға жалшы болады. Кейде Қодармен бірге жылқы бағады. Баян мен Қодардың арасын білу үшін кейде Баян туралы Қодармен кеңескен болады. Жыр Қозыкені Қодармен, тоқсан құлмен күрестіріп, бәрін де жықтырады. Бұл халық князьінің Қозы Көрпешті бір ғана махаббатқа берілген албырт жас түрінде көрсетіп қоймай, оны бар нәрсеге алғыр, кара күштің өзіне де мықты қып көрсетпекші болатындығы.

Қозыкенің Баян сұлудың күймесіне барып жүргені, Қарабай мен Қодарға естіледі. Қозыке мен Баян сұлу олардан еш именбей, тура ашық жолығып жүреді. Баянның бұлай Қозыкені аялап күймесіне сақтап жүргеніне Қарабай да, Қодар да дәнеңе дей алмайды.

Қозыке тар күймеде ой ойлайды,  
Ойын менен күлкіге бір тоймайды.  
Тоғыз-он күн күймеде ойнап-күлсе,  
Қарабай: «Қайтпай ма?» – деп ызындайды...

Қозы Көрпеш, Баян сұлудың осындай көңіл қосқанын Қодар білген соң, ол Қозы Көрпешке тура еш нәрсе айта алмай, тек Қарабайды қысады. Қарабайдан көп жылғы ақысын сұрайды, не уәде бойынша Баян сұлуды сұрайды.

Қозыны көруге де бата алмайды,  
Бағана келген асқа қайта салды.  
«Қызыңды хан Қарабай жау алды», – деп,  
«Суым бер», – деп, барды да, азап салды...

Қодардың бұл сөзіне Қарабай тоқтау айтып: «Баянды аламын десен, Қозы Көрпешті өлтір», – деп, кеңес береді. Екеуі бірігіп, амалмен Қозы Көрпешті өлтіреді. Бірақ, онымен Баян сұлуды Қодар ала алмайды. Қозы Көрпеш өлген жерде Баян бірге өліп, жыр осымен бітеді.

Қозы Көрпеш жырындағы негізгі сарын сүйіскен екі жастың арасындағы махаббат тарихы мен ертедегі бақташылық тұрмыстың салт, әдет-ғұрып жайлары. Жырда ерекше суреттелген Қозы Көрпеш пен Баянның келбеті, олардың мінезі, жұрт сүйетін жақсы істері.

Халық жырларында жақсы әйелдің бейнесі болған Баян сұлуды койшы Қозыкеге былай деп таныстырады:

«Көзбен көрмей, ауызбен айтып болмас,  
Өзі теңдес адам жоқ оған жолдас.  
Жігітті ғашық қылмай ерікке қоймас»...

«Қозы Көрпеш» жырында көрнекті орын алатын, әсіресе, бұрынғы кездегі жұртшылық салты, мысалы, ерте кездегі көшіп-қону, мал бағу, ауыл арасындағы қарым-қатынас істері, жер-су, тағы басқалары кейде жыр жеке адамның мінезіне де ерекше көңіл бөледі. Бұл ретте ашық суреттелетін, әсіресе Қарабай мен Қодардың кейпі.

Жырдың сипаттауынша, Қарабайға бақташылық өмірдегі сараң бай. Оның бар тілегі – мал көбейту. Бұл Қарабайдың өз сөзінен де көрінеді:

«Жас құлыным қырылды барлық, Қодар,  
Бір су тауып бере көр маған, Қодар.  
Сен шөдетпей малымды алып өтсең,  
Ақ Баянды беремін саған, Қодар»...

Қарабай баласы Баяннан малды артық көреді. Сондықтан ол Баянмен есептеспейді. Баянның өзі сүйген теңіне бару-бармауы оған сөз емес, оған тек жылқысы көп болса болғаны. Оның бар арманы сол ғана.

Жырдағы басты бейненің бірі – Қодар. Қодар – Қарабайдың таңдаған адамы, ол, көбінесе, қара күштің иесі. Екеуі де тек тоң мойын топас. Қодардың қара күшін жырда былай дейді:

Түнмен құдық аршып түске шейін,  
Сондай құдық жасайды беске шейін.  
Кейінің өз суы бар, кейінде жоқ,  
Меспен тасып толтырар кешке дейін...

«Қозы Көрпеш» жырында басқа жұрттың салтымен байлаңысқан суреттер кездеспейді. Онда, көбінесе, бұрынғы кездегі мал бағу, көшу-қону салтын әңгіме қылады. Екінші жағынан, бұрынғы жеке ұлыстар өмірі туралы айтылады да, бергі үш жүзге бөлінген кездегі ел жайы айтылмайды.

«Қозы Көрпеш» жырының жазылып алынуы XIX ғасырдың басынан басталады. Оның ең алғаш баспа жүзінде шығуы – 1812 жылы Қазанда. Бұдан кейін «Қозы Көрпеш» жырын бірінші рет жазып алған Шоқан Уәлиханов.

Шоқанмен қатар оның бір түрін 1860 жылы осы күнгі Көкпекті ауданынан Қазан университетінің профессоры Саблуков деген кісі жаздырып алған. Бірақ, ол әлі күнге баспа жүзіне шықпай, тек жазба түрінде белгісіз қалған. Содан кейін «Қозы Көрпеш» жырының бір жақсы түрі академик Радловтың «Түрік әдебиетінің үлгілері» деген жинағында басылады. Оның бір түрін 1876 жылы Петербург университетінің профессоры Березин деген өзінің «Түрік хрестоматиясы» деген кітабының III томына кіргізеді.

«Қозы Көрпеш» жыры, әсіресе, XIX ғасырдың соңғы кезінде Қазан қаласында 1878, 1890, 1896 жылдары басылып шықты. Қазан қаласында басылғандары да – жырдың ең ескі түрлері.

Қозы Көрпеш жырының революциядан кейін де жазылып алынған бірнеше түрлері бар. 1920 жылдан бері «Қозы Көрпеш» жыры әлденеше рет басылып шықты, ақырғы басылуы 1939 жылы «Батырлар» жинағында шыққан. Бұл басылғаны Жанәк ақын айтатын түрі.

«Қозы Көрпеш» жыры дүние әдебиетінің асыл қазынасына жатады. Сондықтан ол орыс, неміс тілдеріне де аударылды.

Оның бір қысқаша түрі 1877 жылы ең алғаш орыс тіліне аударылып, Омбыда шығатын «Ақмола облысының ведомосы» дейтін газетте басылды. Одан кейін бір қысқа түрі 1899 жылы «Дала уалаяты» деген газетте орысша, казакша – екі тілде басылып шықты.

«Қозы Көрпеш» әңгімесінің толық бір жақсы түрін Баранов дейтін кісі орыс тіліне аударып, 1899 жылы «Нива» деген журналға бастырып шығарды. Баранов аударған «Қозы Көрпеш» жырын 1899 жылы Ташкентте шығатын «Археология» журналы қайтадан көшіріп бастырды. «Қозы Көрпеш» жыры Орынборда, Ташкентте, Мәскеуде шығатын бірнеше газеттерде басылып шықты. Оның бір жақсы түрін тарихшы Кастанье өзінің «Қазақ даласының ескілігі» деген кітабына кіргізді.

Қазақ-моңғол елдерінің әңгіме, жырларын зерттеуші белгілі ғалым Н.Г. Потанин өзінің мақалаларында да, кітаптарында да «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жоғары бағалап, мысалға келтіре отырады.

Бұдан басқа Көрпеш-Баянның моласына арналған Еуропа тілдерінде талай зерттеулер бар. Міне, осы зерттеулерге қарағанда, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры, оның басына орнатқан кешені дүниедегі мәдениет тарихынан бағалы орын алатынын, қазақ халқының мәдениет мұрасының ең көрнектісінен саналатынын көреміз.

### «ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫ

«Қыз Жібек» жырының мазмұнына, мазмұн құрылысына қарағанда, бұл да «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры сияқты, ерте заманда шыққан жыр екені көрінеді. Бұл

жырдың мазмұнын бергі XVII-XVIII ғасырларда шыққан «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», не одан бергі «Айман-Шолпан» жырының мазмұндарымен салыстырып қарағанда, оның мазмұнында бергі кездегі жұртшылық қатынасының суреттері жоқ десе де болады. «Қалқаман-Мамыр», «Айман-Шолпан» жырларында әңгіме, көбінесе, бір ру елдің ішіндегі тұрмыс жайында болса, «Қыз Жібек» жырының мазмұны олардан анағұрлым кең де және оқиғасы да олардан бұрынғы кездікі. «Қыз Жібек» жырының мазмұны бергі XVII-XVIII ғасырларда шыққан жырлардай ру елдің, не бір аймақтың төңірегінде ғана құрылмай, алыс жерді алып, бірнеше ру елдің арасында болған тұрмыс-салт жайларын баяндайды.

Сондықтан «Қыз Жібек» жыры бергі кездегі жырлар сияқты, бұрынғы ұзақ өрістің қысқарып, ру арасындағы қатынастың солғын тартқан кезінде шыққан жыр емес, бұрынғы Қыпшақ елінің Ұлытау мен Қара теңіз арасын қоныс етіп, тау жайлап, қиыр кешіп жүргендегі кезін суреттейтін жыр екенін көреміз. Мұны жырдан да байқауға болады.

Кешегі өткен заманда,  
Дін мұсылман аманда,  
Кіші жүздің ішінде  
Жағалбайлы елі бар,  
Жағалбайлы мекені –  
Ақ теңіз деген көлі бар.  
Жаз жайлауын сұрасаң,  
Қара теңіз жағасы,  
Ұлан, Шамбыл елі бар.

«Қыз Жібек» жырының қыпшақтар кезіндегі тұрмыстан туган ескі жыр екенін жырдың мазмұны көрсетеді. Мысалы, ол кезде ру арасындағы жол қатынастың ұзақ, шалғай

екендігі. Төлеген Қара теңіз бойынан Ақ Жайыққа келу үшін кәмі қырық күн, не жүз күн жүріп келу керек. Төлеген қай жолмен баруды саудагерлер арқылы біледі:

Саудагер айтты жолың жүз күндік деп,  
Төлеген іздемекке талап етті...

Жайық пен теңіз арасы  
Үш айшылық жол екен  
Үш айшылық жерлердің  
Қырық бес күндік ортасы,  
Атырабы шөл екен...

«Қыз Жібек» жыры осы сияқты, ерте кездегі тұрмыстан туған жыр болса да, оған бергі XVII ғасырларда болған тұрмыс жайларының суреті қосылып, ондағы ру аттары жырды айтқан ақынның тілегіне қарай біраз өзгеріске ұшыраған сияқты.

Бұл жырдың бұрынғы қыпшақ кезінде (XII-XIII ғғ.) шыққан жыр екені Қыз Жібектің күймесінен де байқалады. Әйелді күймелі арбада ұстау бұрынғы қыпшақтардың салты болатын:

Қыз Жібек мінген күймесін,  
Қайдан билдің, Жібек ау,  
Іздеп келген Төлеген,  
Мал беріп сені алмасын...

Немесе: «Жібектің күймелі арбасына үш ат қатарынан жегулі екен. Күйменің қақпағы жабулы, сыртынан ат айдаған саятшы ғана көрінеді. Төлеген күйменің алдына бір шықты, артынан бір шықты, ешкімді көре алмады...»

Осы сияқты қызды салтанатпен күймеде ұстау XII-XIV ғасырларда қыпшақтардың салты болған туралы XIV ғасырдың бас кезінде қыпшақ жеріне келген араб ғалымы ибн-Баттутаның шығармаларында да айтылады.

«Қыз Жібек» жырында айтылатын күймелі арба да араб жазушылары айтқан қыпшақ елінің арбасына дәл келеді. Жырда бұл сықылды ол кездегі жалпыға бірдей тұрмыс салты ұшыраса да, «Қыз Жібек» жыры қазақтан басқа ешбір халықта айтылмайтын сияқты. Бұған қарағанда, «Қыз Жібек» жырының мазмұны XVI-XVIII ғасырларда қазақ халқының өз ішінде жаңадан тізіліп айтылғаны байқалады.

«Қыз Жібек» жырындағы ерекшеліктің бірі – ару қыз бен жас жігіттің бірін-бірі еркін сүйу. Екі жастың арасындағы бұл сүйіспенділік жырда айқын суреттеледі. Төлеген өзі сүйген ару қызды таңдау жолында құдалық салтымен санаспайды, ата-анасының жорығына да көнбейді. Анасы теңін таңдаған Төлегенді тоқтатпақ болады...

Өлгенде көрген, қарағым,  
Ата-ананды зарлатып,  
Қай жаққа кетіп барасың?  
Ел ішінде тентек көп,  
Жаһан кезіп жүргенде,  
Төнтіреген демей ме?  
Ата-анасын зарлатып,  
Бір қыз үшін кетті деп,  
Дос-дұшпанның күлмей ме?...

Төлеген анасына талабынан қайтпайтын серттік сөзін айтады:

Айналайын шешеке-ау,  
Бір сұлу алмай дүниеде  
Сірә де көңлім тына ма?  
Талап қылған ісінен,  
Ат басын ерлер бұра ма?...

Төлеген Қыз Жібекті іздеп жөнелерде, анасы:

Кетер болсаң қарағым,  
Жылқыдан таңдап қырық жорға ал...

Жырда осы сияқты Жібектің де сүйгеніне қосылу тілегі ашық айтылады. Екі жас бірін-бірі көзбен көріп танысып,

біліскеннен кейін ұнатысып, көңілдері тынысады. Сөйтіп, бірін-бірі ойлаған жерден шығады. Екі жас теңін табысады. Біріне-бірі сай келген екі жас жұрт ойының белгісіндей сыншы, жырышы Қаршығаға да ұнайды:

Ұядан ұшқан балапан  
Қанаттарын қағады.  
Асыл туған анадан,  
Әрбір іске жарайды...  
Көтергіл, Жібек, басыңды,  
Ертіп келдім бір жігіт  
Тап өзіне лайық,  
Жақтырмап едім талайды...

«Қозы Көрпеш–Баян сұлу» жыры сияқты «Қыз Жібек жыры» да Төлеген мен Жібектің сүйісіп қосылу жолындағы оқиғаларын баяндайды. Оқиғаның өрістеп барып шарықтау, кезеңіне жететін жері Қыз Жібекті іздеп шыққан Төлегеннің өлер жері. Ерте заманда айтылатын махаббат жырының салты бойынша, «Қыз Жібек» жыры Төлегеннің өлімімен аяқталу керек еді. Ақындар Төлегеннен кейін Жібектің не болғанын баяндау үшін оны әменгерлік тұрпынан Төлегеннің інісі Сансызбайға қосады.

«Қыз Жібек» жырының мазмұны да басқа ұзақ жырлар сияқты, бірнеше бөлімнен құралады. Мысалы, ертедегі жағалбайлы елінің қонысы, мал өсіру, бейбітшілік өмір жайлары. Баладан зарыққан Базарбайдан Төлегеннің тууы. Төлегеннің бала күндегі өмірі, ер жетіп, жігіт болуы, еларалап, серілік құрып, қыз таңдауы. Өз елінен лайықты қыз таба алмаған соң алыстан іздеуі. Теңдес қыз таба алмай торығып жүргенде саудагерлерден Ақ Жайық бойында Қыз Жібек атты сұлудың барын естуі. Қыз Жібекті іздеуге камдануы. Қасына сексен саятшы алып, Ақ Жайық бойындағы алты

шекті руларын аралауы. Жүрген жеріне мырзалық етіп, елге сері домарт атын шығаруы. Мұны Жібектің елі хабарлануы.

Төлегенді іздеп Қаршығаның қарсы шығуы. Қаршығаның Төлегенді ұнатып, Жібекпен таныстыруға ұйғаруы. Қаршығаны басшыға алып, Төлегеннің көшті аралауы. Тамам көштен өтіп, ақыры Төлегеннің Қыз Жібектің күймесіне жетуі. Жібекті көріп көңілі жай табуы. Ұнатқан екі жастың қосылуына Жібектің ата-аналарының да ырзалық беруі.

Төлегеннің келесі жылы алуға сөз байлап қайтуы. Қайта келер жолында Төлегеннің Бексжан қолынан өлуі. Ақыры, Жібекті Сансызбай алатыны.

«Қыз Жібек» жырының мазмұны, оқиғасы қандай әсерлі болса, көркем суреттілігі де сондай әсері күшті үлкен шеберлікпен айтылған. Жырдың ерекше орын алатын жерлері: әрбір адамның сыртқы түрі, олардың келісті суреттері, көштің суреті, Төлеген мен Қыз Жібектің келбеті, салтанат, серілік, тағы басқа түрлі суреттері. Мысалы, көштегі бір қыздың келбеті былай суреттеледі:

Енді онан өтеді,  
Және бір көшке жетеді.  
Көш алдына қараса,  
Бір қыз кетіп барады,  
Қара жорға мінгені,  
Қара торқа кигені,  
Екі көзі сүрмелі,  
Бұл сияқты перизат  
Қыз іздеген Төлеген  
Жоқ еді, сірә көргені.  
Сексен түйе қамдаған,  
Сексен түйе үстіне,  
Алтынды шағдан ораған,

Торқаны түрлі кілем бар,  
Жібектен гүлін торлаған.  
Қыз сипатын қараса,  
Ақ бетінде мені жоқ,  
Айдын көлдің қуындай.  
Екі көзі жаудырап,  
Батырдың алтын туындай.  
Аузынан шыққан лебізі  
Сары алтынның буындай.  
Осы екен деп Қыз Жібек.  
Жетіп келді қасына  
Базарбайдың Төлеген,  
Артынан келіп Қаршыға,  
Жібек емес деген соң,  
Онан да өтіп жөнеген...

«Қыз Жібек» жырының сыртқы суреттері ығни осы сияқты күмістей сылдырап тұратын ең сұлу пернемен айтылады. Жырда, көбінесе, ой бөлетін нәрсе – сұлулық, асыл сүйім, қазына, сері, тағы сол сияқтылар. Өнерлікпен байланысты салт туралы жыр былай дейді: Төлеген Қыз Жібекпен келіскен соң, Қыз Жібектің атасы баласын беретін болып, батасын беріп той қылды. Төлегеннің айдап келген жылқысының бәрін алды. Ауылдан қашық жерде бір төбенің тасасында шатырын тігіп, өнерлі жігіттерді жинап, Төлеген ойын-күлкі, қызықпен жата берді.

Серілік өмірмен байланысқан нәрсенің бірі – Төлегеннің Көк жорғасы. Көк жорға ат – тек серінің аты. Бұл да Тайбурыл, Бозтарлан сияқты батыр атындай емес, тек бейбіт өмірде масайрап, ойын-сауық, сұлулықпен уақыт өткізетін Төлеген сияқты сері жігіттің аты. Көк жорға аттың мүсінін жыр мына түрде суреттейді:

Тұлпардан туған Көк жорға ат  
Ор қояндай секірді.  
Алмас қылыш сартылдап,  
Алтынды жүген жарқылдап,  
Көк жорға тұлпар қыраланды.  
Екі көзі жалтылдап,  
Өмілдірік сом алтын  
Омырауда қалқылдап,  
Солқылдайды кара жер,  
Көк жорға ат басса былқылдап...

Сөйтіп, Қыз Жібек осы сияқты сұлулық бейнесімен айтылған көркем шығарманың бірі екенін көреміз.

«Қыз Жібек» жыры ең алғаш 1897 жылы Қазан қаласында, содан кейін 1900, 1905, 1908, 1911 жылдары басылып шықты. Революциядан кейін «Қыз Жібек» 1923 жылы Ташкентте шықты. Сол жылда «Батырлар» жинағында да шығып, бұл басылымдарының бәрінде де Жүсіпбек қожа жинаған түрлер пайдаланды.

## «МҰҢЛЫҚ – ЗАРЛЫҚ» ЖЫРЫ

Мұңлық-Зарлық жыры ноғайлы-қыпшақ дәуірінің басында (XIII ғ.) шыққан жыр. Бұл да «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Алпамыс» сияқты жырлардың бірі. Жырдың тарихи мазмұны Алтын Орда (ноғайлы-қыпшақ) дәуірінің жайын суреттесе де, құрылысы, тілі, тақырыбы да қыпшақтардың өмірін көрсету.

«Мұңлық-Зарлық» жырының мазмұны: ноғайлының Шаншар ханы алпыс қатын алса да, баласы болмаған соң, жар салып, бала табатын әйел іздейтінінен басталады:

Бұрынғы өткен заманда  
Он сан ноғай елінде  
Шаншар хан атты ханы бар  
Қайыры тиген жаһанға.  
Он сан ноғай ішінде  
«Бір сәуегей бар ма екен?  
Бір ұл, бір қыз табар, – деп, –  
Қызына кепіл болығын?»

Бірақ бала табатын қызға ешкім кепіл бола алмай, бүкіл ноғайлы елі күйзеліп, сандалады:

Қадамнан опа таба алмай  
Он сан ноғай сандалды  
«Бір ұл, бір қыз табар», – деп,  
Қыз міндетін ала алмай,  
Он сан ноғай бұзылды...

Сол кезде Жауыр деген шал теңізде балық аулап, қамыстан күрке жасап, өмірін теңіз жағасында өткізеді екен. Шалдың Қаншайым деген қызынан басқа үйінде адамы жоқ екен. Шаншар ханның жұртқа жайған жарлығын сол шал естіп, бір күні қызына кепіл болып, ханға барғысы келеді. Бірақ қызын ханға беруге қимағанымен, кедейлігі налытады:

Жұрт сұлтаны Шаншар хан  
Жұртының бәрін жияды.  
Жинап-алып, сыйлады.  
Сыйлағаны құрысын,  
Кедей болдым жасымнан,  
Жасымнан-ақ басымнан.  
Баспақ толған мың ділде,  
Дилдасы құрысын, кайтейін,  
Жалғызды көзім қимады,  
Берерге ұстап қолымнан.  
Кедей болдым әр кезде,  
Кедейлік дәурен сүргізді,  
Алпыс басқа қондырып,  
Жарты лашық тіктіріп,

Алпыс жасқа келгенде  
Қатынымды өлтіріп,  
Қазан ұрған келдей<sup>46</sup> қып  
Бір жайлауда қалдырды.  
Дилдасы құрысын, кайтейін,  
Қайтып көзім қияды  
Қасымдағы жалғызды...  
Салық қылып қалтаға  
Қайта-қайта салады.  
Толар заман болмады.  
Сонда тұрып Шаншар хан  
Жұртына үкім шашады.  
Үкіміне шыдамай,  
Қаптаған ноғай қашады.  
Сонда тұрып Шаншар хан,  
Төбел тазға төрт теңге,  
Қырма тазға қырық теңге  
Ойма тазға он теңге  
Салық салып алады.  
Алып барып қалтаға  
Қайта-қайта салады.  
Сонда да қалта толмады,  
Толар заман болмады.  
Он сан жатқан ноғайды,  
Жалғыз қалта жалмады...

Ең соңында, қалта толмаған соң, ханның үйінде жүретін мыстан кемпір келіп қалтаны топырақпен толтырады.

Бұл Алтын Орда кезіндегі шын тұрмыстан алынған. Алтын Орда хандары<sup>47</sup> басқаратын әскер ертіп жүріп, өздеріне қарайтын елден салық алатыны тарихқа белгілі. Алтын Орданың ханына бағынған ескі Ресейдің Иван Калита деген князи Алтын Орданың ханына салықтан жинап ақшаны қалталап әкеліп тұратын. «Мұңлық-Зарлық» жыры Алтын Орда хандығына кірген ноғайлы-қазақ жыры болғандықтан, жыр ол кездегі жасақпен жиятын салықты да айтып отыр. Халыққа салынған жасақтың ауыртпалығы жырда анық көрінеді. Салық жұртты жалмауыздай жалмап, күйзеушілікке ұшыратады. Бұл Алтын Орда хандығының азып, ыдырай бастаған XV ғасырдың аяқ кезі.

Сөйтіп, Шаншар хан Қаншайымды қаншама ділда беріп алған соң, Қаншайым кешікпей екіқабат болады. Қаншайымның айы жеткен кезде хан үйде болмауын дұрыс көріп, Шүкірлінің тауына аңға шығып кетеді. Бірақ, Қаншайым босанарда бала таппаған алпыс қатын оған күндестік істеп, мыстан кемпірге қаншама алтын, күміс беріп азғырып, Қаншайымның егіз туған баласын ұрлатып алады да, оның орнына иттің екі күшігін салдырады, мыстан кемпір екі баланы көтеріп, Ғазар<sup>48</sup> суына тастамақшы болса да, тастауға қимай, тастамайын десе, алпыс табақ ділданы қимай ойға түседі:

Есік алды құл – қына,  
Саған болдым мен ана.  
Екі асыл сұлтаным,  
Қанынды жүктеп барамын  
Алпыс табақ ділда үшін.  
Сендерді көзім қимайды.  
«Тастамайын», – десем де,  
Алпыс анан болмайды...

Алайда, Мыстан кемпір екі баланы теңізге тастағалы тұрғанда, балаларға тіл бітеді:

Мыстан кемпір анамыз,  
Біз де сіздің балаңыз,  
Тастамай суға, алыңыз.  
Өзіміз адам болған соң,  
Өлгенше сізді бағамыз...

Бірақ, Мыстан кемпір балалардың өтінішін қабылдамай, суға лақтырғанда, шілтен<sup>49</sup> оларды суға түсірмей қағып алып, адам бармайтын Шүкірлі тауының бір үңгіріне апарып, сол жерден оларға пана жасап береді. Балаларды күн сайын бір киік келіп емізе жүреді:

Қайып иран қырық шілтен  
Түсірмей судан алады.  
Шүкірлінің тауына,  
Адам бармас жеріне  
Шілтендер алып барады.  
Тастан кеулеп үй салып,  
Пана қылып береді.  
Екеуіне бір киік  
Ана қылып береді...

Бұл сарын ескі грек жырында да болған. Ескі замандағы гректердің бакташылық жыры «Дафнис Хлояны» алсақ Дафнис тау ішінде үңгірде туып, оны күн сайын киік келіп, емізіп жүреді. Мұңлық Зарлықты сырттан қырық шілтен бағып жүрсе, Дафнисті ескі грек жырларындағы нимфалар<sup>50</sup> есіркейді. Грек жырларының айтуынша, Дарияс деген шопан бір күні қой бағып жүріп, далада жалаң аяқ, жалаң бас жүрген нимфаларды (шілтендер) көреді. Байкаса, шопанның бір қойын нимфалар Дариясқа білдірмей күнде алып кетіп Дафнисті емізеді екен. Дафнис жатқан үңгірге Дарияс қойын апарып жайғанда, бағанағы үйреніп алған қой Дафнисті іздеп, қойдан жекелене береді. Дарияс оны қайырып, көп қойға қосса да, қой манырап, үңгірге тарта береді. Содан соң шопан қойды еркіне жіберіп, сонынан еріп отырады. Бір уқытта қой Дариясты ертіп, үңгірдің ішіне алып келсе, үңгірдің ішінде ата-анасыз жатқан Дафнисті көреді. Мұңлық пен Зарлық ер жеткенде тау ішінен жуа, алма теріп жеп күн көреді. Бұл күні Шаншар хан аңға шығып жүрсе, тау ішінде жарқырап жатқан бір баланы көреді. Баланың қасына келсе, алтын айдай бір сурет екен, бала Шаншар ханға жоламай, үңгіріне кіріп кетеді. Бұл кезде алпыс қатынның азғыруымен Шаншар хан Қаншайымды «күшік тапты» деп, адам бармас аралға апарып тастаған. Шаншар хан тау ішінде тағы боп



жүрген баланы көріп, «менің балам болар ма?» – деп, әр түрлі ойға қалып, налиды. Ханның бұл күйін алпыс қатын білген соң, тағы да мыстан кемпірді жұмсап: «Тауда жүрген Мұңлық пен Зарлықты өлтіріп кел», – дейді. Бір күні Зарлық аң аулап жүргенде, мыстан кемпір олардың үңгіріне барып, қырық шілтен болып сөз сөйлейді. Мұңлық оның қырық шілтен екеніне сенбей, үңгірден шықпайды. Бірақ, мыстан кемпір Мұңлықты толқытып: «Ағаңды Күлмес ханның еліне жіберіп, киім-тамақ алдыр. Бұл жерде аш-жалаңаш жағудың лайығы жоқ», – деп, өтірік сәуегей болады. Кешке таман ағасы аннан келгенде, Мұңлық мыстан кемпірдің сөзін қырық шілтеннің сөзі деп түсініп, Зарлыққа: «Күлмес ханның елін ізде», – дейді. Зарлық бұған күдіктеніп: «Бұл мыстан кемпірдің азғыруы», – десе де, Мұңлықтың тіленіп айтқан сөзінен шыға алмай, Шүкірлі тауында қарындасы Мұңлықты жалғыз қалдырып, өзі жаяу, жалаңаш Күлмес ханның елін іздеп кетеді:

Мидан-мидан жол мидан,  
Майдалай басып келеді.  
Алты таудан әрі асып,  
Жетінші тауға жанасып,  
Қарсақ жортпас қалыңнан  
Қарғып өтіп барады,  
Түлкі жетпес түлейден,  
Түнде кетіп барады.

Күлмес ханның елін іздеп келе жатып, жол-жөнекей қаншама қиыншылықтар көріп зарығады:

Мойыл, мойыл, мойылды,  
Кеудеге қозы қойылды,  
Тәңірге Зарлық бел байлап,  
Таяулыққа мойылды.

Жылай – жылай Зарлықтың  
Екі көзі ойылды.  
Дәл отыз күн болғанда,  
Бишара болған Зарлықтың  
Табаны тасқа ойылды...

Зарлықтың осы сияқты бейнет тартып, жапа шеккендігін біліп «пірлері» келіп, күш жинап бергізеді:

Әуелі Құдай пір қылды  
Өзінің халқы елінен,  
Бейнет көрді отыз күн  
Құс ұшпастың көлінен.  
Пірлері медет берген соң,  
Бала судай тасады,  
Қайтадан қайрат шалады,  
Пышақтай қырлы татырды,  
Көмірдей жанып басады...

Содан күш жиып, Ара көлден өткен соң, бір жерге келсе, ол жерде:

Құлан, киік аң екен,  
Бөрі, қабылан жау екен  
Шығарлығы он бес күн,  
Отыз күндік жол екен,  
Таудан әрмен қараса,  
Бәрі қалмақ елі екен.

Бұл жерге келіп, Зарлық Күлмес ханның елін шауып, оның қырық жігітін өзіне қаратады. Күлмес хан Зарлыққа пенде болады:

«Ақ тұйғын құс сен болдың,  
Қоңыр ала қаз мен болдым,  
Ұстап алған жеміңді  
Бермеймісің, сұңқарым?  
Келе жатқан шағыңда

Көріп едім өзінді,  
Ат үстінен абайлап  
Байқап едім сөзінді.  
Душпандардың ішінде  
Төмен қылма жүзімді,  
Тарту қылып мен тұрмын  
Құралай атты қызымды»...

Бұдан кейін Зарлық Құралай сұлуды алмақшы болып, қырық жігітті босатып жібереді. Бірақ, Құралайға ғашық болған «Қара дәу» деген алып бар екен. Оның қасында бір сұмырайы бар екен. Зарлықтың мұнда келіп, Құралайды алатынын білген соң, ол дереу Қара дәуге білдіреді. Қара дәу мұны естіген соң, бір түні келіп, Құралай сұлуды көтеріп алып кетеді:

Құралай жатқан сарайға  
Ашуланған бетімен  
Қара дәу жетіп келіпті.  
Шыдай алмай Қара дәу  
Әйнектен қолды салыпты.  
Қатерсіз жатқан сұлуды  
Терезеден тартып алыпты...

Бірақ, Құралай сұлуды Зарлық Қара дәуден айырып алу үшін:

Мұны естіп Зарлық хан  
Кіреді енді күшіне.  
Жауатын бұлттай түнеріп,  
Сөйлемейді кісіге.  
Адам қарап болмайды  
Зарлықтың сонда түсіне...

Зарлық Құралайды іздеп дәудің соңынан барса, дәу Құралайды бір көлдің артындағы тауға алып кеткен екен. Зарлық соңынан іздеп барып, дәуді Құлсары аттың құйрығына байлап, өлтіреді. Сол кезде Құралай Зарлықтың алдынан

шығып: «Батырдан сауға деген, не сыйың бар?» – дегенде, Зарлық құшағын жайып, Құралай сұлуды құшағына басады.

Одан кейін бұлар Құлсары атқа мінгесіп, Күлмес ханның еліне қайтады. Жолда Құлсары атпен дариядан секіріп өтпекші болғанда, екеуі суға кете жаздап, ар жаққа әрен дегенде шығады:

Тұлпар туған Құлсары ат  
Сүмбідей болып жарады.  
Мінгесіп алып екеуі,  
Неше белден өтеді.  
Баяғы көрген дарияға  
Мінгесіп келіп жетеді  
Тұлпарға қамшы бір басты,  
Артына әйел жабысты,  
Кнiктей сұлу Құлсары ат  
Бір аяғы жер басты,  
Бір аяғы су басты  
Кете жаздап дарияға,  
Зарлық батыр бір састы...

Сонымен, Зарлық еліне аман-сау жеткен соң, Күлмес хан отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, Құралайды Зарлыққа қосады. Бірақ, Зарлықтың көңілі жадырап ашыла қоймайды. Ойынан, жатса да, тұрса да, Шүкірлінің тауында жалғыз қалған қарындасы Мұңлық шықпайды. Шүкірлінің тауындағы Мұңлыққа қайтпақшы болады. Күлмес хан Құралайды Зарлыққа қосып, қаншама жігіт, қыз ертіп беріп, ел шетіне шығарып салады. Зарлық Шүкірлі тауына жеткен соң, Құралайды бір сайға қондырып, өзі киім, тамақ алып, Мұңлық жатқан жерге барады. Келсе, Мұңлық жоқ, қатты қайғырады. Бұл кезде Мұңлық мыстан кемпірден қорқып, таудың басқа бір берік жерінен орын алған екен, тау ішінде күңіреніп жүрген ағасының даусын естіп, бір кезде Мұңлық бір үңгір тастан шыға келеді:

«Келдің бе, көкем, жаңа сен,  
Жұрт иесі сұлтаным?  
Жаяулықпен кетіп ең,  
Құтты болсын, жан көке,  
Астына мінген тұлпарың!

Бұдан кейін Зарлық, қарындасы Мұңлық, Құралай сұлу – үшеуі Шүкірлінің тауында өз алдына бір жұрт болып отырады. Сол кезде бір күні Шаншар хан аңға шығып, Шүкірлінің тауына келсе, ханның алдынан бір киік қашады. Хан киікті қуғанымен, жеткізбейді, киік қашқан бетімен аң аулап жүрген Зарлықтың алдынан өтеді. Зарлық ол қашқан киікті Құлсары атпен қуып, жетер-жетпес болып жүргенде, киік ақ сақалды кісі болып, тілге келеді. Киік Зарлыққа: «Мен – сенің піріңмін. Тілегім – әкенмен екеуіңді қосу. Әкен осы арада аң аулап жүр. Алдынан шығып, сәлем бер», – деп, Зарлықтың көз алдынан жоқ болады.

Содан кейін Зарлық әкесімен жолығып, әкесі бастарынан кешірген әңгімелерін айтып, мұңдасады. Шаншар хан Қаншайымның көрген қорлығына қатты өкініп, неше жыл бойы Барса келмес аралында жатқан Қаншайымды іздейді. Қаншайымды іздеп елден кісі келе жатқанын, бала болған күшіктер сезіп, Қаншайымға еркелейді:

Сонда күшік тасады,  
Еркелеп аузын ашады.  
Қаншайымның жаулығын  
Тістеп алып қашады...

Қаншайым алдында түс көріп, қуанышқа жорып отырғанда, бір уақытта Мұңлық пен Зарлық келеді:

Анасын ортаға алады,  
Бұларды көріп Қаншайым,

Есінен мүлде таныды.  
Тағы өзіне келеді,  
Шаншар ханды көреді  
Қушағын жайып Қаншайым:  
«Душпандардың тілімен  
Шерменде болдым мен», – дейді...

Сонда Шаншар хан:

«Аманбысың, Қаншайым?  
Басыңа гауһар шашайын,  
Қазына аузың ашайын,  
Душпандық қылған залымның  
Қанын судай шашайын»...

Қаншайымдай зайыбын көрген соң, қатты мейірімденіп, ұрынған қатесін мойнына алады. Ең соңында, көп қатынның күндестігінен туған үй-ішінің бұл жарассыздығы осымен бітіп, ару әке, ару ана жас балапандарына қосылған соң, енді жаңа өмірге кіреді.

Сонымен, «Мұңлық-Зарлық» жыры – Алтын Орда дәуірінен қалған халық жырының бір қызықтысы. Мұндағы Шаншар хан ибн Баттута жазатын, Өзбек хан мен Токтамыс ханның біреуінің бейнесін мензейді. Одан соң бұл жырды жұрт қиялы бұрынғы «Құламерген», «Қозы Көрпеш» жырларының әрбір суреттерінен біріктіріп жасағаны байқалады. «Мұңлық-Зарлық» жырындағы киік қуып, аң аулау – ескі заманнан келе жатқан тарихи сарын болса, бұл сарын әсіресе «Құламерген», «Қозы Көрпеш» жырларында да айтылатыны белгілі.

Мұңлық пен Зарлықтың бала күнінен қуылып, тау ішінде тағы болып өсуі, ру дәуірінің соңғы кезінде туған әйел күндестігіне тірелсе де, оның ұлы сарыны бұрынғы бақташылық жырларынан («Ер Төстік», «Құламерген») алынып, бұл екі зайыптың өмірі жапан түз, иесіз тауда баулынатын алып бала, мерген жігіт өмірімен суреттеледі. Тау ішінде тағы болып өсіп, ер жеткен соң, басқа жұрттан бас

іздеу – ескі қыпшақ жырының асыл түйіні, бұл сол кездегі тіршілікте болған алып ер, қыран мергендердің суреті. «Ер Төстік», «Құламерген», «Құбығұл», «Арал хан» жырларының қайсысын алсақ та, олардың бәрі де осы сарынмен өтеді.

Құралайды алып қашатын Қара дәу – ескі жырларда ірі батырлармен қатар жүретін екінші бір кейіптегі батыр. Бұл бейне ескі замандағы үйсін-қаңлы жырларында ару әйел іздейтін ару жігіт бейнесінде қиял түрде суреттелетін алып дәуді мензейді. Ер Төстік, Құламерген, Құбығұл сияқты ерлер алыс жерден ару қыз іздегенде, көбінесе, осы сияқты дәумен кездесіп, сүйетін аруларын ылғи осындай дәу қолынан айырып алып қайтады. «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Бозжігіт» жырларында ондай дәудің орнына енді Қодар құл, Зейтін сияқты қара күштің алыбы қарапайым адамдар айрылып, олар, көбінесе, басқа жұрттан ауысқан құл ретінде суреттеледі. «Мұңлық-Зарлық» жырындағы Құралайды сүйетін Қара дәу ескі жырлардағы мергендермен алысатын алып дәуден гөрі «Қозы Көрпеш» жырындағы Қодардың кейпіне жуықтайды. Барлық ескі жырларда даланың алып дәуін ару жігіт, Қыран мергенге жеңдіру жұртшылықтың тілегі болса, «Мұңлық-Зарлық» жырында бұл тілек ерекше орындалып, Қара дәуді Зарлыққа жеңдіреді де, оның жақсы көрген аруы – Құралайды Зарлықтай жасқа қосады. Сөйтіп, «Мұңлық-Зарлық» жырының мазмұны ескі заманда бақташылық тұрмысынан туса да, жыр бергі ноғайлы-қыпшақ кезіндегі Алтын Орда тіршілігімен байланысқан соң, басқа түрмен айтылып, феодализм тұрмысына ыңғайласа бастаған.

## НОҒАЙЛЫ – ҚЫПШАҚ, ҚАЗАҚ ДӘУІРЛЕРІНІҢ ЖЫРЛАРЫ (XI – XII ғ.ғ.)

Қыпшақ ұлысы туралы араб-парсы жазушыларының айтуынша, XV ғасырдан былай қарай қазақ қауымын құруға негіз болған рулардың бірі қыпшақтар тарих жүзіне VI ғасырдан белгілі болады. Ибн-әл-Әсір, Жубейни, Рашидеддин сияқты атақты тарихшылардың айтуынша, қыпшақтар VII-X ғасырларда оғыз ұлысымен қатар ескі қаңлыларға кіріп, ол кездегі белгілі жұрттың бірі болады. Қазақтың Кіші жүз, Орта жүз аталатын рулары (Арғын, Қыпшақ, Уақ) ескі қыпшақтардың бөлімдері сияқты.

XI-XII ғасырларда қыпшақтар оғыз ұлысымен бір саяси шаруашылық тіршілікте болып, «Қорқыт», «Бозұғлан», «Көрұғлы», «Алпамыс», «Бозжігіт» сияқты жырларды туғызады.

Монғолдар Орта Азияны жаулап алардан бұрынғы XI-XII ғасырлар арасында ескі рулардың белгілілері осы Қыпшақ және Үйсін, Қаңлы, Керей, Найман, Жалайыр, Қоңырат рулары болады. Бұл кезде керей, наймандар Алтайдан жоғары өрлей осы күнгі Балқашқа дейін, үйсін, жалайырлар Жетісу мен Талас өзенінің арасын, қоңырат-қыпшақтар Сырдариядан Днепр өзеніне дейін қоныстап отыратын. XI-XII ғасырларда қыпшақтар зор ұлыс жасайды. X-XII ғасырларда қыпшақ оғыз бен бірге Қаңлы ұлысының бір тарауы болып саналса да, XI ғасырдан былай қарай үлкен саяси-шаруашылық тұрмыстың несі болады. Бұл кезде қыпшақтарда «Ақ Көбек», «Құламерген», «Құбығұл» сияқты батырлар жырлары айтылса, Жетісу, Балқаш аймақтарын мекендейтін үйсін- қаңлыларда «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырлары айтылады. Ибн-әл-Әсірдің айтуынша, қыпшақтар

мал өсіру үшін пішен-шөпті көп керек қылады. Олар жаздыгүні салқын жерде, теңіз жағасында, қыстыгүні жылы жерде отырады. Олардың салтанатты қаласы Сарытау Хазар (Каспий) теңізінің жағасында болады. Шамсиддин Дамашки атты араб ғалымы да қыпшақтар туралы осыны айтады. Оның айтуынша, қыпшақтар Дербенттің артын ала, Орыс теңізінің (Қара теңіз) жағасындағы тауларда, ормандарда мекен етеді. Олардың орталық қаласы – Сарытау, байырғы қонысы – Каспий теңізінің алабы. Нәрселерін сату үшін, не астық, киім, құндыз сатып алу үшін олар әрқашан осы қалаға барады.

Ибн-әл-Әсір мен Дамашкидің бұл айтып отырған қаласы ол кездегі (XI-XII ғғ.) бакташылық өмірдің белгілі бір ордасы болып, оған тиісті саудагерлер қатынасатын.

Шамсиддин Дамашкидің жазуынша, қыпшақтардың бір бөлегі Мысырға барып, үкімет құрады. Олар жауынгер ел болады. Бұл қыпшақтарға кіретін рулар: берке, тоқсаба, еспе, ала орыс, беріш, мүйке, жемік. Бұлар Хорезм өлкесінен (Арал теңізінен) ауып барады. Бұлардан басқа және ұсақ рулар да бар, олар: бесене, кара бөрікті, жорта, тағы басқалар.

X-XI ғасырларда Мысырға ауып барған қыпшақтар туралы орыс, латын тілдерінде жазылған тарихи мағлұматтар бар. X ғасырда қыпшақтардың бұлай ыдырап кетуі «Қорқыттың күйі», «Жерұйығы» сияқты ертегі әңгімелер мен «Хұсырау-Шірін», «Бөзжігіт», «Мұңлық-Зарлық» сияқты жырлар туғызады. XVI-XVII ғасырларда «Ноғайлының босқыны», «Орақ-Мамай», «Қарасай, Қази» сияқты тарихи жырлар туады. Алайда, әлеуметтік тіршілік жағынан ол кездегі

қыпшақтар, бергі ноғайлылар сияқты қатты күйзеліске түсіп, азып-тоза қоймаған. Арабтардың Сырдария өлкесін, Үргеніш, Маңғыстауды жаулап алуынан қыпшақтардың біртуары (қаңлы-қыпшақ) күйзеліске ұшыраса да, қалың қыпшақтың іргесі бұзыла қоймайды. Бұрынғыша Ұлытау, Каспий, Қара теңіз арасында белгілі қауым болып, монғол дәуіріне дейін белгілі ұлыстың бірі болады.

Ұлытау мен Қара теңіз арасына қоныстайтын қыпшақтарды орыс халқы ол кезде «половец» деп атаған. Бұл туралы профессор А.О. Якубовский былай деп жазады: «Днепрден бастап Еділдің шығысынан әрі қарай алысқа созылып жатқан ең дала XI ғасырдан XV ғасырға дейін шығыс (араб-парсы) әдебиетінде Дешті Қыпшақ (Қыпшақ даласы)» деп аталады. Бірақ, қыпшақ деген сөзге орыс жылнамасында, не Византия хроникаларында кездеспейді. Орыс жылнамалары «қыпшақ» деген сөздің орнына «половец» деп атаса, Византия «коман» деп атады.

Қыпшақтар туралы Абылғазы баһадүрдің шежіре кітабында мынадай бір аңыз әңгіме бар<sup>31</sup>. Қытай жеріне қараған Берік таулардың (Памир – М.Ә.) ішінде көп ел бар еді, оның патшасының аты Итбарақ деген еді. Оғыз хан бір кезде оның үстіне аттанып ұрыс қылды. Бірақ, Барақ ханға қарсы тұруға Оғыз бата алмады, қашты. Ол жерде екі ұлы дария (Аму, Сыр – М.Ә.) бар еді. Оғыз хан ол екі судың арасында бірнеше күн тоқтап, қашқан әскерінің алды-артын жинайды. Ұзақ жолға, ұрыста көшіп, жақын бектерін, үй-ішін алып жүру – ұлы адамдардың әдеті болушы еді. Бұл жолы Оғыз хан да өзіне қараған халқының кей бірін өзімен ала барыпты. Ханның бір жігіті бар еді, ол жігіт көшіп, үй-ішін ала барған еді, жігіт соғыста өліп, әйелі жау қолынан қашып шығып,

екі өзен арасында жатқан Оғыз ханның артынан келеді. Әйел жүкті еді. Толғағы жетті. Күн суық, кіретін үй жоқ болды. Әйел бір шірік ағаштың ішінде босанып, ұл тапты, оны ханға білдірді. Оғыз хан «асырауға қамқоршымы жоқ» деп, оны өзіне ұл қып алады, атын Қыпшақ қояды. «Қыпшақ» деп ескі түріктерде іші қуыс ағашты айтады екен. «Ұлым ағаш ішінде туды», – деп, атын Қыпшақ қояды.

Бұл әңгіменің тарихи маңызы бар. Әңгіме оғыз дәуіріндегі (IX ғ.) қыпшақтардың «ноғайлы босқыны» сияқты қатты қысылшаңға түскенін, жаугершілік заманда бастарынан қиыншылық оқиға өткенін көрсетеді. Оғыз ханның жетім баланы асырап алуы оғызбен қыпшақтардың VI ғасырларда қапты ұлысынан жіктеліп, жеке екі руға бөлінгені. Екінші жағынан, X-XI ғасырларда оғыз бен қыпшақтың орталығы Арал теңізінің бойындағы Жаркент қаласы болып, ұлыс басқару ісі, көбінесе, оғыздардың қолында болса, XI ғасырдан былай қарай керісінше, Қыпшақ ұлысына ауысады. Бұл кезде Жанкент қаласының маңызы кеміп, енді Қыпшақ ұлысының орталығы болған Каспий теңізінің жағасында Сарытау (Сексин) қаласы көтерілді. XII ғасырдағы араб жазушысы әл-Андалузи-Гарнати деген кісінің өз көзімен көріп жазғанына қарағанда, Сарытау қаласында қыпшақ пен «қырық баулы» оғыз бірдей болып, қалада, көбінесе, оғыздар тұратын болған. Бірақ, барлық сауда-саттық, салық, жасак жию, керуен жолы, көбінесе, қыпшақтар қолында болады.

Якут Хамауи деген араб жазушысының айтуынша, Сарытау мен Маңғыстау арасында теңіз жүзімен қатынасу XII-XIII ғасырларда өте жиі болған. Міне, бұл да оғыз-қыпшақ ұлысының ол кездегі қоғам тіршілігі бір болып, «Қорқыт», «Көрүғлы», «Бозұғлан» сияқты жырлары да ортақ болғанын көрсетеді.

Бірақ, оғыз бен қыпшақтың X-XI ғасырларда қоғамдық тіршіліктерінің бірлігі көпке бармайды, олар кейін бірінен бірі ыдырасып, оғыздар Сырдарияның арғы жағына өтсе, қыпшақтар бұрынғы қалпынша байырғы орнына қоныстап отыра береді. «Абылғазы бабадүрдің айтуынша, оғыз бен қыпшақтардың екі бөлінуі XVI-XVII ғасырлардағы ноғайлы дәуіріне ұқсайды. Оның айтуынша, бұл кезде оғыз рулары тегісімен екі өзеннің арасына өтсе, қыпшақтар Еділ, Жайыққа барады.

Бұл туралы Абылғазы былай дейді: «Қыпшақты Оғыз хан өз қолына сақтап, ол ер жетті. Ол кезде алақ, мажар, башқұрт деген елдер жау еді. Қыпшаққа көп ел нөкер беріп, сонда жіберді. Дон, Еділ – ұлы өзендердің аттары. Үш жүз жыл ол сол жерде патшалық қылды. Барлық Қыпшақ елі соның нәсілінен тарады. Оғыз хан заманынан Шыңғыс заманына (400 жыл) дейін Дон, Еділ, Жайық – бұл үш судың жағасында қыпшақтан өзге ел жоқ болады. Төрт жүз жылға дейін сол жерде отырады».

Бұл айтқан қыпшақтардың Шыңғыс дәуіріне дейін төрт жүз жыл шамасындай Дон өзенінен Ертіске дейін қоныстап отырғанын орыс жылнамалары мен Византия (Рум), грузин, армян жазушылары да айтады. Дешті Қыпшақ туралы бүгін де жазылған тарихи кітаптар бар.

Қыпшақтардың ертеде Дон, Қара теңіз бойларын қоныс қылғаны халық әдебиетінде де кездеседі. Бұл туралы «Қыз Жібек» жырында былай деген:

Кіші жүздің ішінде  
Жағалбайлы елі бар.  
Жағалбайлы мекені –  
Ақ теңіздей көлі бар.  
Жаз жайлауын сұрасаң,

Қара теңіз жағасы,  
Ұлан, Шамбыл белі бар...

Жағалбайлының ескі қыпшақтан тараған бір руы болуы да мүмкін. Ал, Ақ теңізді қазіргі Азов теңізі деп жобалауға ықтималы бар. Олай болса, «Қыз Жібек» жырының өзі де сол ескі қыпшақ (XII ғ.) дәуірінде шыққан жыр болуға тиіс.

Византия жазушылары мен орыс жылнамаларының айтуынша, Шыңғыстың қыпшақты өзіне қаратар алдында Қыпшақ ұлысын басқарған Қотан деген кісі. Осы күнге дейін халық аузында айтылатын әңгіме бойынша, Қотан арғындардың түп атасы болып саналады. Бұған қарағанда, Алшын, Жаппас, Арғын, Уақ рулары бір кезде Қара теңізді жайлаған қыпшақтардың шашырандысы болуы мүмкін.

XIII ғасырдың басында Шыңғыс хан қыпшақтарды өзіне қаратып, Жошы деген баласына үлеске береді. Бұрын орыс жылнамаларында «половец» деп аталатын бұл қыпшақ өлкесі монғол-қыпшақ дәуірінен былай қарай орыс тілінде Алтын Орда деп аталып, шығыс әдебиетінде бұрынғыша Дешті Қыпшақ деп аталып, Жошының билігінде болғандықтан «Жошы ұлысы» деп аталатын.

Бүгінгі Қазақстан алабына кіретін жерлерде Жетісу, Сырдария өлкесі болмаса, өзге аудандардың барлығы Алтайдан Еділге дейін осы айтқан Жошы ұлысы, я Алтын Орда хандығына қарайтын болады. Бұл оқиға – 1223-1240 жылдар арасы.

Шыңғыс хан Орта Азия халықтарын өзіне қаратудың алдында қазіргі Қазақстан өлкесінде үш ұлыс (хандық) болатын: Қыпшақ, Керей, Найман ұлыстары. Бұл ұлыстар X-XIII ғасырлар арасында әрқайсысы өз алдына жеке-

жеке хандық құрып, үш хандық болады. Қыпшақтар Еділ мен Ұлытау арасын, наймандар Балқаш пен Алтай арасын, керейлер Қара Ертістен Моңғол Алтайына дейін қоныстайды.

Армян, латыш тілдерінде жазылған тарихи кітаптардың айтуына қарағанда, керей мен наймандар, ойғыр сияқты мәдениетті елдер болып, егін егіп, қала тұрмысымен де айналысады. VII-X ғасырларда олар христиан дінінің бір тарауы «нестор» және «манихей» салтына түсіп, христиан дінінің әдеті бойынша өліктерінің басына жазулы тас орнатады. Бұл сияқты жазулы тастардың біздің заманымызда Алматы, Жамбыл облыстарының бірнеше жерінен табылып отырғаны белгілі. Бұл тастағы жазулар сирия әрпімен ескі түрік, армян тілдерінде жазылған көрінеді. Бұған қарағанда, Алтай, Тарбағатай тауларын мекендейтін керей, наймандар арасына X-XI ғасырларда манихей дінін таратушы, көбінесе Шам өлкесінен шыққан армян саудагерлері мен солардың абыздары екені байқалады.

Тарихи фактілерге қарағанда, XII ғасырдың соңғы кезінде Алтайдағы ұлыстардың ішінде наймандар өте күшті болған. Бұл кезде наймандармен тең түсетін керейлер (Тұғрұл хан) кейде наймандарға бағынып, кейде Қытай ханының Ван хан (Бағынушы хан) атағын алса, Шыңғыстың әкесі Есукей батыр өзіне қараған руларымен жақын жұрты болған Найман ұлысының қол астында болады.

Абылғазы баһадүрдің айтуынша, керей де, найман да ең ескі елдер саналатын. Наймандардың малы да, басы да көп. Шыңғыс хан заманында олар патшасын Таян хан деп атаған.

Оның баласының аты Күшлік, тұратын жұрты Қарақұрымда болған. Бұлар да малды, басы көп, өз алдына жеке ел. Өте күшті ел. Бірақ, найманға бағыныпқы болады. Алайда наймандармен кейде жауласып, кейде жарасып отыратын. Керейлердің Марғұз атты үлкен ханы болған, оның Құршағар деген бір баласы болған. Құршағардың балалары көп болады. Оның бірінің аты Тұғрұл болады. Оған қытай хандары Ван деген ат береді. Ванның мағынасы – уәлаят басқарушы. Шыңғыс хан тұсындағы Ван хан осы Тұғрұл болады.

Абылғазы бабадүрдің бұл сөздеріне қарағанда, XII ғасырда Шыңғыс хан қарамағындағы рулар мен Керей, Найман руларының басшыларының хандыққа таласқаны. XVIII ғасырдың ішінде казак феодалдарының хандыққа таласқаны сияқты. Бұл үш ұлыс бұрыннан көршілес жұрт болғанды бірімен бірі әлсін-әлсін жауласып, ең үстем болғаны ұлы хандықтан не болып отырған. Абылғазы бабадүрдің айтуынша, керей мен найман жұрты әрқашан іргелес отырып, араларында басқа ел болмаған. Кейде жауласып, кейде жарасып отыратыны да содан.

Осы сияқты тарихи мағлұматтарға қарағанда, XII ғасырдың соңын ала Алтай тауын қоныстайтын ұлыстар екі жаққа бөлініп, бір жағын найман тайжұттер бастаса, енді бір жағын Шыңғыс рулары бастап, сонымен бірге өзара хандыққа таласты. Бірақ, ұлыстың тілегі найман Күшілік ханның орнына жаңадан басқа біреуді қоймақ та болды. Бұл қозғалысты басқарушы, көбінесе, керей, найман билері, Темушин (Шыңғыс) болады. Найман Таян хан мен Темушиннің (Шыңғыс хан) таласы әбден күшейген кезде найман, тайжұттер керей Тұғрұл ханға кісі жіберіп: «Сен Темушиннен шық, сенің балаңды ұлы хан қып көтерейік»,

– дейді. Жойыттардың бегі Жамұқа шешен Шыңғыспен араз еді, керей Тұғрұл ханға кісі салып: «Найман, керей, жойыт (ойрат) болып бірігіп, Шыңғысқа қарсы болайық, хандыққа сенің балаңды көтерейік», – дейді. Бірақ, керей Тұғрұл хан Жамұқа шешеннің бұл сөзін мақұлдамайды. Ол Темушиннің әкесі Есукей батырмен бұрыннан дос, әрі жақын, аталас екенін айтып, өзіне өзі қару көтермейтінін айтты.

Ақырында, керейлердің сүйеуімен Темушиннің беделі көтеріле бастайды. Аз уақыттың ішінде ол қасына қанша сайдауыт жинап алады. Ол кездегі оның ашық жауы тайжұттер еді, керей, найман жастарын қасына жинап алып, енді тайжұттерге ат қояды. Тайжұт елін өзіне қаратқан соң, Темушин жоғарылайды, өзіне қараған елді он үш күренге (аймақ) бөліп, ілгеріде болатын ұлы мемлекеттің іргесін құрады.

Бұл кезде Темушинге қарсы болған Тұғрұл ханның баласы еді. Темушин оны ұлыстан қуып шығып, тайжұтпен бірге Керей ұлысын өз ықпалына алады.

Темушин енді наймандарды өзіне қаратуға әрекет істейді. Қалың қолмен найман Бұйрық ханның ордасына аттанбақшы болады. Бұл кезде Найман ұлысын екі хан билеуші еді: ұлы хан Бұйрық еді, оған Таян хан бағынатын еді. Темушин алдымен Таян хан ордасына аттанбақшы болады. Темушин Таян хан ордасына аттанып, 1202 жылы Ертіс өзенінің жағасында соғыс болады.

Темушин әскерін үш қанатқа бөледі: оң қанатын Қайсар деген інісі басқарады, сол қанатын баласы Жошы басқарады. Өзі орталық әскерде болады. Бұл үш қатар қолдың басқару ісін Жебе ноянға тапсырады.



Соғыста Темушин жеңіп, ханды өлтіреді. Таянның баласы Күшлік қашып кетеді.

Темушин найман елін өзіне қаратқаннан кейін меркіт еліне аттанып, оларды өзіне ұрыссыз бағындырады. Темушин енді Таян ханның баласы Күшлікті іздейді. Бұл кезде Күшлік Қашқардағы Қара Қытай еліне келіп, көрхан болып тұратын. 1203 жылдары Алтайдан Жетісуға дейін қоныстайтын қазақ рулары (Үйсін, Қаңлы, Жалайыр) тегісімен соғыссыз Темушинге бағынады.

Сонымен, Темушин көп елдерді өзіне қаратқан соң, 1201 жылы Найман тауында (қазіргі Шыңғыстаудың ескі аты) бірінші рет құрылтай шақырып, ұлы хан болып, «Шыңғыс» деген атақ алады. Темушин хан көтерілген Найман тауының бір биігі сол 1204 жылдан бері қарай Хантауы деп және Шыңғыстау деп аталады.

Бұл уақыт Шыңғыс әскерінің Дешті Қыпшақ жеріне келуінің алды еді.

Шығыс жазушылары мен орыс жылнамаларының айтуынша, Шыңғыс әскерінің қыпшақ жеріне (Еділ, Дон бойына) бірінші рет келуі 1223 жылдардан басталады. Қыпшақ жеріне келудің алдында Сырдария, Үргеніш (Хорезм) өлкесіндегі Қаңлы, Қоңырат ұлыстарын өзіне бағындырып (1219-1221 жж.), Мұхаммед Хорезм шахты орнынан қуады. Хорезм шахты құлатқан соң, Шыңғыс кіші баласы Толыны көп қолмен Бағдат, Мысыр өлкесіне жібереді де, атакты қол басылары Сүбедей мен Жебені Еділ, Дон өлкелеріндегі қыпшақтарға жібереді.

Араб-парсы жазушыларының айтуынша, бұл екі батыр 1223 жылы Дербент (Кавказ) қаласынан өтіп, Еділге келіп, сол жылы ұлыстарын өзіне қаратады. Мұның нәтижесінде бұрын қыпшақ өлкесі болған жерде енді Алтын орда атты үлкен мемлекет құрылды.

Қыпшақты өзіне қаратқан соң, Шыңғыстың әскері Еділден Қарпатқа дейінгі өлкелерді және бағындырып алып, Алтын Орда мемлекетіне қосады.

Содан қырық жылдың ішінде (1204-1245 жж.) бұлар Еуропа мен Азиядағы өлкелерінің көбін өзіне қаратып, зор мемлекет құрады.

Шыңғыс ел билеу тәртібі жөнінде белгілі ереже шығарады. Әр өлкені «ата бек», «даруға», «басқақ», «ел бек» деген сияқты лауазым берілген адамдар арқылы басқарады.

Шыңғыс «яса» деген заң ережесін шығарады. «Ясада» мемлекеттің ірілі-ұсақты барлық мәселелерін қарайды.

Әскерлік тәртібі жөнінде шерудің үстінен бір әскер басым қойып, оны «түмен бегі» деп атап, одан кейінгілерін «мың басы», «жүз басы», «елу басы» деп атайды.

Шыңғыс пен оның ұрпақтарының атына байланысты тарихи оқиғалардың ізі халық жырлары мен ертегі, әңгімелерінде айтылып, халық әдебиетінен үлкен орын алады.

1227 жылы Жошы өлген соң, оның орнына Қыпшақ ұлысына баласы Бати хан болады. Оның лақап аты Сайын еді. Белгілі «Ер Сайын» жыры тарихи оқиғаларда ұмытылған. Осы «Сайын» (Бати хан) өмірінен алынған бір әңгіме болуға тиісті.

«Едіге» жырында Сыпыра жыраудың:

Бастық та бастық, бастық хан,

Оны да көрген қартыммын.

Онан соңғы Кедей хан,

Оны да көрген қартыммын,

– дейтіндегі Кедей хан әкесі Шыңғыстың орнынан ұлы хан болған Оқтай болуы ықтимал.

Араб-парсы жазушыларының айтуынша, бұл Оқтай дәуірі (1227-1246 жж.): Шыңғыс империясының әбден күшейіп, мемлекет орталығы Монғолиядағы Қаракұрымда болып,

бүкіл мемлекет орталығында ұлы хандық құруы ұзаққа созылмайды. Шыңғыс империясына қарайтын ұлыстар алғашқы дәуірде (1227-1280 жж.) ұсақ хандықтар болып, жасақ, салық төлеп тұрса да, кейін, феодалдық тәртіп күшейген кезде, бірінен-бірі ажырасып, әрқайсысы өз алдына жеке хандық құрады. «Едіге» жырында айтылатындай, ұлы хан (бастық хан) көтеру салты Шыңғыстың немерелерінен кейін тоқталады. Ұлы ханның басы (хандар ханы) Шыңғыс болса, соны оның немересі Құбылайдан аспайды. Бұл екі ортада мемлекетке ұлы хан болғандар: Шыңғыс (1204-1227 жж.), Оқтай (1227-1245 жж.), оның баласы Күйік (1246-1248 жж.), Шыңғыстың өзге немерелерінен Толының балалары Мүнке (1251-1259 жж.), Құбылай (1259-1280 жж.). Құбылайдан кейін ұлы хандық мүлде жойылып, Алтын Орда, Әлеку ұлысы, Шағатай ұлысы өз бетінше жеке-жеке хандықтарға айналады. Оның ішінде Алтын Орда мемлекеті, Иран жеріндегі Әлеку ұлысы Алтайдағы ұлы ханмен байланыстарын үзіп, жыл сайын оған төлеп тұратын салық-жасақты өз керектеріне жұмсайтын болады. Бұл айтылған ұлыстардың дәуіріне дейін ұлы ханға бағынып, Құбылай – Шыңғыс империясының ең соңғы ұлы хан болғаны туралы Абылғазы бағадүрдің жазбасында айтылады.

Сөйтіп, XII ғасырдың соңынан былай қарай Алтын Орда атты қыпшақ ұлысы өз алдына жеке мемлекет болып, XIII-XV ғасыр арасында сол уақыттағы белгілі мемлекеттің бірі болды. Біздегі Едіге, Ер Сайын, Қобыланды сияқты батырлар жыры осы айтқан қыпшақ дәуірінен қалған жырлар болады.

XIV ғасырдағы араб жазушыларының айтуынша, Алтын Орда (Қыпшақ ұлысы) жер шегі батыста – Карпат, Балқан тауларында, солтүстікте – орыс князьдығын, оңтүстікте – Кавказ, Дербент қақпасымен шектесіп, шығыста – Ертістен әрі, Обь өзенінен, одан бүкіл Арқаны қосып, Үргеніш, Сырдария бойындағы тауларымен астасады.

Қыпшақ ұлысының жер көлемі халық аузында айтылатын:

Барар жерің Балқан тау,  
О да біздің көрген тау.

Он сан ноғай болғанда,  
Ормамбет би тұрғанда,  
Ел барып жататын  
Манан деген суына  
Балқан деген тауына,

– деген сөздерден де байқалады. Ноғайлы-қазақ жырларында кездесетін осы сияқты сөздер бір кездегі тарихи оқиғаны көрсетеді. Сол сияқты Ертістен Еділге дейінгі Қыпшақ ұлысына қарағанын «Едіге» жырындағы мына сөз де елестетіндей болады:

Есідің басы – Қызылжар,  
Аспанда суат салар-ды.  
Ертістің басы – Қара дән,  
Екі арасын қосар-ды...

Сөйтіп, қазіргі Қазақстанның Жетісу мен Тарбағатай аудандарынан өзге жерлері Алтын Орда (Жошы ұлысына) қараған. Оның негізгі халқы ол кезде қыпшақтар еді.

Бұл Қыпшақ ұлысы аталған өлкелерді біраз уақыт Шыңғыстың үлкен баласы Жошы биледі. Жошы 1227 жылы өліп, оның орнына баласы Бати хан болады. Шыңғыс

балаларының ішінде халық аузында көбірек айтылатыны – осы Жошы. Бұл туралы белгілі аңыз әңгіме бар. Ол әңгімеде Жошының аңда жүріп өлгені айтылады. Онан соң Жошының атына байланысты белгілі күйлер бар («Ақсақ құлан Жошы хан»). Әңгімеде Жошыны Ұлытау төңірегінде, я Сарысу бойында өлген деседі. Осыған байланысты Сарысу бойында «Жошы ханның моласы», «Хан сүйегі» дейтін жер аттары бар. XVI ғасырдағы белгілі тарихшы Хафиз Тыныш өзінің «Абдулла наме» деген кітабында Жошы ханның кешені (мазар) тұрған жер Теріс Кендірлік (Сарысудың тарауы) деп жазады.

«Ер Сайын» жырында аты қалған Сайын хан (Бати) Жошыдан кейін Алтын Орданың ұлы ханы болған. Бати отыз жыл шамасындай хан болды (1227-1255 жж.) Алтын Орда өз тұсына лайық мәдениетті мемлекет болды. Жырларда кездесетін «Сырлытам», «Мұнарасы биік Ақ Сарай», «Қырық қақпалы Сарайшық» деген сияқты сөздер – сол Алтын Орданың сәулет өнерінің, қала тұрмысының белгілерін көрсетеді.

Алтын Орданың аса бір көркейген кезі 1240-1360 жылдар арасы еді. Бұл кездегі хандар: Бати (1237-1255 жж.), оның інісі Берке (1255-1266 жж.), Мәнке (1256-1280 жж.), Токта (1290-1312 жж.), Өзбек (1313-1340 жж.), Жәнібек (1340-1357 жж.). «Едіге» жырында Сыпыра жырау айтатын «Мұнарасы қырық құлаш, жезден сұлтан Жәнібек» деген – осы Жәнібек хан.

Алтын Орда ұлысында қала салу жұмысы әсіресе Бати мен Беркенің тұсында күшті болды. Бұл кезде Алтын Орданың астанасына арналып қазіргі Астрахан қаласына таяу Еділдің шығыс жағасында «Ұлы сарай» атты үлкен қала салынады. Бұл қала тарихта көбінесе Бати сарайы, я «Ескі сарай» деп

аталады. Алтын Орда тарихын зерттеушілердің айтуынша, «Бати сарайы» (Ұлы сарай) XII ғасырдың көрнекті үлкен қаласының бірі болып, Қыпшақ ұлысының саяси, мәдени орталығы болған. Бати салдырған «Ұлы сарайдан» басқа Беркенің тұсында (1255-1266) «Кіші сарай» атты тағы бір қала салынды. Бұл қала Қыпшақ ұлысына қараған қалалардың ең үлкені болып, оның халқы үш жүз мыңға тарта болған деседі. «Кіші сарай» қаласының орны Еділдің Ақтөбе деген қолтығында болған. Бұл қала «Берке сарайы», я «Жаңа сарай» деп те аталады.

«Ер Сайын» жырында айтылатын «Ноғайлының үш шабары» дейтін қалалар осы айтқан «Ұлы сарай», «Кіші сарай» және Едігенің тұсында ноғайлылардың орталығы болған, Жайық бойындағы «Сарайшық» қалалары болу керек. Халық жырларында көп айтылатын Еділ, Жайық бойындағы қалалар туралы араб-парсы жазушылары мен еуропа зерттеушілері талай жазған. Мысалы, XIV ғасырда Қыпшақ ұлысына саяхатпен келген араб ғалымы ибн-Баттутаның және арабтың белгілі ғалымы әл-Омаридің Кіші сарай қаласы туралы жазған белгілі мағлұматтары бар.

Батырлар жырынан басқа Қыпшақ ұлысы тұсындағы қала тұрмысына байланысты жайттар Мұрат, Махамбет, Байтоқ ақындардың шығармаларында да кездеседі.

Астрахан қаласының салынуы жөнінде Мұрат ақын былай дейді:

Алты жыл балшық бастырып,  
Тоғыз жыл кірпіш соқтырған.  
Сусының шайға қандырған  
Анау тұрған Астархан  
Өз Жәнібек хан салдырған...

Алтын Орда дәуірінде Жайық бойында салынған қалалар Мұрат ақын жырларынан бірсыпыра орын алады, мысалы:

Бәйгеге орда салдырған  
Шыңғырлаудың сағасы  
Елек пенен Жайықтың  
Екеуінің арасы...  
Ақтөбе мен Қорғаншы  
Асан қайғы бабаның  
Қызыл тастан үй салып,  
Өңгіме құрып кеткен жер...

Халықтың аңыз әңгімелеріне карағанда, Алтын Орданың мәдени өмірінде бұл өлкенің белгілі орын алғаны байқалады. Ол өлкелер:

1. Еділ мен Жайықтың арасы;
2. Жайық пен Жем, Ұлытау арасы;
3. Маңғыстау.

Бұл үш өлке бергі ноғайлы-казак жырларында «Үш Қиян» деп аталған.

Мұрат ақын өзінің «Үш Қиян» деген жырында бұрынғы қыпшақ дәуіріндегі ел қамын жеген ерлерді жырлаумен қатар сол кездің саяси-мәдени жайларынан да хабар береді.

Халық жырларында жиі кездесетін «тас сарай», «тас болат үй», «көк мұнара», «алтын дуал» сияқты сөздер Алтын Орда кезінде Еділ мен Маңғыстау арасында салынған тас кешен үйлердің материалдық белгілерін көрсетеді.

Сол сықылды ол заманның мәдени мұраларының сілемі, мысалы, «Көк сырлы» үйдің тамтықтары Ұлытау, Сарысу, Есіл, Нұра, Ертіс бойларында да жолығады.

Араб-парсы жазушыларының айтуынша, XVI ғасырдың соңына дейін казак пен ноғайлылар Қыпшақ ұлысының

байырғы халқы болып, өздерін көбінесе «қыпшақ» деп атайтын. Сондықтан бұл дәуірден қалған батырлар жырлары да бұл екі қауымда тұтас сақталғаны байқалады. Қыпшақ дәуірінен қалған батырлар жырында «казак» деген сөз өте сирек айтылып, оның орнына, көбінесе «ноғайлы», «қыпшақ» деген сөздер жиі айтылады, мысалы, «Қараспан тауын жайлаған калың қыпшақ қарындас», «Он сан ноғай болғанда, Ормамбет би өлгенде»... Бұған карағанда, бүгінгі казак халқы айтатын батырлар жырлары казак қауымы құрылудан көп бұрын шығып, казактың бұрынғы ноғайлы-қыпшақ (ноғайлы-казак) болып жүрген (Алтын Орда) кезінде айтылған жырлар екенін көрсетеді.

Ноғайлы-қыпшақ жырын тарихи-әлеуметтік жағынан үш дәуірге бөлуге болады:

- а) Алтын Орданың құрылу мен күшейген кезін көрсететін жырлар («Ер Сайын», «Бөген батыр»);
- б) Алтын Орданың ыдырай бастаған кезін көрсететін жырлар («Едіге», «Нұрадын», «Қобыланды»);
- в) Алтын Орданың әбден ыдырап, тозып, «Ноғайлының босқыны» деп аталатын күйзеушілікке ұшыраған кездегі жырлар «Шора», «Орақ-Мамай», «Мұса хан Қазтуған», «Қарасай, Қази», «Ер Тарғын».

Енді осы айтқан ноғайлы-қыпшақ дәуіріне байланысты жырлардың тиістілерін мүмкіндігінше жеке-жеке айтпақпыз.

### «БӨГЕН БАТЫР» ЖЫРЫ.

Ноғайлы-қыпшақ дәуірінен қалған жырдың бірі – «Жанайдың жалғызы» я «Бөген батыр» жыры. Мазмұнына

қарағанда, бұл жырдың оқиғасы XIV ғасырда болған тіршілікті жобалайды. Жырда айтылатын қалталы Қара Иван, Қара Сүймен дейтіндер – орыс тарихындағы белгілі князьдар. Бұлар Алтын Орданың ханы Өзбекпен тұстас, XIV ғасырдың қыркыншы жылдарына дейін жасаған адамдар. Қалталы Қара Иван, Қара Сүймен (Семен) деген кісі аттарының біраз өзгертіліп айтылған түрі болуы керек. Екінші жағынан, Қалталы Қара Иван тек «Бөген батыр» жырында ғана емес, «Қазтуған» жырында да кездеседі.

«Қазтуған» жырында Қалталы Қара Иван туралы өзгеріссіз өз қалпында айтылады. Бұған қарағанда, жырда Қалталы Қара Иван мен Қара Сүйменнің әрі қызылбастың, әрі қалмақтың ханы деп көрсетілуі дұрыс емес. Бұл соңғы кездің қоспасы болу керек. Қалталы Қара Иван мен Қара Сүйменді «қалмақтың не қызылбастың бегі» деп түсіну тіпті орынсыз. Өйткені, Қалталы Қара Иван 1840 жылдарға дейін жасаған «Иван Калита» дейтін орыстың белгілі князи. Оның «Иван Калита» не «Қалталы Қара Иван» деген атауы оның халықтан қалталап алым-салық жинағанынан шыққан. Бұның қазақтың батырлар жырында аты кездесуінің себебі: қазақ халқының бір кезде Алтын Ордаға қарағандығынан. Соның нәтижесінде қазақтың батырлар жырлары көп ғасырлар ішінде әр халықтың арасында болған қарым-қатынасты ұмытпай сақтап келгендігінен.

Иван Калита я Қалталы Иван туралы «Бөген батыр» жыры былай дейді:

Сонда Бөген сөйлейді,  
Сөйлегенде, бүй дейді:  
«Іздегем, сұрасан,  
Қалталы Қара Иванның  
Жалғыз қызы Ақборық  
Кездесе алмай жүргенім»...

Ал, Ақборықты бірде қалмақтың ханы – Қалталы Қара Иванның қызы еді», десе, бірде «қызылбастың патшасының қызы еді» дейді:

«Қызылбастың патшасы –  
Қалталы Қара Иванның  
Қолындағы жалғыз қыз –  
Ақборықтай сұлуы  
Жалғыз да тартып аларсын»...

Мұнда Қалталы Қара Иванды кейде қызылбастың, кейде қалмақтың ханы деу жырдың кейінгі кезде өзгеріске ұшырап, қосылғандығынан. Өйткені, Қалталы Қара Иванның орыс аты екені белгілі. Сол сияқты Ақборық деген аттың да негізгі есімі айтылмай, орыс әйелінің тұлға бітімі мен ақ өңділігіне қарай сүйіспеншілікпен қойылған ат болуға ықтималы бар.

«Бөген батыр» жырындағы негізгі кейіпкер – Бөген батыр, оны әкесі Жанай жалбарынып тілеп алады. Жанай айдаланы кезіп жүріп, ақ сақалды қарияға жолығып, оның батасын алады:

Көк есегі астында,  
Аса таяқ қасында,  
Жетіп келді бір адам.  
Сонда атаң сөйлейді.  
Сөйлегенде не дейді?  
«Үйге таман барыңыз,  
Қойдан кошқар шалыңыз,  
Көп батасы – көл», – деген  
«Көптен бата алыңыз,  
Сонда біла болады»...

Ертегі батырлары сияқты Бөген батыр да ерекше боп туады. Туғандағы тұлғасы:

Омырауы есіктей,  
Балтырлары бесіктей

Кеудесінен басы зор,  
Кірпігінен қасы зор...

«Бөген батыр» жыры – қыпшақ заманында шыққан жыр. Мұны, бір жағынан Қалталы Қара Иван сияқты тарихи болған адамның аты көрсетсе, екінші жағынан ескі замандағы «Алтын сақа», «Тазша» сарындарының кездесетіні көрсетеді. Мысалы, тазшаға алтын сақасын ұттырған Бөген былай дейді:

«Төрт түлік біткен малымның  
Бір түлігін алыңыз,  
Алтын сақамды беріңіз»...  
Тазшаның ісі:  
Емен таяқ қолыңда,  
Қисайып барып ол Тазша,  
Баланың асау шұбарын  
Көк орайға салады...

Бұл сияқты сарындар әсіресе ескі уақыттағы жырлардың мазмұндарында көбірек жолығады. «Бөген батыр» жырының ескі заманда шыққанын осы жағынан да байқауға болады.

Бөген батырдың ерлік ісі өз басының оқиғасымен байланысады. Бөген батыр Қалталы Қара Иванның қызы Ақборыққа ғашық болады. Ақборықты алуға әрекет етеді. Ақборықты алып қайту Бөгенге онай соқпайды. Ақборық Бөгенді сүйіп, тиюге уәде берсе де, әкесі қолынан бергісі келмейді. Бөгенге үлкен кесел болатын Қара Сүймен. Қазыбектің батыры Қара Сүймен екі мәстегімен дарияға қармақ салып, екі дырау балық алып, Ақборықтың жолын тосады.

Мұндағы мәстек мініп, үлкен өзеннің жағасынан дырау балық аулап отырған батыр суы мол, орманды жерді қоныстайтын егінші елдің батыры болуға тиіс. Басқаша

айтқанда, Қара Сүймен орта ғасырдағы орыс халқынан шыққан атақты бір батырдың қазақ жырында жүрген бір сілемі сияқты.

Жырда Қалталы Қара Иванның сипаты да Қара Сүйменге жуық келеді. Мысалы:

Астында бар көк ала ат,  
Үстінде бар сұр сауыт  
Бес елі қырғу басында  
Тап өзі отыз жасында  
Былдыр-былдыр сөйлеген  
Адам түсінбес сөзіне...

Бөгенге кездескен жерде Қара Сүймен Ақборықты азғырып, алып кетеді. Он екі патшаның қол астына ойран салып, Бөген батыр: «Ақборықты тауып бер», – дейді. Бөген Ақборықты қаншама іздеп, таба алмай жүргенде, Ақборық оған көзінен аққан қанымен хат жазып, қарғанын қанатына байлап жібереді, өзінің қай жерде тұрғанын білдіреді.

Мұның шындық негізі бар сияқты, өйткені Алтын Орда тұсында қыпшақтардың орыстан қыз алып, қыз беретін салттары болатын. Мысалы, Жошы ұрпақтарының Рум патшасынан не орыс князьдарынан қыз алып, жақын болып, христиан дініне кіргендігі тарихта белгілі. Бөген батырдың Ақборыққа ғашық болуы сондай шындықтың бірін меңзейді.

Ақборық босанғанда, Қаныкей мен Тыныкейді масқаралау үшін «күшік тапты» деп жала жабады. Бұл уақытта Алтын Орда хандары қыпшақ елінен алған әйелдерінің үстіне кейде достық ретінде Рум патшаларынан, не орыс князьдарынан қыз алғандығы бұрынғы әйелдерінің істеген күндестік ісін көрсетеді. Атақты жиһанкез ибн-Баттута былай деп жазады: «Өзбек ханның (XIV ғ.) үшінші қатынының аты Билун еді. Ол Рум патшасы Текпур деген кісінің қызы еді. Біз үйге

кіргенде, қатын күміс аяқты тасағаштың үстінде отырды. Оның карамағында Рум, қыпшақ жігіттерінен күтушілері бар екен. Біздің жайымызды сұрап, алыс жерден келген жолаушы екенімізді білген соң, өз елін –Бөгеннің Ақборықтан туған баласы Ер Тұрғын зынданнан шығып, Жайық бойына келсе, ол жерде қара тасқа жазулы тұрған үш кара жолды көреді. Оның бірі – Елекке (Үргеніш) баратын жол, екіншісі – Ақ Ордаға баратын жол, үшіншісі – Тбилисиге баратын жол. Тұрғын үшінші жолға түседі.

Алтын Орда хандарының балаларының ер жеткен соң әрқайсысы әр руға барып, хандық құратындығы белгілі. Жырдың бұл арасы соны ишаралауы мүмкін. Елек жолы – Көк Ордаға, Маңғыстауға баратын жолды тұспалдаса, Аягөзге баратын жол, Ақ Ордаға баратын жолды тұспалдайтын сияқты. Бірақ, Тұрғын бұл екі жолдың екеуіне де түспей, әрі-сәрі жолымен жүреді. Сөйтіп, «Бөген батыр» жыры ескі замандағы ертегі жырдың бірі болады. Жырда жолығатын мыстан кемпір, Тазша, шұбар тай, алтын сақа сарындары, көбінесе, ерте замандағы ертегі жырлардан қалған сарындар болады.

### «ЕР КӨКШЕ ЕР ҚОСАЙ» ЖЫРЫ

Орыс заман хаттарының (жылнамаларының) айтуынша, Ер Көкше, Ер Қосай да – тарихта болған адамдар. Тарих жазушыларының айтуынша, Ер Көкше Едіге мен Тоқтамыс (Қадірберді) соғысына қатысып, сол соғыста Елек өзенінің бойында оққа ұшқан.

Тарихи мағлұматтарға карағанда, Тоқтамыстың және оның балаларының Алтын Орда билігі үшін халық бұқарасының басшысы Едігемен жауласуы Қыпшақ ұлысына үлкен күйзеліс туғызады. Едіге дәуірінен кейін Қыпшақ ұлысы бұрынғы бүтін қалпынан ыдырап, ішінен тозғындай бастайды. Ер Көкше, Ер Қосай, Қамбар сияқты батырлар Қыпшақ ұлысының ыдырап, қуатының әлсіреп тозғандығы сондай бір уақ бөлігіне басшы болып, ыдыраған Уақ руларды қайта қуаттандырып, ел қылуға қамқорлық әрекет етеді. Шоқан Уәлихановтың айтуынша, «Ер Көкше, Ер Қосай» жырының әңгімесі бір кездегі қуатты қыпшақ жұртының күйзелістен әлсіреп кішірген руларының Уақ елі атанғандығының бір оқиғасын баяндайды. Ер Көкше, Ер Қосайдың ерлік істері осындай оқиғамен байланысатыны халық жырларында ғана емес, тарихта да халық аузындағы қария сөздерде де кездеседі. Г.Н. Потанин қазақ арасынан Ер Көкше, Ер Қосайдың екі түрлі әңгімесін жазып алған. Ол кісінің Тарбағатай ауданынан жазып алған «Ер Көкше» әңгімесінде Ер Көкше, Ер Қосайдың халық ардақтаған ерлік істері айтылады. Бұл «Ер Көкше, Ер Қосай» әңгімесінің қысқаша мазмұны мынау. Бұрынғы заманда қазақ жұрты басқа елмен жауласып жүргенде, еру отырған жұрттың жер ошағында асулы тұрған асын ішуге мұршасы келмейтін заман болған екен. Сондай бір жаугершілік заманда көшіп кеткен елдің жұртында бір бала қалады. Ол баланы біреу тауып алып, бір әйелге асырауға береді. Бала есейген кезде әр үйден тамақ ішіп күнін көреді. Балаға «Уақ» деп ат қояды. «Уақтың арғы атасы – Ер Көкше екен», – дейді.

Ер Көкше туралы айтылатын халық жыры мен қария сөздің қайсысы болса да, Уақ елінің бір кездегі тарихи күйзелісін

айтып, Ер Көкше, Ер Қосайлары (Қамбар батырды) ылғи Уақ елінің батырлары қып көрсетеді.

Жырда Ер Көкшенің ерлік ісі Қыпшақ елінің үлкен күйзелісті басынан кешіргендігімен байланысатыны Г.Н. Потаниннің Ақмола маңынан жазып алған «Ер Көкше, Ер Қосай» әңгімесінде ашық айтылады.

Бұл батырлардың әрқайсысы өз руының камқоры болып суреттелуі Едіге мен Токтамыс арасындағы тартыстың бір ұшқаны сияқты. Орыс жылнамаларының айтуынша, Ер Көкше Едіге мен Қадірбердінің соғысында оққа ұшып өледі. Халық әңгімесінің айтуынша, Ер Көкше мен Арғын Дайырқожаны өлтіруші – қыпшақ батырлары. Бұған карағанда, Ер Көкше Алтын Орда әбден тозғындап, батыр, билері руға тарап, бытырай бастаған кезінде (XV ғасырдың бас кезінде) шыққан ұлы батырдың бірі.

«Ер Көкше» әңгімесінің екінші тарауы Ер Көкшенің баласы Ер Қосайға арналады. Мұнда жолығатын әлеуметтік сарын, көбінесе, Қыпшақ ұлысы мен Уақ елінің өзара таласы. Көкшетау маңынан жазылып алынған «Ер Көкше, Ер Қосай» әңгімесінде Ер Қосай әкесінің кегін алу үшін қыпшақ еліне аттанып, Қобыландымен соғыспақшы болады.

Бұл туралы әңгіме былай дейді: Ер Көкшені өлтірген Қобыланды еді. Бір күні Қобыландыдан кек алуға Ер Көкшенің баласы Ер Қосай аттанды. Қобыланды қасына батырларын ертіп, Ер Қосаймен соғысуға Тайтөбенің басына шықты.

Ер Қосай әкесінің кегін алған соң, халық екі жақты бітімге шақырып, татулыққа келтірді. Ер Қосай Қобыландыны өлтіріп, басын кесті. Барлық кара қыпшақ елі Ер Қосайға карады. «Ер Көкше, Ер Қосай» әңгімесінің бір түрі –

осы. Әңгіменің бұл арасы орыс жылнамалары мен араб жазушыларының айтуына ұқсайды. Бәрінде де Ер Көкше, Ер Қосай, Қобыланды сияқты батырлар Едіге мен Токтамыс балаларының жауласқан оқиғасына қатынассады, кейін әр қайсысы әр руға қолбасы батыр болады.

«Ер Көкше, Ер Қосай» жыры да – сондай оқиғадан туған әңгіменің бірі. Әкесі жау қолында өлген Ер Қосай орданың ұлы ханына келіп: «Әскер бер, атамның кегін алайын», – дейді. Бірақ, хан арғынның Ақсары биіне жабысып: «Ұлысты бүліншілікке түсірме, сен қызыңды Ер Қосайға бер де, ырза қыл. Қыпшақ ұлысын татулыққа келтір», – дегенді айтады. Бұл туралы жыр былай дейді:

Ей, арғынның Ақсары биі!  
Ботакөздей қызыңның  
Қалың малын айт, Сары би.  
Ботакөзді бермесен,  
Әрмен қарай тұр, Сары би...

Мұндағы арғын Ақсары би мен ханның кім екенін шамалап айтқанда, Ақсары би арғын Дайырқожаға тура келеді де, хан Токтамыстың баласы Қадірбердіге тура келеді. Ханның арғын Ақсары биге жабысуы уақ пен арғындардың бірігіп, қыпшақтарға наразылық көрсетуінен туған. Мұның себебі: ел әңгімесінің айтуынша, арғын Қарақожа би мен уақ Ер Көкшенің қыпшақтар қолынан өлуіне байланысты. Мысалы: «Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным?» – деп, арғындар арасында Қарақожа биді жоқтап айтатын жыр осы оқиғадан туады. Бірақ, «Ер Көкше, Ер Қосай» жырында арғын Ақсары би қыпшақты да, уақты да жақтамайды, өз алдына жеке суреттеледі. Ақсары бидің алты баласы әуелі Ер Қосайға уәде беріп: «Сыртқы жауды басуға бірге



аттанамыз», – десе де, Ер Қосай ұлысына қарсы аттанғанда, олар бармай қалады. Ер Қосай атасының кегін аламын деп, қыпшақтарға қарсы жалғыз аттанып бара жатқанда, арғын Ақсары бидің балалары оны сыртынан сықақ қылып, өз еліне өзі шапқанын ерсі көреді. Бірақ, Ер Қосай арғын билерінің айтқанына көнбей, қара қыпшақ Қобыландының елін шауып, атасы Ер Көкшенің кегін алады. Жыр осымен бітеді.

Жырда әңгіме болатын көбінесе осы айтқан рулардың өз ара ала көздігі мен бір кездегі қыпшақ ұлысының күйзеліп тоз-тоз болған оқиғасы. Жырдың айтуынша, «Ер Қосай күйзелумен босып жүрген елге келіп, қоныс алындар», – дейді. Бұл да әңгіменің бір кездегі отан қорғау ісімен байланысатынын көрсетеді. Жырда Ер Көкше мен Ер Қосайдың жараланып, қансырайтын оқиғалары да – осы сияқты халық трагедиясымен байланысқан ерлік істерінің бір суреті.

Жырда арғын Ақсары би – Ер Қосайдың ақылшысы, жәрдемшісі ретінде көрсетіледі. Және Ер Қосай атасының кегін алып, жаудан қайтып келгенде, малын арғын елінің малына араластырып, өзі олармен бірге қоныс алады. Жырдың бұл арасы да тарихи шындықпен байланысқан. Өйткені жыр бұл жерде арғын мен уақ елінің XV ғасырдың басында бір одақта болғанын, саяси-шаруашылық тіршілігі бір арнада (Орта жүз) болғанын ишаралайды.

«Ер Көкше – Ер Қосай» жырында бұл айтқандай тарихи оқиғалардан басқа, ертегі сарынымен айтылған ерте заманның жәйттері де кездеседі. Мысалы, темір үйде жататын Сары баланың тоқсан сиырдың сүтін еметіні, оның тек Ер Қосайдан өзге батырдың бәрін жеңетіні, Ер Қосай

осы айтқан Сары батырды жеңіп, елін зор қауіптен құтқаруы. Жырдың бұл арасы қиял түрінде айтылса да, ерте замандағы шындықты елестетеді.

Тоқсан сиырдың сүтін ішіп, темір үйде жататын Сары бала Алтын Орда дәуірінің алдындағы Еуропа халқы сияқты мәдениетті жұрттың ишарасы тәрізді.

«Ер Көкше, Ер Қосай» жырындағы бір ерекшелік – қырғыздың атақты «Манас» жырында айтылатын Манас батырдың аты елес беретіні. Бірақ «Ер Көкше, Ер Қосай» жырында аты Манаша түрінде айтылады:

Сан жылқыны алыпты,  
Мың кісі оны қуыпты  
Жан жолдасын – Манаша  
Аршын бесті құламен  
Бүкшең-бүкшең желіпті...

Екінші жағынан Ер Көкше, Ер Қосайлар «Манас» жырында белгілі батырлар есебінде айтылады. Бұл екі жырда да орта замандағы бақташылық, жылқы өсіру сарыны ерекше орын алады.

Қарқаралы қазақтарының айтуынша, Ер Манас, Ер Көкшенің әкесі Қарқаралы төңірегінде «Көк құла ат» дейтін жер бар деген. Ол жердегі қазақтардың қария сөзі бойынша, «Манас Көк құла атқа мініп жүреді екен», – деседі. Осы сияқты ел әңгімелерімен есептессек, «Ер Көкше» әңгімесі Алтын Орда дәуірінен анағұрлым бұрын болғанға ұқсайды. Мысалы, «Юан-Чау-би-чи» Шыңғыс жайындағы әңгімеге қарағанда, Ер Көкше Шыңғыс ханмен замандас делінеді. Г.Н. Потаниннің Тарбағатай жерде жазып алған Ер Көкше

әңгімесі де осыған ұқсайды. Бұл әңгімеде де, «Юан-Чау-би-чи» әңгімесінде де Ер Көкшені жаугершілікте көшіп кеткен елдің жұртынан тауып алады. «Юан-чау-би-чиде» Ер Көкше туралы былай дейді: «Меркіт халқы жаугершілікте босып кеткенде, жұртта Көкше дейтін бес жасар бала қалып қояды. Шыңғыс ханның шерулері баланы тауып алып, Шыңғыс ханның шешесі Құбалаңға (Құбалақ) апарып берілті.

Шыңғыс ханның әкесі тайжүт елінің жайлауынан өтерде, олар үркіп бір түнде көшіп кетеді. Олардың жұртында Көкше атты бір бала қалады. Шыңғыстың әскерлері «ол баланы алып, асырасын» деп, Құбалаңға апарыпты.

Міне, бұл сияқты аңыздарға карағанда, «Ер Көкше» әңгімесі мен монғол шежірелерінде жолығатын «Көкше бала» әңгімесінің мазмұны бір екені байқалады. Мүмкін, Ер Көкше бір кездегі Сыпатай, Жебе сияқты ерлердің екінші аты болуы да ғажап емес. Монғол әңгімелерінің айтуынша, Ер Көкше төбе «Тәңірі» аталып, оны өлтіруші Шыңғыс болады.

Олай болғанда, «Ер Көкше, Ер Қосай» әңгімесі Алтын Орда дәуірінен анағұрлым бұрын шыққан және қырғыздың «Манас» жырымен шамалас жыр болады.

«Ер Көкше, Ер Қосай» жыры бұрын ел ішінде ұзақ жыр түрінде айтылған. Шоқан өзінің бала кезінде «Ер Көкше, Ер Қосай» жырын айтушы Атығай Арыстан ақын ғана екенін айтады. Бұған карағанда, «Ер Көкше, Ер Қосай» әңгімесінің жыр түрінде айтылуы XIX ғасырдың орта кезінен былай ұмытылып, тек әңгіме түріне айнала бастағанға ұқсайды. Қазір мысалға алынып жүрген «Ер Көкше, Ер Қосай» жыры көбінесе академик В.В.Радловтың жинағаны. Мұның өлені мен кара сөзі аралас айтылады.

## «ЕДІГЕ БАТЫР» ЖЫРЫ

Халық аузында айтылатын «Едіге» жыры – тарихта болған Едіге батыр әңгімесінің бір түрі. Едіге XIV ғасырдың соңында, XV ғасырдың бас кезінде жасаған. Ол – Алтын Орда яки Қыпшақ ұлысының атакты батыры, бни. Едіге қазақ тарихында белгілі адамның бірі. Тарихи жазулардың шамалауынша, Едіге 1340 жылдары туып, 1419 жылы Токтамыстың баласы Қадірбердінің қолынан өлген. Едігенің тарих жүзіне шығуы – Алтын Орданың азып-тозып аяқсыған кезі. Бұл кез – 1360-1425 жылдар арасы.

Алтын Орданың ол кездегі негізгі халқы, көбінесе, қыпшақ, ноғайлы-қыпшақ деп аталатын. XVI ғасырдың соңынан былай қарай бұл ноғайлы-қыпшақ екіге бөлініп, ноғайлылар солтүстік Кавказ бен Азов теңізі бойына қоныс аударып, қыпшақтар бұрынғы қалпынша Еділ мен Ертістің арасын қоныс етіп, XV-XVI ғасырларда жаңадан құралған Қазақ ұлысына ірге болады. Халық аузында айтылатын «Ноғайлының босқыны», «Он сан ноғай болғанда, Ормамбет би өлгенде» дейтін аңыз сөздер – сол тарихи оқиғаның есте жүрген ізі. Ноғайлы-қыпшақ, я ноғайлы-қазақ дәуірі (XV-XVI ғғ.) Алтын Орда мемлекетінің екінші кезеңіне жатады. «Едіге» жыры осы Алтын Орда үкіметінің құрылған кезінен бастап, оның әбден тозып қираған кезіне дейінгі саяси-жұртшылық жағдайын суреттеуге арналған.

«Алтын Орда» деген сөз орыс әдебиетінде, болмаса шығыс әдебиетінде сирек айтылады. Араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған тарихи кітаптарда Алтын Орда дегеннің орнына, көбінесе, Дешті Қыпшақ (Қыпшақ даласы, Қыпшақ сахарасы), Қыпшақ ұлысы деп айтылады.

Алтын Орда, я Қыпшақ ұлысының ол кездегі жер көлемі Дунай өзенінен Ертіске дейін созылып, онда түрлі рулар болатын. Алтын Орда ұлысының ол кездегі орталық қалалары «Ұлы сарай», я «Бати сарайы», я «Берке сарайы». Бұл қалалар өз тұсындағы қалалардың ең сәулеттесі болған. Ол қалалардың орны қазіргі Сарытау мен Астрахан қалаларының арасында, Еділ жағасында болған.

Алтын Орда дәуірінде шыққан жырларда Алтын Орда тұсының мәдени, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып жайларының көбісі кездесіп тұрады.

Алтын Орданың гүлденген кезі Өзбек ханмен (1313-1340) оның баласы Жәнібектің (1340-1357) тұсы. Осыған орай келерлік «Едіге» жырында «Мұнарасы қырық құлаш Өзден сұлтан Жәнібек» деген сықылды тарихи мағынасы бар сөздер айтылады.

Бірақ, Өзбектің немересі Бердібектің тұсында (1357-1359) Алтын Орда азғындай бастайды. Хандар және хан тұқымдары арасында бақ күндестік, мансапқорлық күшейіп, өзара бірі мен бірі жауласып, аға інісін, бала әкесін өлтіреді. «Нар мойыны Бердібектің де кесілді», — деген мәтел осы жайды білдіреді.

Бердібектен кейін Алтын Орда жиырма жылдың ішінде (1360-1380) әлденеше өзгеріс болып, әлденеше хан ауысады. Алтын Орда үкіметін басқару ісі бір ханның қолында болмай, көбінесе, Мамай сияқты түмен бегінің қолында болады. «Түмен бегі» деп ол уақытта барлық әскери күшті басқаратын шеру басын айтады. Мамай соғысқұмар болады. Халықты соғысқа айдайды, мысалы, 1380 жылы Куликов соғысында қырғынға ұшыраған халық бұқарасы Мамайдан мүлде түнілуге айналады.

Мамай Куликов соғысында Дмитрий Донскойдан жеңілген соң, қашып, Қырымға кетеді. Бұл кезде Алтын Орданың орталық үкіметін басқару ісі мүлде күйзеушілікке ұшырап, ұлыс бірсыпыра уақыт аласапыран болады.

Сөйтіп, XIV ғасырдың соңғы жартысында Алтын Орданың ұлы ханы болған Мамай қашып, Қырымға барып, гректердің қолынан өлгенде, енді Алтын Орданың ұлы ханы болуға Сырдария бойындағы Ақ Орданы билеуші Толықожа ұлы Тоқтамыс шығады. Тоқтамыс – XIV ғасырда Ноғайлы – Қыпшақ ұлысын басқарған адамның бірі. Оны әкесі Толықожа – қазақ тарихында айтылатын Әз Жәнібек, Керей деген кісілермен аталас болады.

Тоқтамыс «Едіге» жырында айтылатын басты адамның бірі. Ол 1380-1395 жылдары Алтын Орданың ұлы ханы болып тұрды. Жырда айтылатын «Ел қамын жеген Едіге» – осы Тоқтамыстың, Алтын Орданың атакты биінің бірі.

Тарих жазушыларының айтуынша, Едіге XIV ғасырдың қыркыншы жылдарында туады. Оның әлеумет ісіне қатынасуы 1370 жылдардан басталады. Едігенің әкесі Құттықия. Құттықия (Құтты қаба) – ол да Алтын Орданың атакты биінің бірі болып, Жәнібектің тұсында (1340-1357) елшілік қызметін атқарған. Алтын Орданы Бердібек балалары мен Мамай басқарып тұрғанда (1360-1357), Едіге мен Тоқтамыс бір жақ болып, Алтын Орданың орталық үкіметіне наразылық білдіре бастайды. Олар алғашқы кезде бірімен бірі дос болып, Сыр бойындағы Ақ Ордаға келіп, күш жияды. Ақ Ордадан пана таба алмаған олар Самарқандағы Әмір Темір қолына келіп, бірнеше уақыт оның қолында әскер болып қызмет атқарады. Бұл – 1370-1375 жылдар арасы.

Тоқтамыс Алтын Орданың ұлы ханы болғанда (1383 ж.), Едігені Ордаға би қояды.

Едіге Алтын Орданың биі болып тұрғанда, қыпшақ бұқарасының жұртшылық ісі, оның ішінде Еділ мен Жайық бойындағы едің көпшілік ісі Едігенің қолына қарайды. Едіге жұртшылық ісін бұқара тілегіне қабыстырып жүргізеді. Сөйтіп, Едіге Алтын Орданың биі болып, Тоқтамыстың қолында он жылдай тұрады (1382-1391). Бірақ, Тоқтамыстың өзге билері Едігенің бұқара бойында абыройы болғанын күндеп, Тоқтамысты Едігеге қарсы жау қып салады. Және Тоқтамыс Едігенің бұқара ортасында қадірі артқанынан қауіптеніп, оған көзқарасын өзгерте бастайды. Содан былай Тоқтамыс Едігенің атқаратын ісіне, басқан ізіне қарауыл қойып, қудалауға кіріседі. Бара-бара Тоқтамыс пен Едігенің арасы шиеленісіп, Тоқтамыс Едігеге қастық ойлайды. Тоқтамыс ханның зұлымдық, қастығынан сақтану үшін Едіге Ордадан қашып, Жайық бойындағы ноғайлы-қазақ ортасына шығып кетеді. Бұл кезде Алтын Орданың орталық қаласы – Сарай, қазіргі Сталинград қаласына таяу жерде, Еділдің жағасында болатын. Тарих жазушыларының жобалауынша, Едіге қырға қашып шыққанда осы Сарай қаласына таяу жерде тұратын Тоқтамыстың жайлаудағы ордасынан қашып шығады.

Едіге ордадан Жайық бойына қашып келгенімен, қарап жатпайды. 1391 жылдары ол қырдағы ноғайлы-қыпшақ бұқарасының көпшілігін соңына ертіп, Тоқтамысқа қарсы көтеріліс жасауға әрекеттенеді. Бірақ, Тоқтамыстың Литва юролі Ягайлоға жазған хатына қарағанда, 1391 жылы Едіге тугызған толқын Тоқтамысты онша күйзелте қоймайды. Едіге халықты толқытқан кезде Тоқтамыс та өзінің беделді адамдарын (Қарақожа, Қосдәулет) қырға шығарып, толқынды

амалмен басуға кіріседі. Тоқтамыс халық бұқарасы көтерген толқынды басқанда: «Халыққа жақсылық орнатамын», – деп уәде береді. Сөйтіп, Едіге бұл 1391 жылы Алтын Ордаға қарсы шығарған толқыннан ойдағыдай іс шығара алмаған соң, ол енді көмек алғалы Сәтемір (Әмір Темір) ханға барады. 1392-1395 жылдарда Сәтемір қолында қызмет істеп, 1395 жылы Әмір Темірден көп әскер алып, Ордаға аттанады.

Тарих жазушылардың айтуынша, Едіге бастаған Әмір Темірдің әскері Алтын Орда (Тоқтамыс) әскерімен Солтүстік Кавказдағы Терек өзені бойында кездесіп, соғысады. Соғыста Тоқтамыстың әскері жеңіледі. Тоқтамыс Литва жаққа қашып кетеді. Бұл кезде Әмір Темір әскері Еділ бойында Алтын Ордаға қарайтын көп қалаларды киратады. Едіге Әмір Темірге айтқанын істетеді. Тоқтамыс соғысардың алдында кісі салып, бітімге шақырғанымен, Едіге оның сөзін қабыл алмайды. Едіге мен Әмір Темір Алтын Орданы ақыры бас көтермейтіндей қылып күйретеді. Сонымен бірге Алтын Орданың Ұлы сарай, Кіші сарай деген қалалары да күйсейді.

Әмір Темір әскері Тоқтамысты Алтын Ордадан қуып шыққан соң (1395), Қыпшақ ұлысы енді толығымен Едігенің қолына қарайды. Бірақ, Едіге Алтын Орданың ханы болмайды. Қыпшақ ұлысының барлық ішкі-сыртқы жұмысы оның қолына қарағанымен, ханды ол кезде Шығыс тұқымынан қою салт болғандыстан, Едіге өзінің жиені – Темірқұтлық деген Орыс ханның немересін хан қояды. Бұл Темірқұтлық Тоқтамыспен шөбере болатын. Темірқұтлықтың әкесі Темірмәлік Ақ Орда үшін Тоқтамыспен жауласып, бір соғыста осы Жетісу бойында Қараталда Тоқтамыстың қолынан өледі. Сондықтан бұл да Тоқтамысқа қарсы кісінің бірі болатын.

Темірқұтлық – Тоқтамыс сияқты Алтын Орданың атақты ханының бірі. Бұл екеуінің басқа мемлекетке (Франктерге) жазған қыпшақ тіліндегі хаттары осы күнге дейін сақталған. Бірақ, Темірқұтлықтың Тоқтамыстан айырмасы – ол, көбінесе, Едіге бидің ақылымен іс істеп, оның ең сенімді күшінің бірі болады. Темірқұтлық Едігенің қарамағында бес жылдай қызмет істеп, 1400 жылы қайтыс болады.

Тарих жазушылардың айтуынша, Темірқұтлық кезінде (1395 ж.) Едіге қарт адам. Алтын Орданы билегенде ол әуелі Темірқұтлықтың, одан кейін Шәдібек сияқты жас ханның биі ақылшысы болады.

Едіге мен Темірқұтлық Алтын Орда ұлысын басқарып тұрғанда, Литваға қашып барған Тоқтамыс бұларға қарсы күш жиып, Алтын Ордаға қайта келіп, хандық құрмақшы болады. Бірақ, Едіге мұны біліп, Темірқұтлық атынан Витовт деген короліне хат жазып, елші жібереді. Едігенің Витовтка жазған хатында: «Тоқтамыс біздің жауымыз, оның сізге барып паналауы бізге мәлім, ол өзімен қанша алтын-қазына алып кетті. Оның әкеткен қазынасын тегісімен алсаң да, Тоқтамыстың өзін бізге қайырып жібер», – дейді. Бірақ, Тоқтамыс Витовттың ескі досы болғандықтан, ол Темірқұтлық атынан жазған Едігенің бұл сөзіне намыстанып, Алтын Ордаға елші жіберіп: «Темірқұтлық Ордасы маған бағынсын, әйтпесе мен күшпен бағындырамын», – дейді. Витовт, Тоқтамыс екеуі бірігіп, Едігеге қарсы әскер шығарып, онымен соғысуға Днепр (Оза суы) бойына келеді. Витовттар Днепр жағасында тұрып, Темірқұтлыққа екінші рет кісі жіберіп, шарт қояды: «Сен менің баламсың, сен маған бағынып, ақшаңды менің атымнан шығар», – дейді.

Ол жерде Едіге жоқ болады. Темірқұтлық не дерін білмейді. Мұның артыман ілесе Едіге келіп, Витовтка қарсы Днепр өзенінің бер жағында тұрып, дауыстап сөйлеседі. «Сен – Темірқұтлықтың әкесің, саған әке болатын кісі бар. Сен бұл сөзінді қойып, әскеріңмен еліңе қайт, және бұрынғы қалпыңша Алтын Ордаға бағынып, ақшаңды Темірқұтлық атынан шығарып тұр», – дейді. Витовт бұған соғысуға әскеріне бұйрық береді. Соғыста Витовт әскері алғашқыда бой бермесе де, соңынан Едіге (Темірқұтлық) зеңбірек пайдаланып, литва-поляк әскерін Киев өлкесінен қуып шығады. Витовт әскеріне еріп келген Тоқтамыс қашып, Сібірге кетеді. Витовт Едігеге үш мың сом соғыс шығынын төлеп, жеріне Едіге әскерін кіргізбей, аман қалады.

Бұл 1399 жылы болған. Бұдан кейін бір жылдан соң Темірқұтлық өледі. Едіге оның орнына Темірқұтлықтың інісі Шадыбекті хан қояды. Шадыбек сегіз жыл хан болып тұрады (1400-1408). Едіге өзінің жауы Тоқтамысты құрту үшін көп әскермен Шадыбекті жұмсайды. Шадыбек әскері Тоқтамысты 1406 жылы осы күнгі Ақмола төңірегінде тауып өлтіреді.

Шадыбектен кейін Алтын Ордаға Темірқұтлықтың баласы Темір деген хан болады. Бірақ, тарихтың айтуынша, Темір Едігенің айтқанын істемейді, екеуі дұрдараз болады. Едіге Темірқұтлықтың інісі Болатты қасына ертіп, Қырымдағы ноғайларға кетеді (1409 ж.). Ол жерден өз алдына жеке бір Орда құрады. Кейін бұл Ордадан «Қырым хандығы» құрылады.

Едіге Темір ханмен үйлеспей, Қырымға кеткенде, бір жағынан Тоқтамыстың балалары көтеріле бастайды. 1411 жылы Тоқтамыстың Жәлел дейтін баласы Темір ханды сарайдан қуып шығып, оның орнына өзі Алтын Орданың

ұлы ханы болады. Жәлелден кейін Алтын Орданың ұлы ханы болып Тоқтамыстың Жәрімберді деген баласы отырады. Бірақ, Жәрімберді тұсында Алтын Ордаға жасақ төлейтін бұрынғы Шығыс Еуропадағы халықтар тегіс бас тартып және Алтын Ордаға қарсы күш жимақшы болады. 1416 жылы Алтын Орда мен Литва королі Витовт арасы тағы шиеленіседі. Және Алтын Ордаға қарайтын халықтардың Жәрімбердіні танығысы келмейді. Жәрімберді өз бетімен ұлыс тағдырын шеше алмай, Қырымдағы Едігені шақыртып, кісі жібереді.

1416 жылы Едіге Жәрімбердінің шақыруымен Ордаға келеді. Бұл кезде Литва королі Витовт та Алтын Ордаға төлейтін бұрынғы салығынан бас тартып, оның үстіне Алтын Ордаға қарайтын кейбір батыс өлкелерді өзіне қаратпақшы болады. Литва мен Алтын Орда арасындағы жағдайды білген соң, Едіге Жәрімбердімен бірігіп, Витовтка қарсы әскер шығарады. Соғыста Едіге Витовт әскерін екінші рет жеңіп, одан соғыс шығынын төлетіп алады. Едіге Витовтка қызыл жамшы жапқан үш түйе, 27 атпен елші жіберіп, салық жинатып алады.

Өйткенмен, Едіге мен Тоқтамыс балаларының Алтын Орданы бірігіп басқаруы онша ұзаққа бармайды. Тоқтамыстың балалары бұрынғы жерін сақтап, Едігені Сарайдан аластатпақшы болады. Жәрімбердінің қолында Едіге үш-ақ жыл қызмет қылады (1416-1419 жж.) 1419 жылы Тоқтамыстың Қадірберді деген баласы Жайық бойында Едігемен кездесіп, үлкен соғыс ашады. Бұл соғыста Қадірберді жағында атақты Ер Көкше батыр болады. Соғыста Едіге суға кетіп өледі де, Ер Көкше Қобыландының қолынан өледі.

Араб жазушыларының айтуынша, Едіге суға кетіп өлген соң қыпшақ елі оның сүйегін алып Аштархан (Астархан, Астрахан) қаласының шығысына апарып қояды. Кейбір тарихи мағлұматтар Едігенің жәдігері (бейіті) Жайықтан төменгі қырда екенін айтады. Бірақ, бұл мағлұматтардың көрсетуі бірімен-бірі қайшы емес, бәрі де Едігенің жәдігері Жайықтан төменгі далада екенін білдіреді. Бұлардың бәрінің жобалайтын жері – Ұлытау төңірегі. Кейінгі кездегі тарихи мағлұматтар мен ел аузындағы тарихи әңгімелерге қарағанда, Едігенің моласы (кешені) араб жазушылары айтқан тәрізді осы күнге дейін Ұлытаудың бір биігінде тұрғаны байқалады.

Халық әңгімесі Едігенің басына орнатқан тастарды түйенің қомына артып, таудың биік басына шығарғанын, Едігені Ұлытаудың адам шыға алмайтын бір биік шыңына қойғанын айтады.

Бұрынғы заманда өлікті бұлай қиын жерге апарып қою, «жау болған өлген адамның моласын ақтарып мазак қылмасын» деп сақтанғаннан туған. Едіге тірі күнінде Тоқтамыспен өш болып, халық үшін жауласып өткендіктен, қыпшақтар оның сүйегін қадірлеп, «оны Тоқтамыстың балалары мазак етпесін» деп, қиын жерге апарып қоюлары да мүмкін.

Едігенің жәдігері тұрған Ұлытаудың биігі осы күнге дейін «Едіге» деп аталады. Революцияның алдына дейін Сарық бойын жайлайтын ел бұл «Едіге» тауын қадір тұтып, киелі санайтын.

Әмір Темірге уәзір болған ибн Араб шахтың Едігені дінмен байланыстырмағаны – тарихи шындық. Өйткені Едіге тұсы қыпшақ өлкесінде ислам дінінің онша күшейе қоймаған кезі. Кейбір тарихи мағлұматтарға қарағанда, Едіге қартайған шағына дейін ислам дінімен жұмысы болмаған сияқты.

Ибн Араб шах: «Едіге ақылды, кемеңгер кісі еді. Саясатқа өте жүйрік, алапаты күшті кісі еді. Тура пікірді, тазалықты, әділдікті сүюші еді. Кедей, нашарға бар адамшылық мейірімін түсіруші еді. Ғылым-өнердің досы еді. Жиырма жыл бойы Дешті Қыпшақта билік айтып тұрды. Мұның заманы қызықты болып өтті. Жиырмаға тарта бала-шағасы, қатыны Сәтемірге ықпалын жүргізіп, оны Еділге келтіріп, Алтын Орданы күйретуге бір ғана себеп болды» дегенді айтады.

«Едіге жыры» – осы айтқан тарихи Едігенің халық ойы жасаған көркем суреті.

Тарихи Едігені халық князлы ел мүддесіне сәйкес «ел қамын жеген Едіге» деп сипаттайды. Осы халықтың санасына ой салған жырда басынан аяғына дейін берік сақталады. Тарихи Едіге мен «Едіге» жырының арасында аса шалғай айырым жоқ сықылды. Жырдың мазмұны тарихи шындыққа тұстас келіп отырады.

Тарихи мағлұматтарға карағанда, «Едіге» жыры Едігенің ордадан қашып шыққан кезінен бастап айтылады. Бұл – 1390-1395 жылдардың кезі. Міне, содан бері «Едіге» жыры ел аузында 550 жыл шамасындай жасап келеді.

«Едіге» жыры жалғыз қазақ халқында ғана емес, бұрын Алтын Орда ұлысына кірген қазақпен туыс халықтардың көбінде айтылады. «Едіге» жыры осы күнге дейін Қырым мен Кавказдағы ноғайлыларда, қарақалпақ, түрікмен, башқұрттарда, Батыс Сібірдегі барабылықтарда, Алтай халықтарында, тағы басқаларда айтылады. Бұл «Едіге» жырының түрік халықтары арасына көп тарап, кең жайылған әңгіме екенін көрсетеді.

Едіге жырының ең толығы, тарихи оқиғасы дұрыс сақталғаны, көбінесе, қазақ, қарақалпақ және Каспий жағасындағы көндігер ноғайлылар айтатын түрлері. «Едіге»

жырының бұл елде де айтылатын түрлерінің бәрінің де бүгінде баспасы бар.

Қазақта айтатын «Едіге» жырын бірінші рет жазып алған аталы-балалы Шыңғыс пен Шоқан Уәлихановтар. Одан бұрын оның бір қысқа түрі орыс тіліне аударылды, ол 1820 жылы «Сібір вестнигі» деген орысша журналда басылып шықты.

Әкесі мен Шоқан «Едіге» жырын аулында жатқан қыпшақ Жұмағұл деген ақыннан жазып алады (1841 ж.). Онда Шоканның ауылда оқып жүрген шәкірт кезі. Осы күнге дейін әлденеше рет басылып жүрген «Едіге» жыры сол Шоканның тірі күнінде орысшаға аударылып, сол кездегі кейбір журналдарда үзінділері басылып жүрді.

Шоқан жазып алған «Едіге» жырының тұңғыш рет қазақ тілінде басылуы – 1905 жылы. Оны бастырушы – сол кездегі Петербург университетінің профессоры Мелиоранский деген кісі. Бірақ, Мелиоранский бастырған «Едіге» жырында қате, жаңылыс жерлер көп болатын. Оны 1937 жылы инженер Қаныш Сәтбаев түзетіп бастырды. «Едіге» жырының көп басылғаны әсіресе революциядан кейін.

Бұл жырдың Шоқан жазып алғаннан басқа тарихи бағалы бір түрін Әбубәкір Диваев жазып алып, 1922 жылы Ташкентте бастырып шығарды.

«Едіге» жыры мазмұн мен құрылысы жағынан мынадай кезендерге бөлінеді: Едігенің ата тегі, туысы, балалық шағы. Едігенің Токтамыс қолына келіп, бақташы болып, артынан орданың биі болуы, ел басқару жөнінде Токтамыс пен Едігенің арасына ала ауыздық туып, біріне-бірі қас болуы, Едіге ордадан қашып, Жайық бойына барып, ондағы елді толқытуы. Токтамыс атынан Едігені ордаға шақырып, Жамбай бастаған тоғыз батыр келуі. Жамбай мен Едігенің

қайымдасуы. Едіге ордаға бармай, Тоқтамыстан кек алу үшін көмек алғалы Сәтемірге (Әмір Темір) жөнелуі. Ең соңында Едіге Самарқандағы Сәтемірге барып, одан қалың қосын шығарып, Тоқтамысты ордадан қуып шығуы, тағы басқалар.

Едігенің туысы, ата тегі туралы жыр былай дейді: «Ерте заманда Баба Омар деген әулие болған екен. Он бес жасында ол аралап жүріп, бір қызға көзі түссе, ол қыз екіқабат болашты. Қыз жүкті болып, ұл тауып, ұлдың атын Баба түкті шашты Әзіз қойышты. Баба түкті шашты Әзіз жиырма жасқа келгенде, ол да әулиелік құрып, Ағын дариясының жағасына барады. Дария жағасына барса, алтын шашын алдына салып тарап отырған бір қызды көреді. Баба түкті шашты Әзіз қызға жақын келгенде, қыз суға шомып түсті. Баба түкті шашты Әзіз қыздың соңынан суға шомып түсті. Дарияның астында алпыс ақ отау үй тұр екен, шашты Әзіз отауға кіріп барады. Ішінде ай десе – аузы бар, күн десе – көзі бар, бұлғарыдай бұлқыған, иісі жұпар аңқыған ғажайып бір қыз отыр екен. Қызды көрді де, қайта шықты. Қыз етегінен ұстап: «Иә, жігіт қайда барасын?» – дейді. Жігіт оған қарап тұрды. Қыз айтты: «Егер мені алмай кетсең, он бестегі күнәм сенің мойныңда». Жігіт ақыл ойлады. «Мен сені алмай кетсем, күнәм жоқ болар» – деп едім, алмай кетсем, күнәм көп болады екен, алайын», – деп ой қылды. Некелеп алды. Қыз: «Әбден менікі болдың ба?» – деді.

– Иә, болдым, – деді.

– Олай болса, мен етігімді шешкенде, етігіме карама, көйлегімді шешкенде, қолтығыма карама, басымды жуғанда, шашыма карама, – деді.

Күндерде бір күн етігін шешті: аяғы ешкінің аяғындай, оны жігіт көрді. Бір күні көйлегін шешті, қолтығынан өкпесі

көрініп тұр. Жігіт оны көрді. Қыз жігіттің көргенін біліп, аспанға ұшып кетті. Бірақ, қайта түсті. Тағы күндерде бір күн қыз шашын жуды: бас терісін алдына алып тарап отыр екен, жігіт оны көрді. Қыз аспанға ұша жөнелді.

– Ей, жігіт, – деді, – ішімде алты айлық балам кетіп барады. Ніл дариясының басына, Құмкент шаһарының қасына баланды тастап кетермін, өзін іздеп тауып ал, – деді.

Сонымен, қыз кетті. Баба түкті шашты Әзіз баланы іздеп Ніл дариясының басында, Құмкент шаһарының қасында жібек орамалға ораулы баласын тауып алды. «Елсіз, күнсіз жерде туды» деп атын «Едіге» қояды. Баланы жаурынан танып, Тоқтамыс ханның ел-жұртына алып келді. Ноғайлының жұрты екен. Үш жасқа келгенде, қолынан ұстап сабаққа алып барды. Баланың бар міндетінен құтылған соң, Баба түкті шашты Әзіз ғайып болды, ұшып кетті.

Едіге сегіз жасқа жеткенде оқу бітірді. Оқуда тоқсан бала бар еді, олармен күрескенде, бәрін жықты. Олардың бәрін киімін үйіп салып, үстіне шығып отырып: «Міне, Тоқтамыс ханның тағының үстіне отырдым», – деді.

Баланың бұдан кейінгі тіршілігі Тоқтамыстың қойын бағудан басталады. Едіге Тоқтамыстың қойын бағып жүріп, өзінің білгіштігін көрсетеді. Білгіштігі Тоқтамысқа естіліп, ол сонымен Тоқтамыстың атакты бні болады. Бірақ, ел басқару ісінде біріне-бірі қайшы келіп, үйлесе алмайды, Едіге өзінің өмірінде Тоқтамыспен де, соның баласымен де таласып-тартысып жауласып өтеді.

Жырда Едігенің өмірі, ісі түгел айтылып, шындықпен суреттеледі. Жырдың Едігенің перінің қызынан тудыруы – ислам идеологиясының қоспасы. Ал, Едігенің аталары –



Баба Омар, Баба түкті дегендер – бір кезде Қаратауда жасаған тарихи адамдар. Олар – Орта Азияға ислам діни тарай бастаған кезде жасаған адамдар. Осы күнгі Қаратаудағы «Нәби ата», «Құмкент», «Қызыл көл», (Ағын дариясы) дейтін жерлер – сол Едіге аталарының бір кездегі қонысы. «Ана тамы», «Баба ата» дейтін жерлер – жырда айтылатын Баба түкті мен перінің қызы деп аталатын Едігенің ұлы анасының жәдігерлері болады. Олардың «Баба түкті», «Пері ана» деп аталып кетуі тек бергі кездегі жұртшылық қиялынан туған. Болмаса Едігенің арғы атасы тарихи заманнан қария, би, данышпан адамдардан саналып, олар тек қартайған шағында ғана әдеттен тысқары іске салынған сияқты. Міне, осы әдетті халық қиялы өзінше өңдеп, бергі кезде Едігенің моласын қасиеттеген тәрізді, оның арғы аталарына «әулие» деген ат тағатын болған. Тарихи жазулар «Баба түкті» мен «Пері ананың» зираты Құмкент қаласының қасында, Қаратаудың теріскейінде Қызыл көлдің жағасында екенін айтады. Бұған қарағанда, ол зираттар Қызыл көл маңындағы «Баба ата» («Баба түкті»), «Ана тамы» деген жерлерге дәл келеді. Бұдан басқа Баба түктінің моласы (кешені) Қаратаудың теріскейінде тұратын казактарға әлі күнге дейін мәлім<sup>52</sup>. Мұның ертегі әңгімеге айналған түрі кейде халық жырларында да кездеседі. Мысалы, «Шора батыр» жырында Нәрікбай мен Гүлханым әулиеге ат айтып, Қорасанға қой айтып, бала іздеп елсізде келе жатса, оларға ғайыптан ақ сақалды бір қария жолығады. Қария бала іздеген Гүлханым пен Нәрікбайды көріп, былай дейді:

– Сендер Баба түкті шашты. Өзізге бардыңдар ма? – дейді.

Олар:

– Жок, – дейді.

– Олай болса, сендер Баба түкті шашты Өзізге барып түнендер, ол кісінің моласы бұл уақытта тіпті жер болып кеткен, өзі Қаратаудың қасында, – дейді.

Міне, осы сияқты халық аңызы мен тарихи жазуларға қарағанда, Баба түктінің моласы Қаратауда болып, бұл жер (Қаратау мен Түркістан арасы) бұрын Едіге атасының қонысы болған. «Ана тамы», «Баба тамы», «Баба ата», «Құмкент» дейтін әлі күнге осы айтқан Қызыл көлдің төңірегінде болады. Бұл айтқан жерлер қазіргі Ащысай кенінің солтүстік батысында Шолаққорған мен ортада болады. Едігенің арғы аталары делінетін Баба Омар, Қожа Ахмет Йассауи деген кісілер – атақты адамдар. Жоғарыда айтылған жерлер – осы кісілердің туып-өскен жерлері болады. Бұлар арабша оқыған ғалымдар болғандықтан, уақыттарының көбін әрқашан Түркістан, Талас қалаларда өткізетін болған.

«Едіге» жырының кейбір түрлерінде Едігенің арғы атасы төрт шаһриярмен аталас келеді. Бұл тарихи дұрыс емес. Едігенің арғы атасы саналған Баба Омар арабтың Омар халифасынан бүтіндей басқа. Едігенің арғы аталары (көндігер ноғайлы жұрты) Мысыр жеріне барып, әлеумет ісіне қатынасқандықтан туған. Тарихи жазулардың айтуынша, Едігенің аталарында (Термеуіл) Қаратау бойынан Мысыр өлкесіне әскер болып барып (XII ғ.), кейін одан Жайық бойына келіп, қоныс алғандары болған.

Жыр Едігенің арғы аталарын сәуегей қып көрсетеді. Бірақ, оның тарихи дұрыстығы басқарак, өйткені Едігенің бергі аталары (Термеуіл, Қызшы, Қадырқия, Құттықия) атақты шешен, білікті би, топ басы адамдар болған. Едігенің өз әкесі Құттықия Алтын Орданың белгілі ханы Жәнібектің атақты биінің бірі болып, екінші жағынан, оның саятшысы, күсбегі

болады. Одан кейін Тоқтамыстың әкесі Толықожаның биі болады. Бірақ, Едігенің өз әкесі бергі кезде айтылатын Едіге жырында бүтіндей ұмытылған.

Тарихи жазулардың айтуынша, Едіге ол кездегі Қыпшақ ұлысына кіретін Қонырат (князь) руынан болып, оның шешесі ақ манғыт (ноғайлы) жұртының бір бегінің қызы болады. Бірақ, жырда Едігенің өз анасы айтылмай, ертегі бойында ұлы анасы айтылады. Жырда Едігенің анасы – «Перінің қызы». Оның денесін (басын, аяғын, қолтығын) Баба түктіге көрсетпейтіні – ислам идеологиясының сыры.

Жырда Едігені Баба түкті Құмкент қаласынан тауып алып, ноғайлының ханы Тоқтамыстың ордасына әкеледі. Мұнда біраз тарихи қиғаштық бар. Өйткені, Тоқтамыс Едігеден үлкен емес. Екеуінің жасы шамалас. 1335 жылдары Тоқтамыс Орыс ханмен жауласып, Ақ Ордаға таласып жүргенде, Едіге Тоқтамыстан Сәтемірге барып, оның қолында әскер басы болып тұрады. Бұл кезде Тоқтамыс та, Едіге де отыздың ішіне кірген, ел басқаруға жана кірісіп жүрген жас жігіттер. Тоқтамыстың Алтын Орда ұлысын басқаруы 1380 жылдан басталады. Жібек орамалда ораулы жатқан Едігені Құмкент қаласының жанынан тауып алып, Тоқтамыстың Ордасына әкелу Едігенің Тоқтамыс қолында жігіт болып жүрген кезінде істеген даналық, білгіштік істерін меңзейді.

Екінші жағынан Едігені шешесінен айырып су басында қалдыруы, Едігенің жастай қалуымен байланысты. Мұны кейбір тарихи мағлұматтар да дәлелдейді. Едіге жас күнінде шешесінен жетім қалып, әкесімен туысқан Есеби деген кісінің қолында тәрбиеленеді. Каспий жағасында осы күнге дейін

айтылатын атақты «Құбығұл» жырындағы Құбығұл осы Есебидің баласы, Едігенің немере туысқаны деседі. Жетім қалған Едіге, жырда айтқандай, Тоқтамыстың Ордасына келгені рас болса, ол – Тоқтамыстың әлі хан болмай тұрған кезі, әкесі Толықожаның Ақ Орданы билеп тұрған кезі болады (1355-1360 жж.). Бұл кезде Едіге жас өспірім жігіт. Тоқтамыс Алтын Ордаға хан болған кезде (1375-1380 жж.), Едіге Сәтемірге әскер бас болып, аты шыққан білімді адамның бірі. Мұны бұл кезде Едігенің өзімен істес болған Тоқтамыс та жақсы білетін. Сондықтан Тоқтамыс Едігені қызметке шақырғанда, оны, жырда айтқандай, қойшы күйінде емес, би атын алып, халыққа белгілі болған кезінде шақырады. Жырда мұны ишаралайтын мынадай сөздер бар:

Жаурындары жақталы,  
Түйме бауы тартпалы  
Ал кара кіс тон берелі:  
Мұны үстіне ки, – деді.  
Көк ала жорға ат міне, – деді,  
Көкте белбеу бу деді.  
Тұтам бауы сом алтын  
Ақ сұңқар құс берелі,  
Ұшан теңіз шүй, – деді.  
Қырымнан қиын дау келсе,  
Төресін соның бер, – деді.

Сөйтіп, алдында Сәтемірдің өзімен бірге болған Едігені Тоқтамыс зор құрметпен қарсы алып, жұртшылық ісін басқартады. Тарихи айтқанда, Қырым мен Жайық бойындағы елдерді басқартады.

Халық қамқоры Едіге ел ісін көпшілік мүддесіне сәйкес жүргізеді. Бұқараның тілегімен іс қылады, кара қылды қақ жарған әділ болады, жұртқа беделі артады, елдің дауын бітіріп, жауын жапырып, көңілін тындырады. «Ел қамын

жеген Едіге» атанады. Тоқтамыс та, онын Жамбай сияқты жендеттері де елдің ері Едігені көре алмайды, күндейді, көзін жоймақ болады. Бірақ, Едіге сияқты халықтың қадірлісін жұрт көзінше өлтіру Тоқтамысқа оңай болмайды. Тоқтамыс пен Жамбай Едігені мас қылып, амалмен өлтіруді ойласады, ол үшін той жасатады. Ханның зұлымдығын Едіге өзінің достары арқылы күні бұрын біліп алады. Той күні Едігенің досы Аңғысын жұрт той тойлауға кіріскенде, байлаулы тұрған аттардың үзенгісін кесіп қояды да, бір атты Едігеге дайындап тұрады. Тоқтамыстың жендеттері Едігені қошеметтегенсің қолға ала бастағанда, Едіге сытылып үйден шығып, Аңғысын даярлаған атқа отырып, Ордадан каша жөнеледі.

Тарихи мағлұматтарға қарағанда, бұл уақытта, яғни Едігенің Тоқтамыс Ордасынан қашып шығуы 1391 жылдың шамасы.

Бірақ, жырдың айтуы бойынша, Едіге бұл айтқан Сарай қаласынан емес, Тоқтамыстан Дон өзенінің бойындағы жайлаудан қашады. Еділден өтіп, Жайық бойына келіп бірсыпыра уақыт жүреді.

Жырда Сыпыра жыраудың Тоқтамысқа:

Сонау бір жалғыз құбаша ұл

Өлі де ұзап кеткен жоқ

Еділден ары өткен жоқ,

– дейтіні, Едіге қашқан кезде Тоқтамыс ордасынан Солтүстік Кавказда не Дон өзені бойында екенін, Едігенің Еділден өтіп, Жайық бойына келгенін көрсетеді.

Едіге Жайық бойында жүргенде ноғайлы-қыпшақтарды толқытып, оларды Тоқтамысқа қарсы үгіттейді.

Едігенің бұлай Ордадан қашып, халық бұқарасының ортасында жүргені Тоқтамысты қатты қауіптендіреді. Алтын

Орданың бұрынғы бытыраған ұлыстарын уақытша бір тәртіпке бағындырып отырған Тоқтамыс: «Едіге өз алдына бір ұлыс ашып, Алтын Орданың орталығын әлсірете ме»? – деп сасады. Едігені Ордаға шақырып, алудың шарасын қарастырады. Ол үшін кеңес (құрылтай) шақырып, жақын билерден ақыл сұрайды. Бірақ, ол кезде Алтын Ордаға кеңесші болып жүрген билер Едіге мен Тоқтамыстың арасы мүлдем ашылғанын біліп, Тоқтамыспен скеуін қалай жуықтастырудың есебін таба алмайды. Жырдың айтуынша, Тоқтамыс ақыл сұрауға шақырған билер әр рудан болады. Мысалы, арғыннан Қарақожа би, қыпшақ Қобыланды батыр, кенгестен Жамбай, алшыннан Үсентайұлы Құдайберді, уақтан Ақбалтырұлы, тағы басқалар. Бірақ, бұлардың ешқайсысы да Тоқтамысқа Едігені келтірудің амалын тауып бере алмаған сияқты.

Есенімде ескімді берсем, елемес,

Егескенде, жыға тепсем, кектемес,

Есентайұлы Құдайберді батырым,

Толғап бір көрші – деп еді.

Еңкейіп үйге кіргеннен,

Тұрды-дағы, сөйледі,

Айтып еді бір сөзді.

Үкіліне түспеді,

Байыбынна бармады,

Оның сөзін жаратпай:

«Үйімнен тез шық», – деді...

Би мен батырлар не істерін білмей дағдарған соң, Тоқтамыстың бас биі Жамбай Сыпыра жырау дейтін қария барын, содан ақыл сұрауын айтады:

Ноғайлының ауыр жұрт

Абдырады, айналды.

Айналып, кенес таппады,  
Лузында отыз тісі жоқ.  
Сұп аяқты, сұп бөрікті,  
Сыпыра сынды сұп жырау,  
Салтанатқа ұлае мен бұлде арттырып,  
Алып бір келші – деп еді...

Ақыл сұрайтын мұндай қарияны Үргеніш сияқты өлкеден алдыру үшін, Токтамыс ерекше арба жасатады. Әйтпесе, 180 жасап, қаусап отырған қартты Еділ бойына жеткізу екі талай. Қарт жырауды алдыруға жасатқан арбаның:

Күпшегі болсын еменнен,  
Сабағы болсын күмістен,  
Арысы болсын алтыннан,  
Күймесі болсын кестелі,  
Белдігі болсын қатқан қайың безінен,

– дейді жыр.

Сыпыра жырау – Қыпшақ ұлысының Едіге тұсында болған атакты қариясының бірі. Алтын Орда тарихынан оның білмейтіні жоқ. Жырдың айтуынша, 180 жасаған, Алтын Орданың ол кездегі бар тарихымен тұтас. Ол Алтын Орданың хандарын тегіс қолдарынан өткізген, бәрінің де ісін жақсы біледі. Сыпыра жыраудың Токтамысқа келген жерін жыр былай суреттейді:

Сұп аяқты, сұп бөрікті,  
Сыпыра сынды сұп жырау,  
Алып бір жетіп келгеннен,  
Еңкейіп үйге кіргеннен,  
Қол қусырып тұрғаннан,  
Тұрды-дағы толғайды,  
Сарнайды да, жырлайды,  
Толығып сарнап жырласа,  
Сансыз ноғай торлайды.

Үкіліне түскен жақсылар:  
«Не оқиға болды?» – деп,  
Қамыққаннан зарлайды.  
Үкіліне түспес жамандар:  
«Қартайғанда қазымыр  
Сандыраққа басты», – деп,  
Көңілсіз жүр се таңдайды...

Сыпыра жырау Токтамыстың алдында бұрынғы-соңғы хандарды тізбектеп сипаттап өтеді. Сыпыра жырау атаған хан аттары қазақ жыршылары айтатын «Едіге» жырында сақталмаған. Осы күнге дейін басылып жүрген жырда ұмытылмай айтылып жүргені тек Шыңғыс, Оқтай (Кедей), Өзден сұлтан, Жәнібек, Токтамыс қана. Алтын Орданы басқарған хандардың аттары мүлде өзгеріп, «Ала хан», «Қарахан», «Назар хан» деген сияқты тек өлең ұйқасына қарай айтылған. Бірақ, баспа түрінде шықпаған «Едіге» жырының кейбір түрлерінде Алтын Орданы басқарған хандардың аттары тарихи өте айқын суреттеледі. Мысалы, жырдың қолда бар түрінде Сыпыра жырау мына хандарды атайды: «Мұнарасы қырық құлаш Сайын хан», «Көк темір жасаушы Күйік хан», «Алтын садақ атушы Жошы хан», «Төрт ат басы Ақшатырда тұрушы Токта хан», «Балтадан тас көшіруді білген Барақ хан», «Үзенгісі сом алтын, өзі болған Өзбек хан», «Тебингісі алтыннан, кешегі күн ғана хан болған Темір баулы Тыныбек», «Торқа киіп, алтын көрпе жамылған Өзден сұлтан Жәнібек», «Сауытының шынжыры ылғи алтыннан, той бастайтын Төлқожа», Бұлар – Алтын Орда тарихында белгілі адамдар. Бұлардың ішінде Күйік хан –1246-1248 жылдары Шыңғыс империясының ұлы ханы болған, Шыңғыстың немерелерінің біреуі. Сайын хан – тарихта белгілі Жошының ортаншы баласы Бати ханның

лақап аты (1227-1256). Өзгелері де, мысалы, Токта (1290-1292), Өзбек (1312-1340), Жәнібек (1340-1357), Тыныбек (1340-1357), Барақ (1420-1425) – бәрі де Алтын Орданың белгілі хандары.

Сыпыра жырау Токтамыстың алдына келіп жырлағанда, осы айтқан кісілердің қаншама уақыт хан болғанын сөйлеп және қандай жұртшылық ісімен аты шыққанын көрсетіп, Алтын Орданың екі жүз жыл жасаған тарихын айтып шығады.

Сыпыра жыраудың айтуынша, Алтын Орда Токтамыс дәуірінде бүтіндей дағдарған, онда енді ешбір болашақ жоқ. Сондықтан оның жұртшылық өркендеуінен түнілген жырау сөз арасында мазасызданып қояды:

Артынан келіп қарасам,  
Қаһардан пайда болғандай,  
Алдыңнан келіп қарасам,  
Жыланнан пайда болғандай.

Сыпыра жыраудың бұл сөзі Алтын Орданың әбден азып, оның жұртшылық ісі күйрей бастағанын дәлелдейді. Сыпыра жырау Токтамысқа ақыл беріп: «Едігемен дос бол, әйтпесе, ол Орданы ортасына түсіреді», – дейді:

Сонау бір құбаша ұл,  
Әлі де ұзап кеткен жоқ,  
Еділден әрі кеткен жоқ,  
Тоғыз мынау еріңді  
Тобыменен жібер де,  
Алдап-сулап қасына ал...

Сыпыра жырау Токтамыстың көңілін аулау үшін Едіге туралы кейде қатты сөз айтса да, сөз арасында оның адамшылық қасиетін көтеріп отырады.

Мысалы:

Кешегі кеткен еңселі,  
Ерні салшы құбаша ұл,  
Осынша жасқа келгелі  
Сондай ер туған жігітті  
Көре алмаған қартыңмын...  
Есен-аман кетсе ол,  
Еділден арман өтсе ол,  
Сәттемір ханға жетсе ол,  
Осы үшін бір-бір сірә да  
Сенен алмай қоймас-ты...

Токтамыс тоғыз батырын Едігенің сонынан жіберіп, оны Ордаға алдырмақшы болғанымен, Ордадан әбден түңіліп, оның сүркія бақ күндес бектерінен көңілі қалып шыққан Едіге, Ордаға қайтқысы келмейді. Қайта Токтамыс жіберген Жамбай сияқты сұмын сықак етіп, қайтсе де Токтамыстан кек алатынын айтады. Едігені алдап-сулап шақыруға үміттеніп келген Токтамыстың биі Жамбай екі жүзділікпен Едігеге келіп, былай дейді:

Ей, Едіге, Едіге,  
Едіге, сен енді қайт сана.  
Қайтып Еділ өт сана:  
Еңсесі биік Ақ Орда,  
Еңкейіп сәлем бер сана:  
Ернеуі жұқа сары аяқ,  
Ер сарқытын іш сана:  
Жауырындары жақталы,  
Түйме бауы тартпалы,  
Ал кара кіс тон береді,  
Үстіңе оны ки сана:  
Көк ала жорға ат мініп,  
Көк дауылпаз байланып,  
Ұшан теңіз айналып,

Тұтам бауы сары алтын  
Ақ сұңқар құс береді,  
Көл айнала шүй сана!  
Тармақтар түсіп қалған  
Арбаң да арбаң жүгіртіп,  
Салтанатқа мін сана...  
Тоқтамыстай хан иең,  
Саған өкпе қылады,  
Өкпе-пана сөзінді  
Хан алдында арыз қып,  
Өз аузыңнан айт сана...  
Кел, Едіге, бауырым,  
Енді райдан қайт сана...

Бірақ, Тоқтамыстан түнілген Едіге Жамбайдың бұл айтқан екі жүзді сөзіне ешбір жібімейді. Қайта ол Тоқтамыс бектерінің сұрқия істерін бетіне басып, оларға қарсы ашынған кегін тура айтады:

Мен қайтпан-ды, қайтпан-ды,  
Қайтып Еділ өтпен-ді,  
Еңсесі биік Ақ Орда  
Еңкейіп сәлем бермен-ді,  
Еңсеме қатты елімнен  
Болат шоклар тиген-ді.  
Енді еңкейіп барман-ды.  
Өкпе-пана сөзімді,  
Көкпен оғым зуылдап,  
Зымырап барып, қайтпаса,  
Сірә аузымнан айтпан-ды.

Едіге Жамбайға айтқан сөзімен Алтын Орданың билерін, олардың залымдығын әшкерелейді:

Ей, Тоқтамыстың тоғыз ер,  
Сен тоғыз да мен жалғыз.  
Дәмен болса, кел доңыз.  
Қамшы тиер мойнына,  
Қан сорғалар қойнына,  
Шыдамасаң біраздан,

Арғы қылған ойыным,  
Ей, Кеңестің ұлы Кен Жамбай,  
Кеңесің кеткен бок, Жамбай,  
Ашпа көзің, тесермін.  
Сөйлеме тілің кесермін.  
Атаң кара кісі еді,  
Мал бергеннің құлы еді.  
Анаң кара кісі еді,  
Ас бергеннің күні еді...

Едіге Жайық бойындағы елдердің арасында бір-екі жыл жүріп, Тоқтамысқа қарсы күш жияды. Жайық бойындағы Сарайшық қаласында жатып, онда Алтын Ордадан бөлек, бұрынғы Ақ Орданың орнына «Ноғай Ордасы» деген жеке ұлыс құрмақшы болды. Бірақ, Тоқтамыс Едігеге қарсы қол шақырып, оның ол ойына ерік бермейді. 1391-1392 жылдары Едіге бастаған мұндай халық толқынының жайы Тоқтамыстың 1392 жылы Польша королі Ягайлоға жазған хатынан байқалады. Хаттың мазмұнына қарағанда, Едіге бастаған халық бұқарасының қозғалысы Тоқтамыстың қалың қолына мардымды күш көрсете алмай, үстемдік Тоқтамыс жағында болды. Едіге:

Еркек боп атқа мінген соң,  
Бір жол алып жүрген соң,  
Қатындай болып, қайтпан-ды...

Бұдан әрі Едіге Тоқтамыстан кек алатынын, Ордасын шабатынын айтады:

Мен кетемін, кетемін,  
Сәтемір ханға жетемін  
Сәтемір хан қол берсе,  
Алла тағалам жол берсе,  
Тілегіме жетемін...

Қырқада біткен қырық адыр  
Қырық басып, жортпасам,  
Қырық күншілік шөліне  
Айдынды бұлақ салмасам...  
Керегенді кертпесем,  
Кертіп, отын қылмасам...  
Тоқсан басты Ақ Орданы  
Тонамай, не болмасам,  
Торылы жылқы тобыңды  
Түптеп жиып алмасам,  
Едіге атым құрысын...

Едігенің бұл сөзі Алтын Орда хандарынан әбден түңілген, қажырлы ердің қайнаған кегі екенін көрсетеді. Едігенің Тоқтамысқа қарсы мұндай ерлік ісі, жалынды сөзі кейінгі Орақ, Мамай, Телағыс, Қарасай, Қази, Сырым, Исатай батырлар мен Махамбет, Мұрат сықылды ақындарға да үлкен әсер етіп, олардың ханға, патшаға қарсы күресіне ерлік қуат берген. Жайық пен Еділ арасында екі-үш жыл бойы жүріп, іс шығара алмағанына күйініп, жырда Едіге былай дейді:

Тауда жүрген бөрі едім,  
Талшығыма тайлы бие жер едім,  
Ойға түстім, қой болдым,  
Көңілдескен көп жаманға қор болдым...

Жайық бойындағы елді көтеріп, іс шығара алмаған соң, Едіге енді басқаша шара қарастырды. Жайық бойынан кетіп, көмек алуға Самарқандағы Сәтемір ханға жөнеледі. Едігенің Сәтемір ханға баруы – тарихи шындық.

Осымен байланысты жырдағы шындыққа жанаспайтын бір нәрсе – Едігенің жол-жөнскей бір дәуге жолығып, одан Сәтемір ханның қызын тартып алатыны. Бұл, әрине, тарихи дұрыс емес. Бұл тек бергі кездегі ақындардың қиялымен

қосқаны. Өйтпесе, Каспий жағасындағы ноғайлар айтатын «Едіге» жырында Едіге Сәтемірдің қызын дәу қолынан емес, кабарда халқынан, ханның қолынан айырып алады. Екінші жағынан, Едігенің Сәтемірдің қызын тартып алуы Едігенің Алтын Ордадан қашып, Сәтемір ханға келе жатқан жолы емес. Бұл кезде (1392-1395) Едіге бірсыпыра жасқа келіп, оның баласы Нұрадыңның өзі сақа жігіт болған кезі. Едігенің Сәтемірдің қызын алуы, Едіге мен Тоқтамыстың Сәтемірге әскербасы болып, Ақ Ордадан кетіп, Сәтемір қолына барған кезі. Бұл кез 1370-1380 жылдар арасында болғандықтан, жырдың Нұрадыңды Едігенің Ордадан қашып Сәтемірге бара жатқан жолына байланысты (1391-1395) туғызуы – тарихи жаңылысқандық. 1395 жылы Едіге Сәтемірді Алтын Ордаға қарсы шығарып, оның қалаларын қираттырады. Тоқтамысты Орададан қуып шығарып, Алтын Орданың билігін Едіге өз қолына алады. Қария сөздерінің айтуынша, Едіге мен Сәтемір әскері Алтын Орданың шетіне жеткенде, Тоқтамыс олардың алдынан кісі шығарып, Едігені бітімге шақырады. Тоқтамыс Едігеге үш түрлі шарт ұсынады: бірінші, Тоқтамыстың қолында қалған Едігенің бәйбішесін көп алтын-күміс айыппен Едігенің өзіне қайыру, Алтын Орданың бар мүлкінің жартысын Едігеге бөліп беру; екінші, Едігеге ерген бұқараға мал-мүлік беру; үшінші, Еділден төменгі жерді (Ноғайлы ұлысын) тегісімен Едігеге беру.

Бірақ, Едіге Тоқтамыстың бұл шартын місе қылмайды. Ақсақ Темір – ол да Едігені алдына ұстап, Едігеден бөлек басқа бітімге келгісі келмейді. Ақырында, қырғын соғыс болып, Едіге мен Сәтемір әскері Еділ, Жайық бойындағы қалаларды шауып, күйзелушілікке ұшыратады. Тоқтамыс Ордадан қашып, Литва жеріне барып, паналайды.

Тоқтамыстың Едіге мен Сәтемірге кісі жіберіп, бітімге шақырған жерін жыр былай айтады:

Ей, жұртым, қойларыңды сойыңдар,  
Қол қусырып алдына барыңдар,  
Сендерге тимес.  
Мен үшін бүлінбеңдер, – дейді.

Тоқтамысқа аяусыз кекті болған Едіге, оның тілегіне көнбей, Алтын Орданы күйретіп, Тоқтамысты Ордадан қуып шығады. Осы сықылды жағдайларды меңзейтін «хан қашып, би қуғанын көрдің бе»? – деген жұрт аузына мәтел қалады. Мұны жырдан да көруге болады. Тоқтамыс Ордасынан қуылып, ел-жұрты, жер-сумен қоштасқанда, былай дейді:

Ей, жігіттер, шоралар,  
Ханнан қайрат кеткенде,  
Биге медет жеткенде,  
Хан қашып, би қуғанда,  
Хан Тоқтамыс көрленіп,  
«Байтағым!» – деп зарланып,  
Айтып, жылай жөнелді:  
Ей, байтағым, байтағым,  
Бастатып сені алдырттым,  
Ал, аман бол менен соң.  
Байтағымның ішінде  
Он сан елім ноғайлым,  
Сені тағы алдырттым,  
Он сан ноғай ішінде  
Үш жүз алпыс отау қазағым,  
Сені тағы алдырттым,  
Ал, аман бол, менен соң!...

Мұнан әрі жырда Тоқтамыстың Ордаға қайта айналып, оралар үміті айтылады:

Бұл барғаннан барармын,  
Телікөлден асармын,

Кекілдінің көліне  
Баса бір барып жатармын.  
Аллам – нем ес берсе,  
Әруақтар дес берсе,  
Он үш жылдың ішінде  
Қайта айналып жетермін...

Бұл жөнінде жырда тарихи оқиға дұрыс айтылған. Жырдың айтып отырған он үш жылы Едігенің Алтын Орданы басқарған кезін көрсетеді. Бұл кез – 1395-1408 жылдар арасы.

Едіге 1395 жылы Тоқтамысты Алтын Ордадан қуған соң, елді басқару Едігенің өз қолында қалады. Бірақ, Едіге Алтын Орданың ұлы ханы болмайды. Ол кездегі салт бойынша, хан бір ғана Шыңғыс тұқымынан болуы керек. Сол себепті, Едіге өзі Алтын Ордаға би болып, жиені – Темірқұтлық дегенді хан қояды. Бірақ, Алтын Орданың ішкі-тысқы билігі Едігенің қолында болады. Едіге жұрт басқару ісін халық бұқарасының тілегіне сәйкестендіріп жүргізеді. Сонысына орай халық «ел қамын жеген Едіге», «Едіге деген ер еді, Елдің қамын жер еді», – деп, аңыз қалады. Халық Едігені «ел қамын жеген Едіге кедей, нашарлардың досы еді, оларға зор мейірімділікпен қарайтын еді», – деп еске түсіреді.

Бірақ, Едігенің Алтын Орданы басқаруы ұзаққа созылмайды. Алтын Орданы ол он бес жылдай (1395-1409) басқарып, көбінесе, елдің ақылгөй биі, қамқор қариясы ретінде болады.

Ордадан қуылып, Витовтка барып паналаған «Тоқтамысты қайырып бер», – деп, Едіге 1399 жылы Витовтка хат жазады. Витовт Едігенің бұл ұсынысымен санаспайды. 1399 жылы Алтын Ордаға қалың қол аттандырып, Алтын Орда үкіметін Тоқтамысқа қайырып бермекші болады. Бірақ, Едігенің қолын Тоқтамыс пен Витовттың біріккен күші жеңе алмайды. 1399



жылы Ворскла өзенінің жағасында болған соғыста Едіге бастаған қыпшақ әскерлері поляк-литва әскерлерін Алтын Орда жерінен қуып шығады. Бұл Ворсклада болған қанды майданнан кейін Витовт Тоқтамысқа пана бола алмайды. Тоқтамыс одан қашып, Орталық Қазақстан жеріне келіп, онда алты-жеті жыл шамасы Едігеден жасырынып жүреді. Бұл 1399-1406 жылдары арасында Тоқтамыстың қырға келіп, қашып жүргені жырда дұрыс айтылады:

Бұл барғаннан барамын  
Телікөлден асармын,  
Кекілдің көліне  
Баса барып жатармын.

Жырдың айтуынша, Тоқтамыс осы айтқан Кекілдің көлінде күн кешіріп жатқанда, Едігенің баласы Нұрадын келіп, Тоқтамыстың басын кесіп қайтады. Бұл Телікөл мен Кекілдің көлі Атбасар ауданында.

Тарихи жазуларға карағанда, Тоқтамысты өлтірген Нұрадын емес, Шадыбек дейтін Едігенің жиені. Шадыбек көп әскермен Тоқтамысты іздеп шығып, 1406 жылы қазіргі Ақмола облысының төңірегінен тауып өлтіреді. Бұрын Көкшетау, Атбасар ауданында Тоқтамыс атымен байланысты бірталай жер болған, оның кейбірі осы күнге дейін ұмытылмаған сияқты.

Сөйтіп, Едіге Тоқтамысты өлтіргенімен, оның балаларымен жауласуы жуық арада тоқтала қоймайды. Тоқтамыспен жауласып жүргенде, Едіге өзіне серік болған екі бірдей биінен айрылады. Оның бірі – белгілі Темірқұтлық, ол 1400 жылы Тоқтамыс балаларының қолынан өледі.

1409 жылы Шадыбектің орнына Алтын Орданың ханы болып Темірқұтлықтың баласы Темір отырады. Бұл Темір – кейінгі кезде Алтын Орданың белгілі ханы болған Кішімұхаммед деген кісінің әкесі. Бірақ, Темір хан Едігемен онша үйлесе қоймайды. Сол себепті Едіге Қырымға барып, онда өз алдына жеке бір ұлыс ашады (1409-1416).

Жыр Едігенің бұл Темір ханға наразы болып кеткенінің орнына Нұрадынға наразы қып көрсетеді. Жырдың айтуынша, Едіге баласы Нұрадынмен ала көз болып, екеуі ноғайлы жұртын қак бөліп әкетеді. Мүмкін, бұл оқиға Нұрадынды әкесінен бөліп, Темір ханды жақтап қалуы да ғажап емес.

Тарихи жазулардың айтуынша, Едіге әбден қартайғанша іс басында болып, Алтын Орда ұлысын кейінгі кезде (1415-1419) Тоқтамыс балаларымен бірлесіп басқарады. Бірақ, Едіге мен Тоқтамыс балаларының Алтын Орда ұлысын бірігіп басқаруы көпке бармайды. Тоқтамыстың Қадірберді дейтін баласы атасының ескі кегін жоқтап, Едігені Сарайдан кумакшы болады. Осы ретте 1419 жылы Едіге мен Қадірберді арасында үлкен соғыс болып, Едіге қырға қарай қашып келе жатқанда суға кетіп өледі. Бұл Едіге мен Қадірберді соғысына ноғайлы жұртына аты шыққан атақты батырлардан Қобыланды мен Қосай қатысады. Қобыланды Едіге жағында болады да, Ер Қосай Қадірберді жағында болады, ал Ер Қосайдың өзі Елек өзенінің бойында оққа ұшады. Қария сөздің айтуынша, Қобыланды батырдың моласы Қобда өзенінің бойында. Қобыланды мен Ер Қосай – Едігенің соңын ала жүрген ноғайлының атақты батырлары.

Бұлардан басқа «Едіге» жырында айтылып жатқан Құдайберді, Қосдәулет, Қарақожа, Көк Жамбайлар – Алтын

Орданың Едігемен тұстас атақты билері. Бұлардың ішінде арғын Қарақожа би – Тоқтамыс атынан Әмір Темірге бірнеше рет елші болып барып, сонымен тарихта қалған кісі. Халық аузындағы сөздерге қарағанда, бұлардың жәдігерлері (моласы) Есіл өзенінің оң жақ бетінде.

Сонымен, жырда «Едіге қара қылды қақ жарған әділ би, ел қорғайтын батыр, ақылы асқан саясатшы», көпшілік мұның жоқтайтын қамқор болып көрсетіледі. Едігенің бұл сипаты өзінен кейінгі халық батырларына да зор әсер етіп, ел Едігені – «әділдіктің, ерліктің, бұқара қамқорының ұлы бейнесі» деп ардақтайды.

«Едіге» жыры – Алтын Орда дәуірінен қалған ноғайлық-қыпшақ жырының ең ескісі. Бұл жырда ұлыс басқарған кісілердің бейнесі қандай айқын суреттелсе, ол кездегі жұртшылық салты, мәдениет жайы да сондай дұрыс айтылып келген. Жырда кездесетін «еңсесі биік Ақ Орда», «ал қара кіс тоң» дейтін сөздер жырдың тарихи шындыққа тығыз байланыстылығын көрсетеді. Едіге жырының ескіден келе жатқан жыр екенін, жырдың тілі мен өлшеулері де көрсетіледі.

Мазмұн құрылысы жағынан алғанда, қазақтың батырлар жырларының ішінде «Едіге» сияқты өмірі тұтас айтылатын кесек жырлар өте сирек жолығады. «Едіге» жырының оқиғасы бір мазмұнды, бүтін, тұтас алып баяндайды. Жыр Едігені туганынан бастап, қартайып өлген шағына дейін түгел баяндайды. Жырда Едігенің туысы, балалық шағы, даналық істері, Тоқтамыс ханмен тартысы сатылай өрістеп айтылады. Халық жыры Едігені бұқараның қамқор батыры, ақылгөй дана, шешені қып көрсетеді. Сондықтан да халық жырындағы Едіге халықтың сүйікті ұлы есептеледі.

Қазақ халқының тарихи дәуірлердегі жауынгершілік тұлғасын көрсететін айбынды ердің бірі – Қобыланды.

«Қобыланды» жыры – «Едіге» жырының соңын ала жүретін ноғайлық-қазақ дәуірінен келген ескі жырдың бірі. Өзге батырлар жыры сияқты бұл жыр да белгілі тарихи оқиғадан туған. Қобыланды – Едіге, Тоқтамыс дәуірінде болған Алтын Орданың атақты батыры. Мұны жырдың оқиғасынан да және Қобыландымен туыстас адамдардың аттарынан да көруге болады.

Қобыланды батырдың аты Алтын Орда дәуірінде шыққан ескі жырдың көбінде бар. Оның аты, әсіресе, «Едіге», «Ер Сайын», «Ер Көкше» жырларында жиі кездеседі. Кейде «Едіге», «Ер Көкше» жырларында айтылатын батырлардың аттары «Қобыланды» жырында да айтылады (мысалы, Қосдәулет).

Едіге мен Ер Көкшенің өмірде болған адамдар екені тарихқа белгілі. Қобыланды батырдың тарихи адамдар қатарында айтылуы, оның Едіге дәуірінде болған адам екенін көрсетеді.

Одан соң, тарихи мағлұматтардың айтуынша, Қобыланды – Едігеге тете, Тоқтамыстың Қадірберді дейтін баласымен туыстас адам. Бірақ, Алтын Орда ұлысы ыдырап, Тоқтамыс пен Едіге өлгеннен кейін Қобыланды Қадірбердінің қолында қалмайды. Бұл кезде бұрын Тоқтамысқа қызмет қылған Дайырқожа (арғын Қарақожа), Қосдәулет, қара қыпшақ Қобыланды сияқты атақты би-батырлар ел-жұртымен Алтын Ордан бөлініп, бұрынғы Көк Орданы билейтін Әбілқайыр ханның қолына келеді. Бұлардың ішінде кейде өз ара

наразылық туып, бірімен бірі жауласқан кездері де болады. Мысалы, ел әңгімесіне карағанда, бір жайда Қобыланды мен арғын Дайырқожа қатты араздасып, соның нәтижесінде Қобыланды Дайырқожаны өлтіреді. Дайырқожа арғынның атақты адамы (биі) болады. Дайырқожаның өлімі жайында адамдар арасында «кара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген жоқтау жыр да айтылады.

Қобыланды Тоқтамыстың баласы Қадірберді мен Едіге жауласып жүрген кезде Қадірберді жағында болып, Ер Көкшені өлтіреді.

Бұл кезде (1420-1440) осындай ру арасындағы жаугершілік шиеленісе келіп, кейіннен Қобыландының өзі де кекті жақтың қолынан қаза табады. Қадірберді мен Едіге баласының соғысында, осы күнгі Елек өзенінің бойында, атасының қарымы үшін Ер Қосай Қобыландыны өлтіреді. Жұрттың айтуынша, Қобыландының кешені (моласы) қазірге Ақтөбе облысындағы Қобда өзенінің бойында, Елек өзенінен қырық шақырым жерде тұрады. Одан соң, Орынбордың Маңғыстауға баратын үлкен кара жолдың үстінде «Қобыланды» дейтін бекет те бар. Бұл да Қобыланды батырдың тарихи болған адам екенін көрсетеді. «Қобыланды» жыры Алтын Орданың әбден әлсіреп, оны сыртқы жау торлай бастаған кезде шыққан жыр. Ұлыстың көрнекті қаласының бірі болған Қазан қаласын қорғау үшін Қобыланды батыр Қараспан тауынан (Қаратау) аттанады.

«Қобыланды» жырында «Едіге» жырындағыдай ұлыс ішіндегі талас-тартыс айтылмай, сыртқы жаумен соғысу, ел қорғау оқиғалары айтылады.

Қобыланды – ұлыстың ұлы батыры, қыпшақ бұқарасының айбынды қол басшысы. Осыған сәйкес жыр Қобыландыны:

Жауырыны қақпақтай,  
Қос шекесі тоқпақтай,  
Алғыр бүркіт қабақты...

– деп суреттейді.

«Қобыланды» жыры бір оқиға төңірегіне байланысқан туыстас әңгіме емес, Қобыландының ерлік істерін көрсететін жеке оқиғалардан құралған батыр жорығының бір әңгімесі. Жырда мұндай жорық суреттері үшеу: бірі – қызылбас Қазан ханның еліне аттануы, екіншісі – Қазан қаласына аттануы, үшіншісі – Кавказ жұрты Көбікті ханның еліне аттануы. Бұл Көбікті ханның жырда тарихи дұрыс бейнесі ұмытылып, «қалмақ ханы» делінген. Қызылбас Қазан ханның еліне аттануы мен Қазан қаласына аттануының да тарихи дұрыстығы көмескіленіп, скеуі бір оқиғаға айнала бастаған. Бірақ, бұл екі жорықтың тарихи сілемі жырдан көрініп те тұрады.

Жырдың мазмұнын мұнан басқаша түрде көрсетуге болады. Мысалы, қартайған Тоқтарбай мен Аналықтың «әулиеге ат айтып, Қорасанға қой айтып» Қобыланды сияқты бала тілеп алуы; Қобыландының ер жетіп, тоқсан ермен жылқыда жүріп, жауынгерлікке үйренуі; Қобыландының Құртқа ару әйелге гашық боп үйленуі; Қобыландының серік аты – Тайбурылды Құртқа тәрбиелеп, өсіріп, баптауы; қызылбас жұртының ханы – Қазан ханның Алтын Орда жеріне әскер шығаруы, оған қарсы қыпшақ, қият ерлерінің соғысқа дайындалуы, Қазанға аттану; Қазанға бара жатқандағы Тайбурылдың шабысы, тағы басқалар.

Құртқаның даналығы, Тайбурылды тәрбиелеп өсіруі жырда ерекше орын алады.

Батыр ел қорғау ісімен түзде жүрсе, әйел ұлыс ортасындағы жұртшылық ісіне қатысып, қауымның ардақты мүшесінің

бірі болған. «Қобыланды» жырындағы Құртқа да – сондай жұртшылық ісіне қатысқан әйелдердің бірі. Құртқаның игі ісі Тайбурылды баптағанда ғана емес. Ол ұлыс ішіндегі батырлардың сыртқы жауға аттану-аттанбауы туралы да кеңес беріп, ақыл айтады, батырдың ақылшысы. Сондықтан қыпшақ, князтың батырлары Қобыландыны Қазанға аттануға шақырғанда, Құртқа Қобыландыға ақыл береді.

Құртқаның Тайбурылды қалай тәрбиелеп өсіргенін жыр былай деп суреттейді:

Көп нөкерін жүгіртіп,  
Не керегін жеткізді.  
Дереу болып сол жерде,  
Қырық күнгеше Бурылға  
Құланың сүтін емізді.  
Және қырық күн біткенше  
Қысырдың сүтін емізді.  
Сексен күні біткен соң,  
Жеміне қосып, қыз Құртқа  
Қызыл дәрі жегізді.  
Түндікпенен күн берді,  
Түтікпенен су берді...

Сөйтіп, ел қорғайтын батыр қандай керек болса, батырға серік болатын Тайбурыл сияқты ат сондай керек екені жырда негізгі мәселенің бірі болып суреттеледі. Және ол кездегі қауымның салты бойынша, ондай ат баптап өсіру Құртқа сияқты дана әйелдің міндеті де болып табылатын. Жырда Қобыланды қызылбас Қазан ханға және Қазан қаласын жаулаушыларға қарсы соғысады. Бірақ, Қобыланды батырдың алдымен қай жорыққа аттанғаны жырда мүлде ұмытылған. Тарихта болған қызылбас Қазан хан мен Қазан қаласында болған оқиғаны жыр бір әңгімеге айналдырған сияқты.

Мұның тарихи шындығын тексеріп қарағанда, Қобыланды бұл екі оқиғаның екеуіне де қатысқаны байқалады.

Шыңғыс ханның Иран жұртын билеген ұрпағы Қазан хан XIII ғасырдың соңында Кавказдағы Мұған даласы, Қаратау деген жерлер үшін Алтын Орда хандары мен әлденеше рет соғысып, өзіне қаратып алмақшы болған, мұндай соғыстар жиі-жиі болып, қырғын бола берген соң, «Қазан ханның жорығы» деген лақапқа айналады. Мұған даласы (қазіргі Әзірбайжан) үшін Қазан ханның балалары XIV ғасыр бойы Алтын Орда әскерімен талай рет соғысқан. Ондай соғыстардың күшті болған кезі, әсіресе, «Едіге» жырында айтылатын Өзден сұлтан, Жәнібектің кезі (1340-1357), одан кейін Тоқтамыстың кезі (1380-1395). «Едіге» жырында Қобыланды – Тоқтамыстың белгілі батырының бірі. Олай болса, Қобыланды Кавказдағы Қазан жорығына қатысқан болуы керек. Жырда айтылатын қызылбас Қазан ханның тарихи шындығы осыған келеді. Жыр бұл туралы былай дейді:

Қызылбастың елінен  
Қазан деген ер шықты,  
Жен білмеген шер шықты,  
Ноғайлының көп елін  
Олжалап шауып, жанышты.  
Бағынбаған адамын  
Қырып-жойып, тауысты.  
Жерін, малын олжалап,  
Қатарынан асыпты,  
Ноғайлы елі қашыпты...

Бұл Қобыландының Қазан ханмен соғысуының тарихи шындық негізі Иран жұртын билеген Қазан хан тұқымдары мен Тоқтамыс ханның арасында Кавказда болған соғыс

оқиғасын көрсетеді. Және Қазан хан тұқымдарының Жәнібектен кейін Мұған даласын Алтын Ордадан бөліп алуы да – тарихта белгілі нәрсе. «Ноғайлы жерін, малын олжалап алды» деу – осыны көрсетеді. Қазан ханның Иран жұртын билеген Қазан екенін – жырдың мына жерлерінен де көруге болады:

Қазақты көрсе, оқ атқан,  
Қызылбас көрсе, жан тартқан  
Қырық құлаш қызыл ер  
Шығып еді қаладан...  
Қысқа күнде қырық шапқан,  
Қызылбасқа жандыртқан,  
Қазақ көрсе, оқ атқан,  
Қабағына қар қатқан,  
О да айтулы ер еді,  
Қызылбастың белі еді,  
Алдынан шықты ер Қазан...

Бұл Иран жұртын билеген Қазан хан болса, ол Әлекудің немересі болады. Бірақ, Қазан ханның өзі Қобыланды тұсында болмаған. Бұған карағанда, Қазан ханның жорығы бір кездегі әйгілі жорық болғандықтан, «Қобыланды» жырында оның тек аты ғана сақталған болу керек.

Қобыланды батырдың Қараспан тауынан Еділ мен Кавказға аттануы бір уақытта болған ба, жоқ, екі уақытта болған ба, оның арасы жырда айтылмайды. Бірақ, Қобыланды неше жыл бойы жорықта болып, Қараспан тауындағы еліне 6-7 жылдан кейін барады. Жырда айтылатын Қараспан тауы – Шымкенттен шөлейтке қарай тұратын Қаратаудың бір аты. Ескі әңгіме, жырларда Қаратаудың орнына, көбінесе, Қараспан тауы айтылады. Бұл жердің, жырда айтқандай, не заман қыпшақ елінің қонысы болғаны тарихта бұрыннан

белгілі. Қобыланды Қазан қаласына да Қараспан тауынан аттанады, жорықтан қайтқанда да, Қараспан тауына қайта келеді. Қобыланды «Токтамыс ханның батыры» делінсе де, жырда Едіге жырындағыдай Еділ бойындағы Орда туралы ештеңе айтылмайды. Бұған карағанда, Қобыланды Ордадан алыста, қалың қыпшақтың ортасында жүрген болу керек. Оны жырдан да байқауға болады.

Олай болса, бұл кез – Қобыландының Жайық пен Қаратау арасында жүрген кезі, 1430 жылдар шамасы болады. Бұл кезде Қобыланды бірсыпыра жасқа келген сақа батыр. Сондықтан Қазан қаласына аттануға қамданған батырлар алдымен оған келеді:

Қараспан тауын жайлаған  
Қалың Қыпшақ елі бар,  
Қобыланды деген ері бар,  
Баса жүріп қонысын,  
Барса, ертіп алайық...  
Ақылдасып көп қият,  
Баса жүрді жолымен  
Қараспан таудың етегін  
Келіп қонған Қараман  
Ауыр әскер қолымен...

Жырда Қазан қаласын қорғау туралы хан тарапынан бұйрық берілгендік айтылмайды, батырлар жорыққа өздері аттанады. Мұның себебі, бәлкім, 1430 жылдары Алтын Ордада ұлы хан болмағандығынан және Қобыланды сияқты ел қамын жеген батырлардың ел шетіне жау келсе, бұйрық күтпей-ақ, өз беттерімен аттануға міндетті екендік салттарынан болуға тиіс. Қобыландының Қазан қаласын қорғауға аттануы 1432 жылғы оқиғаға дәл келеді. 1432 жылғы соғыста Сырлы Қазан қаласының күйзелуіне байланысты шығарылған белгілі

күй де бар. Осы күнге дейін Аркадағы сол оқиға тұсында бұрынғы қонысынан көшіп, қырға келгенін көрсетсе, екінші, ол күйдің сол оқиғадан туғанын көрсетеді. Тамалардың қырға ауып келуі Иван Грозныйдан (1552 ж.) біраз жыл бұрын. Бұл оқиға, әсіресе, «Шора батыр» әңгімесінде ашық айтылады. «Шора» жырында Тама руының атақты биі Нәріктің қырға ауып келуі 1552 жылы Иван Грозныйдың Қазанды алуынан бір талай бұрын. 1552 жылғы оқиғаның алдында. Нәріктің баласы Шора Қазанды қорғауға қырдан аттанады. Сондықтан «Қазан күйін» тартатын тамалардың Арқаға ауып келуі, XVI ғасырдан көп бұрын болғаны байқалады.

Жырдың айтуына қарағанда, Шора батыр Қазанды қорғауға Үргеніш, Маңғыстаудан аттанған сияқты. Үргеніш сол кезде ноғайлы – қазақтардың саяси-шаруашылық орталығы. Бұл кезде (XVI ғ.) Қазақ ұлысын басқарған Қасым, Ақназар хандар, көбінесе, Үргеніш пен Жайық бойындағы Сарайшық, Астрахан қалаларында болатын.

Шораның Үргеніштен Қазанды қорғауға аттанған жорығы – Қобыландыдан кейінгі жорықтың ең күштісі. Қобыланды да, Шора да Қазан қаласының жағдайы ауырлаған кезде аттанады. Қазан қаласы мұндай ауыр жағдайға екі рет ұшырайды: бірі – Қобыланды тұсында (1432 ж.), екіншісі, Иван Грозный жаулап алардағы күйзелушілік (1552 ж.).

«Қобыланды» жырының тарихи оқиғадан туғандығы жырда Қазан қаласы жайында айтылатын жәйттерден де көрінеді. Қобыланды, Токтамыстар тұсында (XV ғ. басы) Еділден жоғары біріне бірі көрішлес үш түрлі Қазан қаласы болатын. Оның бірі – ескі Бұлғар қаласы, ол Қобыланды жырында «Сырлы қала» делінеді, екінші – Ескі Қазан,

үшінші – 1435 жылдары Алтын Орданың белгілі ханы Ұлық Мұхаммед салдыратын Жаңа Қазан қаласы. Ұлық Мұхаммед Жаңа Қазан қаласын салдырған соң, бұрынғы Қазан қаласы «Ескі Қазан» делінетін болған.

Бұлғар қаласының орнына жырда Сырлы қала айтылады. Бірақ, жырдың сөздеріне қарағанда, Сырлы қаланың төңірегі қоршаусыз және өзі жадағай жерде тұратын көрінеді. Мұнан Ескі Қазан мен Бұлғар қаласын шатастырып айтқандық байқалады.

Дұрысында, Қобыланды жырындағы Сырлы қала – Бұлғар қаласы. Бұлғар қаласы – VII ғасырдан белгілі Еділ бойындағы ең сәулетті қала. Бұл қала XIV-XV ғасырларда бірнеше рет шапқыншылыққа ұшыраған. Бұл шапқыншылықтардың соңғысында Бұлғар қаласының халқы қашып, Ескі Қазан қаласына барып паналайды.

Сырлы қала X ғасырларда Бағдатпен де қатынас жасаған. Қазірде бұл Сырлы қаланың орнына «Бұлғар ауылы» деген қыстақ бар.

Жыр Ескі Қазанды (жырда Қырлы қала) «таудың етегінде» деп көрсетеді. Бірақ, тарихи дұрысы таудың етегін ала Еділдің жағасында тұратын қала Бұлғар қаласы не Сырлы қала болатын. Сырлы қаланың төңірегін, жырда айтқандай, шеппен (бос тоқ) жеті шақырым бойы қоршап, ол қоршаудың бір шеті таудың жиегіндегі биік жарға барып тірелсе, енді бір шеті – Еділ жағасына барып астасатын.

Қаланың оңтүстік шетін ала Кіші қала аталған бір белгі болған. Қазақстан даласы мен Орта Азияға келетін үлкен керуен жолы осы Кіші қаладан шығып, оңтүстікке қарай созылып жататын. Қобыландының Тайбурылмен жортатын тарихи жолы осы жол болу керек. Бұдан басқа жырда айтқан тәрізді Сырлы қалаға қарсы Еділдің арғы бетіне қайық, кеме

тоқтайтын шыған болған. «Қобыланды» жырында Бұлғар қаласының «Сырлы» деп аталуы оның сыртқы түріне қарай да айтылған болу керек. Өйткені Бұлғар қаласының үйлері көк, жасыл сырмен сырланған, ақ, қара, көк бояумен араб әрпімен айшықталған болатын. Бұлғар қаласында неше түрлі сырмен боялған бірнеше күмбезді сарайлар да болған, мысалы, Қоңыр сарай, Ақ сарай, Кішкене кеніш. Бұлардың бәрінің іші-тысы оюмен оюланып, араб әрпімен әшекейленіп жазылған болатын.

Сырлы Қазаннан басқа Қырлы қала атты тағы бір қала айтылады. Бұл Ескі Қазан қаласына тура келеді. Ескі Қазан Еділден қырық шақырымдай әрі. Сырлы Қазаннан жоғары, Қазан өзенінің бойында болатын. Бұл қаланың тұрған жері соғысқа ыңғайлы жер екені жырда да айтылады. Жыр Сырлы Қазан мен Қырлы Қазанды айырып айтады:

Сырлы қала дейтін қаланың  
Қорғансыз сырты ашық-ты,  
Қырлы қала дейтін қалаға  
Атарман мен шабарман,  
Бектері басын қосыпты.  
«Қырлы қала маңынан  
Жау жүре алмас», – десіпті.  
Қырлы қала шәрінің  
Бір жағы – судың жағасы.  
Алты қабат ор қазып,  
Тереңдігін мол қазып,  
Биіктігін қарашы,  
Қырық жерден қойдырып,  
Болаттан соғып қакпаны,  
Алпыс батыр жатқаны...

Бұл үзінді тарихи жағынан да бағалы. Өйткені, жаудан қорғану үшін Ескі Қазан қаласының айналасына бекініс, қорған салынғаны тарихта да айтылады.

Жырдан кейде Алтын Орданың ханы Мұхаммед салдырған бүгінгі Қазан қаласының да елесі байқалады, мысалы:

Қырық қакпалы Қазанды,  
Он сегіз күн дегенде,  
Бұзып-жарып батырың,  
Малын, жанын ызғытып,  
Қакпаның аузын аштырып,  
Айдап шықты далаға...

Бұл Жаңа Қазан қаласы Ақсақ Темір Еділ бойындағы қалаларды қиратқаннан кейін салынған. Мұны салдырған Ұлық Мұхаммед – белгілі Өз Жәнібекпен бір туысқан кісі.

Алтын Орда ұлысын басқару ісінде Ұлық Мұхаммед Едігенің салтымен бұқараның жолын ұстаған адам. Жасаған мезгіліне қарағанда, Қобыланды «осы Ұлық Мұхаммедтің қолында қызметте болды» деуге жөні бар, бірақ жазылып қалған мағлұматтың жоқтығынан дәл айту қиын.

Ұлық Мұхаммед 1425 жылдары Алтын Ордан қуылып жүрген кездерінде Сайын ханның (Бати) «ескі жұрты» аталған Еділдің жағасынан Жаңа Қазан қаласын салдырады. Ұлық Мұхаммед бұрын ноғайлы-қазақ ортасынан шығып және Еділ бойынан «Жаңа Қазан» атты қала салғандықтан, кейінгі кездерде де ноғайлы-қазақтар Қазан қаласын XVI ғасырдың ортасына дейін өздерінің жұрты деп санап жүреді. Қазан қаласына ноғайлы-қазақ жырында көп айтылып, оны Қобыланды, Шора сияқты батырлардың жаудан қорғайтыны да осы сияқты жайдан туған.

Қобыланды ноғайлы-қазақ бұқарасының ішкі-сыртқы жауымен бірдей күреседі. Ұлыстың саяси, мәдени шаруашылық орталығы болған Қазан, Астрахан сияқты

калаларға, ел-жұртқа, жер-суға сырттан қауіп-қатер туғанда, Қобыланды сияқты халық қамқоры батырлар қалың қол жиып қарсы аттанып, жауға ойран салатын. Жырда айтылатын Қобыландының Қазанға аттану жорығы – батырдың осы сияқты ел қорғау жолындағы көп жорықтарының бірі.

«Қобыланды» жыры халық аузында көп тараған сүйікті әңгіменің бірі. Және бұл жыр «Едіге» жыры сияқты бұрын Алтын Ордаға кірген ноғайлы-қазақ жұртының бәрінде де айтылады. Мысалы, «Қобыланды» жыры Қырым, Кавказдағы ноғайлыларда, қарақалпақта айтылады. «Қобыланды» жырының ең толығы, мазмұн құрылысы, тіл көркемдігі жағынан ең маңыздысы – әсіресе қазақта айтылатын түрі.

Қазақ жыршылары айтатын «Қобыланды» жырының бірнеше түрлері бар. Оның бір түрі Марабай ақын аузынан тараған. Марабай ақын айтқан «Қобыланды» жырының ең алғаш баспаға басылуы 1914 жыл. Жырдың бұл түрі Қобыландының сауыт киген суретімен Орынбор қаласында басылып шықты. Осы күнге дейін басылып жүрген «Қобыланды» жырының ішінде осы түрден артығы көрінбейді.

«Қобыланды» жырының бір түрін 1925 жылы Ташкентте атакты Әбубәкір Диваев бастырып шығарады. Бірақ, Диваев жазып алған «Қобыланды» жырының бас жағы қалып қойған (мысалы, Тоқтарбай мен Аналықтың әулие кезін бала тілеуі, Қобыландының балалық шағы, оның Құртқаға үйленуі, т.б.). Қазіргі басылып жүрген «Қобыланды» жыры Диваев жазып алған түрдің көшірмелері ғана.

«Қобыланды» жырын бүгінгі ақындардан Нұрпейіс Байғанин айтады. Нұрпейістің айтуынша, «Қобыланды» жырын бұрын жеті атаға дейін бір ақынның ұрпақтары бірінен соң бірі мұрас қып айтып келген. Ондай ақындардың ең басы – Бекберген, ең соңы Нұрпейіске үйреткен Мақсұт дейтін ақын. Олардың арасында бес ата өткен. Бұған қарағанда, «Қобыланды» жыры XV ғасырдан бері қарай айтылып келе жатқан жыр екені байқалады.

Қобыланды батырдың тарихи болған адам екені туралы Кастанье деген кісінің «Қазақ даласындағы ескіліктер» деген кітабында біраз мағлұмат бар. Кастанье кітабында «Қобыланды» әңгімесінің мазмұнын айтумен бірге оның Қобда өзенінің бойындағы кірпіштен салынған моласы туралы да бірталай материал келтіреді. Қобыландының кешені туралы енді бір мақала 1905 жылы «Орынбордың ғылым архив комиссиясының жинағында» басылып шықты. Бұл мағлұматтар да Қобыланды жырының қиял емес, өмір шындығынан туғанын, Қобыланды батырдың тарихи адам екенін көрсетеді.

## «ҚАРАБЕК БАТЫР» ЖЫРЫ

Бұл жырда айтылатын Қадір хан, Қараман, Қаныкей, Тыныкейлер «Едіге», «Қобыланды» жырларында да айтылады. «Қарабек» жырының мазмұн құрылысы мен қатынасатын адамдарының аттарына қарағанда, бұл жыр «Едіге» мен «Қобыланды» жырының арғы кезін ала шыққан жыр екені байқалады.

«Қарабек» жырында айтылатын Қадірхан Алтын Орданы билеген белгілі Тоқтамыстың Қадірберді дейтін баласы болу



керек. 1419 жылы Едіге өлгеннен кейін Қадірберді 1425 жылға дейін Алтын Орданың ұлы ханы болған. Ер Көкше, Ер Қосай, Қобыланды, Нұрадын – бәрі осы Қадірбердімен туыстас адамдар. Сондықтан Қобыландымен жорықтас болған Қараман батырдың бұл жырда айтылуы орынсыз емес.

Жырдың бас батыры болған Қарабек – осы айтқан Қадірханның баласы.

«Қарабек» жырындағы бас батырдың бірі – Қараман. Жырда Қараман қалмақ батыры делінеді. Бірақ, бұл тек жырдың оқиғасын күшейтпек үшін айтылатын сияқты. Өйткені халық ақындары жырдың талас-тартысын күшейту үшін кейде тарихта болған батырлардың шын қалпын өзгертіп, «қалмақ батыры» деп айтуды салт қылған. Әйтпесе, жырда айтылып тұрған оқиғасына қарағанда, Қараманның қалмақ болуына ешбір қисын жоқ. Ол Қобыландымен жорықта болып, Едіге, Тоқтамыс дәуірінде қызмет атқарған қыпшақ жұртының атақты батыры.

«Қарабек» жырының негізгі оқиғасы Тоқтамыс ұрпақтарының төңірегінде айтылады. Мұндағы Қадірхан, Қарабек, Ханбибі – бәрі де Тоқтамыстың ұрпақтары. Жыр Ханбибін «Қадірханның қызы» деп дәріптейді. Бірақ, дұрысы Қадірханның қызы емес, оның қарындасы, Тоқтамыстың қызы болуға тиісті. Ханбибі, Жанбибі дейтін Тоқтамыстың екі қызы болғаны кейбір тарихи мағлұматтардан да байқалады. Бұл Ханбибі мен Жанбибінің аты қыпшақ дәуірінде шыққан халық жырларының көбінде айтылатын дағдылы есім болып, бара-бара Қаныкей, Жаныкей (Тыныкей) деп айтылып кеткенге ұқсайды.

«Қарабек» жырының желісі осы Ханбибі төңірегіндегі әңгімеге құрылады. Ханбибі сияқты Тоқтамыс қыздарының ноғайлы-қазақ (қыпшақ) жырларына сарын болуы, оның әкесі Тоқтамыстың Алтын Ордадан қуылып, күйзеліске ұшырауымен байланысады. Тарихи мағлұматтарға қарағанда, Тоқтамыс Алтын Ордадан қуылғанда, қыздары әрбір батыр, билердің қарамағында қалып, олар қыпшақ ерлерінің арасынан ала көздік шығаруға себеп болады. «Қарабек» жырында айтылған Қарабек пен Қараманның Ханбибі үшін жауласқаны – осындай шындықтан туған, оның бір ұшқыны.

Қараман Қадірханның Ордасына ат қойып, оның Ханбибі сияқты қызын тартып алады. Қарабек бұған қатты намыстанып, апасын қайырып алмаққа әрекеттенеді, не болмаса, құда түсіп, қолдан беруді лайық көреді. Бірақ, бұл оқиға үлкен тартыс туғызып, шиеленіспейді: Екі хан бірімен бірі жарысып, жырдың аяғы тағулықпен бітреді. Сөйтіп, «Қарабек» жырының оқиғасы XV ғасырдың бас кезіндегі ноғайлы-қазақ (қыпшақ) жұртының өмір шындығынан туған ескі жыр екені байқалады. «Қарабек» жыры бірінші рет 1882 жылы Қазанда басылып шықты.

### «МҰСА ХАН» ЖЫРЫ

Ноғайлы-қазақ заманының екінші дәуіріне жататын жырдың бірі – «Мұса хан» жыры. «Мұса хан» жыры Алтын Орданың әбден тозып, оның тозған жұртынан жаңадан құрылып шыққан ноғайлы-қазақ қауымының тіршілігі

туралы айтылады. «Мұса хан» жырына қатынасатын адамдар: Мұса, Жаңбыршы, Қазтуған, Телағыс, Орақ, Мамай. Бұлардың – бәрі тарихта болған белгілі адамдар. Мұса мен Жаңбыршы – казак тарихына белгілі Қасым хан Шайбанилердің замандасы. Қазак халқы аңыз қылатын «Қаска жолды Қасым хан» – осы Мұса бидің жақыны. Тарихи мағлұматтардың айтуынша, Қасым ханның қызы Мұса бидің үлкен баласы Шахмамайдың әйелі болады.

Осы адамдар тарихқа 1480 жылдардан белгілі. Бұл – Алтын Орданың ыдырап, оның бірнеше ұсақ ұлыстары құрыла бастаған кезі. Ондай ұсақ ұлыстардың бастылары: Ноғайлы-Қазак ұлысы, бұрынғы Ак Орда, Үргеніш, Хиуадағы Көк Орда және бұрынғы Алтын Орданың ескі орнындағы ұлы жұрт сияқтылар болған.

Алтын Орданың ұлы жұртын көтеріп, оған хан қою XV ғасырдың соңына дейін жыйылмаған. Мұсаның кезінде Алтын Орданың ұлы ханы болуға үш ұлыс таласады: Қасым хан, Мұса бастаған Ноғайлы-Қазак ұлысы, Көк Орданы билейтін Шайбани хан және Алтын Орданың ұлы жұртын билейтін Ахмет хан.

Ахмет – Алтын Орданың ең соңғы ханы. Бұл Едіге биге жолдас болған атақты Темірқұтлықтың көп немерелерінің бірі. Ахмет хан ноғайлы-казак қауымына тиімсіз, содырлы болғандықтан, Қасым хан, Мұса сияқтылар Алтын Орданың әкімшілік тізгінін өз қолдарына алуды ойлайды. Осы жөнінде бұлар бір жағынан Алтын Орданың ұлы ханы Ахметпен жауласса, екінші жағынан, Алтын Орданың Шайбани ханмен де жауласады.

Мұсаның тұсында Қыпшақ ұлысында (Дешті Қыпшақ) Қасым ханнан күшті хан болмаған. Мұны белгілі тарихшы

Дулат Мұхаммед Хайдар мен атақты жазушы Бабыр да сипаттайды. Бұлардың айтуынша, Қасым хан өз тұсында барлық Дешті Қыпшақты билеген және мың-мыңнан әскер ұстаған. Мұхаммед Хайдар Жошы ханнан кейін Қасым хан сияқты күшті хан болмағанын және одан кейін оның баласы Мамаш хан болғанын айтады.

Парсының атақты тарихшысы Хондемир де өзінің Хабиби-Ассияр («Жеті планета») деген кітабында Қасым ханның Дешті Қыпшақта ең ұлы хан екенін және ол кездегі ең алапатты хакімнің бірі екенін айтады.

Мұса хан жырында айтылатын Мұса осы Қасым ханның атақты биі және батыры болып, Ноғайлы-Қазак ұлысының қайраткері болған, белгілі адамның бірі. Бұлар өлгеннен кейін ноғайлы-казак жұртының бұрынғы саяси бүтіндігі ыдырап, ел ішінде жаугершілік, бүліншілік күшейе бастайды.

Мұсаның жасаған дәуірі 1470-1520 жылдар арасы. Орыс тарихында белгілі Сидак, Мамай, Жүсіп, Сымайылдар осы Мұсадан туады. Оның арғы атасы – белгілі Едіге батыр. Мұсаның өз әкесі Уакас – Алтын Орданың ханы Әбілқайырмен туыстас және Қыпшақ ұлысының атақты биінің бірі.

Мұсаның аталары туралы «Шайбанинаме» былай деп жазады: «Уакас би ноғайлы жұртынан шыққан Едіге бидің немересі еді. Әбілқайыр, Бактияр сұлтан, Уакас би дәуірінде ұлыс біраз толқып, аяғы құтты болады». Хан Нұрадин ұлы Уакас бидің Әбілқайырмен сүйіспеншілігі зор еді. Олар туралы мәтел болған: «Кесенің бір жағынан балды бір ішсе, бір жағынан бірі ішеді», – дер еді.

Уакас би – халық аузында көп айтылатын Әз Жәнібек, Асан қайғы деген кісілердің замандасы, қыпшақ ұлысын

басқару жөнінде олармен істес болған адам. Бұлардан кейінгі уақытта аты шыққан адамдар – Қасым хан мен осы Мұса.

«Шайбанинаме» айтқандай, Қыпшақ ұлысы расында Әбілқайыр дәуірінде біраз толқып басылса да, кейін ол толқу күшейе берді. Мұсаның жасаған дәуірі ұлыс басқару ісінің әбден қиындап, ұлыс арасында таластың көбейген кезі. Бұл кездегі талас бір жағынан Қасым хан мен Шайбанидің арасында туса, екінші жағынан Алтын Орданың ұлы ханы Ахметпен ноғайлы-қазақ арасынан туады.

1480 жылы Мұса, Жаңбыршы, Ибак – үшеуі бірігіп, Ахмет ханды Алтын Орданың орталығынан Дон бойына қуады, Ахмет хан ол жылы Еділ жағасынан ауып, Алтын Орданың орталығын Азов теңізінің жағасына көшіреді. Бірақ, Мұса мен Жаңбыршы Ахметті қудалауын қоймайды. Олар қасына мыңдаған қазақ жігіттерін ертіп алып, 1480 жылы қыстыгүні Ахмет ханның Ордасына шабуыл жасап Ахмет ханды өлтіреді.

Ахмет ханды өлтірген соң Мұса мен Жаңбыршы Мәскеу үкіметімен байланыс, қарым-қатынас жасайды. Сауда, елші жүргізу туралы келісім жасайды. Бұл кездегі Ноғайлы ұлысының жер көлемі: бір шеті Еділ мен Арал теңізінің арасы болса, бір шеті Маңғыстау мен Ертіс арасы болады.

XV ғасырдың соңында Алтын Орданың орталық үкіметі әбден қурап біткен кезде оның бұрынғы саяси-шаруашылық тізгіні енді тегісімен Ноғайлы ұлысының қолына келіп саяси орталығы ретінде Астрахан хандығы көтеріле бастайды.

Мұса – осы оқиғаларды басынан кешіріп, соны тәртіптеу ісімен шұғылданған адамның бірі. Қасым хан мен Шайбанидің жауласуында Мұса, көбінесе, Қасым хан жағында болады. 1480 жылы Шайбани Дешті Қыпшаққа (ноғайлы-қазаққа)

көп әскер шығарып, Мұрындық ханға қарсы соғыс ашады. Бұл кезде Қасым ханның қайда болғанын тарих айтпайды, бірақ кейбір мағлұматтарға қарағанда, Шайбани Ұлытауға аттанарда Қасым хан Астрахан төңірегінде болған сияқты. Мұса Шайбанидің алдына елші жіберіп: «Қыпшақ еліне шабуыл жасамасын, бізді билеймін десе, біз соғыспай-ақ бағынайық», – дегенді айтады. Шайбаниді Ұлытаудағы ордаға шақырып, татулық туралы әңгіме көтереді. Бірақ, Шайбани Мұсаның сөзіне тоқтамай, соғыс ашып, ноғайлы-қазақ жұртына недәуір бүліншілік келтіреді. Соғыстан кейін Шайбани Мұсаға кісі салып, «Мұрындық ханның орнына Дешті Қыпшаққа хан қойсын» – дегенді айтады. Бірақ, қыпшақ билері Шайбанидің ол сөзіне қарсы болып, Шайбаниді Дешті Қыпшаққа хан қойғысы келмейді. Шайбани қырдағы елді қырып-жойып, өзі тұрған Бұқараға қайтады.

Мұса би осы айтқан тәрізді Дешті Қыпшақ пен Шайбани ордасының (Көк Орда) жұртшылық ісіне қатысуымен бірге, бір жағынан Қазан хандарының ісіне де қатысады. Мұсаның тұсында Қазан хандығы, көбінесе, Мәскеу үкіметінің ықпалында болады. Бұл жөнінде Мұса мен Жаңбыршы Мәскеу үкіметіне хат жазып, қарым-қатынастарының реттелуін сұрайды. Ол кезде Мәскеу үкіметін басқаратын князь Василий Мұсаға хат жазып: «Қызынды Қазан ханы Мұхаммедәминге бер», – дегенді айтады.

Бірақ, Мұхаммедәминнің қарындасын Жаңбыршының баласы Телағысқа бергізбей қояды. Телағыс Василий мен Мұхаммедәминнің бұл ісін кек қылып, қасына қол жиып аламан болып кетеді, ол кездегі Мәскеу үкіметі мен Астрахан хандығына қарсы шабуыл жасап, өмірін, көбінесе, Азов теңізі мен Каспий теңізінің арасында өткізеді. Осы жағдай халық әдебиетінде Мұса хан жырынан орын алады.

«Мұса хан» жыры, жоғарыда айтылғандай, ноғайлы-қыпшақ заманының екінші дәуірін көрсететін батырлар жырының бірі. Мұндағы басты адамдар Мұса, Қазтуған, Жаңбыршы – бір кездегі ноғайлы-қыпшақ елінің атақты ерлері.

Жырдың мазмұнына жататын негізгі мәселелер: сыртқы жаудың ноғайлы-қыпшақ елін Еділ, Жайық бойынан ығыстырып, жерін тарылтуы, онымен байланысқан ұлыс ішіндегі күйзеліс – Мұса мен Жаңбыршының «Ноғайлы ұлысын жаудың қысымынан құтқарам», – деп, Үргеніш, түрікмен жеріне келіп, жер іздеуі. Ең соңында Еділ, Жайық бойындағы ноғайлының шүйгін қонысын өзіне алып беру үшін, қайыра Еділге аттанып, ондағы қалмақ жұртымен соғысуы. Сөйтіп, жырдағы ұлы мәселе – ел қорғау, елдің жер суын, қонысын сақтау.

Мұндағы ескеретін бір нәрсе: уақиғаның, көбінесе, қалмақ жұртымен байланысты боп келетіндігі. Мұның өз кезінде дұрыстығы болмағанымен де, бұл жыр жөнінде дұрыстығы кемірек. Өйткені, XIV-XV ғасырдағы Ноғайлы- Қыпшақ (Қазақ) ұлысының тіршілік уақиғасына қалмақ жұрты қатынаспаған. Кейінгі қазақ халқының көбірек істес болғаны қалмақ жұрты болғандықтан, көршілес болған елдердің атын «қалмақ» деуді әдет қылған. Сондықтан халық жырларында көбірек кездесетін «қалмақ» деген сөзді шын қалмақ жұрты деп түсіне беру орынсыз болады.

Еділ бойындағы қонысы тарылып, түрікменге жер іздей келген Мұса былай дейді.

Өзімнің атым хан Мұса,  
Баба түкті шашты Өзі,  
Едіге сұлтан бабам бар.  
Осы сапар мен сенің  
Шаба келдім еліңді.

Аламын, берсең қолыңнан,  
Жетіарна деген жеріңді,  
Көктоғай деген көліңді...

Бірақ, жырдың бұл арасын ол кездегі тарихи жағдайлармен салыстырып қарағанда, Мұсаның түрікменнің жерін жаулай келуі шындыққа жатпайтын сияқты. Мұса түрікменге күйзелген ноғайлы елін аз күн болса да қонысқа жайғастырмақты көздеп барғанға ұқсайды. Екінші жағынан, Мұсаның түрікмен елінің қамы үшін қарай барғанын тарихи мағлұматтарда да көруге болады. Мысалы, Мұса 1497 жылы Мәскеу үкіметіне елші жіберіп жазған хатында ағайын-туғандарына өкпелеп, түрікменге барып қайтқанын айтады. Сөйтіп, Мұсаның түрікмен еліне барып қайтуы XV ғасырдың соңғы кезінде ноғайлы елінің зор күйзеліске ұшырауымен байланысады. Бұл күйзеліс «Мұса хан» жырында Қазтуған батырдың сөзінен де көрінеді:

Он екі баулы көп ноғай,  
Қарағаштай көп едің,  
Теңсізде жүрген ел едің,  
Еділден үркіп Жайыққа,  
Босқындай келген сен едің...

XV ғасырдың соңғы кезінде ноғайлы елінің басынан кешкен бұл күйзеліс Мәскеу үкіметінің елші хаттарында да айтылады. 1493 жылы Қырым хандығында елші болып тұрған Завалатский Мәскеу үкіметіне былай деп хабар береді: «Жақын арада Қыпшақ Ордасынан Қырымға бірнеше қазақтар келді. Олардың айтуынша, ұлыс орласы қазір Астрахан төңірегінде». Ноғайлы ұлысы осы қыс (1493 ж.) қатты жұтқа ұшырап, көп қырғын тапқан. Елінің көбі ауып,

шамақы (түрікмен) шығып кеткен. Ноғайлы елінің қоныстан жүдеп, бытырап, әр жерді сағалап кеткені, Мәскеу үкіметі мен Қазан хандығының жазысқан хаттарынан да белгілі. Мысалы, Қазанның ханы Мұхаммедәмин 1491 жылы Мәскеу үкіметіне жазған хатында былай дейді: «Менің Ноғайлы ұлысына жіберген кісілерім қайтып келді. Олардың айтуынша, Аппас Ортауды қоныстап, Мұса Ор өзенінің бойында отырған көрінеді. Жаңбыршы Жайық пен Жемнің арасында Ақ көлді жайлап отыр. Ноғайлының өзге бес тобы Қарғалы, Електе болса керек. «Жеті сан ноғайлысы» Аппаспен бірге».

Бұдан басқа ноғайлы ортасында болған Құдаш дейтін кісінің сөзі бойынша, Қазан ханы Мәскеу үкіметіне былай деп жазады: «Жаңбыршы ұлысынан елшілердің айтуынша, Жаңбыршы мен Аппас<sup>53</sup> қысты Шағатай ұлысының төңірегінде өткізген, ноғайлар қазір түрікмен маңына таяу жерді жайлап отыр.

Міне, «Мұса хан» жырында айтылатын Мұсаның тарихтағы бейнесі – осы.

«Мұса хан» жыры көркемдігі күшті жырдың бірі. Жыр тарихи болған адамның әлеуметтік бейнесін қандай келістіре суреттесе, тарихи дәуірдегі жұртшылық тұрмысын да сондай дұрыс айтып бере алған.

«Мұса хан» жырынан көрнекті орын алатын, әсіресе, тарихи замандағы елдің қонысы, ол кездегі жер-су жайы.

Жырдың ерекше көңіл бөлетіні – Мұса хан, Қазтуған, Жаңбыршы, Телағыс және солар сияқты бір кезде ноғайлы-қазақ жұртының қамқоры болған ерлердің әлеуметтік ісі, олардың халық алдындағы жұртшылық қызметі. Мұса жараланып, жапан түзде жалғыз қалады, Телағыс

қорамсақтағы жалғыз оғын жоғалтып, еңірейді. Ерлердің бұл сықылды жапа шегуі, жоғарыда айтқандай, елдің күйзеліс бейнесін көрсетеді.

«Мұса хан» жырындағы негізгі бейненің бірі – Мұсаға серік болған Қараүлек. Қараүлек – ел ісіне қатысқан ақылгөй әйелдің бірі. Ол – халық қамқоры болған Мамай ердің туған анасы. Қараүлек дана, ақылгөй, алысты болжайтын кемеңгер ананың бейнесінде суреттеледі.

Тайтолы, Қараүлек сияқты данышпан әйелдердің бейнесі халық жырларында ғана емес, араб-парсы жазушыларының шығармаларында да орын алған. «Мұса хан» жырындағы Қараүлек – алдағы күнде ел басына қандай ауыртпалық түсетінін алдын ала болжап отыратын данышпан әйел. Ол, бір жағынан, ақылы асқан дана, ел қорғаны ерді тәрбиелейтін ұлы ана болса, екінші жағынан, Мұсаға ақылшы болып, жұртшылық ісіне қатысады. Қараүлектің бұл бейнесі Мұса хан жырында ғана емес. «Орақ, Мамай», «Қарасай, Қазі» жырларында да сипатталады. Қараүлек өлгенде Орақ, Мамай айтқан «Қараүлектің жоқтауы» – ауыз әдебиетіміздегі ең мағыналы жырдың бірі, бұл жырда да Қараүлектің даналық бейнесі ашық көрініп тұрады.

## «ОРАҚ МАМАЙ» ЖЫРЫ

«Орақ, Мамай» жыры – Алтын Орданың әбден тоз-тоз болып, оның орнына Астрахан (Ноғайлы-Қазақ ұлысы), Қырым, Қазан, Сібір хандығы (Түмен ордасы) сияқты бөлек ұлыстар құрылған кезде шыққан жыр. Сондықтан мазмұны

ноғайлы-қазақ жұртшылығы камкор болған Орак, Мамайдың батырлық істеріне арналған.

Жырда айтылатын Орак, Мамай, Телағыс сынды батырлар және оларға қарсы күресетін зұлымдық бейнесіндегі Сымайыл «тобаяқ» – бәрі де тарихта белгілі адамдар. Олардың бәрі де көпшілікке белгілі, ел камын жеген Едігенің ұрпақтары, оның ішінде тарихқа белгілі Мұса мен Жаңбыршының балалары.

Орак, Мамайдың аттары орыс тарихында да жиі кездеседі. Олардың өмір сүрген кезі – 1490-1540 жылдар арасы.

Тарихтың және халық әңгімесінің айтуынша да, Мұсаның 12 баласы болған. Олардың ішінде жұртшылық ісіне қатысқаны Сидак, Қошым, Шығай, Алшағыр, Мамай, Жүсіп, Сымайыл. Орак Мұсаның баласы емес, Алшағырдың баласы. Оны ұлы анасы Қараүлек бауырына салып өсіреді. Мұса мен Жаңбыршы бір туысады. Жаңбыршы – Мұсаның інісі. Мамаймен замандас Телағыс, Күнке Жаңбыршыдан туады. Бұлар да жұрт қорғаны болған атақты ерлер.

Орак пен Мамайдың алдымен тарихта белгілі жұртшылық істерін алсақ, негізінде екі түрлі салаға бөлінеді: бірінші – ол кездегі ноғайлы-қазақ жұртының саяси-мәдени орталығы болған Астрахан қаласын ішкі-сыртқы жаудан қорғау, екінші – Ноғайлы-Қазақ ұлысының бір орталығы саналған Қазан қаласына паналық ету. Бұл екі қаланы ішкі-сыртқы жаудан қорғау XVI ғасырдағы Ноғайлы-Қазақ ұлысының тіршілігі үшін аса маңызды істің бірі болып саналған.

Астрахан мен Қазан XVI ғасырдағы саяси-мәдени тіршіліктің орталығы болғандықтан, оны әрбір хандық өзіне қаратуға тырысып, ұлы орда жасауды ойлаған. Бұл екі қалаға таласқан, әсіресе, Қырым хандығы мен Мәскеу мемлекеті,

одан кейін әрбір қаланың өз ішіндегі ірі феодалдары. Бірақ, ол кезде Еділ бойындағы байырғы халықтың көпшілігі ноғайлы-қазақтар болғандықтан, бұл екі қаланың саяси билігі бірнеше уақыт олардың ықпалынан алыстамайды, оларды басқарушы әрқашан Ноғайлы ұлысының ортасынан болды. Сондықтан бұл екі қала ноғайлы дәуірінде шыққан батырлар жырларынан да ерекше орын алатын болады.

Орак, Мамайдың Астрахан қаласын жаудан қорғап, оны бірнеше уақыт Ноғайлы ұлысының орталығы қып ұстағаны орыс тарихында да белгілі. Бұл туралы тарихшы Карамзин былай деп жазады. 1520 жылдары Астрахан ұлысының ханы Жәнібек «ұлы Үсейін» деген еді, ол Қырыммен де, Ноғайлы ұлысымен де дос бола алмады. 1522 жылы Қырым ханы Мұхаммедкерей Ноғайлы ұлысының биі Мамаймен бірігіп, Астрахан қаласынан оның ханы Үсейінді қуып шықты. Бұлар ол кездегі саудасы күшті болған Астрахан қаласын өзіне қаратып, енді Қырым, Қазан, Астрахан хандығын біріктіріп, бұрынғы Бати ұлысын (Алтын Орданы) құрмақшы болды.

Карамзиннің бұл сөзін тарихшы Соловьев те айтады. Ол кісінің жазуынша, Мұхаммедкерей Мәскеу мемлекетін қорғалатып, Қазан хандығына өзінің інісі Сахыпкерейді отырғызғанда, бір жағынан Астрахан хандығын бағындырып, оның ұлы ханы болуды ойлайды. Астрахан хандығы мен Қазан хандығын өзіне қаратуды оған Ноғай ұлысының батыры Мамай үлкен көмек көрсетеді. Мұхаммедкерей Ноғайлы ұлысының биі Мамаймен бірігіп, Астрахан қаласынан оның ханы Үсейінді қуып шығады. Бұл хан Мәскеу мемлекетімен келісім жасайды.

Бірақ, Мұхаммедкерейдің Мамаймен одақтас болып, оның Астрахан хандығын басқаруы ұзаққа бармайды. Өйткені, Мұхаммедкерей бұл кезде бейбіт жатқан ноғайлыға қатты жәбір, қысымшылық көрсете бастайды. Мұхаммедкерейдің бұл ісі ноғайлы жұртын мүлде ашындырып, Мамай оған қарсы күш жияды. Ақырында, 1523 жылы Мамай Мұхаммедкерейді өлтіріп, Қырымның бектерін шауып алады.

Бұл жайды тарихшы Карамзин бұдан гөрі кеңірек түсіндіреді. Ол кісінің айтуынша, Мұхаммедкерей Астрахан хандығын Мамайдың болысуымен басқарып отырса да, ұлысқа қарсы не түрлі жәбірлік істер істейді. Мұхаммедкерейдің бұл ісіне Телағыс пен Мамай қатты наразылық білдіріп, оны тез торға түсіруді ойлайды. Мамай Мұхаммедкерейдің бұл ісіне шыдап, өзінің сабырлылығына жеңдірсе де, Телағыс оған көнбей: «Сен не ойлап жүрсін? Мансапқор, тентек көршіге қару болғын келе ме? Оның ойы – бір-бірлеп бізді тегісімен құл қылу. Сен мұнындай қой, енді есіңді жи, әйтпесе кеш болады», – деп тез Мұхаммедкерейді жоймақшы болады.

Мұхаммедкерейді өлтіру үшін Телағыс пен Мамай оны әскер ойнатуға далаға шақырады. «Қырға шыққан соң, Мұхаммедкерей дәнеме сезіктенбей, қалай болса, солай алшақтап отырғанда, бір кезде Телағыс пен Мамай қасына бір топ ноғайлы батырларын ертіп алып, ханның шатырын қамайды. Бұл кезде Мұхаммедкерей Батыр сұлтан деген баласымен ас ішіп отыр екен. Мамай мен Телағыс ханды да, баласын да, уәзірлерін де тегіс қырып, манайдағы басқа адамдарына ұмтылады. Ханның Қырымнан еріп келген кісілерін бауыздап, Дон өзеніне ағызып жібереді. Ханның Қазыкерей, Бөбей деген балалары 50 шақты бектерімен қашып, Қырымға барғанда, ноғайлар олардың соңына

түсіп, ордасын талқандайды. Бұлардың қанға малынған қатын-баласы ағаш ішіне, я таудың үңгіріне қашып барып паналайды».

Тарихтың бұл айтып отырғаны Мұхаммедкерейдің Батыр сұлтаны жырда айтылатын Балуан сұлтан – Батыр ханның аты. Мұнда Мұхаммедкерей жырда айтылған Батыр ханның тарихтағы аты болса, Батыр сұлтан жырда «Балуан сұлтан» деп аталады. Және бұл Мұхаммедкерей мен Батыр сұлтанды Телағыс пен Мамайдың қалай өлтіргенін жыр да, тарих та бір қалыпта баяндайды. Бұл туралы жырдың әңгімесінде былай дейді: «Балуан сұлтан Батыр ханды арыстай қылып, атып өлтіріп, жарым жылдан асқан соң Мамайдың сол қолының бас бармағы қызарып, қары сырқырады» – дейді. Бұл, әрине, алдында істес болған жақын адамның жау болып кеткені, аянышты болғанын ишаралайды.

Мұса хан «Қазтуған» жырында:

Қытай, қалмақ сұлтаны –  
Балуан сұлтан, Батыр хан,  
Басын кестің пақырдың,  
Кәне шыққан мүйізін,

– дейтін сөздер де осы сияқты тарихи оқиғаның сілемі.

Мұның бәрі «Орақ, Мамай» жырының тарихи шындық негізінде туғанын, ол бір кездегі ноғайлы-қазақ жұртшылығының басынан кешірген саяси тіршіліктің суреті екенін көрсетеді.

1520 жылдары Мамай Қырым ханы Мұхаммедкерейді (жырда Батыр хан) өлтірген соң, 1535 жылдары енді Әбдірахман дейтін Астрахан ханымен ұстасады. Карамзиннің айтуынша, Астрахан ханы Әбдірахман Ноғайлы ұлысы

мен Қырымнан қауіптеніп, Мәскеу мемлекетінің «одақтас болайық» деген тілегін қарсы алды. Бірақ, Мамай, Сидак, Қошым сияқты ноғайлының ерлері Әбдірахманды орнынан түсіріп, Астраханнан қуып жіберді. Екінші жағынан 1530 жылы Мамай Сапагерей дейтін туысына көп қол жіберіп, жау торлаған Қазан қаласын қорғайды. Қысқасы, тарихта Мамай ноғайлы-қазақ елінің елдігі, бүтіндігі үшін ішкі, сыртқы жаумен бірдей алысқан айбынды ер. Оның ішкі жауы, әсіресе елді жәбірлеген тоғышар залым хандар еді. Мамай Мәскеу мемлекетімен қарым-қатынаста болып, сауда жүргізу туралы хаттар жазысты. Бұл хаттар Мамайдың билігі, майталман адам екенін көрсетеді. Тарихшы Карамзиннің айтуынша, Сидак, Мамай бастаған ноғайлардың көп ордасы Ресеймен тату-тәтті тұруды тіледі. Бірақ, Қырым татарлары олардың мазасын кетіріп, мыңдаған жылқысын, адамын барымталап ала берген соң, олар әрқашан Мәскеу мемлекетіне шағым қып отырды.

Боярлар ноғайлымен еркін сауда жүргізуге уәде берді. Ноғайлымен істеген сауда бұл кезде Ресейді жылқы және қара малмен байытты. 1534 жылы ноғайлының елшісімен келген бес мың саудагер елу мыңдай жылқы, қанша қара мал әкеп сатты. Бұл кездегі ноғайлының ұлы биі Сидак, ел ағасы Мамай еді.

Ноғайлы ұлысына жіберген Мәскеу мемлекетінің елшісі – Данила Губкин деген кісінің 1535 жылы 26 қыркүйекте жазған хатына қарағанда, Мамайдың бұл кездегі қонысы – Ұлытау мен Еділдің арасы. Губкин бұл хатында: «Мамай мен Жүсіп мырза Қазанға таяу жерді жайлап отыр. Қазан ханы алған Жүсіптің қызын Жаналы әкесіне қайтарып жібермекші. Жұрттың айтуынша, Жаналы оны жақсы көрмейді. Халық

аузындағы қауесет сөзге қарағанда, Жүсіп Қазан бектеріне кісі жіберіп, қызын қайтарып алмақшы, Жаналы ханды орнынан қумақшы», – дейді.

Сөйтіп, халық жыры ардақтаған Мамайдың тарихта да білікті адам екені сипатталады. Оның халық қамқоры болып, сыртқы жауға қарсы тұрғанын айтумен қатар тарих оның қай кезде, қандай жерде болғаны туралы да ашық мағлұмат береді.

Тарихшы Карамзин Мамайдың Мәскеу мемлекетіне жазған хаттарына сүйеніп, оны данышпан, ойшыл адам болған деп бағалайды. Карамзиннің айтуынша, Мамай жазған хаттарында шешендік, фәлсафа жағынан ерекше орын алады. Мамайдың Мәскеу мемлекетіне жазған хаттары жөнінде Карамзин: «Осы сияқты шығыс жұртының көркем тілімен жазылған ноғайлы хаттарына қарағанда, көшпелі халықтың ортасында да ғылымға жетілген, данышпан адамдар болғанын көрсетеді», – дейді.

Сөйтіп, тарихта да Мамай ел қорғаны болған батыр, жұрт басқарған би, топ басы шешен адам болып сипатталады. Мамайдың бұл бейнесі, әсіресе халық жырларында айқын суреттеледі.

Мамайдың серігі – атақты Орақ батыр. Тарихтың айтуынша, Орақ Мамайдың ағасы Алшағырдан туған. Бірақ, Орақ Мұса бидің немеренің ішінде өзгеше туғаны болғандықтан, Қараулектің аясында өсіп, Мұсаның өз баласы есебінде болады. Вельяминов-Зернов: «Ноғайлы Орақ батыр – ол Қалмамбет Алшағырдан туған, Мұса бидің немересі», – дейді.

Орақ Мамаймен тетелес шыққан ноғайлы жұртының халық қорғаны болған батырының бірі. Оның тарих жүзіне белгілі болуы XVI ғасырдың бас кезі. Халық жырының



кейбірі Орақты Мамайдан үлкен қып көрсетеді, бірақ, дұрысы Мамай Орақтан бірсыпыра үлкен болу керек.

Орақ – халық жырындағы ұлы бейненің бірі. Оның халық қиялының арманы болуы жұртшылық алдында көрсеткен ерлік істері, әсіресе Қазан, Мәскеу феодалдарына қарсы тұрып, ноғайлы бұқарасын Мұхаммедәмин сияқты азғын сұрқия ханның жәбірлеуінен құтқарған.

Орақ, Мамайдың жауласқан Мұхаммедәмин XVI ғасырдың басында болған бакқұмар, тоғышар ханның бірі. Оның жұрт басқару ісінде арқа сүйеу қылғаны бір ғана саудагер байлар мен Мәскеу мемлекетінің феодалдары болатын. Бұл Мұхаммедәмин, Сымайыл «тобаяк», Астрахан ханы Дербіш Әлі сияқты кісілердің кейпі «Орақ, Мамай» жырында «матрошка» деп айтылады. Орақ пен Мамайдың үлкен жауы – осы «матрошка» кейпіндегі сұмырай хандар. Бұл кейіпте хандар өзінің жеке басының үстемдігі үшін халық бұқарасын сатып, жем қылған залымдар. Сондықтан халық мұнын жоқтап шыққан Орақ, Мамайдың мәңгі жауласып өткені – осы сияқты азғын, сұмырай хандар.

Орақ пен Мамайдың мұндай зұлым ханмен жауласқаны тарихта да белгілі. Мысалы, Мамай, Орақ, Қалмамбет, Телағыс, Садыр бастаған ноғайлы әскерінің Мұхаммедәминге қарсы Қазанға шабуылы орта ғасырдағы тарихи оқиғаның бір зоры болған.

Орақ Телағыстар Қазан хандығын құрту үшін қайта-қайта шабуыл жасай берген соң, Мәскеу патшасы Иван Васильевич Қазанға елші жіберіп, «Қазан хандығын Орақтың шапқыншылығынан аман сақтау керек» деп, кеңес береді. Екінші жағынан, Мұхаммедәминнің қарындасын Телағысқа бергізбей қояды.

Орақ, Мамайдың ерлік істеріне байланысты мағлұматтар жер аттарында сақталған. Мысалы, Сарытау өлкесінде «Камыш» дейтін қаладан 27 шақырым жерде Орақ тауы дейтін тау бар. Ол таудың басында Орақ қарауылы дейтін биік бар. Алиари дейтін жиыанкез 1636 жылы Еділ бойына келгенде, бұл жер туралы айтылған ел әңгімесін жазып алады. Бұдан басқа, Қазан қаласына таяу жерде бұрын «Орақ ауылы» дейтін ауыл болған. Бұл да – сол Орақ батырдың ерлігімен байланысқан жер аты. Орақ-Мамай атымен байланысқан тарихи мағлұматтар осы. Енді «Орақ, Мамай» жырына тоқталайық.

«Орақ, Мамай» жыры – қазақ халқының сүйікті жырының бірі. «Орақ, Мамай» жыры көлемі жағынан болсын, мазмұн жағынан болсын батырлар жырының ішіндегі өте маңызды жырдың бірі. Бұл жыр бірнеше бөлімге бөлінеді. Мұның әр бөлімі кейде өз алдына жеке бір ұзақ жыр ретінде айтылады. «Орақ, Мамай» жырының мұндай бөлімдері бар:

1) Орақ, Мамай кезіндегі ноғайлы жұртының саяси-әлеуметтік жайы. Едіге ұрпақтары, олардың тарихтағы орны. Мұса батыр және оның балаларының саны, олардың әлеуметтік орны, енші беру, онымен байланысқан жұртшылық салттары.

2) Мұсаның өлімі, оның ноғайлы жұртына ауыр тигендігі, халық бұқарасы оның орнына ұлыс басқаруға Орақ, Мамай, Телағыс камқор ерлерді тағайындағаны. Орақтың аң аулауы, құс салуы. Ұлыс ішінен «матрошка» Сымайыл сияқты сұрқия сұмырайлар шығып, елдің бүліншілікке ұшырауы, соның үстіне ұлыстың үлкен жұтқа ұшырауы.

3) Жұт пен жаудан күйзелген елдің Еділден үш есесінен екі есесі Қарақұмға ауып барғанда, жұртына ақырына дейін қорған болып, Орақтың Еділ, Жайық өлкесінде жалғыз қалатыны.

4) Жалғыз қалған Орақтың ел-жұртын аңсап, күніренуі, елдің қайта оралуына үміт қылуы.

5) Орақтың жұртта қалған қотыр тайға кездесуі, қотыр тайдың семіріп ат болуы. Қотыр тай алты жасар ат болғанда, Орак оны даладан ұстап мініп, Арал теңізі бойындағы еліне келетіні. Еліне келген соң Орақтың ескі жауы «матрошкадан» кек алмақ болатыны. Бірақ, Мамайдың ақылы бойынша, әуелі сыртқы жаудан кек алу үшін тоқталуы.

6) Орақтың ноғайлы жұртының бар мықты батырларын жиып алып, Азауқ қаласындағы жауына аттануы. Орақтың Құла серке атының шабысы. Азауқ қаласының суреті және оның халқы. Жауын жеңіп, Азауқ қаласын қаратып алып, аман-есен еліне келуі.

7) Азауқ қаласындағы жауды қиратқаннан кейін, Еділ бойындағы қалмақпен соғысуы, олармен тең түсіп, аз уақыт ноғайлы жұртында тыныштық орнауы.

8) Ноғайлы ұлысының ішіндегі өзара бақ күндестік, Сымайыл тобаяқ, оның бақ құмарлық, залымдық істері. Сымайылдың әуелі Мұса мен Жанбыршы балаларын өзара жауластырып, артынан Орак пен Мамайға тиіспек болатыны. Ақырында, Сымайыл халық қамқоры Орак, Мамай, Телағыс ерлерді өлтіріп, елді өзі басқаруға кіріседі. Бірақ, сұмырай Сымайылға елдің наразы болатыны, ол наразылық күшейіп барып, елдің берекесі кетіп, ыдырауға айналуымен жырдың аяқталуы.

«Орак, Мамай» жырында ноғайлы кезінің (XVI ғ.) жайы айтылуымен қатар Алтын Орда кезінің (XIII-XIV ғғ.)

жайлары да айтылады. Мысалы, жырдың бірсыпыра жерінде жұрт басқару, жасақ жинау жайлары айтылып, Павел Бабков, Доротский орыс князьдарының аттары аталады.

«Орак, Мамай» жырына қатынасатын адамдар екі түрлі әлеуметтік жікке бөлінеді:

1) ел қамы, халық мүддесі үшін күрескен ардақты ерлер (Мамай, Орак, Телағыс) және олардың ерлік істері;

2) Сымайыл сияқты қара басының қамы үшін не түрлі арамдық істейтін залым сұрқиялар. Екі жүзді, өзімшіл, зұлымдық мінез-құлқы үшін Сымайыл жырда «әнжі», «тобаяқ», «матрошка» деп аталады.

Сымайылдың бұл кейпі, оның арам ниет, алдағыш, залым екенін және халық қамқоры ерлердің ісін күндейтін қара жүрек, сұрқия екенін сипаттайды. Осынысына орай келерлік жырда Сымайылдың мынадай сөздері бар:

Тоқаладан туған жетеуге  
Бір қарауын жөн еді.  
Орак, Мамай екеуі  
Менен артық ер ме еді?  
Менен озған би ме еді?  
Мен біледі, – деп Сымайыл,  
Айтты талай ноғайлы,  
«Билігіміз сонда, – деп  
Уәде қылды орайлы,  
Ел адамы байсайды,  
Ел адамы байқаса,  
Орак қалай хан болады?»

Сымайылдың осы сияқты көрбілте пасықтығы жөнінде:

«Матрошка» – қара құл  
Айтқан мынау сөзіне,  
Өртенемін күйіп-ай»,

– деген сөздерден бүтіндікті, бірлікті арман қылған жұртшылықтың наразылығы байқалды. Екінші жағынан, Сымайыл – жай ғана бақкүндес емес, өз ойлағанын жүзеге асырып, не түрлі сұрқиялық қолынан келетін әзәзіл адам. Ол Орақ пен Телағысты жауластырып, ел ішіне ірткі салмақшы болады. Ол үшін Орақты азғырады:

Жанбыршының баласы,  
Бәрі Едіге болғанмен,  
Халық соны бағытты  
Он сан жатқан ноғайдың,  
Көріп көлдің шамасын,  
Екі есесі соларға,  
Абайладым, ауыпты.  
Бағын көріп, қызғанып,  
Күйіп келдім жалындай.  
Күтінбесең ертерек,  
Жақыннан шыққан дұшпаның  
Жөні бір кетер табылмай...  
Өлтірейік амалмен  
Әуелі мұның біреуін.  
Күнке қалып не қылады,  
Сындырған соң Ағысты-ай  
Артындағы тіреуін?

Сымайыл бұл жерде жәдігөйленіп, Орақтың таза жанын арам жолға түсіруді ойласа, бір жағынан, өзінің ішкі ниетін ұмытпайды. Сондықтан

Қолынан арды бермедім,  
Ел пайдасын көзледім.  
Халықтың камын ізледім,  
Қара қылды қажарып,  
Көрсетті халыққа әділін,  
Жұртты жеген зұлымның  
Тілеген ақтан момынға  
Тигізбеді зәбірін...  
Туырлықтай ту алған Мамай,  
Қылышын қанға суарған Мамай,

Жау көргенде, қуанған Мамай,  
Тастан өткен көк садақ  
Белге орай өткізген Мамай,  
Сансыз әскер болса да,  
Онан қорқып саспаған Мамай,  
Нашарды бағып, сақтаған Мамай,  
Дұшпанды жерге таптаған Мамай,  
Өлдің, Мамай, қор болдың,  
Тірішілікте зор болдың...

Жырда Орақ батыр да Мамай сықылды суреттеледі:

Ай тұтылып, долданып,  
Енді, ноғай нең қалды?  
Тұтам күнің батпаған,  
Елің кімге бағынар?  
Жұрттың кімге сыйынар?  
Сыйлап бізді пір қылар  
Жалғаннан кетті көсемі.  
Бірі өлсе, бірі көрместей  
Жау қылайын арасын.  
Үлгермес бағың, өлтірмей,  
Жанбыршының баласын...

– деп, адамшылықтың шегінен шыққан, қара жүзді пасық әдіс қолданбақшы болады.

Міне, «Орақ, Мамай» жырында көп айтылатын Сымайыл («тобаяқ», «матрошка») сияқты адамдардың кейпі – осы. Бұл кейіп – тарихи Сымайылдың өзі не сол сияқты сұрқияның жалпы кейпі. Ондай адамдардың кейпі XVI-XVII ғасырларда аз болмаған.

Жырда Орақ алып күштің алпамса батыры есебінде суреттелсе, Мамай ақыл-күштің кеменгері есебінде суреттеледі. Жыр Орақты ертегінің батырындай суреттейді:

Бір жасына келгенде  
Балтыры бесік сындырды.  
Екі жасқа келгенде  
Егеулі оқтай зырғыды...

Орақ батыр ноғайлы-қазақ жұрты басынан не түрлі қиыншылық кешіріп, саяси шаруашылық жағынан зор күйзелісте болған кезінде жасады. Осындай күйзелістен ноғайлы жұрты көп уақытқа дейін оңала алмай, қатты жүдеушілікте болды. Жырда айтылатын халық күйзелісі, яғни, ноғайлы елінің тегіс көшіп кетіп, оның иесіз қалған жұртын күзетіп, бір ғана Орақтың қалуы осы сияқты тарихи оқиғамен байланысады. Онан соң «Орақ, Мамай» жырында айтылатын ноғайлы елінің босуы XVII-XVIII ғасырларда жиі болған көп босқынның ең басы болатын. Жапанда жалғыз қалған Орақтың күңіренуі осы босқынның салдары:

Астымда тұлпар ойнаған,  
Бұл күндерде отырмын  
Шалығып, шаршап, жүгініп,  
Мінуге көлік таба алмай,  
Аяңшылдау жабыны  
Даладан іздеп сабылып...  
Еңсесі биік ақ орда  
Ішіне кірер адам жоқ,  
Тек босқа тұр аңырайып  
Ыңырсыған көп дәулет  
Берген талай арды алып,  
Бір қыстан шықпай, жиналып,  
Қарасыз қалдық, сабылып...

Босып кеткен елдің жұртында қалған Орақ батыр жауға қарсы атқа мінеді:

Ел кеткен соң сән кетті,  
Шыдамады басқасы  
Ата қонған қонысқа  
Табан тіреп ұрысқа  
Он сан жатқан ноғайлы.  
Жалғыз-ақ Орақ шыдады...

Орақ пен Мамай ноғайлы елінің не түрлі соққыға ұшырап, қажыған кезінде шыққан батырлар. Бұл сияқты алып ерлердің шығуы ноғайлы жұртына үлкен қуат береді. Бұл ерлердің арманы күйзеліп, тозған елді қалпына түсіріп, елді, басын қосып, жайлы қонысқа орналастыру болатын. Мұны Орақ батырдың Еділ, Жайық бойында жалғыз жатып айтқан толғауынан ашық көруге болады:

Ноғайлы деген ел едік,  
Біз ноғайлы ішінде  
Тұу ұстаған ер едік  
Елілден шыққан екі суға  
Ел жайлатсақ, – деп едік.  
«Жайықтан шыққан салаға  
Жалғыз қонсақ», – деп едік.  
«Келелі жұрттан айырылып,  
Ыңыранып отырмын.  
Жолында қалған арықтап  
Көрі үлектей кіренін.  
Қонысы ауып елімің,  
Жұртта қалып, белімің  
Құлазып босқа жатқаны,  
Ойыма алған өзенім.  
Құралып, қайта ел болса,  
Қонысына ел қонса,  
Уа, дариға дүние-ай,  
Тарқар еді-ау ішімнен  
Сонда бір қайғы шеменім...

Күйзеліске ұшырап, азып-тозған елдің жаңа тіршілікке қайта құрылуын арман еткен тілегі Орақ батырдың жұртта қалған қотыр тайды семіртіп, ат қып мінуінен басталады.

Орақ батыр қотыр тайды Құла серке ат қып мініп, еліне келгенде, елі қошеметтеп қарсы алады:

Уа, Ореке, оң болсын,  
Ат ерлеген талабың,  
Қайырлы болсын қадамың!  
Сірә, бір шөгіп жатқан қара нар  
Бота құсап ноғайың...

Орақ, Мамай кезінде (1490-1540) ноғайлы жұрты бұрынғы тозған қалпынан бірсыпыра оңалып, қайта көтеріліп, өздерін сыртқы жаудан қорғау жөнінде талай-талай ерлік істерді кешіреді. Жұрт қорғау жолында Орақ, Мамайдың ерлік істері кейінгі заманның Сырым, Исатай, Махамбет, Кенесары, Наурызбай сияқты ерлерінің халық бостандығы жолындағы күрестеріне жігер-қайрат, рух, қуат береді. Мұны Махамбет шығармаларынан айқын көруге болады.

Орақ, Мамай халықтың сүйікті батыр ұлдары болғандықтан, халық қиялы бар сұлу жыры да солардың төңірегінде жырлап, бар қызықты әңгімені де солардың атына жинап айтады. Бұлардың бейнесі халық ойында осы күнге дейін ұмытылмай, дәріптеліп айтылады.

Орақ, Мамайдың халықтың қамқор батыр ұлдары болғандығы, олардың ұлы анасы Қараүлектің жоқтауында өте-өте айқын суреттеледі:

Қайраты артық арыстан,  
Ақылы көміл данышпан,  
Ой ойлаған алыстан,  
Нашарға қайда болысқан...  
Сен биік асқар тау едің,  
Көл болмады, аққанмен,  
Бауырыңда бұлағың.  
Сен булы қымбат зұлпыхар<sup>54</sup>  
Жыртылмай тозды қынабың...  
Кешегі менің Мамайым  
Әділ туған жан еді,

Қасиеті бар еді,  
Қарағым менің тіріде  
Дұшпанның жері тар еді.  
Ел қысылып тарылса  
Жөн білетін дана еді.  
Айтатын ақыл бар еді  
Халыққа ауыр іс түссе,  
Мықты жұмыс күш түссе  
Жүк көтерер нар еді...

Мамайдың досы халықтың қорғаны болғанын жыр былай сипаттайды:

Бұрын кетті шешені,  
Енді өншен не қылар?  
Жиналып келген ноғайлы,  
Ақ құла ит қайда айбыты?  
Ер Орақ қайда үстінде  
Жау шаппайтын қайратты?...

Міне, халық ардақтаған Орақ, Мамай батырлардың бейнесі осы қисынды болып келеді.

«Орақ, Мамай» жыры қазақ халқына көп тараған мазмұнды, мағыналы көркем жыр. Бұл жыр революциядан бұрын Қазан қаласында әлденеше рет басылып шықты. Қазақстан Ғылым академиясында бірнеше түрлері бар, олардың ішіндегі ең көлемдісі және тарихи-көркемдік жағынан мағыналысы Арал теңізі бойындағы Нұртуған ақыннан алынған түрі. «Орақ, Мамай» жырындағы кейіпкерлер – көркемдік жақтарынан кемелденген кейіпкерлер. Жырдың жалпы құрылысы, оқиғаның баяндалуы, ел өмірін, тарихи кезеңдерді суреттеу – үлкен роман желісімен құрылған. «Орақ, Мамай» жырының басқа батырлар жырынан бір ерекшелігі де осында.

## «ЕР ТАРҒЫН» ЖЫРЫ

«Ер Тарғын» жыры оқиғасына қатынасатын адамдардың аттарына қарағанда, XVI-XVII ғасырлар арасында шыққан батырлар жырларының тобына жатады. Жырдың мазмұн оқиғасы, бір жағынан Астрахан хандығының құлауымен байланысса, екінші жағынан қалмақтардың Еділ, Жайық бойына келіп, ноғайлы-қазаққа шабуыл жасауымен байланысады. «Ер Тарғын» жырының осындай тарихи оқиғадан туған жыр екенін жырдың өз сөздері де көрсетеді. Жырға негіз болған оқиға қалмақтардың Еділ, Жайық бойына келіп, ноғайлы-қазақтармен жер үшін жауласуы, оған қарсы Қырымнан әскер шығуы. Мұндай оқиғалар, көбінесе, XVI ғасырдың соңында, XVIII ғасырдың бас кезінде болған. Тарихи фактілерге қарағанда, қалмақтардың Еділ, Жайық бойына келіп, ноғайлы-қазақтармен көршілес отыруы XVII ғасырдың жиырмамыншы жылдары.

Жырда айтылатын торғауыт қалмақтардың шығыстан (Тарбағатай, Іле бойынан) Еділге қарай өрлей келіп отыруы, қазақ жырларында «құба қалмақ» аталған ойрат-жоңғарлардың кезі. Жоңғарлар XVII-XVIII ғасырларда Орта Азиядағы мықты жұрттың бірі болып, қазақтарға да күш көрсететін болған. Қалмақтың торғауыт дейтін бір руын басқаратын «Қараүлек» қонтажы өз елінен жіктеле көшіп, қазіргі Қостанай облысы мен Жайық өзенінің арасынан қоныс алады. Бұл – Еділ мен Арал теңізінің арасын қоныстайтын «он сан ноғай» аталған Ноғайлы-Қазақ ұлыстарының қатты күйзелушілікке ұшыраған кезі. Осы кезде бұларды бір жағынан Оралдағы башқұрттар мен Еділ бойында басқа жұрттар қыспаққа алса, екінші жағынан,

осы айтқан қалмақтар қыспаққа алады. Бұрын қыпшақ өлкесінің байырғы халқы болған осы тәрізді көрші елдердің қыспағында шапқыншылыққа ұшырап, қатты күйзелушілік көрген соң, әр ру бірінен-бірі бөлініп, қоныс іздеп, тұс-тұс жаққа боса бастайды. Біреулері Еділден өтіп, Солтүстік Кавказ, Кубан өлкесіне барады, біреулері Маңғыстау, Қаракұм жерлеріне барады. Ең соңында, XVII ғасырдың басында Еділ мен Сырдарияның арасын қоныстап отырған ноғайлы жұрты босып, әр жаққа бытырайды. Сөйтіп, ноғайлының осы сияқты босқыны сол кездегі халық жырларының көбіне сарын болады. Сондай тарихи оқиғамен байланысқан жырдың бірі «Ер Тарғын» жыры.

Осы айтқан XVII ғасырдың басында ноғайлы-қазақ басынан кешірген оқиға елдің есінде берік сақталып, жырлардың көбінде аңыз болып айтылады. Мысалы, «Ормамбет би өлгенде, он сан ноғай бұлгенде» сияқты аңыздар Ормамбеттен соң Ноғайлы ұлысының бытырап кеткенін ишаралайтын бұқара мұны тәрізді. Және осы оқиғаға байланысты Каспий теңізінің жағасындағы қазақтарда әлі күнге дейін «Ноғайлының босқыны» дейтін мұңды күй де тартылады. Бұл келтіргендер де «Ер Тарғын» жырының бір сарыны болатын сияқты.

XVI ғасырдың басында Ноғайлы ұлысының күйзелушілікке ұшырағанына Ер Тарғынның мына толғауы мысал бола алады:

Бұлғыр-бұлғыр, бұлғыр тау,  
Бұлдырап тұрған Қоңыр тау.  
Қалтай қонар елім жоқ,  
Айым-күнім Кәрі Боз,  
Сойлесетін тілің жоқ,  
Ел таптырар ма екенсің...

